

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ**

**ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ МЕН РМК «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ОРТАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАР**

**12-ТОМ**

**ОН ЕКІНШІ КІТАП**

# АУЫЗЕКИ ӘҢГІМЕЛЕР

аўызەكى аңгىمهلەر

**ӘОЖ 80/81**

**КБЖ 82**

**Қ 17**

***Кітапты басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған***

**Томның редакция алқасы:**

Алпысбаева Қ., Әлбеков Т., Әуесбаева П., Қалиева А., Қасқабасов С.,  
Қорабай С., К.Матыжанов, Пірәлиева Г., Рақыш Ж., Хамраев А.,  
Шалғынбай Ж., Ісімақова А.

**Жауапты редактор:** филология ғылымдарының кандидаты Әлбеков Т.

**Пікір жазғандар:** филология ғылымдарының кандидаты Қорабай С.,  
филология ғылымдарының докторы Хамраев А.

**Жауапты шығарушы:** Мүрсәлімова Н.М.

**Қ 17** **Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 12-том. –**  
Алматы, Print Express, 2020. – 446 б.

**ISBN 978-601-230-089-5**

Көптомдықтың кезекті томында ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында айтылып, халық арасына тараған ауызекі әңгімелердің хатқа түсіп, еліміздің сирек қорларында сақталып қалған үлгілері қамтылған. Оларда қоғамдағы, халықтың басынан өткен түрлі жағдайлар, тарихи тұлғаларға қатысты, адамдардың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, кәсіп-мамандығына, көзқарас-ұстанымына т.б. байланысты оқиғалар баяндалады.

Еңбек фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттары мен PhD докторанттарына арналған.

**ӘОЖ 80/81**

**КБЖ 82**

**ISBN 978-601-230-089-5**

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімі «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдығын баспаға әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Топтаманың бұған дейін баспаға ұсынылған он бір кітабы ұлттық фольклор мен ауыз әдебиетіміздің ірі-ірі салалары болып саналатын эпостық туындыларға, халық прозасына, ақын-жыраулар шығармашылығына арналды. Нақтылап айтқанда, көптомдықтың қатарын «Батырлар жыры» (1-к.,1975), «Ғашықтық жырлар» (2-к., 1979), «Тарихи жырлар» (3-к.,1981), «XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары» (4-к., 1985), «XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары» (5-к., 1986), «Айтыс» (6-к., 1989), «Ертегілер» (7-к., 2003), «Дастандар» (8-к., 2005), «Тәуелсіздік идеясы жырланатын эпостар» (9-к., 2012), «Аңыздар» (10-к., 2013), «Тарихи аңыздар» (11-к., 2017) сияқты еліміздің белгілі қолжазбатанушы ғалымдары М.Ғабдуллинның, Б.Ысқақовтың, М.Ғұмарованың, Ә.Нарымбетовтың, С.Қасқабасовтың, Б.Әзібаеваның, Т.Әлбековтің жетекшілігімен дайындалған басылымдар толықтырып отырды.

Институт ғалымдарының бұл көптомдықты дайындаудағы басты мақсаты – бүгінгі күнге дейін ғылыми ортаға, жалпы оқырмандарға беймәлім қолжазба мұраны жүйеге түсіру. Яғни, көнетүркі, араб, латын жазуында хатқа түсіп, оқырмандарға қолжетімсіз болып келген халық әдебиетінің үлгілерін іздестіру, топтастыру, саралау, текстологиялық тұрғыда зерттеулер жүргізу, мәтіндердің мазмұнын айқындау, толық құжаттау, ғылыми сипатын жазу. Соның негізінде сирек қорлар сөресіде сарғайып жатқан әдеби құндылықтар туралы мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу, сөйтіп, келешекте іргелі зерттеулердің нысанасына, отандық ғылымның игілігіне

айналдырып, ұлттық мұраны түркі дүниесінің, тіпті әлем елдерінің назарына іліктіру, таныту.

Көптомдықтың кезекті 12-кітабына халық арасында кеңінен таралған ауызекі әңгімелердің ғылыми сипаттамасы қамтылды. Халық прозасының ауызекі әңгіме жанрында белгілі бір оқиға сенімді, әрі қарапайым тілмен баяндалады. Ол шағын болғанымен, өзіне тән баяндалу тәсілі, көркемдік жүйесі, композициялық, сюжеттік құрылымы болады. Ауызекі әңгімеге қатысты басты ерекшелік, онда баяндалатын оқиғаның желісі аса кең уақыт кеңістігін қамтымайды және халық прозасының өзге жанрларына қарағанда, таралу аясы шектеулі, нұсқалық үлгілері некен-саяқ. Көбінесе, айтушы өзінің басынан кешірген жайттарды, болмаса жеке басы қарым-қатынаста болған адамның көрген, білген, тіпті, естіген әңгімелерін сөз етеді. Сондықтан бұл жанр – халық прозасының миф, ертегі, хикаят, эпсана, аңыз сияқты салаларына қарағанда жинақы, нақты, шынайы сипатқа ие. Әрине, қай кезеңдерде де халық өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдағы болып жатқан басты оқиғалар туралы ауызша әңгімелер туғызып отырған. Алайда, уақыт өтіп, ауыздан-ауызға таралу барысында олар түрлі өзгерістерге ұшырағандықтан, көпнұсқалық сипатқа ие болған. Сөйтіп, бара-бара аңыз, ертегі т.б. жанрларға ауысып, бүкіл-халықтық мұраға айналған.

Тағы бір айта кетерлік жайт, әңгімелердің таралу аясы жалпыхалықтық деңгейде өріс ала алмайтындығынан, сондай-ақ қарапайым ауызекі тілде баяндалатындығынан, жазба көркем әңгімелер секілді қалыптасқан әдеби нормаларға, стилдік қағидаларға бағына бермейді. Әңгімеге арқау болған жерге, өлкеге, аймаққа ғана тән жергілікті, кәсіби, диалекті сөздер, тіркестер, мақал-мәтелдер, нақылдар т.б. көптеп кездеседі.

Әр кезеңдерде жазып алынып, сирек қорларда жинақталып қалған, болмаса бүгінге дейін азды-көпті басылымдарда жарияланған мәтіндерді жүйелеп, ғылыми саралау барысында тарихқа байланысты ауызекі әңгімелердің тақырыптары: Қазақстандағы тұңғыш өндіріс орны Қарағандының жерінен тас көмірдің табылуы, Ресей өкіметінің шешімімен оның ағылшын кәсіпкерлеріне сатылуы, қазақтардың көмір қазу кәсібіне мамандануы, жұмысшы болып қалыптасуы, олардың ауыр тұрмыс-тіршілігі жөнінде халық туындылары, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсенді түрде қатысқан, ауыр зұлматы басынан кешірген адамдардың әңгімелері, Абай және оның айналасын, Ақан сері, Балуан Шолақ, Қажымұқан т.б. тарихи тұлғалардың өмірін, халыққа жасаған қайырымды істерін баяндайтын шығармалар т.б. болып жалғаса беретінін көруге болады.

Ал новеллалық сипаттағы әңгімелерге жекелеген адамдардың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, кәсіп-мамандығына, көзқарас-ұстанымына қатысты туындылар жатады. Мысалы, бағзы замандарда да, тіпті бүгінгі күннің өзінде де қиыннан қисын табар, ой-қиялы жүйрік қуақы, қу тілді, тапқыр, ділмар адамдар көптеп кездеседі. Ұрпақтан ұрпаққа тарап, қазақ қоғамының әр кезеңдерінде бой көрсететін түрлі адамдардың саналуан мінез-құлықтары, ерекше қасиеттері, болмыс-бітімдері, іс-әрекеттері қулардың жиынтық бейнесі ретінде көрініс береді. Қуларға, тапқырларға, шешендерге қатысты ауызекі әңгімелер көбінесе жиын-тойларда, бас қосуларда, қонақ-кәде үстінде тыңдарман қауымның көңіл-күйін көтеру үшін, болмаса дүниеқор, пасық үй иелерін, немесе қарсы адамдардың, билік иелерінің қайырымсыздығын, әділетсіздігін, үстемдігін тікелей сынап, бетіне басу мақсатында арнайы дайындықсыз, табан астында туындап отырған. Айырықша ескере кететін жәйт, мұндай әңгімелер

орнымен, жүйелі түрде, халықтың қалжыңдасу дәстүрімен, қысқа мазмұнда айтылатындықтан, тындарман жадына жылдам жатталып, ел арасына тез таралған.

Өзге жұрттар сияқты қазақ халқында да мергендік, аңшылық, күсбегілік, саяткерлік туралы, тұрмысқа, ұрлық-қарлыққа т.б. байланысты новеллалық әңгімелер мол сақталған. Олардың көпшілігі қызықты оқиғалар желісіне құрылып, тыңдаушыны тандандырып, өзіне еріксіз тартып отырған. Әсіресе, саяткерлік әңгімелерде қиялға беріліп, әсірелей, асыра айту үрдісі белең алған. Ал тұрмыстық әңгімелерде кәсіп-мамандық, тарихи жағдайлар, жеке адамдардың басынан өткен ауыр жайттар, қилы-қилы тағдырлары баяндалады.

Еліміздің қолжазба қорларында жинақталған ауызекі әңгімелерді мазмұнына қарай жоғарғыда көрсетілгендей новеллалық, тұрмыстық, күлдіргі және мемуарлық деген атаулармен ішкі жанрлық түрге бөліп, қарастыруға болады. Олардың жиналу, хатқа түсу тарихына қарағанда, тарихқа қатысты мемуарлық әңгімелердің жазып алынуы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастау алғаны аңғарылады. Мысалы, халық мұрасын жинаушы М.Мәжікеев Ақан сері туралы әңгімелерді 1912, 1917 жылдары Жылқыбай Амалдықұлынан жазып алған болса, Ғ.Дүйсеков Абайға қатысты кей әңгімелерді 1919-1920 жылдары Әбдірахмен деген саяткер адамның аузынан хатқа түсіреді. Ал 1926 жылы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығы кезінде сол оқиғаларға байланысты көптеген әңгімелерді М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров сияқты ұлт зиялылары хатқа түсіріп, кейін осы тақырыпта жинақтар құрастырылғаны белгілі. Кеңестік кезеңнің 50-90 жылдары әңгіме жанрына айырықша мән беріліп, ел аумағынан оның мол қоры жиналып, цензураның елегінен өткендері түрлі редакциялық түзетулерден кейін басылым көргендігін аңғаруға болады. Әсіресе, пролетариат табын,

оның ұлттық құрамын насихаттау алдыңғы қатардағы идеологиялық мәселе болғандықтан, алғашқы қазақ жұмысшыларын айқындау, оларды дәріптеу науқаны қызу жүргізілді. Сондықтан тұңғыш өндіріс ошағы болған Қарағанды аумағына арнайы іс-сапарлар ұйымдастырылып, көнекөз шахтерлардың аузынан әңгімелер жазып алу шаралары кеңінен белең алды. Солардың белортасында жүрген Д.Шалабеков пен З.Жантекеева көзі тірі байрығы шахта жұмысшыларымен кездесіп, олардың жадында қалған оқиғаларды қағазға түсіріп, оларды жүйелеп, «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» (1961) деген атаумен жарыққа шығарды. Ал негізгі түпнұсқаларын Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорына өткізген. Кейін институт ғалымдары осы қолжазбалар мен басылымды текстологиялық тұрғыда салыстыра зерттеп, редакцияланған жерлерін қалпына келтіріп, жарияланбаған туындылармен біріктіре отырып «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясына енгізді (2013).

Бүгінгі күнде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қорында ондаған ауызекі әңгімелердің қолжазба үлгілері сақталған. Олардың арасында Қазақстан шеңберінде, Өзбекстан, Қарақалпақстан елдеріне ұйымдастырылған фольклорлық-этнографиялық экспедициялардың барысында жиналған материалдар, атап айтқанда, профессорлар Қ.Саттаров, Б.Рахымов жетекшілік еткен Низами атындағы Ташкенттің Халықтар Достығы Орденді Мемлекеттік педагогика институты мен Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған экспедициялар мүшелерінің ел ішінен жинаған, жазып алған туындылар, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Н.Төрекұлов, Б.Адамбаев, М.Тілеужанов, Е.Тұрсынов т.б. ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинап, хатқа түсірген шығармалар, Ғ.Дүйсеков, М.Рүстемов,

С.Қасиманов, Т.Көбдіков, Ж.Сыздықов, Е.Құлпейісов, Д.Әлиасқаров, К.Есжанұлы, А.Бейсенғалиқызы т.б. жинаушылар тапсырған әңгімелер кездеседі.

Жинақта 325 ауызекі әңгіме топтастырылып, кездескен жағдайда олардың нұсқалары мен версиялары қатар берілді. Тағы бір құлақдар ететін жайт, ауызша әңгімелер халық арасында өте кең таралып, ел жадында да аса мол сақталған. Ал біз көрсетіп отырған саналым – тек еліміздің сирек қорларында сақталған қолжазба мәтіндердің ғана көрсеткіші. Сондықтан оқырман қауым осыны терең ұғынып, түсінікпен қарайды деген ойдамыз.

Топтаманың құрылымдық жүйесіне орай жинақтың алғашқы бөлімі бойынша әр сипаттаманың бастапқы ортаңғы жиегіне реттік саны (**1**), сол жақ шекесіне буманың шифры (**Ш. 1090**), сондай-ақ осы жақшаның ішіне институттың немесе кітапхананың қысқартылған аталуы қойылды (ӘӨИ, ОҒК), егер ескі шифр болса, онда жаңа таяқша белгімен айрылады. Мысалы:

### **Ш. 1090/1 (ӘӨИ)**

«Сипаттаманың» оң шекесіне алдымен қолжазбаның парағы (**П.48**), беті (**Б.96**), жол саны (**Ж.39**), астыңғы екінші қатарда қолжазба мен мәтіннің (ұзындығы, ені) көлемі мен өлшемінің көрсеткіші (сантиметрмен) жазылады. Мысалы:

**П.48; Б.96; Ж.39**  
**27x19,7; 25x17**

Осыдан кейін шығарманың аталуы көрсетіледі. Мысалы:

### **Абай адамның асылы емес пе?**

Қолжазбада мәтіндердің атаулары қандай әріппен көрсетілсе, сипаттамада да сол қалпында жазылды. Қазақ қолжазбаларының үш түрлі әліпбидегі үлгілері кездеседі: арабша, латынша, қазіргі қолданыстағы кириллше.

«Сипаттаманың» екінші бөліміне қатысты тараулар: «аталуы», «авторы», «жыршысы», «көшірушісі», «тапсырушысы», «экспедициясы», «аннотациясы», «нұсқасы», «басқы, соңғы сөзі», «қолтаңбасы», қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны, қандай әріппен, сиямен жазылғаны, қолжазба беттерінің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, қалпына келтірілуі, ақауы, нұсқалары, библиографиясы т.б.

Жинақтың «Қосымшаларына» «Сипаттамаға» енген қолжазбалардың түпнұсқа үлгілері (иллюстрациясы), шығармалар көрсеткіші (араб, латын, кирилл әріптерінде), кісі аттарының көрсеткіші: авторларға, жыршы-жырауларға, жинаушыларға, тапсырушыларға, аудармашылар мен көшірушілерге байланысты (араб, латын, кирилл әріптерінде), шығармалардағы жер атаулары мен экспедициялар көрсеткіші енгізілді.

Ғылыми орта мен қалың оқырманға ұсынылып отырған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» 12-томын құрастыруға қатысқан авторлар және олар жазған сипаттамалардың реттік саны:

Әлбеков Т. – 1-25, Алпысбаева Қ. – 26-51, Шалғынбай Ж. – 52-65, Әуесбаева П. – 66-72, Рақыш Ж. – 73-88, Әкімова Т. – 89-124, Салтақова Ж. – 125-155, Мүрсәлімова Н. – 156-180, Елесбай Н. – 181-237, Сәрсек Н. – 238-255, Оралбек А. – 256-298, Пилтан Ю. – 299-310, Сманова Е. – 311-325.

Кітапқа енген көрсеткіштерді дайындаған және компьютерге теріп, қажетті сөздерді араб, латын әліпбиіне түсірген – Мүрсәлімова Н.

Кітапқа енген ғылыми сипаттаманың саны – 325.

Ш. 1017 (ОҒК)

Б.50; П.26; Ж.29;  
30x22; 28,5x18,5**1916 жыл оқиғасы***(Торғай уезіндегі көтеріліс)*

**Аталуы.** 1916 жыл оқиғасы *(Торғай уезіндегі көтеріліс)*.

**Жинаушысы.** Алмағамбет Қасымұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Торғай даласында «Июнь жарлығы» кезіндегі көтеріліс үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезең: маусымнан қазанның жиырмасына дейін; екінші кезең: қазаннан ақпанға дейін; үшінші кезең: ақпаннан наурыздың он сегізіне дейін. Әңгімеде осы кезеңдегі халықтың үреймен күн кешкен жай-күйі, елдегі бас көтерулер, елге қырғидай тиген уездің жәрдемшісі Ткаченконың озбыр әрекеттері мен оған қарсы Татыр көлінің тұсында болып өткен соғыс айтылады. Торғай уезіндегі көтеріліс сегіз ай шамасында болып, ел ішінде тәртіпсіздіктер орын алған.

**Басқы сөзі** (1-б.): تورعاي ۇيەزىندەگى بۇل كوتەرىلىستى ءۇش .  
بۇنعا بولۇگە بولادى

**Соңғы сөзі** (9-б.): عجابىر كورگەن جۇرت جىيىلىپ كەلىپ، قىستاي  
تالاعان مال-مۇلىكتەرىن قول سالىپ وزدەرى قايتا الدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қағазға араб әрпінде қара сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1934 жылы қолмен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып, ескірген.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.1017, 25-дәптер.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 2

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.4; П.2; Ж.27  
30x21,5; 26x18

### 1916 жылғы «Июнь жарлығында»

**Аталуы.** 1916 жылғы «Июнь жарлығында».

**Жинаушы.** Мұқан Еркесарин. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Мұқан Еркесаринның 1916 жылғы «Июнь жарлығы» орындалып жатқан кезде көргендері, басынан кешкен оқиғалары айтылады. Ел сендей соғылысып, дүрлігеді. 26 тамызда әскерге алатынын естіген жігіттер кеңесіп, «байлардың жылқыларынан оңды аттарын ұстап мінейік, қарсы келгендерді өлтірейік» деп Шәріп деген жігітті басшы сайлайды. Бірақ Шәріпті солдаттар ұстап әкетеді. Ереймендегі ел ішінің бұзылып, жігіттердің топ құрып, бір-бір бас сайлап, болысты өлтірмекші болуы, кейін ел-елдің адамдары болып бірігіп, әскер жинауға келген солдаттарға соққы беруі айтылады.

**Басқы сөзі** (39-б.): «Jigit alady, 19 ben 31-diń arasy tegisimen jinalady» degen habar dúńk ete tústi.

**Соңғы сөзі** (42-б.): Men Shıdı balasy Sáim ekeýmiz Ereimenge júrip kettik.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына латын әрпінде көк сиямен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен (қолмен) беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.1022.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

### 3

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.4; П.2; Ж.27  
30x21,5; 26x18

### 1916 жылғы Ақмола уезі, Сарыарқа болысындағы көтеріліс

**Аталуы.** 1916 жылғы Ақмола уезі Сарыарқа болысындағы көтеріліс.

**Әңгімелеуші.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** 1916 жылы ел жайлауда отырған кезде тұтқиылдан «қазақтан қазынаға ат алады» деген хабар шығып, қамсыз жатқан ел қорқып, жан-жаққа көше бастады. Ақмола уезі, Сарыарқа болысының адамдары үздіксіз көшіп отырып, 80-90 шақырым жердегі «Шаңлақ көлі» деген жерге барып қонды. Осы кезде орыстар да жетіп келіп, ауылнай, болыстарды шақырып алып, қамшы

жұмсап, елдің барлық жылқысын жиғызып, тартып ала бастады.

«Енді адам алады екен» дегенді естіген елдің жүрегі енді аузынан шықты. Болыстар бұйрықты орындағанын тәуір көрді. Жанжал болды, болыс, тілмаш, ауылы-найлардың қағазын, мөрін тартып алды. Ел адам бермеуге бекінді. Соғысуға дайын болды. Қолдарындағы қаруы, машина сабанның темірінен ұсталарға соққызған айбалта, найза, кейбіреулерінде бытыралы мылтық, қынапсыз ескі қылыш. Қашқан ел, жараланған, өлген адамда есеп болмады. Қысқасы, елдің қашқанынан қалған адамы абақтыда болды, атылды, мал-дүниеге қатын-бала ие болды. Көзден аққан қанды жас сел болды, еңіреген ел, шулаған қатын-бала адам баласының арқасын қайыстырарлық күйге түсірді. Ресейге жұмысқа кеткендердің көбі адасып, еңсесін көтере алмай біразы өліп, қалғаны қайтып келді.

**Басқы сөзі** (1-б.): El jaılaýda.

**Соңғы сөзі** (4-б.): Biraq 16-shy jyl eldiń esinen áli qalmady, esine túsedı, meniń de áli esimde.

**Қағазы, әрпі-сиясы.** Кеңсе қағазына латын әрпінде көк сиямен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен (қолмен) беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.1022.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.4; П.2; Ж.27  
30x21,5; 26x18

### 1916 жылғы Қарақойын еліндегі көтеріліс Атбасар уезі

**Аталуы.** 1916 жылғы Қарақойын еліндегі көтеріліс.  
Атбасар уезі.

**Әңгімелеуші.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Осы күнгі Қарақойын болысы бұрын «Он болыс орта арғын» атанған арғынның қуандық-сүйіндік деген атақты руынан болады. Төрелер: «Патша соғыс майданына 19 бен 31 жастың арасындағы жастарды сұрады, ризалықтарыңмен беріндер, бермесендер бүлінесіндер, жарыласыңдар, еріксіз бересіндер, қолың байлаулы, аяғың тұсаулы тұр, ешқайда бара алмайсыңдар, Құдайдың бұйрығы екі болмайды, патша жарлығы қайта болмайды, қайткенде де біз орындай аламыз!» деп күштерін көрсетеді. Ел жастарын бергісі келмеді, бұлқынды, тулады, өз отанының басына өзі бүлік салды. Өз жерінде қазадан өліп, шәйт болуды тіледі. Сарбаз жинады, ұрысты, соғысты, мезгілсіз уақытта шаруасын күйзелтті, дүние-мұқамалдарын талатты, жазықсыз талайдың қанын төкті, қолынан түк келмеді, лажысыздан өзі келіп қолға түсті. Патша тағынан түскенге дейінгі халықтың ауыр өмірі баяндалады.

**Басқы сөзі** (28-б.): Осы күнгі Қарақойын болысы бұрын «Он болыс орта арғын» атанған арғынның қуандық-сүйіндік деген атақты руынан болады.

**Соңғы сөзі** (37-б.): Seniń basyńa kelgen ауыр күн 1916 жылдың 25 күні еді.

**Қағазы, әрпі-сиясы.** Латын әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен(қолмен) беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** 1022 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 5

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.7; П.4; Ж.31  
30x22; 28,5x18,5

### 1916 жылғы оқиғада менің көргенім

**Аталуы.** 1916 жылғы оқиғада менің көргенім.

**Жинаушы.** Илияс Жансүгіров (1894-1938) – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ақын, қоғам қайраткері, фольклоршы. Бұрынғы Талдықорған облысының, Ақсу ауданында туған. 1920 жылы Ташкенттегі екі жылдық қазақ-қырғыз мұғалімдік курсы бітіреді. Ол 1920 жылдан ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданып, Мәскеу қаласында «Өтірік» (1923), «Сүйінбай» (1935), «Зар заман. Албан Асан» (1934) сияқты жинақтарды жарыққа шығарды.

**Айтушы.** Мырзахан Нұрахмет. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Мырзахан Нұрахмет 1916 жылдары Ахметжан Махамбетәліұлы деген болыстың үйінде жалшы болып жүрген кезінде жарлық шығып, ел бірден абырсабырға түседі. Мырзахан осыдан кейінгі басынан кешкен оқиғаларын баяндайды. Ел ішінде көшкен түрлі әңгіме, «Соғысамыз!» дескен ұрандар, жандарын шүперекке

түйісіп, артын бағысқан елдің жай-күйі айтылады. Ақыры отыз екі жігіт тізімге алынып, арасында Мырзахан Нұрахмет те бар, қара жұмысқа алынып кетеді. Сол кеткеннен 7-8 ай шамасында Рига қаласына дейін барып, қайтып келген оқиғасын баяндайды.

**Басқы сөзі** (147-б.): El jaılaýǵa shyqqan, nıyl aıunıń aıaq kezi bolatyn.

**Соңғы сөзі** (159-б.): Qýana berippin, ákem aǵyl-tegil bolyp solqyldap jylap, kópke sheiin jubanbady. Elge keldik, úirge qosyldyq. Jol kórip usylyp qaldyq.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына латын әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен (қолмен) беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып, ескірген.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.1022.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; І.Жансүгіров. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.4. – Алматы, 2005; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 6

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.7; П.4; Ж.31  
30x22; 28,5x18,5

### 1916 жылы Көкшетау болысының көтерілісі

**Аталуы.**1916 жылы Көкшетау болысының көтерілісі.

**Айтушысы.** Жақан Сыздықов (1901-1977) – белгілі ақын, аудармашы. Ол бұрынғы Ақмола облысы Көкшетау

уезінің Қарлығаш ауылында туған. Кеңес өкіметі орнаған тұста Көкшетаудағы қызыл мұғалімдер курсына оқып, кейін «Бостандық туы», «Қызыл Түркістан», «Оңтүстік Қазақстан», «Сталин жолы» (қазіргі «Жетісу») газеттерде, 30-жылдардан бастап Қазақ мемлекетін көркем әдебиет баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында, Қазақстан Министірлер Кеңесі жанындағы телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі комитетте жауапты қызметтер атқарған. Осы жылдары шығармашылықпен де белсенді айналысып, оннан астам жыр жинақтарын шығарып, Л.Н. Толстойдың, Ғ.Тоқайдың, Ғ.Ибрагимовтың т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударды.

**Аннотациясы.** Әңгімеде 1916 жылғы оқиғаға байланысты Сыздықов Жақанның бала күнгі есте қалғандары мен көргендері баяндалады. «Қазақтан солдат алатын болды» деп, дуан жақтан келген хабардан ел ішіндегі дүрбелең өмір суреттеледі. Шолаққайың, Кеңасы деген жайлауды жайлап, өзінше өте қызықты дәурен сүріп отырған жұртты «Некалай солдат алады» деген хабар селк еткізеді.

Кейбіреулер көшіп, кейбіреулер соғысқа дайындалып, у-шу болды. Көкшетау, Қызылжар уезі, Тайынша болысы, Құлансу, Қадір деген елдерден мыңға тарта жігіттер жиналып, патшаға қарсы шығуға бекінеді. Себебі болыс, билер, атқа мінер пысықшалар, ауылнайлар елді сүліктей сорып, момын шаруаға кеселін шеңгелдеп тигізіп еді. «Тізімнен жасыңды артық қыламыз, немесе жоқ қыламыз» деп жылмаң тілмаштар елді жем қылды.

**Басқы сөзі** (54-б.): 25 іүн еді.

**Соңғы сөзі** (58-б.): Qara sharıanyń kók shoqayı ot basynda byj-byj qanady...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Латын әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.1022.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

7

Ш. 141 (ӘӨИ)

Б.4; П.4; Ж.31  
30X21; 26x17

### **1916 жылы Торғай бойында болған көтеріліс туралы**

**Аталуы.** 1916 жылы Торғай бойында болған көтеріліс туралы.

**Айтушысы.** Бек Баспақов – бұрынғы Қостанай облысы, Торғай ауданы, Жангелді колхозының тұрғыны. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Халел Досымов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** 1916 жылы «Маусым жарлығы» жарияланған соң Торғай елінің бас көтерерлері Баспақов Уәли, Токин Смағұл тағы бір кісі үшеуі патшаға дейін барып, патшаға жолыға алмай келгенін туралы айтылады. Қыркүйек айында губернатор келеді деген хабарды естіген ақсақалдар адам бермеу жөнінде ақылдасады. Жиынға губернатор Еврисмен мен аудармашы Қаралдин Байқадам келеді. Өз еріктерімен әскерге бармаса, күшпен апаратындарын айтады. Әңгімеде Амангелді бастаған сарбаздардың лезде жиналып, қарсылық білдіруі, Торғай өңірінің қазақтары болып топтасып жүріп Татыр көлінің,

Тосын болысының, Торғай қаласының түбінде өткізген бірнеше ұрыстар қысқаша баяндалады. Сонымен қатар Амангелдінің мергендігі туралы айтылады.

**Басқы сөзі** (1-б.): 1916 жылы патша солдат алады деген хабар шықты.

**Соңғы сөзі** (4-б.): Алдына жалынып келген соң, Амангелді Байқадамның айыбын кешіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына қарындашпен кирилл әрпінде қолмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1952 жылғы Қостанай экспедициясы кезінде Халел Досымов жазып алған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен қолмен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.141.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 8

Ш. 950 (ОҒК)

Б.6; П.1; Ж.79  
29x22; 25,5x18,5

### 1925-1940 жылдардағы Қажымұқан

**Аталуы.** 1925–1940 жылдардағы Қажымұқан.

**Айтушысы.** Қажымұқан Мұңайтпасов (1871–1948) – қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Француз күресі бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған ең алғашқы қазақ. Классикалық күрес бойынша ауыр

салмақ палуандары арасында әлемдік, ресейлік, аймақтық, одан кейін одақтық чемпионаттарда бірнеше рет жеңіске жеткен. Ол күрес әлемінде 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған.

**Тапсырушысы.** Әуелбек Қоңыратбаев (1905–1986) – түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ғалымның негізгі еңбектері қазақ фольклоры, көне түркі поэзиясын зерттеу және қазақ әдебиетін мектептерде оқыту мәселелеріне арналған. «Қазақтың Қозы Көрпеш жыры туралы», «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері», «Әдебиетті оқыту методикасы», «Шеберлік сырлары», «Қазақ эпосы және түркология», «Қазақ фольклорының тарихы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты зерттеулері жарық көрген.

**Аннотациясы.** 1925–1940 жылдары Қажымұқан табыс табу үшін Тәшкенге барып, күреске түсе бастайды. Бала-шағаны, өзін асырау, тамақ табудың өзі оңай емес. Соғыс жылдары Оңтүстік Қазақстанның Арыс, Шаян, Шәуілдір, Түркістан аудандары 1943 жылы жетпіс қой, 1944 жылы қырық бес қой, 1945 жылы елу қой жинап берген. Көңілі дархан балуан Сталиннен танк құрастыруға қаржы жинап алғыс алғанда, баласы күреске түскенде екі рет той істейді. Үйіне барған адамға жалғыз ешкісін сойып тастап, бір қойдың етін қазанға тұтас салдыратын жомарт болған, ауыл-аймағы дастарханнан ауыз тиеді екен. Бұрын бәсеке үстінде бір қойдың етін 30-40 рет жеген Қажымұқан соғыс жылдары ел аралап өнер көрсеткен. Қажымұқан – үкіметтен ақшалай әрі заттай көмек алып тұрған, түрлі марапат иесі.

**Басқы сөзі (1-б.):**

وسى كۈنگى شايان اۋداندىق پارتيا كومىتەتىنىڭ قىزمەتكارى  
مىرزاحمەت سۈلەيمەنوف دەگەن جىگىت 1940 جىلدارى شاۋىلدىردە وتىرادى

**Соңғы сөзі (6-б.):** بۇل 70 جاسىندا سىتەگەن قايراتى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ақ қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1946 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 9

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.6; П.3; Ж35.  
16x20; 15x17,5

### **Абай адамның асылы емес пе!**

**Аталуы.** Абай адамның асылы емес пе!

**Айтушысы.** Әбдірахман Құрманғалыұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков – Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, мәдениет қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. 1900 жылы Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында дүниеге келген. Әншілік, домбырашылық өнер әкесі Дүйсектен дарыған. Әңгімені Әбдрахман жездесінің айтуы бойынша хатқа түсірген.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** 1920 жылдары Өскемен қаласында мұғалімдер дайындайтын курстар ашылып, Әбдірахман сонда оқып жүреді. Бір күні Құрманғалының баласы

Әбдірахман жездесінің үйіне келеді. Әбдірахман ғылым, білімнен хабары бар, өнерпаз адам екен. Ол кезде Абайдың өлеңдері баспаға басылып шыққанымен, қарасөздері жарыққа шықпаған еді. Жездесінің үйінде жазба түрінде Абайдың қарасөздерінің бәрі бар екен. Әбдірахман олардың бәрін көрсетіп, кейбірін оқып береді. Ол Әбдірахманға Абайдың данышпандығын айтып бермекші болып, өзінің асқан қыран бүркіті туралы, оның өзге бүркіттерден ерекшелігі туралы айтады. Абай сол бүркітті сұратып екі кісі жібереді. Әбдірахманның әкесі Құрманғалы Абай әдейі сұратқан соң беру керектігін ойлайды. Жездесі бүркітін де, Абайды да қимай не істерін білмейді. Үйде отырған қонақтардың бірі бүркітті беретін болдың ба деп Әбдірахманның әкесі Құрманғалыдан сұрайды. Мұны естіп отырған Әбдірахман Өтеміс еліне барып, 12 бүркіт алып келіп, қонақтарға беріп аттандырып жатқанда, әкесі шығып: «Қонақтарды шығарып аттандырдың ба, немене бүркітінді бермей қалдың ба?» деп сұрайды.

«Әй, балам, «құс аяған көкке қарайды, ат аяған жерге қарайды» демеді ме аталарың. Сенің бүркітің құстың асылы болса, Абай адамның асылы емес пе? Асылдан асылдың несін аядың? Түбінде адамның асылынан артық асыл бола ма? Абай дүниеге сирек келетін адам, бекер еткенсің», – деп басын шайқап, үйге кіріп кетеді.

Шынында да, Абай сол он екі бүркітке разы болмай, «өз көңілімдегі бүркіт болмаған соң неғылайын» деген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** 1920-20 жылы үкімет пен партия, сауатсыздықты жою, халық ағарту мәселесіне шұғыл кірісіп, Семей губерниясы, Өскемен қаласынан мұғалімдер дайындайтын қысқа мерзімді 3-8 айлық курстар ашылып, елден хат танитын жастар шақырылды.

**Соңғы сөзі** (6-б.): Соны үйде отырып ақылмен білгені – данышпандық емес пе! – деді жездем.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 10

Ш. 629 (ОҒК)

Б. 3; П.2; Ж.21

20,5x16; 20x15

### Абай адамның шешені

**Аталуы.** Абай адамның шешені.

**Айтушысы.** Бағыбай Құсайынов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Садық Қасиманов – ақын, педагог, халық мұраларын жинаушы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген. 1923-1960 жылдар аралығында ауылдық мектептерде ұстаздық қызмет атқарып, өмірінің кейінгі кезеңінде ҚазССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында ғылыми жұмыстармен айналысқан. Отызыншы жылдардан бастап ел аузындағы халық туындыларын хатқа түсіріп, институт қорына тапсырып отырған.

**Аннотациясы.** Абайдың алғаш ел ісіне араласа бастаған кезі екен. Сол шақта Найман елінде үлкен бір жиын өтіпті. Соған қатысуға бала би Абай да келіпті. Оны ешкім елемей қоймай, жұрт салқын амандасыпты. Біраздан

соң билер намаз оқығанда, Абай да елмен бірге қатарға тұрыпты. Найманның бір биі имам болады. Намаз оқып болған соң, әлгі би Абайға «тәкаппарсың, намазды дұрыс оқымадың» деп айып таққанда, оған ұтымды жауап беріпті.

**Басқы сөзі** (11-б.): Abaıdyń algashqy atqa minip, el sózine kirisip júrgen kezinde, naıman elinde jeti bolys eldın bas qosqan bir uly dúbir jınalysy bolypty.

**Соңғы сөзі** (13-б.): Meniń kózim sájde de, kókiregim Allada, aýzym salamatta turǵanda, seniń kóniliń kúndestikte, kóziń meniń kótimde bolypty ǵoi, namazdy siz qaita oquńyz, áitpese, munuńyz namaz bolmaıdy, – depti.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне латын әрпінде, қызыл сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1941 жылы хатқа түскен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.629, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 11

Ш. 914 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.20  
20x30; 18x25

### Абай айтқан бір билік

**Аталуы.** Абай айтқан бір билік.

**Айтушысы.** Болман Қожабаев – 1880 жылы бұрынғы Жезқазған облысында дүниеге келген халық ақыны, айтыскер. Оның өлеңдерімен қатар, Тайжанмен, Доскеймен, Шашубаймен, сондай-ақ замандастары Маясармен, Көшенмен, Қайыппен, Нұртазамен, Ілияспен, Ниязбен айтыстары сақталған. Б.Қожабаевтың өлеңдері мен айтыстары еліміздің қолжазбалар қорында мол жинақталған.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов – халық мұрасын жинаушы. Бұрынғы Семей облысының Аягөз ауданына қарасты Нарын кеңшарында туып-өскен. Тоқсаныншы жылдарға дейін Әдебиет және өнер институтының штаттан тыс тілші, халық мұрасын жинаушы болып қызмет істеген. Шығыс Қазақстан өңірінен ауыз әдебиетінің мол қорын жинап тапсырған мұра қамқоршысы.

**Аннотациясы.** Қызылжар болысында Мамай дейтін елдің ішінде Жамантай есімді кісінің Тезекбай, Көжекбай деген екі баласы болған екен. Жамантай қартайған шағында екі баласына жер үлесін бөліп береді. Бір кезде Көжекбай байып кетеді. Өзінің жеріне малы сыймаған соң, туысқаны Тезекбайдың жеріне малын жая бастайды. Бірақ ... жері үшін ақы төлемепті. Бір күні Тезекбай Көжекбайдың жылқысын үркітеді. Мұны көрген Көжекбай қасына Арыстанбекті ертіп, мамай ішіндегі ақсақал, билерге барып, жерін бөліп беруін сұрайды. Олар бұл дауды шеше алмаған соң, мамайдың даушылары Абайға келеді. Абай олардың дауларын әділ шешіп береді.

**Басқы сөзі (38-б.):** Ақын Абаймен көрші Қызыладыр болысында Мамай дейтін елдің ішінде Жамантай деген кісі болыпты.

**Соңғы сөзі (38-б.):** Көжекбай мен Қошқан көкбурыл атының өтпегенін көріп, бармағын тістепті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына жасыл сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 12

Ш. 599 (ОҒК)

П.8; Б.7; Ж.27

19x30; 16,5x20

### Абай Әбдірахман туралы

**Аталуы.** Абай Әбдірахман туралы.

**Жинаушысы.** Төлеу Көбдіков (1874-1954) – халық ақыны, рухани мұраларды жинаушы. Ол бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданында туып-өскен. Төлеу 14-15 жасына дейін ескіше оқып хат таниды, жасынан өлеңге құмар болып халықтың ән-күйін, тақпақ, өлең-жырларын жаттап өседі. Ұлы ақын Абаймен кездесіп, оның ақындық үлгі-өнегесін үйренеді. Абайдың ақын шәкірттерімен де бірге жүріп тәлім-тәрбие алады. Төлеу Абай туралы көптеген әңгімелерді білген.

**Тапсырушысы.** Т.Көбдіков.

**Аннотациясы.** Қонақта отырып, Абай мен Наушабай қызу әңгімеге кіріседі. Әңгімені көбінде Абай айтады. Сол жылдан біраз уақыт бұрын Абайдың Әбдірахман деген баласы Жаркентте әскербасы болып тұрып, ауырып қайтыс болған екен. Абай Әбдірахманның көзі тірісінде сөйлескен бір сөзін айтады. Балам офицер оқуын бітіріп, күзге қарсы әскербасы болып, Жаркентке жүретін болып, бес-алты ай демалысқа келеді. Басқа сырт елдерде

«Абайдың баласы ірі білімді» деп мақтап жүреді. Өзім қандайлық білімді екенін білмеймін, тек тірі келгеніне, көргеніме мәзбін. Сүйтіп жүргенде, «осы балам қандай білім алды екен, бір сөз сұрап, қарасын көрейінші» деген ойға түсемін де, сөзімді дұрыс шешіп берсе, жақсы, шеше алмаса, тауаным қайтып, өкпелеп қаламын-ау» деп аяп, айта алмай жүрдім. Жаркентке жүретін уақыты таянып қалады, сонан соң ойға түстім: «Бұл Жаркентке барады, онда он бес жыл тұрады. Оған дейін мен тірі болам ба, жоқ па? Бір сұрақ қойсам, шешімін таба алар ма екен деп: «Әбіш, осы ақ асыл ма қара асыл ма?» деп сұрақ қояды. Әбіш бұл сұраққа: «қараны асыл дейміз» деп, қараның асылдығын бес мысалмен дәлелдеп берді.

**Басқы сөзі** (10-б.): 1896 жылы өзім жиырма жаста едім.

**Соңғы сөзі** (17-б.): Осындай көп тұрмайтын мінездері бар еді, – деп қатты арман етіп отырады.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 13

Ш. 629 (ОҒК)

Б. 2; П.1; Ж.35  
20,5x16; 20x15

### Абай әділетті еді

**Аталуы.** Абай әділетті еді.

**Айтушысы.** Жігітек Қорамжан. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Садық Қасиманов. Ол туралы мәлімет 10-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Базаралымен ағайындас Жігітек Қорамжан біраз уақыт Абайдың атшысы болады. Ол кез Абайдың Базарылмен ұстасып жүрген уағы екен. Базаралы сәлем айтқан соң, ол Абайдың ауылынан бір түнде көшіп кетеді. Мұнан бұрын Абайдың бай туысқаны Ақбердінің бір атын мініп, өзін өлтіріп алып, қарыз болып қалған екен. Кейін меншік өз атын беріп құтылғанымен, қолхатты пайдаланып, Ақберді тағы жалғыз атын алады. Мұны естіген Абай екеуін шақырып алып, әділ билік айтқан екен.

**Басқы сөзі** (15-б.): Abaıdyń Bazaralymen ustasyp júrgen kezderiniń basqy úaqyttarynda men ylǵı Abaıdyń qasynda atshy bolyp júrdim.

**Соңғы сөзі** (16-б.): Oılanyp almaq – sabyr sol, – dedi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне латын әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ОҒК: 629, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 14

Ш. 629 (ОҒК)

Б.3; П.2;Ж.21  
20,5x16; 20x15

### Абай кедейлерге қамқоршы еді

**Аталуы.** Абай кедейлерге қамқоршы еді.

**Айтушысы.** Қажығұмар Дастанов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Садық Қасиманов. Ол туралы мәлімет 10-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Абайдың Көкентал бауырындағы Ұзатқан деген кедей кісімен достығы айтылады. Абайдың кем-кетікке көмектесіп жүретін мейірімді, көпшіл кісі болғаны сөз болады. Ол Ұзатқанның жоқ-жітік екеніне қарамай, Семейге келгенде соның үйіне жиі қонып жүреді екен. Бір қонғанында нөсер жаңбыр жауып, үйден су өтіп, Абай жатарлық орын табылмапты. Мұнан соң Ұзатқан Абай үйіне келіп, қонақ болыпты. Ұзатқанды шығарып салып тұрып, Абай оның қалауын сұрапты. Ұзатқанның тапқыр сөзінен кейін Абай оған ат мінгізіп, бау-шуымен бір киіз үй бергізіпті.

**Басқы сөзі (9-б.):** Abai óz zamanındaǵy adamshylyǵy mol, kem-ketikke járdemi kóp, kópshil meirimdi kisi edi.

**Соңғы сөзі (11-б.):** «Sol úidiń kiizin bizdiń bala kezimizde kórdik» dep aýyldaǵy kempir-shaldar talai aıtqanyn estigemin, – deidi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне латын әрпінде қызыл сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1941 жылы хатқа түскен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ОҒК: 629, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

Ш. 1094 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.22  
30x20,5; 15,5x16,5**Абай мен Алшынбай****Аталуы.** Абай мен Алшынбай.**Жинаушысы.** Мұхамеджан Рүстемов (1932-2010) – халық композиторы, әнші, термеші, ұстаз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Көп жылдар Нартай Бекежановтың шығармашылығын әсіресе оның музыкалық және поэзиялық мұрасы туралы зерттеу жұмыстарын жазды.**Аннотациясы.** Абай он үш жасында атасы Алшынбайға сәлем беруге келеді. Атасының үйіне кіріп келсе, шаншардың алты-жеті шалы сынау үшін тосып отыр екен. Абай даусын баптап, ізетпен сәлем береді. Сынағыш шалдың бірі «көмейі суырылған шешен ұрпағы сәлемінің өзін әндете береді» десе, екіншісі «әкесі Құнанбайға ұқсамай, көзін Құдай сақтаған екен» депті. Үшіншісі «жүндес тоқты қошқардай бүкіл денесін әлден түк қаптапты» жеген сөздерін естіген Абай: «Қыздарыңды ұзатарда, «түкті бала таппа» деп ескерпеген екенсіздер» депті. Абайдың уытты жауабын естіген Алшынбай риза болған екен.**Басқы сөз (75-б.):** Абай он үш жасында атасы Алшынбайға сәлем беріп, амандасып қайтуға келеді.**Соңғы сөз (76-б.):** Ал, ендеше, үшеуіңе бір сыбаға! – деген екен.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әріпінде машинкаға терілген.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1985 жылы Шымкент қаласында жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған, ескірмеген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1094,1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 16

Ш. 599 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж. 28  
16,5x30; 16x22

### Абай мен Архирей

**Аталуы.** Абай мен Архирей.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** 1885 жылы Семей қаласына Колпаковский келеді. Онымен бірге Петербор облысының бас молдасы Архирей де келіпті. Ол кезде Семей қаласында он екі мешіт бар екен. Мешіттің имам-молдасын шақыртып алып, Құраннан бір сөйлемді оқытып, оның мағынасын сұрапты. Бұл «бұзық түзік болмайды, түзік бұзық болмайды» деген сөз екен. Сонда Архирей молдаларға: «Бұл қалай айтылған сөз, егер сендердің діндерің бұзықты түземейтін болса, біздің дін асыл емес пе» депті. Бұл сөзге жауап таба алмаған молдалар бес күн рұқсат сұрап алыпты. Олар өзара ақылдасып, бұл сөзге жауап беру үшін Абайды шақыртады. Бес күнде Абай келіп, Архирейге барады. Архирей Абайға: «Құдайың жер дүниені жалғыз тарының қабығына сыйғызам деген екен. Осы рас болуы мүмкін бе?» деп сұрайды. Абай

оған: «Адам баласы жер дүниені көзбен көреді, көзді көретін қарашығы тарыдан үлкен емес қой. Сыйғаны осы емес пе?» – дейді. Архирей: «Сендердің Құдайың «бұзық түзік болмайды» депті. Бұзықты түзей алмаған дінде не асылық бар?» деген сұрағына Абай: «Ол сөз сайтан үшін айтылған. Сайтан періште ортасынан бөлініп азып шыққан. Басынан өзі бұзық болған соң түзелмеген» деп, Құранда қалай түзеуге болатыны айтылған деп біраз мысал келтіреді. Архирей не айтарын білмей қалады.

**Басқы сөзі (2-б.):** 1885 жылы Семей қаласына Жетісу облысы арқылы корпус жаққа жандарал Колпаковский келеді.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Архирей сөзден қайтып, сөз айта алмай тоқталыпты дейді.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме мәтіні әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 17

Ш.866 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.35  
20x17; 17,5x15

### Абай мен Бәкеннің кездесуі

**Аталуы.** Абай мен Бәкеннің кездесуі.

**Жинаушы.** Дүйсеков Ғали. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Абай мен Бәкен Семейде бір үйде кездесіп, түнгі намазды бірге оқиды. Оқып болған соң, Абай Бәкеннің намазды дұрыс оқымағанын, қайта оқығаны жөн екенін айтады. Бірақ Бәкен намаз оқыған адамның көңілі Аллада, көзі сәждеде болуы керектігін ескертіп, Абайдың өзінің дұрыс оқымағанын айтады. Абай сөзден тосылып қалады. Бәкен кеткен соң, жанындағылар Абайдан жаңағы сөздің мәнісін сұрайды. Абай Бәкеннің шариғаттан тысқары емес екенін айтып, оған сыртынан жақсы баға береді.

**Басқы сөзі (30-б.):** Абай мен Бәкен Семейде Уак Нүрке болыстың үйінде кездесіп, бірге болады.

**Соңғы сөзі (30-б.):** Бәкендей ұл туа бермейді, – деп Абай баға берген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1976 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 18

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.37  
20x30; 17x12

### Абай мен Бегеш

**Аталуы.** Абай мен Бегеш.

**Айтушысы.** Ырыздықбай Тілеуберлин. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов.

**Аннотациясы.** Абай тобықты ішінде өтетін бір дүбірлі тойға жаратып қоспақшы болып, керейдің басты адамдары Тышқанбай мен Бегешке, Манабай, Жүзбай дегеннің «керкекіл», «қарақасқа» атты бәйге аттарын сұратып сәлем жолдап, кісі жіберіпті.

Ескі салт-дәстүр бойынша бәйгеге әруақ шақырып, ұрандап шабады. Соны ойлаған Тышқанбай мен Бегеш: «Біз ат бермейді екенбіз, әруақ береді екенбіз», – деп, келген кісіні құр қол қайтарады. Абай бұған ренжіп, реніші «Абай Тышқанбай мен Бегешке қатты өкпелі екен» деген дақыртқа айналыпты. Осыдан көп уақыт өткен соң Бегеш Абайдың үйіне барады. Аман-сәлемнен кейін Абай Бегештен елінің жаңалығын сұрайды. Бегеш: «Ал, бер деген екі ағайынды еді. Соның алы өліп, бері тірі қалып, біздің елдің қайғыруында мін жоқ», – деп астарлай сөйлейді. «Ее, ол елдің өсегі ғой, соған шын өкпелеп жүр дейсің бе?» – депті Абай.

**Басқы сөзі** (42-б.): Абай мен Бегеш дос-жар, ниеттес болып, бірімен-бірі сыйласып өтіпті.

**Соңғы сөзі** (43-б.): Ее, ол елдің өсегі ғой, – депті Абай, – оған шын өкпелеп жүр дейсің бе?

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

Ш. 631 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж.19  
30x20,5; 22x20**Абай мен келіншек****Аталуы.** Абай мен келіншек.**Жинаушысы.** Әбдірахман Ыбырайұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Аннотациясы.** Абай бір сұлу келіншекке қатты қызығыпты. Сол келіншек су әкеле жатқанда, білегінен ұстай алыпты. Келіншек Абайға Шынмашын елінің патшасы мен арыстан туралы бір әңгіме айтыпты. Онда мал-жанды мерт қылып, маза бермеген арыстанға бір ту бие беріп, бітім жасасу үшін халық патшаны жіберіпті. Бірде байлап кеткен биені арыстан жемей қойған екен. Патша арыстанға барып, мұның мәнісін сұрапты. Арыстан патшадан уәзірінің немесе өзінен дәрежесі төмен әлдекімнің сарқытын жеп-жемейтінін сұрап, «жоқ» деген жауап алады. Биенің оң жақ санын қарауы керектігін айтады. Сөйтсе, биенің оң жақ санын қасқыр жеп кетіпті. Арыстан аң патшасы болғандықтан мұны жемеген екен. Келіншектің әңгімесінің астарын түсінген Абай ештеңе деместен кетіп қалыпты.**Басқы сөзі (1-б.):**اباي سؤ اكله جاتقان ءببر سؤلؤ كەلنشهكتىڭ بىلەگىنەن قىزىعىپ ۇستاي  
الادى**Соңғы сөзі (1-б.):** اباي قولن الىپ، جۇره بەرىپتى**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына араб әрпінде көк сиямен жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелеген.**Папкасы.** ОҒК: Қ.631, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 20

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.36  
16x20,5; 14x20

### Абай мен Қайранбай

**Аталуы.** Абай мен Қайранбай.

**Айтушысы.** Әбдірахман деген кісі. Жинаушының мәліметіне қарағанда, Әбдірахман – құсбегі, мерген, дойбышы, тоғызқұмалақшы, домбырашы, бір сөзбен айтқанда, сан қырлы өнерпаз азамат. Халық арасынан алдымен Абайдың өлеңдерін, кейін қарасөздерін де жинаған.

**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Абайдың абырой-даңқы асқақтап тұрған кезі болатын. Абайдың үстінен арыз беріп, Өскемен уезіне шақыртады. Уезге Қалбадан Қайранбай қазірет те барады. Ол кісінің жасы алпыстар шамасында, өзі аппақ, сақал-мұрты жоқ көсе адам еді. Уездің аға сұлтаны Ислам төренің баласы Әлихан деген оқыған жігіт екен. Ол хатшы әрі аудармашы болып жұмыс істейтін. Абай хатшының алдында отырғанда, Қайранбай кіріп келеді. Қайранбай мен Абай бірін-бірі сырттай білгенімен, танымайды екен. Екеуін Әлихан таныстырады.

**Басқы сөзі** (2-б.): Абайдың абырой-даңқы шыққан кезі.

**Соңғы сөзі** (3-б.): Сол жерде екеуі амандасып, көрісіп, біріне-бірі ізет көрсетіп қалды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайдан жазылған.** Мәтін 1919-20 жылдары жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме мәтіні әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 866. 2,3 дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 21

Ш. 1059 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.33  
30x20; 23x17

### Абай мен Қиясбай

**Аталуы.** Абай мен Қиясбай *(бірінші әңгіме)*.

**Жинаушысы.** Айсұлу Бисенғалиқызы – халық әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ол 1929 жылы Орал облысы, Жаңақала ауданында дүниеге келген. 1955-1957 жылдары Орал қаласындағы екіжылдық педагогикалық училищесінде, 1957-1963 жылдары Оралдағы Пушкин атындағы пединститутта оқыды. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, 1972 жылдан бастап қолжазба қорларына өткізіп отырды.

**Аннотациясы.** Бірде Қиясбай қызыл елтірінің жүнін сыртына қаратып басына киіп кіріп келіп, Абайдан ненің терісі екенін айтып беруді сұрайды. Абайдан «білмеймін» деген жауап естіген ол «аң-таңның терісі ғой» дейді.

Қиясбай Абайдан қағаз, қалам сұрап алып қағазға иір-иір етіп түсініксіз нәрсе жазады. Абайдан оқуды сұрайды. Абай бұл жазу оқуға келмейтінін айтқанда, «бұл айғыр тышқанның ізі ғой» деген екен.

**Басқы сөз** (80-б.): Қиясбай бірде Абайдың үйіне басына киген қызыл елтірінің жүнін сыртына қаратып, пұшпағына байлап кіріп келіпті дейді.

**Соңғы сөз** (81-б.): – Әй, Абай аға-ай, сізді ел босқа мақтайды екен, бұл айыр тышқанының ізі емес пе, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба қалың дәптерге кирилл әріпінде көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1996 жылы Орал қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1059.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 22

Ш. 1059 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.15  
30x20; 15x17

### Абай мен Қиясбай

**Аталуы.** Абай мен Қиясбай (*екінші әңгіме*).

**Жинаушысы.** Бисенғалиқызы Айсұлу. Ол туралы мәлімет 21-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Абай сыбызғы тартып келе жатқан Қиясбайды шақыртып алып, өлең айт деп қолқа салыпты. Қиясбай сыбызғысын тартып-тартып жіберіп, бір ауыз әзіл өлең айтып, Абайды әбден күлдіріпті. Мұнан соң Абай оған өлең айт деп қайта қолқа салмаған екен.

**Басқы сөз** (82-б.): Қиясбай сыбызғышы болыпты.

**Соңғы сөз** (82-б.): Абай көзінен жас аққанша күліп, қайта айтқызбапты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба қалың дәптерге кирилл әрпінде көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Орал қаласы, 1996 жыл

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1059.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 23

Ш. 1059 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.31  
30x20; 21x16,5

### Абай мен Қиясбай

**Аталуы.** Абай мен Қиясбай (*үшінші әңгіме*).

**Жинаушы.** Бисенғалиқызы Айсұлу. Ол туралы мәлімет 21-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Абай үйіне келген Қиясбайдың тапқырлығы сөз болады. Қиясбай келгенде мәжіліс құрып отырған шынжыр балақ, шұбар төс шонжарлар оны кісі екен деп елемейді. Соларға өз күшін көрсетейін деп, Абайда оңаша шаруасы барын айтып, өзгелердің шыға тұруын өтінеді. Оңаша қалғанда мұнысын

Абайға айтады. Абай оның тапқырлығына риза болып, сый беріп аттандырады.

**Басқы сөзі** (83-б.): Тобықтының шынжыр балақ, шұбар төс шонжарлары Абай үйінде мәжіліс құрып отырады.

**Соңғы сөзі** (84-б.): – «Сөз тапқанға қолқа жоқ», – деп Абай оған он шақты қой айдатып жіберіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге кирилл әрпінде көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Орал қаласы, 1996 жыл.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1059.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 24

Ш. 1094 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.26  
30x20,5; 16,5x16,5

### Абай мен Қиясбай

**Аталуы.** Абай мен Қиясбай (*төртінші әңгіме*).

**Жинаушы.** Мұхамеджан Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15 сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде тапқырлығымен, әзілкештігімен аты шыққан Қиясбайдың Абайдың аулына келгендегі тапқырлығы айтылады. Қиясбай аттанарда Абай одан не бұйымтайы барын сұрайды. Қиясбай балаларына көже-қатық сұрай келгенін айтады. Етханадан

калағанынша ет алсын десе, Қиясбай қойдың басы мен төрт сирағын ғана алып шығады. Абай мұның мәнісін сұрап білген соң, қорадан бір қой ал дейді. Қиясбай қорадағы қойды ары-бері тырқыратып қуғаны болмаса, ешқандай қойды ұстамайды. Абай мұның да мәнісін сұрап білген соң, бір қора қойдан бір ғана қой бергеніне қысылып, оншақты қой айдатып жіберіпті.

**Басқы сөз беті** (61-б.): Ертеде Абаймен замандас әрі рулас Қиясбай деген кедей болыпты.

**Соңғы сөз беті** (62-б.): «Сөз тапқанға қолқа жоқ», – деп, сол жолы Қиясбайға айдап кететіндей оншақты тұяқ беріпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әріпінде машинкаға терілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ел арасынан жинап, 1985 жылы қорға тапсырған Шымкент қаласының тұрғыны – Рүстемов Мұхамеджан.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1094, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 25

Ш.1059 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.6  
30x20; 7x17

### Абай мен Құнанбай туралы

**Аталуы.** Абай мен Құнанбай туралы (*бірінші әңгіме*).

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Абай жастау кезінде Құнанбайға «Әкеден бала ширек кем туады» деген сөздің өтірік екеніне көзі жеткенін, өйткені өзінің әкесінен артық екенін айтады. Сонда Құнанбай баласынан өзінің несімен артық екенін дәлелді сөзбен жеткізген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бір мәжілісте отырғанда, Абай жас, бала кезі ғой, әкесіне...

**Соңғы сөзі (1-б.):** Сен өзіңнен артық бала туғызсаң артықсың, өзімнен артық бала туғызған сенен мен артықпын, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.630, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 26

Ш.1059 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.14  
30x20; 14x17

### Абай мен Құнанбай

**Аталуы.** Абай мен Құнанбай.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Әңгімеде бір мәжілісте отырғанда Абайдың Құнанбайдан қазақта өздерінен артық кімнің бар екенін сұрағаны айтылады. Құнанбай өздерінен Алшынбай, Тұрлыбек, Қазанқап, Шорман деген төрт кісінің артық екенін айтыпты. Олардың несімен артық екеніне қатысты да жауап беріпті.

**Басқы сөзі** (1-б.): Тағы бір қарттармен отырған мәжілісте Абай әкесіне...

**Соңғы сөзі** (1-б.): Мұнан басқа қазақтар бізбен қатар ғой, – депті Құнанбай.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелеген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.630, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 27

Ш. 631 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж.8  
30x20,5; 11x20

### Абай мен Мұса мырза

**Аталуы.** Абай мен Мұса мырза.

**Жинаушысы.** Ыбрайұлы Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Мұса мырза мен Абай Ақмолаға қатар барады. Айтпай деген қажы Абай мен Мұсаны сөйлестірмек болады. Мұса қолын қалтасына салып жүреді де, Абайды байқамай қалады. Өңгімеде осы кездесудегі Мұса мырза мен Абайдың қақпайласқан сөздері келтірілген. Соңында Абай ұялып қалады.

**Басқы сөзі (3-б.):** مؤسا مرزا اقمولاغا بارسا، عبير جاعنان اباي  
دا بارادی

**Соңғы сөзі (3-б.):** اباي: – ۇيالىپ قالدىم، – دەيتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына араб әрпінде көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1938 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.631, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 28

Ш. 599 (ОҒК)

Б.2; П. 2; Ж. 28  
16,5x30; 16x28

### Абай мен Мырзахан

**Аталуы.** Абай мен Мырзахан.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Мырзахан бір күні Шыңғыс тау жағында тұратын жездесіне бармақшы болады. Жолда

Ашысу деген жерде тұрған елге барады. Ол жерден Шыңғыстауға дейінгі жер жүз шақырымда арасында ел жоқ екен. Жолда жеке адамдарды тонайтын ұры бар дегенді естіп, өзіне серік болар адам іздейді. Жолға еретін ешкім кездеспеген соң, біреулер Ақшоқы деген таудың сыртында Абайдың ауылы бар, сол ауылдан біреулер табылып қалар дейді. Содан ол Абай ауылына келеді. Ауылға жеткенде, сыртта тұрған Абай және баласы Мағауияны көреді. Сәлемдесіп болған соң, Шыңғыс асатын жолдас табылар ма екен деп осында соққанын айтады. Сонда Абай тұрып, алты кісі жолдасың бар, өзіңмен жеті кісі болады деген екен. Үйге кіріп тамақтанып болған соң, Мырзахан әлгі айтқан алты кісісі қайда деп күтіп отырады. Сонда Мағауия күліп, бұл ауылда Шыңғыс асатын адам жоқ, алты жолдас дегені үстіндегі киген бешпетінің алты жағасын өрескел көріп айтқаны болу керек» деп, ілулі тұрған шапанды береді. Мырзахан шапанды киіп, жол жүріп кетеді.

**Басқы сөзі (203-б.):** 1892 жылы жаңа Семейде тұрған кезінде...

**Соңғы сөзі (205-б.):** Шапанды киіп, түн қатып жүріп кеттім.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме мәтіні әр жолға бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

Ш. 599 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж.18  
16,5x30; 16x28**Абай мен Сейітқан****Аталуы.** Абай мен Сейітқан.**Айтушысы.** Белгісіз.**Жинаушысы.** Белгісіз.**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Бір күні Абай мен бие сауыншысы болған Сейітқан деген кісі ерігіп отырып, жұмбақ шешпекші болыпты. Екеуі бір-біріне жұмбақ жасырып, бәйге тікпекші болып, Абай жеңсе, Сейітқан алты айлық еңбекақысын бермекші болып, ал Абай жеңілсе, өзі мінетін қоңыр атын бермек болып келіседі. Сонда Сейітқан Абайдың жұмбағын шеше алмайтынын мойындап, өзі жұмбақ айтпақшы болады. Оның жұмбағы мынау екен: «Өзінде бар, ойында жоқ». Мұны шешу үшін Абай уақыт сұрайды. Ол биені сауып келгенше рұқсат береді. Абай жұмбақтың шешуін таба алмай, Сейітқанның өзінен сұрайды. Сейітқан: «Ол адамның кіндігі, өзінде бар болса да, ойында болмайды. Адамның өзге несі болса да, кіндікті ешкім ауызына алмады» депті. Сонда Абай ойланып отырып, мына Сейітқанның айтқан жұмбағына шешуі дәл келеді деген екен.

**Басқы сөзі** (205-б.): Абайдың Сейітқан деген бие сауыншысы болған.

**Соңғы сөзі** (205-б.): «Бұл мені жеңді» деп қоңыр атын беріпті.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме мәтіні әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

### 30

Ш. 142 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.19  
20x30; 16x18

#### Абай сөзінен

**Аталуы.** Абай сөзінен.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Шұғайып Дүйсекеев.

**Тапсырушысы.** Шұғайып Дүйсекеев. Ол қолжазбаны 1952 жылы қорға тапсырған.

**Аннотациясы.** Бір күні арғы заты тобықты, оның ішінде найман бір күні Тұтбай мен Итбай ағайынды екі адам Абайдың үйіне келеді. Сонда Абай амандасып болған соң, Көпбайдан ойлаған жұмысының орындалған-орындалмағанын сұрапты. Сонда Көпбай Абайға төрт ауыз өлеңді айтып жауап қайтарыпты. Тұтбай басындағы тұмағын жұлып алып жерге бір соғып, жантайып жата кеткен екен дейді. Көпбайдың олай дегені – «Менің ойнап жүрген замандас әйелімді Тұтбай ажарыма қарамай тартып алып қойды» дегені екен.

**Басқы сөзі** (15-б.): Ағайынды Тұтбай мен Итбай Абайдың үйінде отырғанда, Тұтбайдың туған інісі Көпбай дейтін адам кіріп келіпті.

**Соңғы сөзі** (15-б.): Себебі бұл жөнінде өзінің інісі Көпбайдың «осы әйелді аламын» деп айналысып жүргенін расында білмеуі керек дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142 , 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

## 31

Ш. 629 (ОҒК)

Б.8; П.5; Ж.23  
21x15; 20x14

### Абайдың «әйелден тоқтадым» дегені

**Аталуы.** Абайдың «әйелден тоқтадым» дегені.

**Жинаушысы.** Ахметов Мағзұм. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Шыңғыс дуанына қарайтын найманның бір молда жігіті арғы Қапалға қарайтын найманның бір байының үйінде бала оқытып жүріп, сол байдың бойжеткен сұлу қызын алып қашады. Өз елі «бәледен аулақ» деп, оны паналатпаған соң, Абайдың ауылына келіп сағалайды. Сөйтіп жүргенде қыз жақ мал алып, жігіт жақ мал беріп, бітімге келетін болады. Молда жігіттің елінен адам келіп, оны ертіп кетеді. Бірде Абай серуенге шыққанда, молданың жас келіншегін көріп, оның сұлулығына тамсанып, көңілі құлайды. Құдықтан су алып тұрған келіншектің қолынан ұстап жетелей жөнелгенде, келіншек оған Балық шаһарының патшасы мен арыстан жайлы хикаяны айтады. Елдің мал-жанына залал келтірген арыстанмен шаһардың патшасы күніне бір бие беретін болып келіседі. Бірде арыстанның екі-үш күн бойы

байлаулы биені жемегенін көрген патша, істің мән-жайын білмекке арыстанға барса, әлгі байлаулы биенің тақымын тай кезінде қасқыр тартқан екен. Соны айып көрген арыстан биені жемеген көрінеді. Келіншек осыны айтып, Абайды адамның арыстанына, өзін жаралы мақұлыққа теңеп, «ендігісін өзіңіз біліңіз» дегендей емеурін қылады. Мұны естіген Абай сөзден тосылып қалады да, келіншектің сөзіне тоқтайды.

**Басқы сөзі (3-б.):**

وسى وزىمىزبەن دۇانداس شىگەبىستى قىستايىتىن ەبىر نايماننىڭ قازاقشا  
بالا وقتاتتىن ەبىر مولداسى ارعى قاپالعا قارايتىن نايماننىڭ ەبىر باينا بالا وقتىتىپ  
ەجۇرىپ

**Соңғы сөзі (7-б.):**

مننه، معنى توتەلى سوزبەن توقتاتقان ادامنىڭ ەبىرى – وسى بالدىزىم، –  
دەگەن مەكەن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне араб әрпінде қарындашпен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1938 жылы хатқа түскен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы** ОҒК: Қ.629, 5-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 342.

**32**

Ш. 866 (ӘӨИ)

П. 1; Б. 1; Ж. 15  
15,5x20; 14x8,5

**Абайдың Бәкен үйінде болғаны**

**Аталуы.** Абайдың Бәкен үйінде болғаны.

**Айтушысы.** Әбдірахман. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Тілеуберді мен Құнанбай дос екен. Құнанбай қайтыс болғаннан кейін алты-жеті айдан соң Тілеуберді қайтыс болады. Абай құран оқуға кетіп бара жатып Бәкеннің үйіне қонады. Бәкен Абайға: «Ақсақалдың өлімі келсең-кел де кез болған екен. Кезеңге үш шықпай тоқтама!» – депті.

**Басқы сөзі** (31-б.): Ұлан еліне жалғас көкжарлы, саржомарт ішінде аға сұлтан Тілеубердімен Абайдың әкесі Құнанбай дос екен.

**Соңғы сөзі** (31-б.): Асыңа үш жүздің баласын түгел шақыр дегені екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.866 (ӘӨИ), 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

### 33

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 30  
15,5x20; 14x16

### Абайдың даналық сезімі

**Аталуы.** Абайдың даналық сезімі.

**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.

**Тапсырушысы.** Ғали Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Абай өзінің жақсы көретін жолдасына «менен бір сөз сұрашы» деген екен. Жолдасы ол сөзді ұмытып кетіп, Абай сұрағанда ғана есіне түсіп, «не сұрап едіңіз?» дейді. Сонда Абай төрт жасар немересі Әбубәкірді көрсетіп, өскенде осы баланың қандай адам боларын сұраған екен. Досы ойын баласын қалай сынауға болатынына таң қалады.

Олай болса мен айтайын деп Абай былай дейді: «Егер бұл Әбубәкір тірі болса, жігіт болып өскен кезінде мүмкін мен болмаспын, ал сендер боласындар, естерінде болсын: «Ақылбай маған тартқан ғой, ал Әбубәкір Ақылбайға тартқан, ұстамсыз, айнымалы болар», – депті.

Жолдасы не себептен айнымалы болатынын сұрайды. Абай: «Олай дегенім, Ақылбай ауырып үйде жатқан кезде біткен бала еді. Ақылбай сол кезде апиын ішіп жатып еді. Апиын рухқа шабады ғой» депті. Сондықтан айнымалы болар» деген екен.

**Басқы сөзі** (10-б.): Абай тәуір көретін бір жолдасына менен бір сөз сұрама»,– депті.

**Соңғы сөзі** (10-б.): «Айнымалы болар» дегенім сол еді, – депті Абай.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:К.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

Ш.629 (ОҒК)

Б.8; П.4; Ж.22  
30x20; 14x16,5**Абайдың ертегісі****Аталуы.** Абайдың ертегісі.**Жинаушысы.** Садық Қасиманов. Ол туралы мәлімет 10-сипаттамада берілді.**Тапсырушысы.** Төлеухан Сағымбаев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Аннотациясы.** Баймағамбетке Абай араб, парсы, орыс, түрік халықтарының талай ертегілерін айтып, жаттатқызған екен. Бірде Баймағамбет Абайдан қазақ халқының өз тұрмысынан алып, жанынан шығарып, бір жақсы ертегі айтып беруді сұрайды. Ары қарай Абайдың диуана мен бай туралы шығарған ертегісі баяндалады. Оны Баймағамбет сол арада жаттап алып, қайталап айтып берген екен.**Басқы сөзі (1-б.):** Bir kúni Baımaǵambet...**Соңғы сөзі (8-б.):** Sonda Baımaǵambet basynan aıaǵyna deın aıtıp shyǵurty.**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне латын әрпінде қызыл сиямен жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1941 жылы жазылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ОҒК: Қ. 629, 4-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 36  
15,5x20; 14x17**Абайдың Жылтыр ақынға сыны****Аталуы.** Абайдың Жылтыр ақынға сыны.**Айтушысы.** Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.**Тапсырушысы.** Ғали Дүйсеков.**Аннотациясы.** Бірде Бозай төре қасына Жылтыр ақынды ертіп, Құнанбайға амандасуға келеді. Құнанбай Бозаймен әңгімелесіп отырғанда, Бозай күмістелген шақшасындағы насыбайды өзі атып, бірде Жылтыр ақынға ұсынып кезектесіп отырысады. Сонда әкесінен төмен отырған он төрт жасар Абай Жылтыр ағасының атына, ақындық атағына сырттан қанық екенін айтып, Бозай ағайы мен шақшасы туралы бір ауыз өлең айтып беруін өтінеді.

Құнанбай мен Бозай Жылтыр ақынды мадақтай бастағанда, Абай Жылтырға: «Сізді ақын десек, жамаушы және өтірікші екенсіз ғой», – дейді. Құнанбай сыйлы қонағын баласының мінегеніне қысылып, өлеңнің қай жерінде жамау бар екенін дәлелдеуін, немесе сөзін қайтып алуын талап етеді. Сонда Абай: «Өтірікші дегенім Қызылсу Шарға құймайды, өз бетімен Ертіске құяды, бұл – бір. Екінші, «әркімнің бір жары бар басыбайлы» деді. Әйелдің жалған байы болса, басыбайлы бола ма? Ал жамаушы дегенім, осы бір ауыз өлеңге Қызылсу. Шарды, әркімнің жарын әкеп қосудың қажеті не? Бір ауыз өлең Бозекеңнің айналасынан табылмай ма? – деген екен. Бозай

төре де, Жылтыр ақын да, әкесі Құнанбай да дәлелді сөзге тоқталыпты.

**Басқы сөзі** (12-б.): Абайдың он төрт жасындағы бала кезі еді.

**Соңғы сөзі** (13-б.): Сөйтіп, он төрт жасар Абай үш дәуді бірден сүріндірген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342

## 36

Ш. 629 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж. 10  
30x21; 25,5x15

### Абайдың қамқорлығы жайында

**Аталуы.** Абайдың қамқорлығы жайында.

**Жинаушысы.** Қылыш Хайроллаұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Бибіш есімді әйелдің отбасымен, қайын ағасы, күйеуімен қосақталып, Абайға жалшы болып қызметке тұрып, он үш жыл қызметінде көрген қамқорлығы, кедей болып келіп, бес жүз қоймен өз еріктерімен көшкендері айтылады. Бибіш он тоғыз жасында келіп, отыз екі жасында алдына мал салып бөлек шыққандарын еске алады.

**Басқы сөзі** (4-б.):

التى قاسقىردىڭ كۇشىگىن جازعا سالىم اپ كەلىپ، اسىراپ، كۇز قويا  
بەردى

**Соңғы сөзі (4-б.):**

مەن ابايدىڭ قولىنا بارغاندا 19 جاستا دەيم. 32 جاسىمدا ءوز ەركىمەن  
قايتا كوشتىم

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба араб әрпінде қарындашпен хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1947 жылы қорға тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.629/10.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

37

Ш. 599 (ОҒК)

Б.4; П. 4; Ж. 27  
16,5x30; 16x20

### **Абайдың қойшы Көкшемен әңгімесі**

**Аталуы.** Абайдың қойшы Көкшемен әңгімесі.

**Айтушысы.** Дәулетияр Бітімбаев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Дәулетияр Бітімбаев.

**Аннотациясы.** Әкем Бітімбай Абаймен таныс болыпты дейді Дәулетияр әңімесінде. Олардың қыстауы Абайдың кіші әйелі Әйгерім мен үлкен баласы Ақылбайға жақын жерде тұрады екен. Сондықтан Ол Абайды жақсы танитын. Дәулетияр үйіне келгенде, Абай одан ертегі айтуын өтінеді. Ол білетін ертегілерді айтып беріп, Абай оған әбден риза болатын. Абай Бітімбайға баласын Семейдегі орыс оқу орнына беруін өтінеді.

Бір күні Бітімбай Абай кіші әйелі Әйгерімдікіне келгенін естіп, сонда келеді. Өңгімелесіп отырғанда, өте жұпыны киінген бір еңгезердей жігіт кіріп келеді. Ол сол үйдің қойшысы Көкше деген жігіт екен. Көкшенің түрін көрген Абай Әйгерімге қойшының киімін бүтіндеп беруін тапсырады. Абай Көкшеден ертегі айтып беруін сұрайды. Көкше: «кедей адам не ертегі айтушы еді» дейді. Сонда Абай: «сені кім кедей қылды», – деп еді, Көкше: «Құдай!» деп жауап береді. Сонда Абай кедейлік жалқаулықтан болатынын айтып, бәрін еңбек етуге шақырады.

**Басқы сөзі** (144-б.): Абай Семейге барарында да, қайтарында да біздің үйге келіп қонып, түстеніп кетіп жүретін.

**Соңғы сөзі** (147-б.): Бұдан елу жыл бұрын осы өмірдің болатынын білген Абайды ескіше «әулие ғой» деп отырмын, – дейді Дәулетияр қарт.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342

## 38

Ш. 629 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж.23  
30x21; 25,5x15

### Абайдың қонақ күткені

**Аталуы.** Абайдың қонақ күткені.

**Жинаушысы.** Қылыш Хайроллаұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** 1902 жылы Қаражырықтағы Абайдың ауылында Ике Дүйсенов бас болып, бірнеше кісілер қонақ болады. Ике Дүйсенов Абаймен замандас, сырлас екен, оған арнап қой сояды. Мұсабай болыс болып тұрғанда Икенің қыстауын Дәбен деген кісіге тартып алып бергенін айтады. Абай өзінің Мұсабаймен құда екенін сөз қылады. Абайдың бәйбішесі үйінде жоқ екен, атқа қонбақ болған қонақтарды шақырып, ыстық қымыз бергені туралы айтылады.

**Басқы сөзі (3-б.):** جيلدا قاراجبريقتاعى ابايدىڭ اۋلىنىنا قوناققا  
1902 باردىق

**Соңғы сөзі (3-б.):** قىمىزدان ءبىر-ءبىر كەسە ءىشىپ اتتاندىق

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба араб әріпінде, қарындашпен хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1947 жылы қорға тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ. 629/10.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

### 39

Ш. 599 (ОҒК)

Б. 2; П.1; Ж.20  
30x21; 13x18

### Абайдың мақамдары

**Аталуы.** Абайдың мақамдары.

**Тапсырушысы.** Төлеу Көбдіков – Қазақстанның халық ақыны. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген. Жасынан Абайдан тәлім алған. Ертеректе жазған өлеңдері сақталмаған, кейін тұрмыс жағдайымен Батыс Сібір, Алтай жаққа қоныс аударып, ақындық өнерден қол үзген. 1940-жылдардың басында туған жеріне оралғаннан кейін қайтадан өлең шығара бастайды.

**Аннотациясы.** Туындыда Абайдың әңгіме айтқан кездегі сөйлеу мақамдары туралы айтылады. Абайдың екі түрлі мақаммен сөйлейтіні, олардың әрқайсының ерекшелігі сөз болады. Абай не айтса да ұғынықты етіп айтқан екен, сөз кестесін төгіп сөйлейтіні сондай, не айтса да, тыңдаушының көз алдына сурет секілді елестеп отырады екен. Абайдың әңгімесін бір күн тыңдаған адам өмірлік азық алғандай болады екен. Бірақ айтушы өзінің ақымақтығынан одан бір күндік те азық алмағанына өкініш білдіреді.

**Басқы сөзі** (108-б.): Абай мен көргенде екі түрлі мақаммен сөйлейді екен.

**Соңғы сөзі** (109-б.): Бірақ мен ақымақтығымнан өмірлік түгіл, бір күндік те алып шығып пайдаланбадым ғой.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1945 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.599, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342

## 40

Ш. 599 (ОҒК)

Б. 7; П.4; Ж.28  
30x21; 26x18

### Абайдың Мырзақанға айтқаны

**Аталуы.** Абайдың Мырзақанға айтқаны.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Әңгімеде кісі өлтірді деген жала жабылып, Қарқара түрмесіне қамалған адамдар туралы ақыл сұрамаққа Абайға келген Мырзақан, Шоқбас, Мәмбетей деген кісілермен арадағы әңгіме баяндалады. Шай үстінде Мырзақанның тісі жоғын көрген Абай оған тіс салдырып алуға ақыл береді. Өзінің салдырған тісін де көрсетеді. Бұған таң-тамаша қалғандарға таңырқамау керегін, адам баласының әлі талай өнер ойлап табатынын

айтады. Екінші естелікте Семейге келген Абайға сәлем бере келгендегі көргендерін баяндайды.

**Басқы сөзі** (103-б.): 1881 жыл.

**Соңғы сөзі** (109-б.): Ана байғұс «өзіңіз білмейсіз бе, менен несін сұрайсыз» деп неге айтпайды екен» деп ішімнен ойладым да, кетіп қалдым.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

## 41

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж. 39  
20x30; 18x26

### Абайдың немере туысы Ахат Құдайбердиевтің әңгімесі

**Аталуы.** Абайдың немере туысы Ахат Құдайбердиевтің әңгімесі.

**Айтушысы.** Ахат Құдайбердиев – Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған Құдайбердінің немересі, Шәкәрім қажының баласы. Ол Алматы қаласындағы № 12 қазақ орта мектебінде көптеген жылдар бойы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беріп, ұстаз болған. Кейіннен Семейге көшіп барып, Абай музейінің

Жидебайдағы филиалында меңгеруші болып істеген. 1984 жылы жазда Семей қаласында 84 жасында қайтыс болды.

**Жинаушысы.** Сайлау Жақыпов. А.Құдайбердиевпен 1961, 1983 жылдары кездесіп, айтушының аузынан жазып алған.

**Тапсырушысы.** Сайлау Жақыпов.

**Аннотациясы.** Абай адамды бағалағанда, бай, кедейлігіне қарамайды екен. Әнет Өмірбек деген кедей адамды сөзге тапқыр, шыншыл қасиеттеріне қарап, Абай оны қатты құрметтейтін, мәжілістерге қатыстырып, кейде онымен жеке сырласатын да болған. Оны көпшілігі жақтырмаған. Атақты Әнет бабаның тұқымы болғандықтан, ел оны Әнет Өмірбек деп атапты. Абай көпшіліктің жақтырмайтынын біліп: «Менің білмегенімді осы Өмірбек біледі, білмегенімді осыдан сұрап аламын» деп тойтарыс беріп отырған. Бір мәжілісте сөздің реті келіп қалып, Өмірбек Абайға: «Абай, атаң шөккен түйеге міне алмайтын деуші еді. Сен қайдан жақсы болып тудың?» – депті түйеден түскендей етіп. Көпшілік жақтырмай, «Бұған Абай не айтар екен?» деп дуылдасып қалады. Сонда Абай: «Бұл Өмірбек дұрыс айтып отыр, – дегенде, бәрі не айтар екен деп таңырқап қалады. «Айдос бабамды айтқаны емес пе», – деп Абай үнсіздікті бұзғанда, отырғандар Өмірбек сөзінің төркінін енді ғана ұғып, ойлары Абайдың төртінші атасы Айдосқа ауып, «Абай одан әрі не айтар екен?» десіп аңырап қалған. «Ей, Өмірбек! – депті Абай сөзін жалғастырып, – Ер тағайына (ұлы нағашына) тартады екен. Менің ұлы нағашым керей Ер Жәнібек қазақтан асып туған. Қазақта Сырым батырдан басқа, үш қасиетті бірдей ұстаған ер Жәнібек қана. Ер Жәнібек әрі батыр, әрі ақын, әрі шешен атаныпты, осы үш қасиеті маған келмеді деймісің?» – деп сөзін аяқтапты.

**Басқы сөзі** (36-б.): Ахат Құдайбердиев – Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған Құдайбердінің немересі, Шәкәрім қажының баласы.

**Соңғы сөзі** (37-б.): Айдостан бұрын Айпара адуындығымен, сөз тапқырлығымен және көріпкел, болжағыштығымен аты елге кең жайылыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына жасыл сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

## 42

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.6; П.3; Ж. 35  
16,5; 15x17,5

### Абайдың үш сезімді қатар қабылдауы

**Аталуы.** Абайдың үш сезімді қатар қабылдауы.

**Айтушысы.** Әбдірахман.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада көрсетілді.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Әбдірахман Құрманғалының кіші баласы Рақымның үйіне қонаққа барады. Ол үйде де Абайдың, Құрманғалының суреттері тұр екен. Келесі күні олар қасына Дәумен деген сөзге шешен кісіні ертіп, Абайдың үйіне қонаққа барады. Төсек алдында Абай отыр еді. Семіз денелі, қара кісі екен. Кісіге қадала сын көзімен қарап, бастан-аяқ бір шолып шыққанда, сол кісінің ой-өрісін, мінез-құлқын, қысқасы, бойындағы бар қасиетін біліп шығатын сияқты. Денесіне тұтаса біткен жуан мойны кісіге қарағанда денесімен бұрылып қарайды екен. Қымыз

ішіп болған соң Абай бір жігітке жез леген алдырып, басына суық су құйғызып отырады.

Ол Дәуменнен келген жұмысын сұрайды. Ол келген жұмысын айта бастағанда, елінің бір жігіті кіріп келеді. Абай одан да шаруасын сұрайды. Дәумен жұмысын кейін айтармын деп тоқталып қалады. Сонда Абай Дәуменнің неге үндемей қалғанын сұрайды. Ол айтам дегенше Абайдың басына су да құйылып болады. Екі жігіттің не айтқалы келгенін Абай бір әрпін қалдырмай айтып береді. Рақым Абайдың бірден үш сезімді қатарынан қабылдағанына қайран қалады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Келесі күні Құрманғалының үлкен үйінде Рақым деген кіші баласы бар екен.

**Соңғы сөзі (6-б.):** «Және басына су құйғызып отырып, бірден үш сезімді қатарынан қабылдау, неткен алғырлық» деп, қайран қалдым, – деді Рақым.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

## 43

Ш. 629 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.26  
30x21; 25,5x15

### Абаймен кездескендері жөнінде есте қалғандарынан...

**Аталуы.** Абаймен кездескендері жөнінде есте қалғандарынан.

**Жинаушысы.** Қылыш Хайроллаұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мырзатай Ордабаев – бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданының тұрғыны.

**Аннотациясы.** 1898 жылы Керей Күшік деген адам Есмағамбет дегеннің астындағы атын тартып алады. Өтеуіне найманнан ұрланған атты мінгізіп жібереді. Бір-екі жыл өткен соң найман иесі атын танып даулай бастайды. Дауды шешуге Абайға жүгінеді. Абай оқиғаны бастан-аяқ тыңдап алған соң, сол кездегі тобықтының болысы Қаратайға хат жазып, соңына «Ибраһим Құнанбаев» деп қол қойып береді. Осы қағазды жазғаннан кейін Абайға мал дауымен ешкім келмейтін болыпты.

**Басқы сөз (2-б.):** بۇل 1898 جىلى ەدى

**Соңғы сөз (3-б.):**

كەيننەن مەنەن مال داۋلاغاندارغا، وسى قاعاز نىرەگم بولدى.  
شككىمگە مال بەرمەي قۇتلىدىم

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба араб әріпінде қарындашпен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1947 жылы қорға тапсырылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.629/10.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2;Ж. 37  
16,3x21; 14x19**Ағамел – ақылды ақсақал****Аталуы.** Ағамел – ақылды ақсақал.**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада жазылды.**Аннотациясы.** Наурызбай дейтін кісінің Ақбілек атты қызы Жаңабай байдың келіні екен. Жазды күні келінді алып қайтуға он шақты кісі барады. Неше күн ойын-тойын өткізіп қайтады. Ағамел ақсақал бастаған құдаларды екі жүздей адам шығарып салады. Жолда әдемі киінген бір мырза құдалардың жолын кес-кестеп, өзін қабыл алмаған қызды қайын жұртының алдында масқараламақ болады. Мұны Ағамел ақсақал түсініп, екеуін татуластырып, келіннің абыройын сақтап қалған екен.**Басқы сөзі (16-б.):** Семей облысы, Жарма ауданы, Сыбан деген елде Наурызбай деген кісінің Ақбілек деген сұлу қызы Елқондыда Жаңабай дейтін байдың келіні екен.**Соңғы сөзі (17-б.):** Бұл – сирек кездесетін ақылдылық.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Папкасы.** ӘӨИ:К.866, 2-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

45

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.52  
20,5x29 ; 15x23,

### **Ағылшын капиталисттерінің айуандығы**

**Аталуы.** Ағылшын капиталисттерінің айуандығы.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Ыбырай Нұров деген жігіт жас болса да бір тілім нан үшін жұмыс істеуге мәжбүр болды. Спасс заводындағы қара пештің шлагын таситын тәшкеші етіп жұмысқа қойды. Күніне 12 сағат бойы тәшке тартам. Шлақты апарып төгетін жер қара пештен 30 метрдей. Жұмыстан дінкең құрып шығып, үйге әрең жететін едім. Ол кезде үй дейтін үй бар ма, жерден қазылған үйшік болатын. Ағылшындар жұмысшылардың еңбегін сүліктей сорды. 12 сағат титықтап еңбек еткенде ішсек асқа, кисек киімге жарамайтын едік. Ағылшын заводында бірнеше жыл істегенде ұшы-қиыры жоқ бересіден айырылғаным жоқ.

**Басқы сөзі** (97-б.): Ол кезде мен буыным бекіп, бұранам қатпаған жас едім.

**Соңғы сөзі** (98-б.): Арсыз ағылшындар осындай неше түрлі айуандық істер істеді....

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды, Екібастұз шахталарында 1936 жылы мамырда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** 1 бет толық жазылған, екінші бетте 24 жол мәтін.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

## 46

Ш. 920/112 (ӘӨИ)

Б. 1; П.1; Ж. 20  
19,3x30; 15x23

### **Айдаш ұрының бастан кешкендері**

**Аталуы.** Айдаш ұрының бастан кешкендері.

**Айтушысы.** Жаманқара Тынышбайұлы. 1915 жылы дүниеге келген. Ауылдық кеңестің төрағасы болған. Өзге деректер кездеспейді.

**Жинаушысы.** Қыдырәлі Саттаров (1936-2011) – фольклортанушы, зерттеуші, халық мұраларын жинаушы ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Қазақстанның оңтүстік өңірінен, Өзбекстан аумағындағы қазақтар арасынан халық мұраларын жинауды ұйымдастырған, оларды жүйелеп, бастырып таратқан, ел ішіне насихаттаған. Қ.Саттаров Оңтүстік Қазақстанның және Өзбекстанның Ташкент өңіріне бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, оларды басқарды. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерінің 200 жинақтан тұратын топтамасын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

**Экспедициясы.** 1997 жылғы Түркістан экспедициясы.

**Аннотациясы.** Арқада Айдаш деген ұры болыпты. Жұртты қан қақсатқан ұрыны бірде ұстап алады. Ауыл ақсақалдары кеңесіп, оны киіз үйге қамайды. Байлап жатып аты-жөнін, ауылын сұрайды. Сонда ұры: «Атым Айдаш, байласаң байлашы, үйге де керегім шамалы» депті жайбарақат.

**Басқы сөзі** (94-б.): Арқада атақты Айдаш деген ұры өмір сүріпті.

**Соңғы сөзі** (94-б.): Үйге де керегім шамалы депті қаперіне түк кірмей.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылып, түптелген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1997 жыл. Түркістан қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздары сарғайған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ. 920/112.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

47

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б. 1; П.1; Ж.8  
20,5x29; 15x23

**Ақ талон**

**Аталуы.** Ақ талон.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** «Берерменге бесеу көп» деген дейін ағылшын капиталистері шахтерлердің қиын қыстау, тар кезеңде жаны қиналып жүріп тапқан аз тиынын «тамағың» деп бір ұстаса, «жұмыс киімің», «шахта астында пайдаланған құрал-сайманың» үшін деп екі ұстайды. Қыйт етсе, штраф салады. Ол ақшаларды бай өз қалтасына салады. Көп жағдайларда подрядчиктер жұмысшыларға ақшанын орнына талон береді.

**Басқы сөзі** (91-б.): «Берерменге бесеу көп» дегендейін ағылшын капиталистері шахтерлердің қиын қыстау, тар кезеңде жаны қиналып жүріп тапқан аз тиынын «тамағың» деп бір ұстаса, «жұмыс киімін», «шахта астында пайдаланған құрал-сайманың» үшін деп екі ұстайды. Қыйт етсе, штраф салады.

**Соңғы сөзі** (91-б.): Оны біздер «ақ талон» дейтінбіз.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды, Екібастұз шахталарында 1936 жылы мамырда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін қарасөз түрінде орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.18  
29,7x21; 14,5x16,5**Ақ тоқым, қос таңбалы...****Аталуы.** Ақ тоқым, қос таңбалы...**Жинаушысы.** Қыдырәлі Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада жазылды.**Аннотациясы.** Ахмади деген жігіт жалғыз атын жоғалтыпты. Өзі ақын әрі балуан екен. Сөйтіп Бақбақтыда жиын өткізіп жатқан Қожахан болыстың ауылына келеді. Үйге баса көктеп кірген кедей жігітті болыс жақтырмай қалады. Шаруасын сұрап білген соң, ақынға жоғалған атыңның белгісін өлеңмен айт деп талап қояды. Сонда Ахмади атын сөзбен сипаттап, жылқы емес, адам болса, болыс болатындай-ақ ат екенін айтып тоқтайды. Ахмадидың өткір сөзі шамына тиген Қожахан болыс айналасындағыларға оның жоғын тауып беруді тапсырыпты.**Басқы сөзі (3-б.):** Әрі ақын, әрі балуан Ахмади деген жігіт жалғыз атын жоғалтып, Бақбақтыда жиын өткізіп жатқан Қожахан болыстың ауылына келеді.**Соңғы сөзі (4-б.):** – Аты жүйрік қайырады, тілі жүйрік айырады, – деген, мынаның тілі улы екен, жоғын тауып беріп қайтарындар, – депті.**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сары кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.97/1-бума.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.342.

## 49

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б. 1; П.1; Ж. 26  
20x16; 13x15

### **Ақан Иманбек қарттың әңгімесі**

**Аталуы.** Ақан Иманбек қарттың әңгімесі.

**Тапсырушысы.** Мұқаш Мәжікеев (1900-1985) – белгілі ауыз әдебиетін жинаушы. Ақмола облысы Далабай ауылында туып-өскен. Ол 1930-1970 жылдар аралығында баспасөз саласында қызмет атқарған. Белгілі ауыз әдебиетін жинаушы. Оның жинаған материалдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

**Айтушысы.** Иманбек Ақан туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Бұл әңгімеде Көкшетау өңіріндегі Ақан елінен жоғалған бір үйір жылқының дауы жайлы айтылады. Әңгіме өрби келе, іздеп барған жігіттерді беттетпей, мойындамауға айналған ұрылардың ұрлықтары ашылып, еріксіз мойындап, кешірім дастарқанын жайып, малдарын қайтарып жолдарына салынғаны баяндалады.

**Басқы сөз** (81-б.): Ертеректе Көкшетау өңіріндегі Ақан елінен бір үйір жылқы жоғалады.

**Соңғы сөзі** (84-б.): Құйрығына тіркеумен жетектетіп қайтарады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.828, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 50

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б. 2; П. 2; Ж. 19.  
15,5x20; 13x18,5

### Ақан сері жайында

**Аталуы.** Ақан сері жайында.

**Айтушысы.** Жәкіш Бейсенбаев – Қазақ ССР-нің мектептеріне еңбек сіңірген, Ленин орденді мұғалім. Жәкіш қарт жас шағында бұрынғы Көкшетау уезіне қарайтын Қарауыл елінде мұғалім болды. Сол кезде ол Ақан ағасымен танысады. Әлденеше рет мәслихаттас болды.

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада көрсетілді.

**Тапсырушысы.** М Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Жәкең Ақан сері жайында әңгімесінде мынандай бір естелік айтыпты. Көкшетау қаласында жыл сайын өткізілетін жазғы жәрмеңкеге Атбасар уезінен Қарауыл Смайлов Әлмүсіре болыс, оның інісі Мұқыш мырза келеді. Олар Ақан серімен таныспақ болып, оны арнап қонаққа шақырады. Қызу әңгімелерден кейін көпшіліктің сұрауы бойынша Ақан домбыраға

қосылып ән шырқайды. Сыйлы мейманға арналған қонақасы даяр болады. Ет туралып, жасы үлкендер бастап, басқалар қауғаңдап тамақ алып жатқанда, Ақан сері табаққа қолын салмайды. Бұл құпия сырды дастарқан айналасына отырғандардың көпшілігі сезбейді, ал сезгендері тіс жармайды. Сонымен, қонақтар қош айтысып, тарқайды.

Келесі күні Жәкең мен Ақан сері кездесіп қалады. Ақан қалтасынан бір қағазды алады да: «Мынау протокол, мырзаңа апарып бер», – дейді. Жәкең ол қағазды Шөбектің Жаналысына апарып береді. Ол қағазды оқып шығып: «Мұнда не жазылғанын мен айтпайын, сен естімей-ақ қой», – дейді. Жәкең істің жайын кейінірек білсе, Ақан өте таза кісі екен. Кешегі алдына қойылған қонақасыға қол салмауына себеп – табақ жиегі кір екен. Мырзаңа тапсыр деп Жәкеңе берген қағазы сол үшін жазылған «протоколы» екен. Мырзалар өз қателіктерін мойындап, құрметті ағасы Ақан серіден кешірім сұрайды.

**Басқы сөзі (69-б):** Ақан сері жайында әңгімесінде Жәкең мынандай бір естелік айтты.

**Соңғы сөзі (74-б.):** Мұндағы мақсаты – отырған орынға, тағам ішетін, намаз оқитын жерге сығынды су шашырамасын дегендік еді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

Ш. 411 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж. 20  
20x17; 18x15**Ақан сері туралы****Аталуы.** Ақан сері туралы.**Тапсырушысы.** Жұматай Мәдиев (1923-1967) – ақын, халық мұраларын жинаушы. Бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданында тұрған. 1958 жылы Көкшетауда өткен алғашқы ақындар айтысында екінші орын иеленді.**Жинаушысы.** Жұматай Мәдиев.**Айтушысы.** Шәкірат Мусин. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Аннотациясы.** Құлагері өліп қамкөңіл болып жүрген Ақан серіні ел болып жиналып, той жасап көңілін ауламақ болғанда, Қылышбай деген кісі Ақан серіні табаламақ болып сөз бастайды. Айтпақ ойын бірден түсінген Ақан сері Қылышбайды сөзден жеңіп, аузына құм құяды.**Басқы сөз** (13-б.): Ақан сері құлагері өліп, қайғының қамауында келе жатқан уақытында...**Соңғы сөзі** (14-б.): Қолдан келген өмірін осылай жасай берді деп айтады үлкен адамдар.**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1962 жылы, Көкшетау облысы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Ақауы.** Кей беттеріндегі сөздер түзетілген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.411, 4-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 52

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.1; П. 1; Ж. 22  
15,5x20; 14x17

### [Ақанның ат баптауы]

**Аталуы.** [Ақанның ат баптауы].

**Айтушысы.** Жылқыбай Амалдықұлы. Ол бұрынғы Көкшетау уезіндегі Көшей әулетінің ақсақалы болған. М.Мәжікеев ақсақалмен 1912 және 1917 жылдары кездесіп, бір топ халық әдебиеті үлгілерін жазып алған.

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілді.

**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Жылқыбай жігіт шағында Ақан серімен жолдас болған, Құлагерді бәйгеге апарған сапарларға да бірге барған екен. Сол кездерді еске түсіру әңгімесінде Ол Ақанның ат баптау жайындағы әдетін айтып береді. Ақанның Құлагер ғана емес, басқа да аттары болды. Ақан қашан, қайда жүрсе де аттарын ерекше күтеді, күндіз де, түнде де солардың жанында жүреді. Тіпті, қонған үйлерде жатпай, аттарын жаздығүні жазық далаға апарып, қыстығүні маяның іргесінде жатады екен.

**Басқы сөзі** (74-б.): Көкшетау уезіне қарайтын Көшей әулетіндегі қарт ата Амалдықұлы Жылқыбайға екі рет кездестім.

**Соңғы сөзі** (76-б.): Ақан асқан ғалым, адамгершілік дәстүрді берік сақтайтын жан еді, өсекшілер айтқандай болымсыз теңеуге лайық адам емес-ті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.828, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 53

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж.35.  
16,3x21; 14x19

### Ақбөкеннің қашуы

**Аталуы.** Ақбөкеннің қашуы.

**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде бір жігіттің аң аулап жүріп, киік отының күшін, соны жеген ақбөкеннің күшін байқағаны жайында айтылған. Әңгіме Қаратау аңшыларынан естігені бойынша жазылыпты.

**Басқы сөзі (10-б.):** Қаратауда бір жігіт аң аулап киік атып жүріп, тауды аралап келе жатса, бір алқапта қойдай бастарын айқастырып ақбөкеннің ұрғашылары қосақталып тізіліп тұр.

**Соңғы сөзі (11-б.):** Бұл әңгімені Қаратау аңшыларынан естідім.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы, Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ,866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 54

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж. 18  
20x16,8; 6x15,5

### Ахметханның айтқандары

**Аталуы.** Ақметханның айтқандары.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов – халық мұраларын жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылында туып-өскен. Ол 2002-2003 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына Оңтүстік Қазақстан, Семей, Жезқазған, Қостанай т.б. аймақтардың облыстық, аудандық газеттерінде жарияланған ауыз әдебиеті үлгілерінің көшірмелерін жинап (210 дана оқушы дәптері), тапсырған.

**Аннотациясы.** Бірде Ахметханға бір су жұқпас өтірікші жігіт жолығып, Сәбит пен Нұрқанның жазғандарын Ахметханға жабыстырып, мақтап, арағын ішіп, тамағын жеп кетеді. Ахметхан үндемейді. Жігіт кеткен соң, жігіттің жалған қылығын, жүріс-тұрысын сынға алады.

**Басқы сөзі (6-б):** Ақметханға бірде жылтыр жүзді жылмақай жігіт кездесе кетеді.

**Соңғы сөзі** (7-бет): Ондайды шінгірлеген шипак құйрық ешкі деп те, тұрағы жоқ әсіреқызыл қызтеке деп те атайды, – дейді тағы да.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1126, 201-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті (28.05.1988); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 55

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж. 31  
29x20; 26,5x17

### Ақыл жастан

**Аталуы.** Ақыл жастан.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Ысқақ Ермекбаев – Шығыс Қазақстан облысы, Таскескен ауылының тұрғыны. 1984 жылы 75 жаста болған.

**Аннотациясы.** Аты елге жайылған атақты ағайынды Торайғыр мен Шоңның араларына жік түсіп, бір-бірін көре алмай күндеп, өкпелері күнен-күнге ұлғайып, бет көрісе алмауға дейін барады. Татуластыруға келгендердің де сөздерін тыңдамайды. Ақыры бірге тура алмайтынын білген Шоң үйін жығып, жұртын тастап көшіп кетпекші

болғанда, сол жерде Торайғырдың қойын бағып жүрген Тазша баланың тақпақтата айтқан сөздеріне ойланып қалып, көшпей қалып қалған екен.

**Басқы сөз** (50-б.): Торайғыр мен Шоң – Арқадағы сүйіндік елінің азулы билері, айтулы шешені болған, XX ғасырда өмір кешкен ағайынды адамдар.

**Соңғы сөзі** (51-б.): «Дау сөзге тоқтайды» деген осы болса керек.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1984 жыл. Шығыс Қазақстан облысы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.914, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 56

Ш.866 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.122  
20x16,5; 15x8

### **Ақылым көп, ақшам жоқ**

**Аталуы.** Ақылым көп, ақшам жоқ.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Сабыр деген кедей жігіттің қалай ауқатты адамға айналғаны туралы айтылады. Сабыр қайда барса да, «ақылым көп, ақшам жоқ» деп айта беретін көрінеді. Бірде бір бай оны шақырып алады да, оған бес түйе мен сол бес түйеге артып, сауда жасап келуге қажетті

пұл береді. Сабыр келген соң, пұлды бір жарым есе етіп қайтаратын болып келіседі. Бес түйеге зат артып, керуенге қосылып, жүріп кетеді. Ұзақ жолда керуендер түнеп кететін көлге келгенде, Сабыр түйелерімен осында қалады. Бұрын байлардың керуенімен жолға шыққанда солардың көліктерін күзететіндіктен, сусарлардың көл жиегіне гауһар тастарды лақтырып, ай жарығына жарқырағанын қызықтап ойнағанын талай көрген екен. Осы гауһар тастарды жинап алудың амалын қарастырады, оған түйенің тезегін пайдаланады. Осылайша төрт түйеге гауһар тасты тезекті, бір түйеге жай тезекті артады да, керуеншілердің кері қайтқанын күтеді. Ал артынша күн суытқанда жай тезекті керуеншілерге сатады. Әңгімеде оның тезекті қандай келісіммен сатқаны, қалаға келгенде қазыға барып, оның пұлын қалай өндіріп алғаны туралы баяндалады. Сабырдың байдан алған қарызын қайтарып, құтылғаны, өзінің де үй-жай, дүкен сатып алып, ел қатарына қосылып, тілегіне жеткені айтылады.

**Басқы сөзі (52-б.):** Ертеректе Сабыр деген жігіт базарға барса да, жиын топта да «ақылым көп, ақшам жоқ» дейді екен.

**Соңғы сөзі (55-б.):** Соның ақыл-кеңесімен осындай дәрежеге жетті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 599 (ОҒК)

Б.2; П. 2; Ж. 28  
16,5x30; 16x22

**Ақын Әубәкірдің әйелі Камшаттың  
(Камалияның) естіп білгені**

**Аталуы.** Ақын Әубәкірдің әйелі Камшаттың (Камалияның) естіп білгені.

**Айтушысы.** Камалия – Абай Құнанбайұлының ұлы Ақылбайдан туған Әубәкірдің әйелі. Әубәкір Оспан мен Еркежанның үйінде ержеткен.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Камаш өзінің тұрмысқа шыққанында он жеті жаста екенін айтады. Ол кезде Абай Еркежан бәйбішені әйелдікке алып, Оспан деген інісінің үйіне кірген екен. Камаш сол кезде өзін бақытты санаған. Ол өзінің қазақтың басқа келіндеріндей қайнағадан қайырыла қашатын, енеден еңкейе қашатын, жасы үлендерден жасқанатын келін болмаған.

Бір күні Абай Камашты шақырып алып: «Қарағым, Камаш, ата-ананы сыйлау, үлкендерді қадірлеу, бетін жауып ұялып, жасқаншақ болудан басталмайды. Алдымен менің өз алдымда бетіңді аш, сәлем етпей-ақ осы үйдің ішінде өзіңіз оң жақта жүргендей қаймықпай жүре бер. Еркежан екеуімізді ата-ене деп қарамай, «әке, ана» деп қара. Менің тілегім осы», – деп өз алдында менің басымдағы желегімді алғызды. Сол күннен бастап мен оң жақтағыдай еркін жүретін болдым. Біздің ауылдың үлкенкішісі Абайды «әке» дейді екен. Сондықтан мен де «әке» дейтін болдым дейді Камаш.

**Басқы сөзі** (59-б.): Мен Абайдың кенже інісі Оспанның үйіне, Еркежан бәйбішенің қолына келін болып түстім.

**Соңғы сөзі** (60-б.): «Киімің ескі болса да, таза болсын, сыны кетпесін, күтіп ки» деп балаларға ақыл айтып отырады.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 58

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 27  
29,7x21; 22x16,5

### Ақын қыз бен арсыз шал

**Аталуы.** Ақын қыз бен арсыз шал.

**Жинаушысы.** Қ. Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Мінезі қыңыр Балғабай болыс алты қатын алған екен. Бірақ бала сүйе алмапты. Алпысты алқымдаған Топай бай ат сабылтып қалындық іздей бастайды. Жасынан әнші атанған Балкүмістің даңқын естіген бай оған көз салады. Қыз ауылының маңайына үй тіктіріп, дастархан жайып, Балкүмісті шақыртады. Құрбы қыздарымен бірге келген Балкүмісті Балғабай өзі қарсы алып, біреуге шығартып алған бір ауыз өлеңін айтып, көңілін білдіреді. Балкүміс оның жасының алпысқа келгенін, өзінің жас екенін, оның байлығының түкке

қажеті жоқ екенін өлеңмен айтып, үйден шығып, жүре беріпті.

**Басқы сөзі** (3-б.): Елінің сорпаға шығары атанған қыңыр мінезді Балғабай болыс алты қатын алып, бірақ солардың бірде-бірінен бала сүйемпті.

**Соңғы сөзі** (3-б.): Кемпірге алпыстағы некелесе, – деп тоқтайды да, үйден шыға жөнеледі.

**Қолтаңбасы.** Машинкамен басылған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сары кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ. Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 59

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 26  
29,7x21; 23x16,5

### Алданған молдалар

**Аталуы.** Алданған молдалар.

**Жинаушысы.** Нысанбек Төрекұлов (1921-2007) – әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы. Көп жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері болған. Ғылыми еңбектері шешендік, қанатты сөздерді зерттеуге арналған. Зерттеушінің «Жамбыл мен Кенен», «Жүз жасаған бәйтерек», «Жамбыл», «Алатау асқарынан жыр асырған», «Қазақтың 100 би-шешені», «Билер сөзі –

ақылдың көзі» атты еңбектері бар. Кезінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған бірнеше фольклорлық экспедицияларға шығып, ауыз әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға атсалысқан.

**Айтушысы.** Орынбай Сексенов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Экспедициясы.** 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы.

**Аннотациясы.** Баяғыда жаназаға бара жатқан екі молда сөз жарыстырып, бірі Бұхар молдаларын, бірі Уфа молдаларының білгіштігін мақтады. Екеуі сөзге келіспей, арты төбелеске айналады. Бұлардың үстінен Мұса деген жігіт шығып, олар бұған қазылыққа жүгінеді. Мұса екі молданы күннің ыстығында төбені айналдырып жүгіртіп, күннің астына отырғызып: «бұл күнқатпа» деген дау екен, ойлану керек» дейді де, атына мініп, молдалардың атын жетектеп, төбені айналып келгенше тапжылмай отыруларын айтып, жүріп кетеді. Екі молда ыстық күннің астында Мұсаны қанша күтсе де келмейді. Соңында алданғандарын бірақ біледі.

**Басқы сөзі (47-б.):** Жаназаға бара жатқан екі молда біріне-бірі білгіштігін көрсеткісі келіп, діни әңгімелерді кезектесіп айта беріпті.

**Соңғы сөзі (48-б.):** Жігіттің бұл қулығы елге тарап, содан ол «молданы алдаған Мұса» атанып кетіпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1964 жылы, Түркістан облысы, Шаян ауданы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Алайда ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер (Новеллалық әңгімелер) / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. – Астана: Фолиант. – 2013.– Б. 440.

## 60

Ш. 629 (ОҒК)

Б. 1; П.1; Ж. 26  
20,5x16; 20x9

### Алла кім?

**Аталуы.** Алла кім?

**Айтушысы.** Оразғали Мұхаметжанов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Садық Қасиманов. Ол туралы мәлімет 10-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Абайдың Семейдегі медреседе оқып жүрген кезі екен. Жазда ауылға келгенде, Құнанбай Семейдегі бір имамды шақырып әкеп, қонақ етіп, қатты құрмет көрсетсе керек. Имам үшін ауыл ішінен бөлек ақ үй тіккізіп, ол үйге жан баласы дәретсіз кірмесін деп жарлық айтыпты. Бірде Абай таңертең әкесі мен молда отырған үйге рұқсатсыз кіріп келеді. Құнанбай мұнысын жаратпайды. Абай имамға қояр сұрағы барын айтыпты. Сұрағын естіген имам сөзден тосылып қалғанда, Құнанбай ашуланып, Абайды қуып шығыпты. Кейіннен имам Абайдың өткір тілді, зерек екенін айтыпты.

**Басқы сөзі** (17-б.): Abai artyq minez, ótirik dindi bala jasyнан-ақ mazaqtaýshy edi.

**Соңғы сөзі** (17-б.): Qunanbai, myna balañ janyp turǵan ot eken, kelgen jeriniñ qıynyn-aı! – degen eken.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба оқушы дәптеріне латын әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.629, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 61

Ш. 950 (ОҒК)

Б.6; П.5; Ж.19  
29x22; 25,5x18,5

### Алты жасар Айдархан

**Аталуы.** Алты жасар Айдархан.

**Айтушысы.** Қажымұқан Мұнайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Әуелбек Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** 1925-1938 жылдары Қажымұқан қыс Тәшкен циркіне барып күресіп жүріпті. Жаз Шәуілдір ауданы Шілікте жүріп, 1937 жылы Қызыл жырау атанған Мырзабек Байжанұлымен кездейсоқ ұшырасып қалады. Қызыл жырау «Өзіңе тартқан балаң бар ма?» деген сөзінен соң, өзі де ұрпақ мәселесін ойлап жүрген балуан жесір отырған келіні Мінәйға әмеңгерлік жолмен үйленеді, 1940 жылы Айдархан дейтін ұл туады. Айдархан Мінәйдің 39

жасында туған төртінші баласы. Бойына Айдархан біткенде Мінәй бұқа етіне жерік болыпты. Алты жасқа шыққанда тұлғасы 12-13 жасар баладай, басы 16-17 жасар баланың басындай, кеудесі жуан, қабырғасының арасынан бас бармақ өтетіндей талпақ. Әкесі оған бес жасында қолдірменнің бір жағын көтертіп үйреткен, орасан күшті боп өседі.

Қажымұқан баласын қасынан бір елі тастамай, 1945 жылы Абайдың 100 жылдық тойына Алматыға, одан Семейге, Абай ауылындағы тойға да бірге алып барған. Аудан араласа да Айдарханды арбаға салып алады. 1945 жылы Айдархан он екі жасар баламен күресіп, жығып кетеді, баласының қуанышына Қажымұқан сол жылдың күзінде Шілікте той жасаған.

**Басқы сөзі (81-б.):**

قاجمۇقان تاشكەن تىسىركىنە بارىپ كۆرسىپ ءجۇرىپ، وگتۇستىك قازاقىستان وبلسىنىڭ ءشاۋىلدىر اۋدانىنا كوبرەك اينالسىپ قالدى

**Соңғы сөзі (86-б.):**

اتاسىنىڭ ۇشقارى سويلەگەن سوزدەرىن اڭعارىپ، كەلگەن-كەتكەن ادامداردىڭ ءبارىن دە تىڭداپ، سۇراستىرىپ وتىرادى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қолтаңбасы.** Ә. Қоңыратбаев.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Әуелбек Қоңыратбаев 1946 жылы Қажымұқан Мұңайтпасовтың айтуынан араб әрпімен хатқа түсірген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** «Оңтүстік Қазақстан» газеті (қараша, 1945 жыл); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Жауапты ред. Т.Әлбеков Құраст.: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Н.Елесбай. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 62

Ш. 1125/169 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.16  
20x18; 17x15

### Алтын көрсе...

**Аталуы.** Алтын көрсе...

**Жинаушысы.** Ж. Атауов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Е. Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы:** Бір ақсақал қатты сырқаттанып, туған-туыстары имансуын бермек болады. Сол уақытта үй іргесінен өтіп бара жатқан әдемі қызды көрген жұрт: «Шіркін-ай, мына қыздың әдемісін-ай! – деп тамсанады. Әл үстінде жатқан қарт құлағы елең ете түсіп, жалма-жан басын көтеріп: – Қайсы? Аа, шіркін-ай, десеңші! – деген екен.

**Басқы сөзі (4-б.):** Бір ақсақал қатты сырқаттанып жатса керек.

**Соңғы сөзі (5-б.):** – Тамсанып отырған қыздарың қайсы? – деп мойын бұрып, – па, шіркін-ай, десеңші! – деп сұлу қызға көзінің қиығымен қиыла қараған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен оқушы дәптеріне кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1125/169.

**Библиографиясы.** «Жетісу» газеті (13.03.1990);  
Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер.  
Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т.,  
Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант,  
2013. – Б. 440.

### 63

Ш. 1041 (ӘӨИ)

Б. 14; П.13; Ж. 17  
15x19,5; 12x18

### Алтын көрсе...

**Аталуы.** Алтын көрсе...

**Жинаушысы.** Құрман Қожахметов – Халық мұрасын жинаушы. Кенестік кезеңде Алматы облысы, Ұйғыр аудандық партия комитетінің хатшысы болған.

**Тапсырушысы.** Тоқтар Әлбеков – әдебиет тарихын зерттеуші, фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі. Ол елдің сирек қорларында сақталған, сондай-ақ өзі жеке жинаған жәдігерлерді жарыққа шығару жұмыстарымен де жан-жақты шұғылданып келеді.

**Аннотациясы.** Бір бай мен бір кедей көрші тұрыпты. Байдың бәйбіше, тоқалы, құлы мен күні де бар, бірақ балалары жоқ екен. Бай байлығын ойлап күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей жүрсе, көршісі балаларымен ойнап, барын ішіп, маз-мейрам болып отырады. Содан бай кедейден неге маз болатынын сұрағанда, кедей үйінде үш алтыны мен төрт күмісін бір-біріне лақтырып ойнайтынын айтыпты. Бай үйіне келіп, бәйбішесі, тоқалы үшеуі алтын-күмісін бір-біріне лақтырады. Еш күлкі жоқ, қайта алтынды біреу-міреу көріп қоймады ма деп зәресі ұшады. Байдың бәйбішесі кедейдің алтын-күміс дегені балалары

екенін түсінеді де, бір күні кедейді шақырып, бір алмадай алтынын, күмісін береді. Кедей алтын мен күмісті алғаннан үйінен береке қашады. «Алтынды ұры-қары кеп алып кете ме» деп қорқып жүреді. Үйіндегі күлкі де тыйылады. Соңында алтын мен күмісті бәйбішеге қайтарып, үйіне күлкі қайта оралған екен.

**Басқы сөзі (19-б.):** Осы қазақ жаратылысынан керемет-ақ.

**Соңғы сөзі (25-б.):** Сол күннен бастап кедей үйіне күлкі қайта оралады.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Алматы облысы, Ұйғыр ауданы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1041 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 64

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 1; П.1; Ж. 25  
16x20,5; 14x20

### **Анасы несі, мынасы несі?**

**Аталуы.** Анасы несі, мынасы несі?

**Айтушысы.** Әбдірахман.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Тобықтыда Қойлыбай деген бай ұрыларына төңіректен мал алдырады екен. Абай сол үйге келсе, Қойлыбай Құран оқып отырады.

Сонда Абай: «Анасы несі, мынасы несі?» депті. Сонда Қойлыбай: «Анауым – менікі, мынауым – ананікі» деген. «Анауым» мынанікі дегенім – ұрлығым, бұл дүниенің қамы. Ал мынауым ананікі дегенім – о дүниенің қамы деген екен.

**Басқы сөзі** (203-б.): Тобықтыда Қойлыбай деген бай қолына ұры жігіттер ұстап, төңіректен мал алдырады екен.

**Соңғы сөзі** (203-б.): Ал мынауым ананікі дегенім – о дүниенің қамы, – деп жауап берген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Әңгіме мәтіні қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл, Павлодар қаласы.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Н.Елесбай. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 65

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10  
20x15; 16x9

### Аңқау мен қулықшы

**Аталуы.** Аңқау мен қулықшы.

**Жинаушысы.** Кәрім Рахманов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Кәрім Рахманов.

**Аннотациясы.** Бір кедейдің үлкен ұлы жылпос қу болса, кіші ұлы аңқау екен. Қара өгізі мен буаз қызыл сиыры болыпты. Бір күні үйінде ішетін асы да бітіпті. Шыдамы аз аңқау «қызыл сиыр да бұзауламады-ау» дегенде қу ағасы аштығын білдіртпей ата-анасының көңілін ауламақ болады. Көріп келмек болып қораға шығып кеткен ағасы үйге асыға кіріп, қара өгіздің бұзаулағанын айтады. Аңқау қораға жүгіріп барып қайтып келеді, сонда ата-анасы күліп жібереді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бір кедейдің үйемелі-сүйемелі екі баласы бар екен.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Ата-анасы екі баласының күлдіргі істеріне, аштықтарын ұмытып, қарқылдап күлісіпті.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1955 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.123, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

66

Ш. 334 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10  
20x15; 16x9

**Аңқауды алдаған айлакер**

**Аталуы.** Аңқауды алдаған айлакер.

**Жинаушысы.** Қ. Тұңғышбаев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қ. Тұңғышбаев.

**Аннотациясы.** Аңқау мен айлакер адам бірге қызмет істейтін жолдас болады. Бір жылы екеуі соғымға бір семіз сиыр сатып алып, көшемен жетелеп келе жатады. Аңқау малдың арық-семізін айыра білмейді екен. Соғымдық малды қыс түсіп қалған соң амалсыз алғанын айтады айлакер. Өзіне көже-қатық боларлық семіз ет керегін айтып, аңқау үйіне бұрылып кетеді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Көп жылдан бері бірге қызмет істеп келе жатқан екі жолдас болады.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Бұйырса, бұл сиырдан екі жарым бұт май түседі, – деп айлакер ішінен жымың-жымың етіп қала береді.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1960 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.334, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

67

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 26  
29x21; 23x16,5

**Аңқаулар мен қулар**

**Аталуы.** Аңқаулар мен қулар.

**Жинаушысы.** Н. Төрөқұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілді.

**Айтушысы.** Орынбай Сексенов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Баяғыда бір аңқау есегіне мініп сапарлап келе жатса, бір тауға кез болады. Аңқау есегін аяп, жетелеп алыпты. Мұны көрген екі қу баспалап келіп, есектің жүгенін сыпырып алып, бірі есекті алып кетсе, бірі жүгенді басына киіп ап, аңқаудың артынан ере беріпті. Бір жерге келгенде тартыншақтапты. Аңқау артына қараса, есектің орнында адам тұрғанын көріп, мән-жайды сұрайды. Қу болса, өзінің тегінде адам екенін, қарғыс ап, есекке айналғанын және жаңа ғана қайта адам қалпына келгенін айтыпты. Аңқау бұған сеніп, әлгі қуды босатып жіберіпті.

**Басқы сөзі (42-б.):** Баяғыда бір аңқау есегіне мініп сапарға шығады.

**Соңғы сөзі (43-б.):** Аңқау бұған сеніп: – Ал, ендеше, үйіңе бара ғой, – деп босатып жіберіпті.

**Қолтаңбасы.** Машинкамен басылған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен теріліп, беттелген.

**Қашан, қайда жазылған.** Қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Қорға 1964 жылы қабылданған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Алайда ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. – Астана: Фолиант. – 2013.– Б. 440.

68

Ш. 1062 (ӘӨИ)

Б. 1; П.1; Ж. 25  
22x28,5; 18x25

### Аңламас құсбегі

**Аталуы.** Аңламас құсбегі.

**Жинаушысы.** А. Жақанова. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Қыдырқожа Майлықожаев – 1920 жылы Қызылорда облысы, Теренөзек ауданының «Шіркейлі» ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Қызылту мектебін бітірген. 1941 жылы ел азаматтарымен қатар майданға аттанып, 1946 жылы аман-есен еліне оралған.

**Аннотациясы.** Аңламас құсбегі Сыр бойы мен Қыр өңіріне аңшылығымен, балықшылығымен атағы жайылады. Бірде Қыр елінің атақты байы Аңламасты сынамақ болып, Сыр бойына келеді. Бай Аңламасқа бір шабақты аулатып, ол шабаққа алтын жүзігін кигізіп, көлге жібереді де, келесі жылы келгенде осы балықты ұстап беруін тапсырады. Бір жылдан соң келген бай Аңламасқа сол балықты тауып беруін талап етеді. Аңламас құралдарымен салға мініп, көлге кетеді де, бір уақытта ұзындығы бір метрге жуық балықты ұстап әкеледі. Бай былтырғы кішкене шабақтың осыншалықты өскеніне сенбей, ішін жарғанда баяғы алтын жүзігі шығады. Бай Аңламасқа ырза болып, сый-сияпатын береді.

**Басқы сөзі (22-б.):** Аңламас – құсбегі, аңшылық, балықшылығымен атағы Сыр бойы мен Қыр өңіріне кең тараған.

**Соңғы сөзі (22-б.):** Сол биік қорғандардан қазір аласа ғана төбелер қалған.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жыл. Қызылорда облысы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталып, қызыл сары жіппен тігілген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1062, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013.– Б.440.

## 69

Ш. 935 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж. 23  
19,7x27; 13x20

### **Аңшы Жақсыбаев Бөстекбай туралы**

**Аталуы.** Аңшы Жақсыбаев Бөстекбай туралы.

**Айтушысы.** Кенжебек Аңдағұлов – ел адамы. Ол 1918 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында дүниеге келген. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** С. Малғабылова, Б. Дүйсебаева, Р. Мұқанова – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттері (1991 жыл).

**Тапсырушысы.** Берік Рахымов (1958 жылы туған) – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Айшырақ ауылында дүниеге келген. Қазақ фольклорындағы тарихи эпостарға қатысты көптеген еңбектердің авторы. 1991-2002 жылдар

аралығында Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің фольклорлық практикасына жетекшілік жасап, ел арасынан көптеген фольклорлық шығармалар жинаған.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Бөстекбай аңшының қасқыр, түлкі, қарсақ, киік, қарақұйрық аулағанда қолданатын айдалары жайлы баяндалған. Бір айласында қақпанды құрмас бұрын отқа жағып қызартып, қайта суытады екен. Сонда темірдің иісі шықпайды екен. Суыған қақпанды жерге көміп, белгі салып қоятын болыпты. Неше түрлі амалдармен бір қыста 70-90 аң алатын болыпты.

**Басқы сөзі** (34-б.): Бұл жақта жолбарыс, арыстан, аю болмаған.

**Соңғы сөзі** (35-б.): Сөйтіп Бөкең адал аңдарды өстіп аулап, ауылын қамтамасыз еткен екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін жол паракқа көк қаламмен кирилл әрпінде жазылған. Дәптер болып тігілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1991 жыл. Қарағанды облысы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 935.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 70

Ш. 920/136 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 32  
19,3x30; 18x23

### Аңшы шал

**Аталуы.** Аңшы шал.

**Жинаушысы.** Гауһар Құрбаналиева – Шымкент қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің студенті болған. Әңгімені 2002 жылғы фольклорлық және диалектологиялық практика кезінде жазып алған. Жетекшісі – Қ. Саттаров.

**Айтушысы.** Төлегенова Ұлтуар Төлегенқызы – Төле би ауданы, Леңгір қаласының тұрғыны. Шығарманы әкесі Ағыбаев Төлегеннен естіген.

**Тапсырушысы.** Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Бір аңшы арыз айтып келгенінде болыс оны есігінен де қаратпапты. Арада бірнеше күн өткен соң болыс ауылының жылқысына қасқыр тиіпті. Ауыл адамдары қанша ізіне түскенімен, қасқырлар сытылып кете беріпті. Сонда қуғыншыларға аңшы кез болыпты. Оның жүйрік тазысы бар екен. Тазысы жылқыға шапқан үш қасқырдың бәрін де жайратып тастапты. Болыс итті қолына түсірмек болып, аңшыға келіп сәлем бергенінде, аңшы шал басын да көтерместен тазысына «болыстың сәлемін ал. Бұл маған емес, саған берілген сәлем» деген екен.

**Басқы сөзі** (115-б.): Бір аңшы арыз айтып болысқа келсе.

**Соңғы сөзі** (115-б.): Бұл маған емес, саған берілген сәлем депті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк қаламсаппен кирилл әрпінде жазылып, түптелген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 2002 жыл 18 шілде, Төле би ауданы, Леңгір қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘОИ: Қ. 920/136.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 71

Ш.910/2 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.11  
29x20; 15,5x7

### Арақты бітіру үшін іштім

**Аталуы.** Арақты бітіру үшін іштім.

**Жинаушысы.** Мәтжан Тілеужанов (1927-1955) – ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Батыс Қазақстан аумағынан ауыз әдебиеті нұсқаларын ұзақ жыл бойы жинап, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған. Сондай-ақ республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинаған. Ол қазақ халқының мәдени мұрасын әлемге әйгілеу мақсатында өз бастамасымен Марокко, Сауд Арабиясы, Египет және тағы басқа Таяу шығыс елдері мен көршілес елдерге сапар шеккен.

**Тапсырушысы.** М. Тілеужанов.

**Аннотациясы.** Қойшыбай күйеу балаларымен, немере інісімен, өз ұлымен қосылып арақ ішіп отырғанда, үстерінен Сақи келіп қалады. Сақи оны оңаша шақырып, сексенге таянғанда балаларымен, күйеулерімен қосылып арақ ішіп отырғанына кейіп, ұрсып алады. Сонда Қойшыбай дүкенде бары төрт шиша арақ екенін, оны ішсе, жастардың мас болатынын айтып, соны бітіру үшін ішкенін айтып, ақталыпты.

**Басқы сөзі** (74-б.): Бір күні Сақи Қойшыбайдың үйіне кіріп келсе...

**Соңғы сөзі** (74-б.): Дүкенде арақ жоқ, мына барлығы төрт шыны арақ, соны бітіру үшін іштім, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жылы қорға тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

72

Ш. 1122/48 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.25  
20x17; 19,5x16

### **Арбабайдың аңқаулығы**

**Аталуы.** Арбабайдың аңқаулығы.

**Жинаушысы.** Еркін Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы:** Ауыл жігіті Арбабай Ақмола-Қараталы темір жолы салына бастағанда өзі сұранып құрылыс жұмысына кіреді. Қарулы жігіт қара жұмысты тыңғылықты істейді. Жол құрылысының басшылары оны үнемі мақтап жүреді. Жол салынып біткен соң адал да қарулы жігітті басшылар жол қараушы қызметіне алады. Ауыл жігіті келісімін береді. Содан оны бір апта бойы жол қараушысының міндетін атқаруға үйретеді. Жол қараушысының шартты белгілері болып есептелетін үш түсті жалаушаларды қандай жағдайда, қалай пайдалану керектігін айтады.

Бір күні Арбабайға жол бойында мал бағып жүрген малшы кездесіп, ол мұның жұмысы жайлы, поезд туралы

сұрайды. Арбабай «қызыл жалауша көтерсе, поезді тоқтата алатынын» айтып мақтанады. Сол уақытта зулап келе жатқан поезд көрінеді. Сөзін дәлелдемек болған жігіт қызыл жалаушаны қоржынынан жұлып алып, жолдың ортасында тұра қалады. Алқынып келіп, Арбабайға тақай келіп тоқтаған паровоздан қарт машинист Максимов не болғанын сұраса, Арбабай: «Жол аман. Сенің берілген белгіге қалай тоқтайтыныңды сынайын деп едім» дейді. Уақытынан ұтылып келе жатқан машинист мына орынсыз сынаққа ашуланып, Арбабайды жағынан бір тартады да, жүріп кетеді.

Тағы бірде Арбабайға ауылдардың малшылары кездесіп, оны мақтай келіп, поезды тоқтата алатынын көрсетуді сұрайды. Мақтаншақ жігіт оларға да көне кетеді. Келе жатқан поезға тағы да жалаушасын көтереді. Бұл жолғы паровоз жүргізуші тағы да Максимов болып шығады. Арбабайдың бұл жолғы қалжыңына ашуланған ол Арбабайды ұрып жығады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ақмола-Қаратал темір жолы салына бастағанда ауыл жігіті Арбабай өзі сұранып құрылыс жұмысына кіреді.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Мына Максимов жынданған шығар, енді тепкілейтінді шығарыпты ғой, – деп машинистке наразылығын білдіріпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен оқушы дәптеріне кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1978 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122/48.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10  
30x20,5; 9x16,5**Атын атап алды****Аталуы.** Атын атап алды.**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілді.**Аннотациясы.** Бір ақкөңіл әйел тігіншіге көйлек тіктіріпті. Сөйтсе ол тігінші бір көйлектің орнына екі көйлектің матасын алыпты. Алданғанын білген әйел: «Қайтейін, атын атап-атап алды ғой» деп күйеуіне ақталыпты.**Басқы сөзі** (285-б.): Ертеде бір ақ көңіл әйел тігіншіге көйлек тіктіруге келіпті.**Соңғы сөзі** (285-б.): – Қайтейін, атын атап-атап алды ғой! – депті.**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкаға басылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Қағазы сарғайған.**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.**Папкасы.** ӘӨИ:Қ. 97/1.**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

74

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.32  
25x23; 22x17

### Аузың төмен қалды...

**Аталуы.** Аузың төмен қалды...

**Жинаушысы.** Н. Төрехұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілді.

**Айтушы.** Орынбай Сексенов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Экспедициясы.** 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы.

**Аннотациясы:** Әңгімеге арқау болған қарт әже ішімдікті ішетін адамды жек көріпті. Арақты көрсе, қария алдымен ала көзімен бір-екі қарап алып, айтарын ақтарып айтып, содан кейін бөлмеден шығып кетеді екен. Ол кісі «ішкеннің бәрі бірдей мас болады» деп ойлайтын болуы керек. Бірде қонақтар келген де, арақты көрсе де әжеміз орнынан қозғала қоймады. Қонақтың бірі әдепсіздік жасап, арақты бірден қағып салды да, алдына қойған балықты мұрнына тақайды. Қария әлгі жігіт мас болып қалды деп ойлап: – Балам, аузың төмен қалды, төмен, – депті.

**Басқы сөзі (54-б.):** Әжем ішімдікті ішетін адамды барынша жек көреді.

**Соңғы сөзі (54-б.):** – Балам, аузың төмен қалды, төмен, – деді жайлап қана.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға терілген, түптелмеген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қолжазба 1964 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 75

Ш.936 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.11  
20x28; 17x8,5

### Әкесі мен қызы

**Аталуы.** Әкесі мен қызы.

**Айтушысы.** Тұрсын Жексенбаева – ел адамы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, бұрынғы Бесоба совхозында 1931 жылы дүниеге келген.

**Жинаушысы.** Т. Жексенбаева.

**Тапсырушысы.** Б. Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әкесі ұзатылып бара жатқан қызына күніне бір жіптен бойына іле беруі керектігін айтады. Қызы күнде таңертең бір сабақ жіпті етегіне іле беріпті. Бір жылдан соң әкесі келсе, қызының етегі толған жіп көрінеді. Әкесі қызын шақырып алып, мұның не екенін сұрайды. Сонда қызы әкесінің сөзін еске салады. Әкесі қызының адам болмайтынын айтып, қайтып алып кеткен екен.

**Басқы сөзі (27-б.):** Бір адам қызын ұзатып тұрып:

**Соңғы сөзі (27-б.):** Әкесі қызын «адам болмайсың» деп үйіне алып кетіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін қағазға көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған:** Мәтінді Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультеті студенттері фольклорлық практика кезінде жазып алған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 76

Ш. 935 (ӘӨИ)

Б.4; П.3; Ж.29  
27x20; 17x23

## Әңгіме

**Аталуы.** Әңгіме

**Жинаушысы.** С. Малғабылова, Б. Дүйсебаева, Р. Мұқанова – 1990 жылғы Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультеті студенттері.

**Тапсырушы.** Б. Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Майлыбай Ендіғұлов – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Қаракенір совхозының тұрғыны.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Сағындық деген кісі туралы айтылады. Сағындық жасы жетпіске таянған уақытта Көкшетау жаққа ұзатылған қарындасы Назымды іздеп жолға шығады. Жолға шыққан жолаушы өткен-кеткенді аңдыған жеті жігітке тап болады. Астындағы атын тартып алмақшы болған тонаушыларды Сағындық өзінің ақыл-айласымен, қара күшімен жеңеді. Жеті жігіт енді елді тонауды доғаратындарын айтып, уәде береді. Кейіннен

тонаушы жігіттер өзінің құда балалары екенін біледі. Құдалар айып-пұл төлеп, ат мінгізіп, шапан жауып, Сағындықты үйіне дейін өздері апарып салады.

**Басқы сөзі** (4-б.): Найман, оның ішінде Қожас, оның ішінде Жайыл атаның Сағындық деген өз шаруасына толық бір кісі өтіпті.

**Соңғы сөзі** (7-б.): Қонақ болып, алдына айғыр, жылқы салып, өзінің бір адамына апарғызып салыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен, кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылғы Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезіндегі жинақтаған материалдары.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.935.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

77

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.5

30x20,5; 4,5x16,5

### Әп-әдемі келіншек

**Аталуы.** Әп-әдемі келіншек.

**Жинаушысы.** Қ. Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Бір келіншекті күйеуі менсіне бермейді екен. Негізінде сымбатты әйел болса керек. Қайынсіңлісі жеңгесін жақсы көреді екен. Сүйікті

қайынсіңілісінен мақтау естіген жеңгесі өзін ағасының көзінше мақтауын өтініпті.

**Басқы сөзі** (286-б.): Бір келіншекті күйеуі менсінбейді екен.

**Соңғы сөзі** (286-б.): – Осыны сен енді ағаңның алдында айтшы! – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ. 97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 78

Ш. 920 (ӘӨИ)

Б.1;П.2; Ж. 24  
29x19; 22x14

## Әрине, әрине

**Аталуы.** Әрине, әрине.

**Тапсырушысы.** Қ. Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада кездеседі.

**Жинаушысы.** Қ. Саттаров.

**Айтушысы.** Жаманқара Тынышбайұлы – ел адамы. Ол 1915 жылы туған. Руы – қоңырат. Өз кезеңінде ауыл кеңесінің төрағасы болған.

**Аннотациясы.** Ауылға мал ұрлауға келіп, ұсталып қалған ұрының қойған сұрақтарының бәріне «әрине, әрине» деп жауап беріп сытылып кетіп, мал иелерін сан соқтырып кеткен оқиғасы баяндалады.

**Басқы сөз** (95-б.): Тағы бірде Айдаш көрші ауылға мал ұрлауға келеді.

**Соңғы сөзі** (95-б.): Ауыл адамдары санын бір-ақ соғыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сырты қызыл түсті қатты қағазбен тысталған үлкен дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 920, 112-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 79

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 20  
15,5x20; 10x15

### Әріптің Абайға жауабы

**Аталуы.** Әріптің Абайға жауабы.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Ақтайлақ бидің немересі Әріп ақын Семейде оқып жүреді. Абайдың Семейге келгенін естіп, амандасуға келеді. Сонда Абай сол жерде тұрып үйдегі мен сырттағыны бір ауыз өлең қып айтуын сұрайды. Сонда Әріп іркілмейді. Абай «жарайсың!» деп, қасына

отырғызады. Енді кездескенде Абай оған тағы да өлең айтқызады.

Келесі бірде Абайды жолдастарымен Ертіс бойында кездестіріп сәлем берсе, Абай сәлемін алмай: «албасты қандай болады?» деп сұрайды. Әріп: «Албасты тап сіздей болады», – деп жауап береді де өз жөніне жүре береді. Жолдастары аң-таң болып қалады. Олар үйге келген соң, сізге ауыр сөз айтқаны несі деп сұрайды. Сонда Абай: «Ол бала – Ақтайлақ бидің немересі. Ол мені сөккен жоқ. Сөзіме жауап берді», – деп жауап береді.

**Басқы сөзі (13-б.):** Сыбан Ақтайлақ бидің немересі Әріп ақын бала кезінде Семейде оқып жүріп, Абай Семейге келісімен Әріп барып сәлем беріп, амандасып тұрады екен.

**Соңғы сөзі (15-б.):** Ол баламен ойнамаңдар, ол маған өзін сынатып жүр, мен сынап жүрмін, – депті Абай.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 80

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 34  
20x30; 18x28

## Әубәкір

**Аталуы.** Әубәкір.

**Айтушысы.** Мұхаметқали Баймұханұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Боздақтың Әубәкірі деген ақсақал ел аузындағы ертегі, қисса, аңыздарды жақсы білген екен. Өз жанынан да бірер ауыз қағытпа сөздер шығаруға шебер, қу тілді болған көрінеді. Бірде Әубәкір ауылдасы Бәкір деген адаммен жолсерік болып келе жатады. Екеуі биік бір таудың жанынан өтеді. Сол таудың атын ұмытып қалған Бәкір Әубәкірден сұрапты. Сонда Әубәкір оның ұмытшақтығын бетіне басып, қағыта жауап берген екен.

**Басқы сөзі** (62-б.): Ақтоғай өңірінде Боздақтың Әубәкірі деген ақсақал жүзге қараған шағында қайтыс болған.

**Соңғы сөзі** (62-б.): Бұл таудың аты – Серек, осы уақытқа дейін білмей жүрген Бәкір қалай зерек, – деген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Сары қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Бетгелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазып алынған.

**Ақауы.** Қағаздары ескіріп, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: ӘлбековТ., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 81

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 34  
15,5x20; 14,5x17

### Әубәкірді мен көрдім

**Аталуы.** Әубәкірді мен көрдім.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков.

**Аннотациясы.** 1918 жылдары он тоғыз жастағы қазақ жігіттерін әскерге алады. Сол қазақ полкі тәртіпсіз болып, «бай-жуан тапқа қарсы!» деген дақпыртпен Құнанбай ауылына шабуыл жасап, елін тонапты. 1921 жылы Қарабұжыр болысында съезд болып, соған қатысқан екі жігіт сол тонаушылардың ішінде болған екен. Әбубәкір соның біреуінен он бес бесті даулап барады. Жігіт ештеңе алмағанын айтады. Сот талапкер мен айыпкерді жеке сөйлестіреді. Сонда Әбубәкір он бес бесті даулап, бір бестіге келісіп келгеніне елдің адамдарының көңілі толмайды. Екінші жігіттен бес бесті даулайды. Одан да ештеңе ала алмай қалады. Осы жерде төрт жастағы Әбубәкірге берген Абайдың сыны расқа шыққаны дәлелденеді.

**Басқы сөзі** (11-б.): Мың тоғыз жүз он сегізінші жылы қазақтан он тоғыз жастағыларды армияға алған.

**Соңғы сөзі** (11-б.): Бұл ұстамсыз, айнымалы екендігін көрсетсе, ел жігіті Дұғалидың ант беріп, туысын арашалағанына сынған өлеңі – айтқыштығын дәлелдегені.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 28  
29x21; 23x16,5**Бай болып көргенім жоқ****Аталуы.** Бай болып көргенім жоқ.**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілді.**Аннотациясы.** Көкшетау жеріне аты шыққан Бөкейдің бес көкжалының бірі Ескей деген кісі Есіл бойына ұзатқан Бибі деген қызының үйіне келеді. Алыстан келген әкесіне қызының үйі мол қылып ет асады және сол ауылда сіңірі шыққан кедей, бірақ, сөзге шешен Дүйсенбі деген жігітті байдың көңілін көтеру үшін шақыртады. Дүйсенбі Ескейді сөзден жеңе беріпті. Тіпті, соңында Дүйсенбінің кедейлігін бетіне басып жеңбек болғанда да, Дүйсенбі орынды уәж айтып сөзден тоқтатады.**Басқы сөзі** (94-б.): Көкшетау уезіне аты шыққан Бөкейдің бес көкжалының бірі – Ескей бай Есіл бойына ұзатқан Бибі деген қызының үйіне келеді.**Соңғы сөзі** (95-б.): Дүйсенбінің үдей түсуінен шошынған Ескей бай, мұның сөзін бөліп: – Енді мені еріксіз жеңдің, – депті.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолжазба кирилл әрпінде жазылған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Алайда ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1126.

**Библиографиясы.** «Ұлан» газеті. – 11.09.1992;  
Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /  
Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т.,  
Салтақова Ж. – Астана: Фолиант. – 2013. – Б. 440.

### 83

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.3; П.2; Ж.29  
30x21,5; 26x18

#### **Байдәулет болысындағы көтеріліс**

**Аталуы.** Байдәулет болысындағы көтеріліс.

**Жинаушысы.** Сейпен Шамұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде он алтыншы жылы «Қазынаға ат алу» науқаны кезінде Байдәулет болысынан 200 шамалы ат жиналып, қалаға жүрейін деп жатқанда «Июнь жарлығы» жарияланады. Қияқтың Нұрланы әр болысқа кісі жіберіп, қарсылық жасауға қол жинайды. Бірақ болыстар патшаның жарлығын орындайын десе, жастардың көтерілісінен қорқып, орындамайын десе, патшаның бұйрығынан қорқады. Елдің іші аласапыран болып, ел жастары қашудың ретін таппай, әскерге бармаудың амалын жасады. Байдәулет болысындағы қарсылық әрекеттер, елдегі аласапыран күй, берекесіздік, әлділердің әрекеті мен жарлының шарасыздық жағдайы баяндалады.

**Басқы сөзі** (132-б.): Eldiñ jaılaýdaǵy kezi eken.

**Соңғы сөзі** (134-б.): Qorlyq penen zorlyqta ezilip, eńirep ketken kedei balalary qatyp keldi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына латын әрпінде көк сиямен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.1022.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 84

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б. 2; П.1; Ж. 31  
29x20; 26.5x17

### Байқұда палуан

**Аталуы.** Байқұда палуан.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бұл әңгімеде көзін көрген ақсақалдардың бірі Байқұда палуанның құдыққа түсіп кеткен інген түйені қара күшпен тартып алып шыққан алып күштің иесі екенін айтса, енді бірі Семей жеріне цирк ойындарымен келген ағылшын палуанын оң жамбасқа алып ұрған ерлігін айтады. Ал енді бірі палуанның астындағы мініп жүрген айғырын астына кіріп көтеріп алып кете беретін қызықты шақтарын айтып отырады.

**Басқы сөз (78-б.):** Байқұда жайында алғашқы сөзді Ырзакеңе (Тілеубердин) берейік.

**Соңғы сөзі (79-б.):** «Айғырым мені көтереді, мен айғырымды көтеремін» деп Байқұда күн күркірегендей күңгірлей сөйлеп, ха-ха-халап күледі, – дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914, 9-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 85

Ш.1022 (ОҒК)

Б.15; П.8; Ж.28;  
30x22; 28,5x18,5

### Байлардан көрген қорлық

**Аталуы.** Байлардан көрген қорлық *(1915-16-шы жылдардағы оқиға.)*

**Айтушы.** Сыздық Әбдірахманов – бұрынғы Қарағанды облысы, Еңбекшілдер ауданының тұрғыны.

**Аннотациясы.** Әңгімеде 1915-16 жылдардағы Әбдірахман атты жарлының елуден асып, алпысқа таяп қалса да, өмір бойы байлардың тепкісінде болып, басынан кешкен өмірі, көрген қорлығы баяндалады. Әбдірахман қызы Шәпеннің күйеуі қайтыс болған соң, оған құда түсушілер көбейеді. Қызын кімге ұзатарын білмей басы қатқан Әбдірахманға мырзалар күш көрсете бастайды. Қызын бермегенге ерегескен Аппас мырза Әбдірахманның бар малын тартып алып, түрмеге жабады. Көп қиыншылықты басынан өткізген ол 1918 жылы қайтыс болады.

**Басқы сөз (6-б.):** Ábdirahman shal jasy 50-60 qa kelse de, ómir boiy baillardyń tepkisinde keiisti kóp kórgen adam.

**Соңғы сөз (20-б.):** Balasy Syzdyq Keńes ókimeti ornagan soń malyn, eńbegin izdegeni bar. Bul baillar barlygy kánpeske boldy.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына латын әріпінде машинкамен терілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** Қ.1022 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 86

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.32  
28x20; 25x22

### Баймұрат қарттың әңгімелері

**Аталуы.** Баймұрат қарттың әңгімелері.

**Жинаушысы.** М. Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы:** Жем өзенінің бойын қыстаған Баймұрат деген қарттың әңгімелері баяндалады. Алғашқы әңгімесінде ауданың жаңа басшысы ақсақалға сәлем беруге келеді. Баймұрат келген қонақты жылы қабылдап, ешкі сойып, қонақасы береді. Келген қонағына бар мәзірін, жоқ жайын айтып, шығарып салып тұрғанда қонақ қайта-қайта рахмет айта беріпті. Сонда қарт: – Ешкі сойып

бергенде осынша рахмет айттың, қой сойып берсем, үйден шықпайтын иттің бірісің-ау, – деп, қонақтың шектен тыс жалпылдағанын жақтырмапты.

Ал екінші әңгіме Баймұрат ақсақалдың қартайып сексеннен асып, жағдайы нашарлағаны туралы. Балалары әкесінен «олай-бұлай болып кетсеңі, қай молаға қоямыз?» деп сұрапты. Аталарының бейіті алыста болса керек, қиналып жатқан Бәкең қарт: – Не деп тұрсың? Енді маған қай мола қалың беріп, қатын әперер дейсің, осы жерге қоя сал, – деген екен.

**Басқы сөзі** (4-б.): Баймұрат қарт аудан орталығынан шетірек, Жем өзінің бойынан қыстау салып, жазы-қысы сонда немерелерімен отырады екен.

**Соңғы сөзі** (5-б.): Енді маған қай мола қалың беріп, қатын әперер дейсің, осы жерге қоя сал, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1978 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ. 910/4.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 87

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 5; П.4; Ж. 37  
6,3x21; 14x19

### Бақаның сәуегейлігі

**Аталуы.** Бақаның сәуегейлігі.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Шығыс Қазақстанда Бақа деген адам болыпты. Бір ат, бір сиыр, бес ешкісі бар екен. Күзде жалғыз атын жылқыға қосып жібереді. Көктемде көтерем атын көрген Бақа жылқышылардың оған қос артқанын біледі. Бақаның атына қос артқанын білгенін естіген бір жылқышы таң қалып, оны сәуегей көреді. Жазда байдың атан түйесі жоғалып, бай малшыларын қысқан кезде сол жылқышы Бақаның сәуегейлігін айтып, соның табатынын айтады. Бай Бақаны алдыртып, атанды тауып беруін талап етеді. Бақа түс көрсем айтармын деп, түнде атымен қашып бара жатқанда терең құдыққа түсіп кеткен атанды көреді. Ертеңінде байға түйесінің құдықта жатқанын айтып, сый-сияпатпен үйіне қайтады. Сөйтіп, оның сәуегейлігі елге жайылып, атағы шығады. Сондай амалдармен сәуегейлік жасап, даңқы аса береді. Бақаны іздеп келген нағашысы оның ешбір сәуегейлігі жоғын біліп, түн ішінде көшіріп әкетеді.

**Басқы сөзі (17-б.):** 19-ғасырдың аяқ кезінде Шығыс Қазақстанда Бақа деген кедей адам болған.

**Соңғы сөзі (21-б.):** Одан да түнделетіп көшіріп әкетейін деп алып кетеді.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы Павлодар қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 866, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б. 9; П.8; Ж.28  
20,5x29; 15x23**«Бақтыбаланың зары» деген өлең қалай туды?**

**Аталуы.** «Бақтыбаланың зары» деген өлең қалай туды?

**Айтушысы.** Шәйт Асайынов.

**Жинаушысы.** Дәкен Шалабеков (1922-1958) – филолог, зерттеуші, мұғалім. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, бұрынғы Балықкөл совхозында дүниеге келген. 1951 жылы Тіл және әдебиет институтына қызметке тұрып, 1958 жылға дейін жемісті еңбек атқарады. Институт тарапынан ұйымдастырылған Қарағанды қаласының кенші-ақындарының шығармаларын жинауға арналған бірнеше экспедицияларды басқарған. 1961 жылы осы экспедициялардың материалдары негізінде «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» атты жинақ жарық көрген.

**Аннотациясы.** Әңгімені айтушы өзінің жары Бақтыбаламен қалай танысып, қалай көңіл қосқаны жайлы баяндайды. Бақтыбаланы туыстары Төлеңгіт қажының баласына бермек болғанда, ол жігіт қаза болады. Бақтыбаланы жігіттің тоғыз жастағы інісіне әпермек болады. Ұзатылып бара жатқан Бақтыбала сүйгеніне арнап ән шығарыпты. Бұл өлең ел арасына кең таралып, той-томалақ, ойын-тойларда сүйіп тыңдайтын әнге айналыпты.

**Басқы сөзі** (77-б.): Бақтыбала деген қыздың аты.

**Соңғы сөзі** (84-б.): Содан бір жылдан кейін іш жақтан Бақтыбалаға бостандық қағаз келді. Қағаз келген соң ғана екеуміз қосылдық-ау.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 89

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 22  
20x16.5; 17x15

### Бала әкеден кем туа ма?

**Аталуы.** Бала әкеден кем туа ма?

**Тапсырушысы.** Е. Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әтембек биді сынамақшы болған Мақаш: – Әтембек, осы бала әкеден сынық сүйем кем туады дейді. Сол өтірік-ау, менің әкем Шолтыр сауатсыз, ауыл арасынан ұзап шықпаған адам еді. Ал мен оқыдым, ел басқарған әкімін.

– Е, бала әкеден кем туа ма, артық туа ма, кім білген?! Менің білетінім әкең Шолтыр өз әкесі Бекмұханбет өлгенде күмбездеп мола салып, перзенттік парызын өтеген еді. Сен әкеңе соны да істей алмадың ғой, – деген екен.

**Басқы сөзі** (18-б.): Бірде Мақаш өзі аса бағалайтын Әтембек биді сынамақшы болып, әдейі сұрап, былай дейді.

**Соңғы сөзі** (19-б.): Ал сен әкең Шолтырға дұрыс бейіт те тұрғызбадың, – деген екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Әр бетке жиырма екі жолдан, еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1123, 48-дәптер.

**Библиографиясы.** «Халық кеңесі» газеті, 1990 ж.;  
Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /  
Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Өлбеков Т.,  
Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант,  
2013. – Б.440.

## 90

Ш.828. (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.16  
20x16,5; 16,5x14,5

### **Бала кімге тартады?**

**Аталуы.** Бала кімге тартады?

**Жинаушысы.** М. Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Мәтіндерді ел аузынан жинап, қорға тапсырушы – М. Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Мәтінді жазып алушы Совет өкіметінің алғашқы жылдарында бұрынғы Атбасар уезіндегі елдерді қызмет бабымен аралағанын, қариялардың әңгімесін тыңдап, кейбірін қағазға түсіргенін жазады. Бәубек Бекмырзаұлының семья құрамы жайында айтқан әңгімесін қарттардың баяндауымен жазып алғанын жеткізеді. Батыр төрт некелі болғанын, алғашқы үш әйелден туған балаларының өзіне тек сыртқы сымбаты, бет ажары жағынан ұқсағанын, ал мінез-құлық пен ой-өрісі жағынан нағашыларына тартқанын айтқан. Осыған байланысты, бала ұзақ уақыт құрсақта көтерген, туғаннан

кейін күні-түні мәпелеп баққан анасына тартатынына көзі жеткенін айтқан екен.

**Басқы сөзі** (134-б.): Совет өкіметінің алғашқы жылдарында бұрынғы Атбасар уезі территориясындағы елдерді қызмет бабымен араладым.

**Соңғы сөзі** (136-б.): Бұл тұрғыдан қарағанда, бала ұзақ уақыт құрсақта көтерген, туғаннан кейін түн ұйқысын төрт бөліп, жарғақ құлағы жастыққа тимей мәпелеп өсірген анасына тартады екен деген қорытындыға келдім...».

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 91

Ш.97/1 ӘӨИ

Б.1; П.1; Ж.7  
30x21; 16,5x4,5

### Балапанды барқын таз

**Аталуы.** Балапанды Барқын таз.

**Жинаушысы.** Қ. Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада жазылған.

**Тапсырушысы.** Қ. Саттаров.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Барқын деген таздың «Балапанды Барқын қаз» атану себебі айтылады. Барқын деген кісі бір сартпен тамыр болыпты. Өзінің басы таз екен. Бір күні Барқын сарт тамырына келіпті. Сарт тамыры бала-шағасына апарып берсін деп, Барқын тазға тауықтың алты жұмыртқасын беріпті. Барқын алтауын да жалаңаш

қойнына салып алып, алты күн арада, он күн ортада жүріп үйіне келсе, қойнының бәрі толған балапан екен, өре тұра келіпті дейді.

**Басқы сөзі** (282-б.): Барқын деген кісі таз екен.

**Соңғы сөзі** (282-б.): Сонда Барқын «Балапанды барқын таз» атанып кетіпті.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 92

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.15; П.8; Ж. 10  
20x15; 16x9

### Балгер, тәуіп

**Аталуы.** Балгер тәуіп.

**Жинаушысы.** М. Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М. Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Бірде Күсеп ел кезіп жүріп бір үйге келіп қонады. Үй иесі жолаушылап кеткен екен. Түн ортасында Күсеп шымылдық ішінен күбірлеген дыбыс естиді. Күсеп бөтен жігіт пен жас әйелдің әңгімесіне кірісіп, әйел оқыстан төсектен құлап денесін ауыртып алады. Ертесіне күйеуі келіп әйелінің кеселін Күсепке емдетпек болады. Күсеп қу қолына домбыра алып, безілдетіп тартып, басқа адам анық ести алмайтындай етіп, дереу жазылмаса күйеуіне жеткізетінін айтқанда әйел

басын көтереді. Күсеп сырқатты емдеп жазған тәуіп ретінде сый-сияпатпен аттанады.

**Басқы сөзі** (39-б.): Ел кезіп, бірге түстеніп, бірге қонып жүре беру Күсептің белгілі әдеті.

**Соңғы сөзі** (41-б.): Қандай сырқат екенін тапқан балгер, оны емдеп жазған тәуіп лайықты сыйлықпен аттанды.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.828, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 93

Ш. 1125 (ӘӨИ)

Б. 4; П.3; Ж. 24  
20x16; 18x15

### Балгермен бәтуа

**Аталуы.** Балгермен бәтуа.

**Тапсырушысы.** Е. Құлпейісов Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада жазылған.

**Жинаушысы.** Е. Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Қажымұқан енесі Тәкеймен әзілдескісі келіп, жолаушылап келе жатқан жолында бір балгер жігітті үйіне ертіп келеді. Қажымұқан алдын-ала балгерге

бәрін түсіндіріп айтып қояды. Балгердің сөзіне сеніп қала жаздаған енесі Қажекеңнің әзілдеп отырғанын біліп қойып, балгерді соңына дейін тындамай үйден шығып кетеді.

**Басқы сөз** (15-б.): Қажымұқан жолаушылап, ауылға қайтарда, жолай үйіне бір балгер жігітті ерте келеді.

**Соңғы сөзі** (16-б.): Қой, балың құрсын, балың құрсын, – деп сыртқа шығып кетіпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирил әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосында жазылған.

**Бетгелуі.** Беттелмеген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1124, 131-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 94

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б. 4; П.3; Ж. 19  
15,2x21; 13x19

### **Балғабаев Кәжен қарттың айтуы**

**Аталуы.** Балғабаев Кәжен қарттың айтуы.

**Жинаушысы.** М. Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада жазылған.

**Аннотациясы.** Аға сұлтандық дәуірде Құдабай аға сұлтан екен. Ұятсыз, арсыз, өте қатал адам екен. Бір күні Құдабай Шорман деген қадірлі ақсақалдың үйіне түседі. Бойжеткен қызының мұны қабылдамағанына ашуланады.

Қалтасынан насыбай шақшасын алып, оны Шорманның басына қағады. Бұл қорлыққа намыстанған Шорман бұл жайлы баласы Беркінбайға айтады. Беркінбай Омбыға барып губернаторға ауызша шағымданады. Губернатор істің мән-жайын анықтау үшін орынбасарын елге жібереді. Беркінбай ауылдағы барлық еркектерді жолдың екі жағына тұрғызып, губернатордың орынбасары келгенде «Құдабай, Құдабай» деп айтқызады. Мұның мәнін сұраған вице-губернаторға барлығының Құдабайға қарсы екендігін айтады. Құдабайдың қылмысы анықталды деп есептеліп, оны іздетеді. Құдабай оңтүстікке қашып кетіп, ізім-қайым жоғалыпты. Бұдан кейін ел тыныш өмір сүріпті.

**Басқы сөзі** (86-б.): Аға сұлтандық дәуірде, бұрынғы Ақмола губерниясы территориясында Құдабай аға сұлтан екен.

**Соңғы сөзі** (89-б.): Ел тыныш өмір сүрді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ақмола облысында жазылған. Мәжікеев Мұқаштың ел аузынан естіген әңгімелері.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 828, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

**Балуан Шолақ туралы екі әңгіме**

**Аталуы.** Балуан Шолақ туралы екі әңгіме.

**Тапсырушысы.** Кәрім Рахманов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Патша үкіметінің қуғынымен біраз жыл сыртта жүрген Балуан Шолақ еліне сағынышпен оралады. Келсе, бала кезінен бірге өсіп, жақсы араласқан, батыл, әрі сері құрдасы қайтыс болыпты. Елі соның үш күндігін атап өтіп жатыр екен. Сағынған халқын көріп, мауқын басып, артынан шерін басу үшін ауылдастарына бір өтінішін айтады. Марқұм құрдасын жер қойнынан қайта алып, жүзін көріп, «қабіріне өзім салып, өз қолымнан топырақ салайын» дейді. Мұндайды күтпеген жұрт екіге бөлінеді. Бірі «құрдасы ғой, көріп қалсын» десе, екіншілері «мұсылман заңына қайшы» деп қарсы болады. Өзінің жақтаушылары бар екенін естіген Балуан Шолақ бірден күрек алып, жұмысқа кіріседі. Өлікті алып шығып, бақұлдасып, қайыра орнына салады. Жанына екі-үш молданы ертіп келіп, сөйлеп тұрған қажының сөзін де құлағына ілмеген Балуан Шолақ осылай досын ақтық сапарына жөнелтеді.

...Бірде қараңғы түнде Балуан Шолақ бір топ жігіттерімен келе жатса, алдарынан бір жарық от пайда болыпты. Жанындағы жігіттер ел жоқ жерде пайда болған оттан секем алып келе жатқанда, әлгі от жақындағандай болыпты. Енді шынымен «сайтан шығар» деп үрейленген жігіттер тоқтай қалыпты. Өз ойымен өзі келе жатқан Балуан Шолақ сонда ғана бұл жағдайды байқайды. «Басқа жолмен жүрейік» деген жігіттердің сөзін тыңдамай «Тәйірі әрі!» деп отқа қарай шаба жөнеліп, ешетеңені таппай,

оттың орнында тұрған томарды қамшымен салып жібереді. Оттың жоғалып кеткенін байқаған жігіттер «Арыстанның аруағы сайтанды жеңді» деп таң-тамаша болысады. Сол кездегі ауылдастарының арасында «Балуан Шолақты Алла Тағала екі иығына періштелерін отырғызып жаратқандықтан, ондай адамға пәле-жала жуымайды» деген сенім болған.

**Басқы сөзі** (1-б.): ...Балуан Шолақ патша үкіметінің қуғынымен бірнеше жыл туған ел-жұртынан айырылып, Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Семей тағы басқа қалаларда ауып жүріп, аңсаған еліне сағынып келген екен.

**Соңғы сөзі** (4-б.): ...Ондай кісілерге пәле-жала жуымайды, – деді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Ұзын жол оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ жіппен тігіліп, сырты қатты сарғыш қағазбен тысталған.

**Ақауы.** 6-бетте сия тамған жер бар.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.123, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 96

Ш.935(ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.12  
19x27,5; 9x16,5

### Бармақтай май

**Аталуы.** Бармақтай май.

**Айтушысы.** Сәпінш Кенжебекқызы Зауырбекова – бұрынғы Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Жаңаталап

селосының тұрғыны. 1920 жылы дүниеге келген. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Б. Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада жазылған.

**Аннотациясы.** Мәтінде тойы болып, ұзатылып бара жатқан қыз туралы айтылады. Әкесі ел-жұртын шақырып той жасап, теңін тоғыз түйеге артып, қызын ұзатып жатқанда, қызы жылайды. Оның себебін сұрағанда: «бақайшықта бармақтай май қалды, соған жылаймын» деген екен қыз жеңгелеріне. Қызының тілегін естіген әкесі бір мал сойып, үйітіп, бас-сирағын теңінің ішіне салып беріпті.

**Басқы сөзі** (48-б.): Әкесі ел-жұртын шақырып той жасап, теңін тоғыз түйеге артып, қызын ұзатып жатқанда, қызы жылайды.

**Соңғы сөзі** (48-б.): Мұны естіген әкесі бір мал сойып, үйітіп, бас-сирағын теңінің ішіне салып беріпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қағазға көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған:** Мәтін Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жазып алған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.935.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

97

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.18  
28,5x20; 19,5x16,5

**Баға**

**Аталуы.** Баға.

**Жинаушысы.** Е. Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада жазылған.

**Аннотациясы.** Төлебай сал бір үйге келіп қоныпты. Үй иесі қонақасыға тары асып беріпті. Оған көңілі толмаған Төлебай сал мысқылдап өлең айтады. Өзінің сал екенін білдіреді. Үй иесі ұялып, Төлебай сал екенін білген соң, бір серке әкеп бата сұрайды. Тілге шешен Төлебай сал серкені жамандаған болып, үй иесінің сараңдығын сөгеді.

**Басқы сөзі (14-б.):** Төлебай басқа бір елге барып қонса, ол үйде тары басып әкеп...

**Соңғы сөзі (15-б.):** Кімді қорқытпақшы болып келіп тұрсың, – депті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1126, 207-дәптер.

**Библиографиясы.** «Ұран» газеті. 11.09.1992; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 98

Ш.142 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.33  
28,5x20,5; 18x23,5

### Баянша атаның сөзінен

**Аталуы.** Баянша атаның сөзінен.

**Тапсырушысы.** Өңгімелерді ел аузынан жазып алып, қорға тапсырушы – Ш. Дүйсекеев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Шатаның шын аты Жалмағамбет екен. Өзі Павлодар облысы, Баян ауданында туған. Әкесі – Дүрілдек деген адам. Шатаның әкесі жасында өліп, шешесі Айдана жесір қалып, Шатаны арқалап жүріп, тәрбиелеп өсірген екен дейді. Шатаның әкесі де, өзі де өте кедей болған, өзі де, шешесі Айдана да байлардың есігінде жалшылықта жүрген. Жасынан жоқшылық, зорлықты көп көрген ол байлардың көрсеткен қиянатына шыдамайды. Байлардан кегін алудың жолын қарастыра бастайды. Әкесі Дүрілдектің тірі күнінде Айдабол Әйтеннің Әбіші дейтін кісіден көрген қиянаты, зорлығы Шатаның есіне түседі. Сонымен Шата бір күні басқарманың киімін киіп, беліне қылыш байлап, қас қарайғанда бағанағы Әбіштің үйінің қасына өзі секілді ауылдағы 2-3 жігітті ертіп келеді. Келісімен Әбішті қорқытып, жауапқа шақырып, ананымынаны қысып сұрайды. Одан кейін бір кездері Баян Дүрілдек деген нашар адамға қалайша зорлық жасағанын сұрап, қысады. Содан кейін Әбішті тал қораптың астына жауып қояды. Біраздан кейін Әбішті қораптан шығарып, тағы да жауап алған кісі болып, оған аяғын сипатып, арқасын қасытады. Сонымен түн ішінде ешнәрсеге қарамастан Әбішке бар білгенін істеп, оның әкесіне жасаған қиянаты үшін кегін қайтарған екен дейді.

**Басқы сөзі (9-б.):** Шатаның туған жері қазіргі Павлодар облысы, Баян ауданы, руы – Айдабол.

**Соңғы сөзі (10-б.):** Шата – кек алудың жолын ол кездегі зорлық иелеріне ақысын жібермеудің жолын көп іздеген адам.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.142, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.97: Ауызекі әңгімелер. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж., (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

99

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 3; П.2; Ж. 37  
20x16; 19x15

### **Бәкеннің әкесі Мырзатайды сөзден тоқтатып болыс болуы**

**Аталуы.** Бәкеннің әкесі Мырзатайды сөзден тоқтатып болыс болуы.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада жазылған.

**Аннотациясы.** Бәкеннің әкесі Мырзатай арғын, найман бас қосқан үлкен жиынға (мәтінде чрезвычайный съез деп берілген) баруға дайындалып тұрғанда, баласы Бәкеннің «Қалбаны сұрап тұрған болыссыз, салтанатыңызды асырып барсаңызшы» деген сөзіне намыстанып, жиынға бармай өкпелеп жатып алады. Бәкен әкесінен екінші рет өтінеді. Бірақ әкесі көне қоймайды. Бәкен әкесінің мөр, болыстық белгісін тағып алып, жиынға өзі барады. Бұл Бәкеннің он алты жас шамасындағы кезі екен. Сол күннен Бәкен болыс болған екен деседі.

**Басқы сөз** (26-б.): Бәкеннің он алты жасқа келген кезі еді.

**Соңғы сөзі** (26-б.): Содан болыс болып кете беріпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Семей қаласы, 1977 жыл, 18 мамыр.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 100

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 3; П.2;Ж. 37  
20x16; 19x15

### Бәкеннің бірінші қадамы

**Аталуы.** Бәкеннің бірінші қадамы.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Матайдың басты адамдары Қалматай, Тоқтыбай, Мырзатайлар Қаракерей, Жанайға жесір дауын дауламақ болып жолға шығайын деп тұрғанда, Мырзатайдың баласы Бәкен «мен де барам» деп қиғылық сала берген соң, ертіп алады. Жолда шаршап-шалдыққан соң, кезінде бір өзбекке күйеуге шыққан Зәуре деген апайларының үйіне түнемек болады. Үйге келген қонақтарымен амандасып, жөн сұрасып жатқанда, Бәкен: «Қазақтан жігіт табылмағандай өзбекке күйеуге шыққаныңыз қалай?» деп сұрап қалады. Бұл сөзге үйдегі кісілер беттерімен жер басқандай болып, ыңғайсызданып кетеді. Бірақ, Зәуре Бәкеннің айтқанына өкпелемей, керісінше, мойындап, айыбына бір тоғыз жетелетіп шығарып салған екен.

**Басқы сөз** (21-б.): Бәкен қорықпайтын, ұялмайтын, бет алғанынан қайтпайтын, қайсар, тапқыр, шешен адам болған.

**Соңғы сөзі** (25-б.): Сол жолы Бәкен бәрін сөзден жеңіп, олжалы қайтысады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Торкөз дәптерге көк сиямен, кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 18 мамыр, 1977 жыл, Семей қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 101

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 3; П.3; Ж. 37  
20x16; 19x15

### Бәкеннің шабарманы

**Аталуы.** Бәкеннің шабарманы.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Бәкен болыс болып тұрған шағында бір шабарманын уездге құжаттармен поштабай етіп жіберіпті. Поштабай жігіт жол-жөнекей Құрманғалы болыстың үйіне түседі. Алайда, поштабайдың бір ауыз сөзінен ұстап алған Құрманғалы болыс қонақты байлап-матап, ертеңінде жолына салыпты. Поштабай Қасен болған жайды Бәкенге баяндап береді. Есесін қайтармақшы болған Бәкен болыстарды шетінен сөзден жеңіп, жазықсыз жапқан жалаларын мойындатып, Құрманғалының

Қасеннен алып қалған бір атының орнына тоғыз ат, тоғыз шапан алып қайтқан екен.

**Басқы сөз (27-б.):** Бәкеннің болыс кезі. Бір шабарманын уездге дакумент қағаздарымен поштабай етіп жібереді.

**Соңғы сөзі (29-б.):** Бәкен тоғыз ат, тоғыз шапан алып қайтқан екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Торкөз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 18 мамыр, 1977 жыл, Семей қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 102

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2;Ж. 31  
29x20; 26.5x17

### Байсейітов Сейітқазының әңгімесі

**Аталуы.** Байсейітов Сейітқазының әңгімесі.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Әкебай Нәсілбеков. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Мәтінде Сейітқазы қарияның Абайдың әрі досы әрі атқосшысы болып жүретін Ербол жайындағы әңгімесі айтылады. Ербол жалқау баласын малға эзер тұрғызып, сеніп жібереді. Баласының малға шықпай, екі қолын төбесіне айқастыра төрде шалжиып жатқанын көреді. Баласының мына қылығына ашуланған

Ерболдың ойына қарияның «Өгізге мінген кісінің екі өкшесі и болады, жаман бала өз төрінде жатып, өз үйіне би болады» деген сөзі түсе кетіп, баласына:

– Шалжиып жатысын! Мал қайда? Түзде қой бағып жүрген керейдің бір шалы, сенің үйде бүйтіп жатқаныңды қайдан білді екен? – депті қатулана түсіп. Қой баққан қарияның екі-ақ ауыз сөзінің әсері Ерболға қатты әсер етеді.

**Басқы сөз** (60-б.): С. Бейсетаев 1922 жылы туған. Аягөз қаласы «Астық дайындау» бөлімінде ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп, құрметті демалысқа шыққан екен.

**Соңғы сөзі** (61-б.): Қой баққан қарияның екі-ақ ауыз сөзінің әсері Ерболға қандай боп тигені оқырманға ой салатындай.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Экспедициясы.** 1984 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазып алынған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.914, 6-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

103

Ш.914: (ӘӨИ)

Б.1; П. 2; Ж. 34  
20x30; 18x28

**Бекбау – Дана**

**Аталуы.** Бекбау – Дана.

**Айтушысы.** Жағыпар қарт бұл әңгімені белгілі ақын Нұрлыбек Баймұратовтан естіген екен.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Мәтінде ақындығымен, сөзге жүйріктігімен ел ішіне аттары жайылған ағайынды Бекбау мен Дананың найман еліне барған сапарлары туралы айтылады. Өздері осы ауылға құда болып келеді екен. Бекбау – XIX ғасырда Шұбартау жерінде өмір кешкен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын өзінше жырлаған ақын.

Бір жылы жазда олар Балқаш пен Алакөл арасын жайлайтын найман елін аралайды. Әуелі өзі жас, өзі сұлу құдағидың үйіне түседі. Екеуінің қадалып қараған көздерінен, тілдерін безеген сөздерінен қысылған құдағи нан илеп отырып, оқыстан жел жіберіп қояды. Ұяттан өртене жаздаған жас құдағи оларға қарайтын беті жоқ екенін айтып, үйден шыға жөнеледі. Екі ақын енді кәрі құдағидың үйіне түседі. Түспес бұрын, ол туралы сұрап біліп алады. Кәрі құдағи мұрнының үстінің басыңқылығы бар, көзі қисықтау адам екен. Ол екі құданың ат-тұрман, киім киістеріне менсінбей қарап, оларды кедей деп қомсынып, тәкаппарлана тіл қатады. Оның сөзін көңіліне алған Дана кәрі құдағиға шүйлігіп, оның мұрнының басыңқылығын, сөзінің астамдығын, көзінің қисықтығын, пұшпағының қанамағанын айтып бастырмалатады. Құдағи сөзден жеңіліп, екі ақынға сый-құрмет көрсетіп, қонақ еткен екен.

**Басқы сөзі (58-б):** Сыбанбай, Жанак, Бекбау айтады екен, Оның тегі кім десең түрікмен деп..

**Соңғы сөзі (58-б.):** Сөзден тосылған кәрі құдағи Бекбау мен Дананың кімдер екенін сөзінен танып, сый-құрметпен аттандырыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Экспедициясы.** 1984 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазып алынған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жылы бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданы, Үшбиік селосында жазылған.

**Ақауы.** Қағаздары ескіріп, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 104

Ш. 920/126 (ӘӨИ)

Б. 1; П.1; Ж. 37  
19,3x30; 16x23

### Бектұрсын ақсақал

**Аталуы.** Бектұрсын ақсақал.

**Жинаушысы.** Қ. Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Соғыс жылдарында Бектұрсын деген кісі қоян ұстап, үйіне әкеліп астырған екен. Сол кезде үйіне қонақ келеді. Бектұрсын қонақты жақтыра қоймапты. Қонақ Бектұрсыннан қоянды қалай ұстағанын сұрағанда, ақсақал кемпірінің дәрет алып отырғанында бүркіттен қашқан қоянның етегінің астына кіргенін айтыпты. Сонда қонақ еттен дәм татпай қойған екен.

**Басқы сөзі** (26-б.): Кешегі соғыс жылдарында халық барлық азық-түлікті майданға беріп, өздерінің уақытша болса да ашығуына тура келді.

**Соңғы сөзі (26-б.):** Сонда қонақ тым-тырыс отырып қалыпты және қоян етінен ауыз да тимепті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк қаламмен кирилл әрпінде жазылып, түптелген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Бұхара облысы, Тамды ауданында 1997 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ. 920/126.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 105

Ш.642 (ӘӨИ)

Б.1; П.1: Ж.9  
22x30; 16x9,5

### Би сарқытын маған берді

**Аталуы.** Би сарқытын маған берді.

**Айтушысы.** Әбдікүл Тәжиев, Орымбек ертекші, Махат Ақтайлақов – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданының тұрғындары.

**Жинаушысы.** Н. Төрекұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Көпшілік жиналған жиында бір байдың баласы бидің өзіне сарқыт бергенін айтып, мақтана беріпті. Сонда төрден орын тимей, босаға жақта отырған бір қуақы жарлы жігіт бидің жанында одан басқа кімнің болғанын сұрайды. Бай баласы басқа ешкімнің болмағанын айтады. Сонда қуақы жігіт: «Ендеше, би сарқытын саған

бермегенде, итке тастасын ба?» деп, мақтаншақ бай баласының аузына құм құйыпты.

**Басқы сөзі** (1-б.): Жиын-топқа бір байдың баласы.

**Соңғы сөзі** (2-б.): Лепіріп сөйлеп отырған бай ұлы қып-қызыл боп, ұялғанынан тырс етіп үндеместен, жер шұқып отырып қалыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен терілген.

**Экспедициясы.** 1962 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы.

**Қашан, қайда жазылған.** 1962 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысында жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.642.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 106

Ш. 920/12(ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.16  
25x22; 20x16

### **Бибайшаны тартып алды...**

**Аталуы.** Бибайшаны тартып алды...

**Жинаушысы.** Н. Төрехұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Әбдікүл Тәжиев.

**Аннотациясы:** Бибайша деген Ғайбулла деген орта шаруаның әйелі болыпты. Өзі көрікті, сұлу келіншек екен. Ауыл әкімі Нұртаза Бибайшаны «байдың келінісің» деп қудалап, жазықсыз Ғайбулланы түрмеге жабады. Ауыл

әкімі Нұртаза әйелдікке алды. Осы қорлыққа шыдамаған ауыл әйелдері өлең шығарады.

**Басқы сөзі** (1-б.): Бибайша Ғайбулла деген орта шаруаның әйелі еді.

**Соңғы сөзі** (2-б.): ...Нұртazаның алғаны – Ғайбулланың сарқыты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1964 жыл.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.920/12 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 107

Ш. 920/60 (ӘӨИ)

Б.15; П.8; Ж. 10  
20x15; 16x9

### Боқаш қу әңгімесі

**Аталуы.** Боқаш қу әңгімесі.

**Жинаушысы.** Бақтыбай Жүнісов. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Тапсырушысы.** Қ. Саттаров Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Әңгіменің шын екеніне сендіру үшін Боқаш қудың өмірде болғанын, оны көрген Якия (Жақия) атаны куәлік етеді, руы қошқаралы екені, балалары Жорабек пен Әлі «Жыңғылды» совхозында тұратыны айтылады.

Боқаш қу бір күні келін жаңа түскен ауылға келіп қоныпты. Оған шыбын, сона көп жерге төсек салып береді. Шыбын, сона шаққан соң көйлегін шешіп, қасына қояды. Түнде сол ауылдың бос жүрген сиыры көйлегін жеп жатқан соң сиырдың құйрығына жабысады. Сиыр сүйрей жөнеледі. Бір құдықтың қасына барғанда сиыр Боқашты құдыққа түсіріп жібереді.

Таңертең жас келін суға келеді. Құдықтағы Боқашты көріп, шығармақ болып жіп тастаған келіншек те Боқаштың қасына суға түсіп кетеді. Ауылы келіншекті іздейді, екеуін құдықтан шығарып алып, Боқашты ұра береді. Боқаш болған оқиғаны айтып, сиырды танып, сойғызып, ішінен көйлегі шығып ақталады.

**Басқы сөзі** (1-б.): Боқаш қу болған.

**Соңғы сөзі** (1-б.): – Сөйтіп, келіншектен эзер құтылдым-ау, екінші рет жас келін аулына қонбайтын боламын, – депті.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Экспедициясы.** 1974 жылғы Бұқара облысы, Тамды ауданына Қ.Саттаров ұйымдастырған фольклор экспедиция.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1974 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.920/60.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 411 (ӘӨИ)

Б. 3;П.2; Ж. 32  
20x16.5; 18x14.5**Болаттың әңгімелері****Аталуы.** Болаттың әңгімелері.**Айтушысы.** Сейдеш Төлепов – Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы, Сүттігенді ауылының тұрғыны, оқу үйінің меңгерушісі.**Тапсырушысы.** Сейдеш Төлепов.**Аннотациясы.** Сөзге шешен, әзілқой Болаттың атын естіген бір байдың мырзасы қасына үш-төрт жолдасын ертіп, Болаттың ауылына барады. Байдың мырзасы Болатты сөзден жығу мақсатында қисынсыз сұрақтар қояды. Алайда қойған сұрақтарының өзіне жұдырық боп тиіп, ақыр аяғында Болатқа тең келе алмайтынын білген байдың мырзасы жолдастарын ертіп кетіп қалған екен.**Басқы сөзі (5-б.):** Болат ақындығымен қатар тілге жүйрік, сөзге шешен, әзілқой, қуақы болған адам.**Соңғы сөзі (7-б.):** Болаттың қулығы, менің қулығымнан құлаш жарым артық шығып, бір шеті мұрныма тиіп, мұрнымды бұзып кетті, – депті мырза.**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1952 жылы жазылған.**Беттелуі.** Әр бетке отыз екі жолдан, еуропа цифрімен беттелген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.411, 9-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми

түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

109

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.2; П. 2; Ж. 11  
27,5x20; 7,5x16

### **Боранбай қайтыс болғанда айтқаны**

**Аталуы.** Боранбай қайтыс болғанда айтқаны.

**Жинаушысы.** Сейфолла Қатиполлаұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Бір жылы бір ауылдың Боранбай деген байы қайтыс болады. Бұған туысқандары келіп, көрісіп жатады. Сонда Мауқайдың былай шыға бере әлгі байдың мінез-құлқын, ат-әбзелін өлеңге қосып елді күлдіргені сөз болады.

**Басқы сөзі (56-б.):** Бір жылы мынадай оқиға болған екен.

**Соңғы сөзі (57-б.):** Үзеңгі-бауың көп бұршақ, – деп айтқанда елдің бәрі ду күлген екен.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен, көк түсті қаламмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Б.С.Рахымовтың студенттерімен фольклорлық практика кезінде жинақталған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба жазылған дәптердің ернеулері мүжілген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты тысталған және сол жақ бұрышынан парақтарды қызыл сары жіппен біріктіріп тіккен.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 110

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.15; П.8; Ж.10  
20x15; 16x9

### **Бұлғақ тентек атанған себебі**

**Аталуы.** Бұлғақ тентек атанған себебі.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Жаугершілік уақытта Бұлғақтың Сары деген кәрі әкесі қайтыс болыпты. Елге хабар айтар адамы болмаған соң, Бұлғақ қолына сойылын алып, әр ауылдың тұсынан «аттан, аттан, жау шапты» деп шауып өтеді. Ел аттанып, қолдарына сойыл алып соңынан шығады. Бұлғақ біраз уақыт шапқаннан кейін «жау мұнда» деп өз аулына, өз үйіне әкеп тоқтайды. Мән-жайды білген соң Бұлғақты айыптай бастаған жұртқа бір ақсақал: «Менің әкем өлді» деп елге өзі қалай хабарламақ, аттандап елді жинағаны Бұлғақтың тапқырлығы» дейді. Жиналғандар ортадан қаржы жинап, сойысын көтеріп, Бұлғақтың әкесін жерлеп қайтады.

**Басқы сөзі** (1-б.): Той-думанда біреулерге тілі тиіп, біреулермен төбелесіп, астындағы жалғыз атын айыпқа тартып, жүре береді екен.

**Соңғы сөзі** (1-б.): Әлді үйлер бір-бір тоқтыдан беріп, жалпы көпшілік тиын-тебендеп қаржы жинап, Бұлғақтың басындағы ауыртпалықты көтеріп, әкесін жақсылап қойып қайтады.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1977 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 111

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.15; П.8; Ж. 10  
20x15; 16x9

### **Бұлғақ тентек пен Қамбар төре**

**Аталуы.** Бұлғақ тентек пен Қамбар төре.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Қамбар төре аңнан қайтып келе жатса, астында шабан торысы бар Бұлғақ тентек сәлем береді. Екеуі амандасып болған соң Қамбар төре жөн сұрайды. Бұлғақ Қамбар төреге барып, ат мініп, шапан киіп қайтуға бара жатқанын айтады. Қамбар ат, шапан бермесе не істейтінін сұрағанда, Бұлғақ «ат, шапан берсе де, бермесе де боқтап кететінін» айтады. Қамбар оған жөн сілтеп, өзі бұрылып кетіп, басқа жақпен үйіне келіп, аңшылық киімін тастап, хан киімін киіп алады. Ертеңіне Бұлғақты алдырып, көрмеген кісідей жөн сұрайды. Қамбар кешегі сұрағын қайталағанда, оны танып қалған Бұлғақ тентек: «Берсең де кешегім, бермесең де кешегім», – дейді. Қамбар оның батылдығына разы болып, сый-сияпат беріп қайтарады.

**Басқы сөзі** (1-б.): Қамбар төре аңнан қайтып келе жатса, астында шабан торысы бар, бір адам келе жатыр.

**Соңғы сөзі** (1-б.): Сонда Қамбар: – Шын батыр, ер екенсің, – деп ат-шапан беріп қайтарыпты.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1977 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.15; П.8; Ж. 10  
20x15; 16x9**Бұлғақ тентектің өкініші****Аталуы.** Бұлғақ тентектің өкініші.**Жинаушысы.** Е. Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада жазылды.**Тапсырушысы.** Е. Құлпейісов.**Аннотациясы.** Бұлғақ тентек салтанатты ас пен тойды ешқашан төбелессіз таратпаған екен. Думанды тойды төбелеске айналдырғаны үшін ат-шапан айып тартып, сабалып та жүреді. Бұлғақтың алты таспа бұзау тіс қамшысының ұшынан қан тамып тұрған шағында атақты бір бай жалғыз қызын ұзату той жасамақ болады. Бай ат шаптырып, Бұлғақты шақыртады, бағлан қозының басын тартып сый-құрмет көрсетеді. Бай осы тойды у-шусыз өткізсе, астына ат мінгізіп, үстіне шапан кигізуге уәде береді.

Садақ тартқан, қыз қуып, палуан күресіп, ат шапқан, тебен іліп, теңге атқан, жар-жар айтып, ән салған ұлы дүбір той-думан аптаға созылады. Төбелесті жақсы көретін Бұлғақ әзер шыдайды. Той аяқталған соң Бұлғақ байға келіп ат-шапан талап етеді. Бай той сайын төбелес шығарып, ат-шапан айып тартып жүретінін, осы жолы ондай шығыннан аман қалғанын айтқанда, тура сөзге тоқтамды Бұлғақ тентек өзінің алданғанын біледі.

**Басқы сөзі** (1-б.): Бұлғақ шөлкем-шалыс мінезді жан болған.**Соңғы сөзі** (1-б.): Осы жолы ондай шығыннан аман қалдың. Білсең, менің берген ат-шапаным осы емес пе? – дегенде, тура сөзге тоқтамды ер Тентек: – Әттегене,

кеңірдек келіп еді. Арамза неме алдап соқты-ау, – деп санын бір салып жүріп кеткен екен.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қолтаңбасы.** Машинаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1973 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122.

**Библиографиясы.** Торғай таңы газеті, 24.02.1973. (Е.Құлпейісов жариялаған); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 113

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.15; П.8; Ж. 10  
20x15; 16x9

### Бұлғақтың тапқырлығы

**Аталуы.** Бұлғақтың тапқырлығы.

**Жинаушысы.** Е. Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Е. Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Бұлғақ тентек келесі жылы қызының ұзату тойын төбелессіз өткізуді көздеп айласын асырған әлгі байдың аулына тап болады. Бай қойын сойып, қол қусырып қонақ етеді.

Таңертең бай ерте тұрып қорасын қараса, қойды қасқыр жарып кетіпті. Бай сабыр сақтап, Бұлғаққа деген құрмет-сыйын өзгертпейді. «Құтты қонақ қонса қой егіз табады. Құтсыз қонақ қонса, қойға қасқыр шабады» деген, қасқыр үш қойымды жарып кетіпті, бұған не дейсің?» – деген байға: «Әкең Шойқара өлген күні де мен үйіңде қонақ па едім?» деген екен. Жазмышқа шара жоқ екенін ұқтырған Бұлғақтың кесімді сөзіне бай жауап қайтара алмайды.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қай кезде болсын ел еркесі болған ерлерге ешкім де тізесін батырып, тіліне тыйым сала алмаған.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Сонау жылғы есеңді артығымен алдың, Бұлғақ, – деп өзін «айлалы да ақылды» санайтын бай жерге қарапты.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Әңгіме 1973 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.1122 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Торғай таңы газеті, 24.02.1973. (Е.Құлпейісов жариялаған); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш.1038 (ӘӨИ)

Б.2; П.1: Ж.25  
21x30; 15x19**Білмеймін****Аталуы.** Білмеймін.**Жинаушысы.** Қапан Қарпықбаев – халық әдебиеті үлгілерін жинаушы, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1922 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында дүниеге келген.**Тапсырушысы.** 1984 жылы ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған Қ.Қарпықбаев.**Аннотациясы.** Бір ақсақал көшеде бір дос-жар адамның баласының келе жатқанын көреді. Баласын иығына отырғызып алған жігіт бұрылып келіп, ақсақалға сәлем береді. Ақсақал одан әке-шешесінің амандығын сұрайды. Жігіт білмейтінін айтады. «Хат-хабар алып тұрасың ба?» деген сұраққа әке-шешесі тұратын жерде телефонның жоқ екенін, хат жазуға уақыты жоқ екенін айтады. Әке-шешесін көрмегелі үш-төрт жыл өткенін, олардың қой сойып, беріп жіберетінін айтады. Қарияның көп сұрағына «Білмеймін» деп жауап береді. Жарытып жауап ала алмайтынын білген қария «Аман-есен жүргеніңе шүкіршілік етемін, қарағым» деп қоштасады да, жүріп кетеді.**Басқы сөзі** (67-б.): Көшеде баласын иығына отырғызып, аркалап, бір дос-жар адамның баласы келе жатыр екен.**Соңғы сөзі** (68-б.): – Сау бол, – деп мен бұрылып жүріп кеттім.

**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жылы бұрынғы Жезқазған облысы Никольский қаласында жазылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның жазуы өше бастаған.

**Папкасы.** Қ.1038 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т. Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 115

Ш. 935 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 31  
28x20; 24,5x12

### Бір айып

**Аталуы.** Бір айып.

**Айтушысы.** Тәттібек Омаров. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жазып алған.** М. Төлегенова. – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті (1990 ж.).

**Тапсырушы.** Б. Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Кенже бірде жолаушылап жүріп, бір байдың үйіне қонады. Тамаққа тойып алған соң, кешкісін далаға шықса, сол байдың бір жалшы жігіті келіп, өзін осы байдың жалшылығынан құтқаруын сұрайды. Кенже оған кеңес ретінде: «Жалшылықтан құтылғың келсе, бір айлымды ұрлап ал» депті. Таңертең тұрса, атының бір айылы жоқ. Бай жалшыларынан көріп, тінткенде әлгі жігіттен шығады. Бай ақырып ұрмақшы болғанда, Кенже

ара түсіп, байдан әлгі жігітті бір айылдың құнына босатып алады. Сол жігіт кейін «бір айыл» атанып кетеді. Оны үйлендіріп, жеке отау етіп шығарғаны әңгіме болады.

**Басқы сөзі** (39-б.): Кенжекең тағы бірде бір жақтан келе жатып, бір байдың үйіне түсіп, сол үйде қоныпты.

**Соңғы сөзі** (39-б.): Кенже оған енші беріп, үйлендіріп, жеке отау етіп, бөлек шығарады.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтін 1990 жылы, Қарағанды қаласында жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген және қызғылт түсті жіппен тігілген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 935.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 116

Ш.866 (ӘӨИ)

Б.5; П.4; Ж.31  
20x17; 17,5x15

**«Бір ауыз сөзім бір жылдық азық болды» деген сөзі осы еді**

**Аталуы.** «Бір ауыз сөзім бір жылдық азық болды» деген сөзі осы еді.

**Айтушысы.** Мырзатай Ордабаев – ХІХ ғасырда өмір сүрген. Бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданының беделді адамдарының бірі, шешен, рубасы.

**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Рубасы, болыс болған, тілге шешен Мырзатайдың балалары көп, үлкен отбасы екен. Істейтін кәсібі болмаған соң, балаларына азық керек боп Тана төреге аттанады. Әдемі, қымбат жасауланған төре үйіне келеді. Төре үйде болмаған соң, ханымы құр шаймен қайтарады. Мырзатайдан кекесін сөз естіген ханым өзінің қателік жасағанын түсінеді. Төре келгенде бар мән-жайды баяндайды. Төре айып ретінде соғымға ту бие, бір жылға жететін құрт-май беріп жіберген екен.

**Басқы сөз (1-б.):** Мырзатай рубасы, болыс болған, шешен де ақылды адам екен.

**Соңғы сөз (5-б.):** – Ханның берген соғымы балаларға азық болса, ханымның берген құрт-майы өзіме бір жыл азық болды, – деген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолмен көк сиямен кирилл әрпінде жазылған қолжазба.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1977 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 866.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін

жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы).  
– Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

117

Ш.866 (ӘӨИ)

Б.2; П.2: Ж.130  
20x16,5; 15x8

### **Бір шақша насыбаймен байыған кедей Қазыбай**

**Аталуы.** Бір шақша насыбаймен байыған кедей Қазыбай.

**Тапсырушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада көрсетілді.

**Аннотациясы.** Қолжазбада қаракерей жанай елінің он тоғызыншы ғасырда жайлау еткен жері айтылады. Сол елден Қазақ Қазыбай бір ай жайлауда қыдырып, қымыз ішіп жүргенше, Өскемен қаласына барып, жұмыс істеп, ақша тауып келуді ойлайды. Осы оймен Өскеменге жаяу жүріп кетеді. Араға бір қонып қалаға жетеді. Бір қарияға кездесіп, сәлем беріп, жөн сұрасады. Ақсақал өзінде бір айлық жұмыс бар екенін айтып, үйіне шақырады. Ақсақал баланы үйіне қондырып, ертеңіне баланың тамағы мен жатын орнының осында болатынын, бір айға он бес сомға беретінін, бір ай темекі үгуі керектігін айтады. Сарайда самсап ілулі тұрған темекілерді көрсетіп, не істеу керектігін түсіндіреді. Негізі қария аршаның күлін салып, суына укус қосып, сондай әртүрлі шардәрілеп істейді екен. Бір ай істеген соң, Қазыбай еліне қайтпақ ниетін білдіреді. Қария рұқсатын беріп, ақысын төлейді, оған қоса бір шақша насыбай береді. Қазыбай насыбай атпайтынын айтып, алғысы келмейді. Қария зияны болмайтынын

айтып, бір шақша насыбайды қоярда қоймай беріп жібереді. Қазыбай қара жолмен жаяу жүріп, әбден шөлдеп келе жатса, жол үстінде тігілген көкшатыр мен ақшатырды, жанында тұрған пәуескені көреді. Қазыбай шатырға жақындап, сондағы адамдармен амандасып, жөн сұрасады. Ол жерден Тана төренің науқастанып, Семейге дәрігерге бара жатқанын біледі. Қазыбай сәлем бермек болып, көкшатырға лұқсат сұрап кіреді. Тана төре амандасып, жөн сұрайды. Қазыбай жөнін айтады. Тана төре насыбай сұрайды. Қазыбайдың есіне манағы қария берген насыбайы түсіп, шақшасын ұсынады. Тана төре насыбайдың жақсы екені айтқанда, Қазыбай өзінің насыбай атпайтынын айтып, оны шақшасымен сыйға береді. Тана төре насыбайды екі рет атып, жігіттеріне Қазыбайды құрметтеп күтуді тапсырып, өзі жатып қалады. Содан таң атқанша қара терге түсіп, сәскеде тұрады. Сөйтсе, ол кісі теңге қотыр болып ауырған екен. дәрігерге де сол үшін бара жатқан көрінеді. Тұрғанда көйлек, іш киімімен бірге теңге қотыры сыпырылып түсіпті. Дертінен жазылғанына көзі жетіп, сол жерден еліне қайтады. Қазыбайды өзімен бірге еліне ала кетеді. Еліне жақындағанда, жігіттің үстіне шапан кигізіп, астына жорға мінгізіп, «Тана мырза жазылып келе жатыр» деп сүйінші сұратып жібереді. Бірақ елден ештеңе алмауды, аялдамауды табыстайды. Қазыбай төренің айтқанын орындайды. Ел-жұрты жиналып, қуанып, Тана төрені қарсы алады. Тана елге қадірлі болған адам. Қымыз ішіп, көңілді отырған халқына Тана өзінің жазылып келгенінен елдің қуанған, қуанбағанын сұрайды. Жиналған жұрт қатты қуанғандарын айтады. Сүйінші сұраған кісінің болған, болмағанын сұрағанда, бір бейтаныс жігіттің сүйінші сұрағанын, бірақ ештеңе алмай кеткенін жеткізеді.

Тана Қазыбайды көрсетіп, өзін жазған да, сүйінші сұраған да осы жігіт екенін айтады. Үй басы бір-бір қой әкеп, жинап берулері керектігін ескертеді. Халқы құп алады. Ертеңіне төрт жүздей қой жиналады. Жігітке сол жиналған қойды беріп, күміс тұрманымен жорға мінгізіп, үстіне шапан кигізіп, төрт жүз елу қойымен еліне жеткізіп салады. Осылайша Қазыбай бір шақша насыбайдың арқасында байыған екен деседі.

**Басқы сөзі** (124-б.): Ерте кезде он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде Тарбағатай бауырында отыратын қаракерей жанай деген ел жазда көше-көше қалбаның жонына келіп, бір ай отырып қайтады екен.

**Соңғы сөзі** (128-б.): Бір шақша Насыбаймен байыған деген осындай жағдайлармен болған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Папкасы.** Қ.123, 7-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 118

Ш. 1094 (ӘӨИ)

Б.1; П.2;Ж. 21  
24x21; 21x16

### **Біреу әкенді сұраса, берер ме едің?**

**Аталуы.** Біреу әкенді сұраса, берер ме едің?

**Тапсырушысы.** Мұхаметжан Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Мұхаметжан Рүстемов.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Шығыстың атқұмар баласы Жақып төре Ақан серінің атақты Құлагерін қайта-қайта сұрата береді. Оған шыдамаған Ақан сері: «Ақындықпен Орынбайдың даңқы шықты. Аға сұлтандықпен әкеңнің даңқы шықты. Жүйріктікпен Құлагердің даңқы шықты. Осы сөзімді үлкен төреге айт. Содан соң Құлагерді ал» деп жауап қайтарады. Мәтінде серінің астарлап айтқан сөзіне тоқтаған Шыңғыстың көрегендігі мен Ақан серінің тапқырлығы айтылады.

**Басқы сөз** (67-б.): Шыңғыстың баласы атқұмар Жақып төре Ақан ауылына қайта-қайта келіп...

**Соңғы сөзі** (67-б.): Осыдан кейін кіші төре Ақан ауылының маңайына жоламайтын болыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Түптелген ақ қағазға кирилл әрпінде машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1985 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1094, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

119

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.21  
30x20,5; 17x16,5

**Бір уыс тұз**

**Аталуы.** Бір уыс тұз.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Бір үйге қонақ келіп отыр екен. Бәйбіше қазан көтеріп, ет салады. Әлгі үйдің адамдары құмырсқадай қыбырлап бірі кіріп, бірі шығып жатады. Қонақ қазықтай қағылып тапжылмастан отыра береді. Қазан қайнаған кезде бәйбіше келіп, қазанға бір уыс тұз салып кетеді. Одан кейін тоқал келіп тағы бір уыс тұз салып, ол да шығып кетеді. Ең соңынан келіні келіп, қазанның қақпағын ашып көреді де, көбігін қалқып тастап, бір уыс тұз салып, ол да шығып кетеді. Қонақ бұлардың барлығын таңырқап көріп, байқап отырады да, үй иелері шығып кеткен кезде ол да қазанға бір уыс тұз салып қояды.

Үй адамдары жиналып асты түсіріп, алдына ала бергенде, бәйбіше тамақтың дәмін татса, удай ащы екен. – Ибай-ай, мынаған не болған, удай ғой. Мен бір-ақ уыс тұз салып ем ғой! – дейді. – Шешей-ау, сіз салмаған шығар деп менде бір уыс тұз салғанмын,– дейді тоқал.– Сіздер ұмытқан шығар деп мен де бір уыс тұз салып едім,– дейді келіні. Сол кезде қонақ отырып: – Бұл үйдің кісі басы бір уыс тұз салу әдеті шығар деп, мен де бір уыс тұз салып едім,– депті.

**Басқы сөзі** (293-б.): Бір үйге қонақ келіп отыр екен.

**Соңғы сөзі** (294-б.): – Бұл үйдің кісі басы бір уыс тұз салу әдеті шығар деп, мен де бір уыс тұз салып едім, – депті.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде кара сиямен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Папкасы.** Қ. 97/1 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 120

Ш.432 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.25x23  
20,5x29; 15x23

### Герберттің қанды шеңгелі

**Аталуы.** Герберттің қанды шеңгелі.

**Айтушысы.** Түсіп Күзембаев – қарт кенші, Социалистік Еңбек Ері. Басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Қали Садықов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде кеншілердің ауыр, азапты жұмыстары туралы айтылады. «Бізді ағылшын шахтасының қанды азабы, ауыр бейнеті қарсы алды. Әуелі шанашы, онан кейін забойшы болдым. Күн сайын 16-17 сағатқа дейін жұмыс істейтін болдық, әбден әлсіредік, езілдік. Соншама ауыр еңбекте жүріп, күн сайын табатын жалақымыз тіпті болымсыз еді. Басқа тұтынуды айтпағанда, тамағымызға да жетпеді, Бірақ амал не, шықпаған жан, шыдап жүре бердік. Шахтада өлуден басқа ешқандай правомыз болмайтын» деп баяндайды әңгімеші.

**Басқы сөзі** (111-б.): Ол кезде мен 16 жаста едім, әкем Күзембай бір күні мені шақырып алып...

**Соңғы сөзі** (112-б.): Шахтада өлуден басқа ешқандай правомыз болмайтын.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1952 жылы мамырда Қарағанды, Екібастұз шахтасында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** Қ.432 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** «Советтік Қарағанды» газеті. Тамыз, 1952 жыл; Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. /Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 121

Ш.828 (ӘӨИ)

Б.6; П.3: Ж.109  
19x30; 14x15,5

### Дарынды сынықшы

**Аталуы.** Дарынды сынықшы.

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Бәсең батырдың ортаншы ұлы Маты аса ұқыпты, тапқыр, қолы шебер адам болған көрінеді. Сондықтан да оны маңайдағы елдің бәрі құрметтеген екен. Көнекөз қарттардың айтуынша, Маты жігіт шағында өз әкесімен бірге хан жасағында болыпты. Жорықтардың бірінде жазым болып, аяғы сыныпты. Сынықшы жоқ, жайланып жатып күтінерлік жағдай да жоқ. Атына мініп, сынған аяғын қанжығасына байлатып, ұзақ жүріп, өз үйіне келеді. Сынықты салатын, иә, қолма-қол көмектесетін ешкім жоқ. Амалсыздан, аяғының басын белбеуімен

тұзақтап, қарт анасына ұстатады да, сынықты өзі салуға кіріседі. Бірнеше күннен кейін аяғы ептеп басуға келеді, бара-бара жүруге жарайды. Сөйтіп, өзі салған сынық бекініп, аяғы сау қалпына келеді. Осы тәжірибесін ол басқа сынықтарға қолданады. Алғашқы кезде малдардың сынығын, кейіннен адамдардың жеңіл-желпі сынықтарын салады. Матының сынықшылық қабілеті жайлы сөз ел ішіне таралады. Қажет болып қалған жағдайда қашықтағы ауылдар қос атпен кісі жіберіп, оны алдыратын болады. Қандай ауыр зақымданған болса да, даңқты сынықшы ол дерттің шипасын таба біледі екен. Торғай өңіріндегі Арғын, Қыпшақ елдері «Қолың сынса Матыға бар, Маты бар да жатып ал» деп айтады екен.

**Басқы сөзі (37-б.):** Бәсең батырдың ортаншы ұлы Матыны құлақ еститін, ат аяғы жететін жердегі елдер өте сыйлап, ерекше құрметтейтін болыпты.

**Соңғы сөзі (42-б.):** Бұл ауыл біздің ауылдан екі жүз шақырымнан артығырақ жерде тұрады...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.828, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 122

Ш.936 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10  
20x28; 18x7,5

### Дәл өлшеу

**Аталуы.** Дәл өлшеу.

**Айтушысы.** Қалмаханбет Дүйсенбеков – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Тастыбұлақ ауылының тұрғыны. 1947 жылы туған. Басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Рымханова, Әділханова – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері (1990 ж.).

**Аннотациясы.** Әлденеге дауласқан екі адам қай жеңілгені өз етінен бір пұт ет кесіп беретін болып, бәстеседі. Етінен ет кесіп беру оңай болсын ба, жеңілген адам жеңген адамға басқа кез-келген тілегін орындайтынын айтады. Ұтқан адам көнбей, екеуі биге жүгінеді. Сонда би «Жарайды, қазір мына кісіден ет кесіп алуыңа болады. Бірақ бір пұттан сәл қателессең, басыңды аламын» дейді. Ұтқан адам бұдан қорқып, жөніне кетіпті де, ұтылған адамды жайына қалдырыпты.

**Басқы сөзі** (17-б.): Екі адам қатты таласып қалады.

**Соңғы сөзі** (17-б.): Ұтқан адам қорқып, мазақ боп, жөніне кетіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін қағазға көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған:** Мәтін Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазылып алынған (1990 ж.).

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 123

Ш. 599 (ОҒК)

Б.4; П. 2; Ж.29  
30x21; 27,5x19

### Дәулетиярдың естегі сөзі

**Аталуы.** Дәулетиярдың естегі сөзі.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Дәулетияр деген кедей жігіт Абайға сәлем бере келеді. Оның жыртық күпісін көрген Абай Әйгерімге тон, шалбар, тымақ тіккізіп беруді тапсырады. Мұнан соң екеуінің арасында кедейлік, бақ-дәулет туралы әңгіме өрбиді. Жазға салым Дәулетиярдың малын Жігітектің ұрылары Дүйсембай, Қарала ұрлап алып, өзін тыңдамай, боқтап қуып жібереді. Абайдың ауылы қыстауына көшіп келісімен, Дәулетияр тағы сәлем бере барады. Амандықтан соң, жағдайын айтады. Абай екі ауыз сөзге келместен Баймағамбетті шақыртып, оны Дәулетиярмен қоса Ақылбайға жұмсап, малдарын қайтарғышты.

**Басқы сөзі** (58-б.): «Абай кіші қатыны Айгерімдікіне келіпті» деп естідім.

**Соңғы сөзі** (61-б.): Жарайды, жүр, бұл тайдан жығылмай көзім ашылмас, – деп күліп, ертіп барып, атымды, тайымды, шыққан шығымды беріп, қайтарып еді, – дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599/1.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.4; П.2; Ж.29  
30x21; 27,5x19

### Донбаста

**Аталуы.** Донбаста.

**Айтушы.** Қапаш Алтынбаев – Қарағанды облысының тұрғыны, кенші. Басқа мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Мәтінде Қапаш Алтынбаевтың 1930 жылы комсомолдың шақыруымен Қарағандыға келгені туралы айтылады. Комсомолға мүше Қапаш шахта басшысы Корней Осипович деген Қарағандыда өндірісі күшейту мақсатында маман жұмысшылар дайындайтынын айтып, 18 комсомолды 1930 жылдың тура қараша айында Донбасқа жіберіп оқытқызады. Қапаш Донбаста 1930 жылдың желтоқсанынан 1933 жылдың қарашасына забойщиктікке Внучик деген кісі үйретіп, көп тәжірибе алмасқаны, шахта астында апат болып, қалай құтқарылғандығы баяндалады.

**Басқы сөзі** (125-б.): 1930 жылы комсомолдың шақыруымен Қарағандыға келдім.

**Соңғы сөзі** (129-б.): Әйтеуір, аман-есен құтқарып алды-ау!

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1956 жылы Қарағанды облысында жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. /Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

125

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.31.  
29x20; 26.5x17

### **Дөртуыл Омар деген**

**Аталуы.** Дөртуыл Омар деген.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Әкебай Нәсілбеков. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Өр руының намысын қолдан бергісі келмейтін, сөзден қаймықпайтын дөртуыл Омар деген кісі бар екен. Сөз сайысына түсіп, қызынып алған ол қарсыласы Құлеке-Сейіттіктерге шешендік, сөз тапқандықтың жөні осы екен деп, оларды өлеңмен төпеп, бастырмалатады. Құлеке-Сейіттің Хабарасудан өте алмай, боранға ұшып өлген бір адамын, сөзіне қоса береді. Сонда Құлеке-Сейіттен бір адам: «Мықты болсаң сол асудан өзің өтіп көр» дегенде, өректіген Омар асудан өтпек болып, жолда боранға тап болып, аяғы үсіп, «Шолақ аяқ Омар» атанған. Сонда ел ағалары «Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер» деген осы болар деген екен.

**Басқы сөз** (1-б.): Бірінен бірі сөз асырмақ, әркім өз мерейін үстем кткісі, әр қайсысы өз ру-тайпаларының намысын бекіткісі...

**Соңғы сөзі** (2-б.): ...Байқап сөйлемесең өз аузыңнан шыққан сөз өзіңе пәле боп жабысатынына осы әңгіме мысал болуға тиісті, – деп Сейтқазы ақсақал әңгімесін аяқтады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914/6.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 126

Ш.142 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.16;  
28,5x20,5; 16x13,5

### Дуанбасыны сөйлетпеген кедей

**Аталуы.** Дуанбасыны сөйлетпеген кедей.

**Тапсырушысы.** Ғалымжан Мұқатов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Дуанбасы Ыбырай төре лау мініп жүреді екен. Бірде Тоқа Шоң дейтін байдікіне түседі. Шоңның Таңшолақ дейтін бас жылқышысы төренің пәуескесіне жегуге екі асау құр ат ұстатып әкелгізеді. Дуанбасы түстік жеп, тысқа шықса, поштабайлары әлгі аттарды пәуескеге жегу түгілі, басына ие бола алмай

жатыр екен. Соны көрген Ыбырай «Қазақтың өзі түгіл малы да ақымақ, тентек екен-ау» деп мысқылдайды. Бұған жауап берген жылқышы Таңшولاқтың сөзі ұтымды шығады да, Ыбырай айтарға сөз таба алмай, тосылып қалады. Бұған қатты намыстанған дуанбасы әлгі асау аттарды мінбей, пәуескесіне нөкерлерінің екі атын жектіріпті.

**Басқы сөзі (7-б.):** Ақмола дуанының бастығы Ыбырай төре Тоқа Шоң дейтін байдікіне түстенеді.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Дуанбасы Ыбырай қатты намыстанып, бірақ қарсы айтар сөз таба алмаған соң, нөкерлерінің екі атын пәуескеге жектіріп, жаңағы асау аттарды мінбей кетіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142/ 8.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 127

Ш. 142 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 26  
28,5x20,5; 16x6

### Дуанбасының батырдан қорқуы

**Аталуы.** Дуанбасының батырдан қорқуы.

**Жинаушысы.** Ғалымжан Мұқатов – журналист, шежіреші, халық мұрасын жинаушы. Ақмола облысында туып-өскен. Ол туралы өзге мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Дуанбасы Ыбырай төренің үйінде сыйлы адамдар қонақ боп отырады. Даладан үйге үрейленген бір бала жүгіріп кіріп, үсті қып-қызыл жүн, мойнында салпылдаған темірлері, найзасы бар, түйедей үлкен кісінің түсіп жатқанын айтады. Үйдегілер оны «дуана болар» деп жорамалдайды. Сол кезде Ағыбай батыр сауыт-сайманын сыртына асынып, алшаң басып, үйге кіріп келеді. Үйдегілер ұшып тұрып орын беріседі де, дуанбасы Ыбырай оны танымаған түр көрсетеді. Ағыбай батыр сонда Ыбырайға төне қарап, қанжарын суырып ап: «Осы қылығың үшін сенің қазір бүйіріңді тесіп, бүйрегіңді алсам ба екен, басыңды кесіп, табаныма салсам ба екен?» деп тұра ұмтылғанда, дуанбасы Ыбырай қорыққанынан жылап жіберіпті. Үйдегілер батырға жалынып, эзер арашалапты. Өзінің осы қылығы үшін Ыбырай батырға тұлпар мінгізіп, қамқа тон жауып, айыбын зорға жуып-шайыпты деседі.

**Басқы сөзі (4-б.):** Ақмола дуанбасыларының біреуі Ыбырай төренің үйінде Сүйіндік елінің басты адамдары түстеніп отырады.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Дуанбасы Ыбырай айыбы үшін осы жолы Ағыбайға тұлпар ат беріп, қамқа тон жауып, зорға тірі қалған деседі қарттар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.142/8.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 1094 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.28  
29x20; 22x17**Дүйсенбі туралы****Аталуы.** Дүйсенбі туралы.**Жинаушысы.** Б.Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Керей руынан шыққан Дүйсенбі деген кісі әзілқой, әңгімешілдігімен бірге адам сынайтын ерекше қабілеті болған деседі. Ол өзінің баласы Ділдәбайдың қандай адам боларын ел көзінше болжаған екен. Омар деген кісі өзінің он екі жасар баласын сынатуға алып келгенде, оның болашақта қандай адам болатынын дәп басып айтқан және айтқан сыны айнымай келгенін ел аңыз етискен. Дүйсенбі өзі науқастанып, өмірден озып бара жатқанда да, көңілін сұрай келген елді күлдіріп, әзіл айтқан әңгімелері сөз болады.**Басқы сөзі (80-б.):** Кенжекең тағы бірде бір жақтан келе жатып, бір байдың үйіне түсіп, сол үйде қоныпты.**Соңғы сөзі (83-б.):** Қайта ақылдарың болса, бәрің маған айтуларың керек емес пе? – деген екен.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылған.** 1985 жылы Қарағанды облысында жазылған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Жазулары өшіңкіреп қалған.**Қалпына келтірілуі.** Желімделіп, біріктірілмеген, тек бір бұрышынан ғана жіппен тігілген.**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1094.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

129

Ш.866 (ӘӨИ)

Б. 6; П.5; Ж. 38  
16,3x21; 14x19

### **Екі салдың бәсекесі**

**Аталуы.** Екі салдың бәсекесі.

**Айтушысы.** Жаролла Сатыбалдиев – Шымкент қаласының тұрғыны. Басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада кездеседі.

**Аннотациясы.** Он тоғызыншы ғасырдың аяғында қазіргі Жамбыл облысында бір байдың асы болып, үлкен жиын өтеді. Сонда Оңтүстік Қазақстаннан бір сал, Арқадан бір сал келген екен. Екеуінің де сән-салтанаты ерекше болады. Екі жақтың жігіттерінің арасында қай жақтың сән-салтанаты артықтығы жөнінде талас туады. Екі сал ертеңінде адам баласы кимеген киім киіп, адам баласы мінбеген ат мініп келуге келіседі.

Уәде бойынша алғашқы болып оңтүстіктің салы келеді. Астында төрт аяғына күміс білезік салынған боз жорға арғымақ, үкілеп тастаған. Үстіндегі киімі де сәнді. Арқаның салы күміс ер тоқым ерттелген қабан шошқамен келеді. Үстіне кигені құрым киізден шапан, шалбар, қалпақ. Ел мұны көріп таң-тамаша қалды. Ел кимеген киім киіп, ел мінбеген шошқа мінген Арқаның салы жеңіп кетіпті.

**Басқы сөзі** (98-б.): Жамбыл облысында XIX ғасырдың аяқ кезінде бір байдың асы болып, үлкен жиын болған екен.

**Соңғы сөзі** (99-б.): Ал мынандай құрым киізден киім киіп, шошқа мінген адам баласы жоқ шығар деп Арқаның салы жеңіп кетіпті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы Павлодар қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 130

Ш.432 (ӘӨИ)

Б.3; П.4; Ж.27.  
20,5x29; 15x23

### Екібастұзда

**Аталуы.** Екібастұзда.

**Айтушы.** Адамқайыр Қойтасбаев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Туындыда 1916 жылы Спасск зауытында жұмыс істеген жұмысшының бастан кешкен әңгімесі айтылады. 19 бен 31 жас аралығындағы ер азаматтарды әскерге алу туралы бұйрыққа қарсы шыққан елдің топ-топ болып жиналып, билікке қарсы шығады. Қарағанды және Спасск зауытының жұмысшылары қашып, Амангелді отрядына қосылды. Сол кездегі Мәңкі баласы Лияс, Жүсіпбаласы Уәли, Нұранов Қуаныш деген

жұмысшылардың өмірі, көрген қиындықтары мен азаптары суреттеледі.

**Басқы сөзі** (108-б.): 1916 жыл еді.

**Соңғы сөзі** (110-б.): Мұндай құрметке бөлену Қарағандының ағылшын капиталисттері билеп тұрған замандағы шахтерлердің өңі түгіл, түсіне де кірген жоқ.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1936 жылы мамырда Қарағандыда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары /Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 131

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.28  
29x21; 23x16,5

### Екінің бірі

**Аталуы.** Екінің бірі.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қодар деген кедей жігіт мандайына біткен екі атын қыстай мініп, отын-су тасып, көктем шыға Қарабай есімді байдың жылқысына әкеп қосады, жаз жайлауда семіріп қайтсын деп. Қарабай жайлауға барған

соң екі аттың бірін жылқышысына мінгізіп, бірін семіргенде күзде сойып алады. Қодар атын алуға келсе, бір аты жоқ, бір аты жылқышының астында ыңыршағы шығып ырсиып тұрғанын көреді. Бай бір атының өліп қалғанын айтады. Сонда Қодар байға естірте, қалған арық атын қамшының астына алып, атқа сөйлеген болып, жарлының жалғыз атын жеген байды әбден балағаттайды.

**Басқы сөзі** (94-бет): Қодар деген сіңірі шыққан қу кедейдің маңдайында екі аты бар екен.

**Соңғы сөзі** (95-бет): Жарлының жалғызын көрген Қарынбай ма?

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Белгісіз.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Бірақ ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Папкасы.** Қ. 1126 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** «Ұран» газеті (11.09.1992.); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

132

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.16  
20x17; 16x14

**Ел аузынан**

**Аталуы.** Ел аузынан.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ерте кезде Кеңесбай деген кісі сүтке бөктірілген тарыны жақсы көрсе керек. Әйелі тары дайындап, төргі үйде жатқан күйеуіне қасықсыз беріп жібереді. Қасықты күтіп шыдамы таусылған Кеңесбай тарыны есіктегі тазысының алдына қоя салады. Мұны көрген әйеліне: «Қасығы бар құр қалмас, тазыға бұйырған екен» депті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ертерек кезде Кеңесбай деген кісі болыпты.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Қасығы бар құр қалмас. Тазыға бұйырған шығар, – депті Кеңесбай.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне, көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1122, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті.– 22.09.1973; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

### 133

Ш.910/2 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.28  
29x20; 15,5x18,5

### Елқонды сөзі

**Аталуы.** Елқонды сөзі.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Тілеужанов.

**Аннотациясы.** Ахмет правитель – Кенесары, Наурызбай ұрпағы, «төре тұқымы» екен. Ол қазіргі Қостанай облысы, Федоров территориялық управлениесінің орталығы Федоровка селосында тұрған. Ахмет правитель Қарабалықтан тарайтын Қоңыр елінің Бөлебек деген ер көңілді, ұры, батыр жігітін ұстатып, өз үйінің босағасына байлатып қояды. Оның себебі Бөлебек төреге қарсы екен. Бөлебекті босатуды өтінген кісілердің арызын төре аяқ асты ете береді. Бөлебек аулына көршілес Тумеке-Әлімбет Елқонды деген бір көзі соқыр қарт екі соқыр кісіні қасына ертіп алып Ахмет правительге барып, Бөлебекті босатуды өтінеді. Елқонды кезінде сөзі сыйлы, беделді азамат болған. Ахмет правитель Бөлебекті босатпайтынын кесіп айтады. Оның сөзге тоқтамасына көзі жеткен Елқонды «Ай, қалқам, Бөлебек! Қаншама жерден екі жарымжан арып-ашып, сені сұрай келіп отырмыз. Төре сөзімізді сыйламады, өзімізді сыйламады, сөзімізді тыңдамады. Екеуара бір көз бар, тәңірі атқанға не сөз бар! Шұбарда бір қатын буаз шығар, ұл туса, атын Бөлебек қоямыз тағы!» деп, төренің төрін қамшымен осып-осып жібереді де кете береді. Осы сөздерден соң, төренің тыныштығы кетіп, әлгі кісілерді қайта шақырып, тілегін орындапты.

**Басқы сөзі (72-б.):** Қазіргі Қостанай облысы, Федоров территориялық управлениесінің орталығы Федоровка селосында Ахмет правитель тұрған.

**Соңғы сөзі (72-б.):** Ойпырмай, әлгі кісінің мазасы қалай қатты еді, айтқан сөздері тыныштығымды алып барады, шақыршы, тілегін берейін, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін машинкаға терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жылы қорға тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

134

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.31  
20,5X29 ; 15X23,

### Ердің сыры

**Аталуы.** Ердің сыры.

**Айтушысы.** Мағауия Рақышев – карт кенші, зейнеткер.

**Жинаушысы.** Ғалымбек Нәдіров – 1936 жылы «Советтік Қарағанды» газетінің редакторының орынбасары қызметін атқарған.

**Аннотациясы.** Осы күнгі Қарағандыдағы бірінші шахтаның орнын сол кезде қазақтар «Қызыл шахта» деп атайтын болды. Соған келіп жұмысқа түстік. Еңбекке мойын сұнған кісіге жұмыстың ауырлығы сөз болып па? Нелер қиыншылыққа шыдадық. Бірақ, тұрмыстың жамандығы, жоқшылық, әсіресе адамның адамға айуандық қатынасы – міне, бұл денеге басылған таңба болды... », – дейді айтушы.

**Басқы сөзі** (96-б.):...1914 жылдың жаңылмасам, ғыйнуар кезі болу керек.

**Соңғы сөзі** (96-б.): Тапқан табысың тамағыңа да жетпейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1936 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Бір бетке қарасөзбен жазылған.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әнгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы,1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әнгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

### 135

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.4; П.3; Ж.25  
30x21,5; 26x18

### Ереймен көтерілісі

**Аталуы.** Ереймен көтерілісі.

**Жинаушы.** Қ. Сүлейменов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** 1916 жыл патша жарлығын естігеннен кейін Ереймендегі еңбекші халық бірнеше мың болып жиналып, Жанмолда батыр мен Бала Сыздық қол бастайды. Қазан айында Тайбай ауылында Кеңасу деген жерде соғыс болады. Екінші рет Ереймен тауының батысында тағы шайқас өтеді. Елдің аман қалуы үшін Жиделібайсынға не Қытайға кетуді ойластыра бастайды. Осы кездегі елдің өте ауыр жағдайы, көрген қиындықтары мен бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Ел ішінен жиналған қазақ сарбаздарының орыс солдаттарына соққы беруі, жалпы Ереймен халқының бас көтеруі баяндалады.

**Басқы сөз** (146-б.): Jurttyń sany buryńgydan kóbeidi.

**Соңғы сөз** (150-б.): Qysqasy 1916 jyly Ereimendegi eńbekshi halyq úshin aýyrtпalyq óte kúshti boldy.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына латын әрпінде қара сиямен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен (қолмен) беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып, ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.1022.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 136

Ш.1038 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.44  
21x30; 15x25

### Есбалақтың есерсоғы

**Аталуы.** Есбалақтың есерсоғы.

**Жинаушысы.** Қапан Қарпықбаев. Ол туралы мәлімет 114-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Қ.Қарпықбаев.

**Аннотациясы.** Есбалақ елінде Есіркеп деген есер адам болыпты. Өзі қырыққа келгенде эзер үйленген көрінеді. Есіркеп үйінде отырып алып ойымен байып, күшінеді екен. Қауқиған бойына мақтанып, оспадарланып елге сөз бермей лепіретін көрінеді, өзі ішегіне ши жүгірмейтін арам және дүниеқоңыз адам болса керек. Сол

Есіркеп көкек айының ішінде жәрмеңкеге барып, саудасаттық жасамақ болып, шана жасауға кіріседі. Шананың бір табанын шауып болып, насыбай атып дем алмақ болып, қасында жатқан без қайыңға барып отырады. Жанына зарығып көрген бикесі еркелей басып келіп, жайғасады. Ол күйеуінің шеберлігін айтып, мақтайды. Мақтауға есірген Есіркеп әйелінің елден қалмай, көрнекті боп жүруін ойлайтынын, шананы әдемілеп жасап, оны базардағы құлынды биеге айырбастайтынын, оның екі-үш жылда үйірлі жылқы болатынын айтып, күпініпті. Бикесі үйірдегі айғырды арбаға жектіріп, төркініне барып-келіп тұрар едім деп қиялдапты. Есіркеп «Әкеңнің басы, барып-келіп тұрасың. Күллі биені қысыр қалдырып малға ие болып жүрген айғырды саған жегіп беріп қоямын, ә!» деп әйелінің маңдайынан салып қалыпты. Әйелі де бір нәзік адам болса керек, мұрттай ұшып құлап түсіпті де, жан тәсілім етіпті. Есіркеп әйелінің серейіп қалғанын көріп, жер бауырлай құлап, зар еңірепті. Қасынан өткен адамдар оның не істеп жатқанын түсінбей, бірінен-бірі сұрапты. Білетіндері «Есбалақ елінің есерсоғының бірі еді. Есерлігі ұстап жатыр» деп жауап беріпті.

**Басқы сөзі** (65-б.): Қырыққа келгенде алғашқы махаббаты гүлденіп, шешек атып, қауызынан жарылып шығып, бағы жанбай отырған бір сұлуға қолы эзер жеткен Есіркеп деген бір есер адам болыпты.

**Соңғы сөзі** (66-б.): Есбалақтың есерсоғы деген әңгіме осыдан қалыпты.

**Қашан, қайда жазылған.** Белгісіз.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның жазуы өше бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1038.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова

(жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

137

Ш.866 (ӘӨИ)

Б. 3; П.2; Ж. 37  
20x16; 19x15

### Есенаман

**Аталуы.** Есенаман.

**Тапсырушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Елді қулыққа баулыған Шығыс Қазақстанда Өтеміс деген ел қу тілді, сықақшыл болған атақты қу Жауыр деген кісі екен. Әңгімеде осы қу ауыз Жауырды Найманның матай руындағы Есенаман деген кісі сөзден жеңіп, қапы қалдырады.

**Басқы сөз (47-б.):** Шығыс Қазақстанда Өтеміс деген ел қу тілді, сықақшыл болған.

**Соңғы сөзі (47-б.):** Ел жігіті атының басын бұрып тартып отырыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Семей қаласы, 18 мамыр, 1977 жылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.4; П.2; Ж.65  
16x22,5; 19,4x13,5**Есенбай ақын мен Ақан сері****Аталуы.** Есенбай ақын мен Ақан сері.**Айтушысы.** Жылқыбай Амалдықұлы – бұрынғы Көкшетау уезінің тұрғыны. Басқа мәлімет кездеспеді.**Жинаушысы.** Мұқаш Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.**Тапсырушы.** Мұқаш Мәжікеев.**Аннотациясы.** Шұңғырша ауылына «Ақан сері қайтыс болды» деген хабар жетеді. Бұл хабарды естіген ақын Есенбай қарт қатты қайғырып, елдің игі жақсыларымен бірге көңіл айтуға Ақанның ауылына барады. Кейін бір үлкен жиында Есенбай қарт Ақан серіні еске алып, оның адамгершілік, тапқырлық қасиеттері жайлы, шешендігі, ойын-сауықтың ұйытқысы екендігі және діни дәстүр қағидаларын, ислам тарихын жақсы меңгергендігі жайында біраз әңгіме айтады.**Басқы сөзі (77-б.):** ... 1913 жыл. Сол бір ауыл Шұңғыршаға «Ақан сері қайтыс болды» деген хабар келді.**Соңғы сөзі (80-б.):** Ақанның жанымызда тұрып айтқан бұл сөздерін табанда жаттап ала алмадық.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбаның мұқабасы қатты картонмен қапталып, сырты жұқа ақ қағазбен тысталған.**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.828.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

139

Ш. 849 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.12  
20x18; 10x15

### Есмағамбет пен Аппаз

**Аталуы.** Есмағамбет пен Аппаз.

**Жинаушысы.** Ғұлама Себепов (1886-1957) – Қызылорда облысы, Тереңөзен ауданының тумасы. Алғаш мұғалім, кейін Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып қызмет істеген. 1946-50 жылдар аралығында бірнеше рет экспедицияға шығып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған.

**Аннотациясы.** Жағалбайлы Аппаз деген адам бір күні Қыпшақ Бейіс қажыны үйіне қонаққа шақырып отырғанның үстіне Есмағамбет деген адам кіріп келеді. Мұны жақтырмаған Аппаз Есмағамбетке ел қыдырса да, елден ешнәрсе алмағанын айтып мысқылдапты. Сонда Есмағамбет «Құдай Тағала адамды үш сортпен жаратыпты» деп, бірінші сортқа Бейіс қажыны, екінші сортқа өзін, үшінші сортқа Аппазды қосып айтып, сөзден жеңіп кетіпті.

**Басқы сөзі (31-б.):** Көшпелі жаппас Аппаз бір күні қыпшақ Бейіс қажы деген дін жолында қадірлі кісіні қонаққа шақырып әкеп отырғанда.

**Соңғы сөзі (32-б.):** Бұлардың өз басына Құдай берген несібесі жоқ, – депті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1946 жылғы Көкшетау-Ақмола экспедициясы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба желімделіп, түптелген.

**Қосымша белгілері.** «Осы дәптердің ішіндегі материалдар түгел көшіріліп алып, тиісті жанрларға қосылды» деген мәлімет бар.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.849, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 140

Ш. 849 (ОҒК)

Б.3; П.2; Ж.12  
20x10; 8x15

### Есмағамбет пен Борначев

**Аталуы.** Есмағамбет пен Борначев.

**Жинаушысы.** Ғұлама Себепов. Ол туралы мәлімет 139-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Жаманқалада тұратын татар байы Борначев Тройцкіде қоныстанған башқұрт Зейнулла хазіретті қонаққа шақырып, сыйлайды. Хазіретті көреміз деп келген қазақтарды ішке кіргізбей, басқа жақтан жөнелте беріпті. Есмағамбет те хазіретке сәлем беру үшін келсе, оны да татардың малайлары кіргізбепті. Сонда Есмағамбет ойбай салып, хазіреттің жас күніндегі қадірі

жоқ, кедейлігін есіне салады. Хазірет Есмағамбетті шақырып алып, Борначевтар ұялып қалады.

**Басқы сөзі** (32-бет): Орскіде (Жаманқала) тұратын татар байы Борначев Троицкіде тұратын башқұрт Зейнулла қазіретті қонаққа шақырып...

**Соңғы сөзі** (33-бет): Дауысты үйде отырған Зейнулла танып, үйге шақыртады. Борначевтар ұялып қалады.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1946 жыл. Көкшетау-Ақмола экспедициясы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба желімделіп, түптелген.

**Қосымша белгілері.** «Осы дәптердің ішіндегі материалдар түгел көшіріліп алып, тиісті жанрларға қосылды» деген мәлімет бар.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.849, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 141

Ш. 849 (ОҒК)

Б.3; П.2; Ж.24  
20x18; 18x15

### Есмағамбет пен Дербісәлі

**Аталуы.** Есмағамбет пен Дербісәлі.

**Жинаушысы.** Ғұлама Себепов. Ол туралы мәлімет 139-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** XIX ғасырдың аяғында Жағалбайлы еліне сұлтан болған Дербісәлі деген кісі патшадан шен алып, лауазымға ие болған соң, қақпасынан адам кіргізбей, солдат қояды. Жұмысы бар ел сарылып түске дейін күтуге мәжбүр болыпты. Мұны естіген Есмағамбет деген адам әдейі ерте барып, солдаттар мылтық атса да, қарамай ішке кіріп кетіп, Дербісәліні ұйқысынан оятады. Сонда ол үйіне кіру үшін табан астында өлең айтуын бұйырады, Есмағамбет ойланбастан сұлтанды сөгіп, бір ауыз өлең айтып үйге кіреді.

**Басқы сөзі** (28-бет): Жағалбайлы елінің сұлтаны болған Дербісәлі Беркінбай патшадан шен алып...

**Соңғы сөзі** (30-бет): Жерде өлсең, сен де бірдей, мен де бірдей, – депті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1946 жыл. Көкшетау-Ақмола экспедициясы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба желімделіп, түптелген.

**Қосымша белгілері.** «Осы дәптердің ішіндегі материалдар түгел көшіріліп алып, тиісті жанрларға қосылды» деген мәлімет бар.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.849, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 849 (ОҒК)

Б.2; П.2; Ж. 17  
20x17; 12x15**Есмағамбет пен Отарбай****Аталуы.** Есмағамбет пен Отарбай.**Жинаушысы.** Себепов Ғұлама. Ол туралы мәлімет 139-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Жағалбайлы елінде Отарбай деген қажы адам бидай саудасымен айналысып, келген-кеткен қонағына мойын бұрмайтын әдет шығарыпты. Бір күні Есмағамбет Отарбайдың үйіне келіп отырса, қажы біреуге бидай сатып, біреуден бидай сатып ап қарбаласып жатыпты. Сонда Есмағамбет Отарбайдың інісінен бір-біріне ұқсамайтын үш тал бидай алдырыпты. Тамақ пісіп Отарбай үйге кіргенде, үш тал бидайға сөйлеген боп, Отарбайды қатты ұялтады. Сондан кейін Отарбай бұл әдетін түзетіпті дейді.**Басқы сөзі** (30-б.): Жағалбайлы Отарбай қажы Қондыбаев соңғы кезде бидай саудасының қызығына түсіп, келген қонақпен ісі болмайды екен.**Соңғы сөзі** (31-б.): Осыдан кейін Отарбай ұялып, өз әдетін түзетіпті.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылған.** 1946 жыл. Көкшетау-Ақмола экспедициясы кезінде жазып алған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба желімделіп, түптелген.

**Қосымша белгілері.** «Осы дәптердің ішіндегі материалдар түгел көшіріліп алып, тиісті жанрларға қосылды» деген мәлімет бар.

**Папкасы.** ОҒК:Қ.849, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 143

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б. 2; П.1; Ж. 31  
29x20; 26.5x17

## Естай

**Аталуы.** Естай.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Әкебай Нәсілбеков.

**Аннотациясы.** Естайдың қартайған шағында Маралды жеріне барып, ел арасына ән салып жүргенінде жұрт «Қорлан» әнін айтып беруін өтінген екен. Ән айтылып болғанда бір әйел үйден шығып кетеді. Бұл жайды барлап қалған қарияның бірі Естайға шығып кеткен Қорлан екенін айтқанда, ала көлеңкеде көп ішінен байқамағанына қатты қысылып, үнсіз отырып қалған екен. Кейіннен «Қартайғанымда бір ұялғаным осы шығар» деп айтып жүреді екен деседі.

**Басқы сөз (63-б.):** Естай әнші қартайғанда жолы түсіп Маралды жағына барады.

**Соңғы сөзі** (64-б.): «Қартайғанда бір ұлғаным-ай!» деп кейін өзі өкініп айтып жүріпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирил әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: 914, 6-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 144

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.28  
20,5x29; 15x23,

### Есте қалған екі оқиға

**Аталуы.** Есте қалған екі оқиға.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** 1905 жылдың бір күндері жоқшылық пен қиындықтың зардабын тартқан Успен рудиктің қазақ және орыс жұмысшыларының наразылық іс-әрекеттері әңгімеге арқау болған. Әңгімешінің әкесі бүкіл өмірін осы Успен руднигінде жұмысшылықпен өткізген адам екен. Бала күніндегі есінен кетпейтін екі оқиға туралы әңгімелейді. Біріншісі: 1905 жылдың күзі, қаңтар айының бас кезінде болған оқиға. Жоқшылық зардабын шеккен Успен шахтасының жұмысшылары бір күні жұмысқа шықпай қояды. Сол ереуілді басқарушы Топарнин дегенді Успеннен мүлде қуды.

Екінші оқиға мынау: 1909 жылы Балабек деген кісіні қазақтар «Салқара» деп атайтын. Ол үстіне үнемі ақ киім

киіп, сәнді жүретін. Бір күні сол Салқараның үстін жұмысшылар былғап кетеді. Салқара жұмысшыларды апарып абақтыға жауып тастайды. Мұны естіген жұмысшыларды ашу-ыза кернеп, ереуілге шығады.

**Басқы сөзі (72-б.):** Менің әкем Ахан Дүйсенұлы – бүкіл өмірін осы Успен руднигінде жұмысшылықпен өткізген адам.

**Соңғы сөзі (76-б.):** ...Пай-пай, өтіп бара жатқан өмір-ай десейші! Мінеки, екі өмірдің куәсі болып отырғанымыз мынау!

**Қағазы, әріп, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Екібастұздың Ақ шахтасында 1955 жылы 15 тамызда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 145

Ш. 411 (ӘӨИ)

Б. 5; П.4; Ж. 200  
20x17; 18x15

### **Етекбай мен Шорманның Мұсасының сөзі**

**Аталуы.** Етекбай мен Шорманның Мұсасының сөзі.

**Жинап, тапсырған.** Жұматай Мәдиев – көкшетаулық халық ақыны, айтыскер, халық мұрасын жинаушы. Ол 1958 жылы Көкшетау қаласында Қабиден Жаудинмен айтысып, жеңген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Қаржас Шорманұлы Мұсаның жүз жылқысын Жауар Қарауыл Етекбай бидің елі айдап кетіп, Шорманның Мұсасы қасына таңдаулы жігіттерін ертіп, Етекбайдың ауылына жылқысын даулап барғаны, соңында жүйелі сөзге жығылып, Етекбайдың бетіне қарай алмастай болып еліне жылқыларын ала алмай, құры қайтқаны сөз болады.

**Басқы сөз** (21-б.): Төңкерістен жарты ғасыр бұрын осы күнгі Павлодар облысы бұрынша Кереку еліндегі...

**Соңғы сөзі** (25-б.): Бай Мұсаның жазасын кедей Етекбай берген екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирил әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1962 жылы, Көкшетау.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Кей беттері қарындашпен түзетілген, түптелген жіптері шығып кеткен.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.411, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 146

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.1;П.1; Ж.26  
20,5x29;15x23

### **Жалау жанында айтылған ән**

**Аталуы.** Жалау жанында айтылған ән.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** 1901 жылы шамасында әкелі-балалы екі адам жұмыс іздеп Екібастұзға барады. Бірақ онда жұмыссыз босып жүрген адамдардың көп екені, далада жататыны, күз келіп суық түскенде ауыр қасіреттен күйзелген жандардың от жағалай қайғылы ән салғаны әңгімеленеді.

**Басқы сөзі** (63-б.): Менің 16-17 жастағы кезім. 1901 жылдың күзі.

**Соңғы сөзі** (64-б.): Сондайды да көргеміз.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Екібастұздың Ақ шахтасында 1955 жылы 15 тамызда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ. 432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

147

Ш.920/136 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.7  
29,5x20; 5x18

**Жалқау**

**Аталуы.** Жалқау.

**Жинаушысы.** Қыдырәлі Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде бір жалқау адамның жаяу келе жатып, екі рет сүрініп жығылады. Жығылып жатып: «Әттеген-ай, екінші рет жығыларымды білгенде, орнымнан тұрмай-ақ қояр едім-ау» – деп өкініп айтқан сөзі жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (15-б.):** Бір жалқау далада жаяу жүргенде сүрініп жығылыпты.

**Соңғы сөзі (15-б.):** Әттеген-ай, екінші рет жығыларымды білгенде, орнымнан тұрмай-ақ қояр едім-ау, – деп өкініпті.

**Мәтіннің орналасуы.** Бір бетке бір қатардан жазылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың кітапқа көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 920/136.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 148

Ш.1094 (ӘӨИ)

Б.1; П.42; Ж.34  
20x30; 16x13

### Жаманқара күйші

**Аталуы.** Жаманқара күйші.

**Жинаушысы.** Мұхаметжан Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып, өзінің кіші тоқалын күймен ұйытып, ісінен жаңылдырса, ат мінгізіп, жетегіне түйе беретінін айтады. Егер бұл шартты орындай алмаса, күйші домбыра тартуды қоятын болып келіседі. Сонымен күйші байдың үйінде отырып күйін тартқанда, нан илеп отырған тоқалдың қолы табақтан шығып жер илеп отырғанын байқайды. Сонымен амалы таусылған бай, келісімді орындаған екен.

**Басқы сөзі** (177-б.): Бір күні атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып алады.

**Соңғы сөзі** (177-б.): Ұялған бай шартты орындау үшін далаға шығып жүре берген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1985 жылы, Шымкент қаласы.

**Бетгелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.1094, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 149

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.1;П.1; Ж.11  
27,5x20,5; 9x18

### Жанақтың шұбары

**Аталуы.** Жанақтың шұбары.

**Айтушысы:** Үмбетбай Мейрамұлы

**Жинаушысы.** Ғ.Әбілқасов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Бір үлкен кісінің асы беріліп, бәйге шапқанда Жанақ есімді кісі Шұбар атын қосады. Аты озып келгенде, бір бай атқа таласады. Сөйтіп, қазыға жүгініп, Жанақ дәлелін айтып, тексеріп, атын өзі алады. Жала жапқан бай ат-шапан айыбын төлейді.

**Басқы сөзі** (21-б.): Бір ақсақалдың асы беріліп жатады.

**Соңғы сөзі** (21-б.): Билер тексере келсе, рас болып шығады. Әлгі даукес бай ат-шапан айыбын төлепті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Үлкен дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Әңгіме 1990 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, бұрынғы Бақты совхозының тұрғыны Үмбетбай Мейрамбайұлының айтуы бойынша жазып алынған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жазылған дәптер тек бір бұрышынан тігілген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 150

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.27  
20,5x29; 15x23,

### Жанатын тас

**Аталуы.** Жанатын тас.

**Аннотациясы.** Шығармада Аппақ деген кісі бір кезде қой бағып жүргенде қазіргі Қарағандыдағы ескі қаланың орнында бір түрлі қара тас тауып алады. Ол жанатын тас болып шығады. Сөйтіп, көмірдің қалай табылғаны туралы әңгімеленеді.

**Басқы сөзі** (62-б.): Қазіргі Қарағандыдағы ескі қаланың орнында қалың қараған өседі.

**Соңғы сөзі** (62-б.): Қарағандыдағы тұңғыш рет ашылған «Қаразабой» деген шахта сол Апақтың көмір тапқан жерінен ашылған дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1936 жылы мамырда Қарағанды қаласында жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Толық бір бет мәтін.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 151

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 31  
29x20; 26.5x17

### Жангөбек Омар ақын

**Аталуы.** Жангөбек Омар ақын.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Әкебай Нәсілбеков. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Үшбиік жақтағы бір байдың үйіне қонаққа Қазірет және Әріп ақындар бастаған бірнеше адам келеді. Омардың атын естіп жүрген Әріп ақын өз балаларын Омарға сынатпақшы болады. Сонда Омар Әріптің балаларын бір шумақ өлеңмен өзіне тартып тумаған, жетесіз екенін сынайды.

**Басқы сөз (2-б.):** Сіңірі шыққан жарлы кедей, диуана атанған ақын Омар Уэтаев...

**Соңғы сөзі (3-б.):** Айтқандай-ақ Әріптің балаларына ақындық өнер дарымай, өзінің жолын қуған бірде-бірі болмаған екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ:Қ.914, 6-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 152

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.37  
20x16; 19x15

### Жауыр мен Тайлак

**Аталуы.** Жауыр мен Тайлак.

**Жинап, тапсырушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Атақты қу, сөзге шешен Тайлақ деген адам болған екен. Сол Тайлақ күндердің бірінде ешкімнен сөзден жеңіліп көрмеген Жауыр деген қуды іздеп барып сынамақ болады. Жауырдың үйіне әдейі іздеп келген Тайлақ оңашада Жауырдың ұрымтал жерінен ұстап, сөзден жеңіп қайтқаны әңгімеленеді.

**Басқы сөз (48-б.):** Шығыс Қазақстанда терістаңбалы деген елде Тайлақ деген атақты қу, сөзге шешен адам болған.

**Соңғы сөзі (48-б.):** Сөйтіп, өмірінде Жауыр қуды жеңген тек Тайлақ болған екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы, 18 мамыр. Семей қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 153

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 37  
16,3x21; 14x19

## Жаяу Сары

**Аталуы.** Жаяу Сары.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Жаяу Сары атанған адам өмірі атқа мінбей жаяу жүреді екен. Бірде қыс қатты болып, қасқыр

көбейіп кетіпті. Мал отарына шыққан екі адамды он қасқыр қоршап, әрең дегенде құтылып келе жатса, алдынан қарсы Жаяу Сары кездеседі. Олар оған өздерінің қасқырдан әзер құтылып келе жатқанын айтса да, ол көнбей ауылға жүріп кетіпті. Сонда әлгілер Жаяу Сарыны қасқырлар жеп қояр деп артынан қуса, ол аяқ-аяғына тимей, қасқырларға да жеткізбей кетіпті деседі.

**Басқы сөзі** (59-б.): Шымкент облысы, Қызылқұм ауданында бір кедей адам өмірі атқа мінбей, жаяу жүреді екен.

**Соңғы сөзі** (61-б.): Ол кісі тірі, Оралда. 1946 жылы көрдік.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы, Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 154

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.4; П.3; Ж.8  
716,3x21; 14x19

### **Жегіштікпен болыс болған Байеке**

**Аталуы.** Жегіштікпен болыс болған Байеке.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тарбағатай тауының бөктерінде Қоңырбай деген бай аға сұлтанмен құда болып, құдалықта екі жақтан мешкейлерін әкеліп жарыстырады. Қай жеңілген жағы қойған шарттарын орындауға келіседі. Екі мешкейге бір ту бие, екі еркек қой сояды. Соңында Әлхан төренің мешкейі жеңіп, Қоңырбай байдан өз қалауын алғаны әңгіме болады.

**Басқы сөзі (28-б.):** Тарбағатай тауының бөктерінде қаракерей елінде Қоңырбай деген бай он бес мыңдай жылқысы бар екен.

**Соңғы сөзі (31-б.):** Өз әкем Дүйсектен естіп едім.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Торкөз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 155

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.6; П.3; Ж.38

16,3x25; 14,5x19

### Жер астындағы мырамыр тастан салынған мың үй

**Аталуы.** Жер астындағы мырамыр тастан салынған мың үй.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Сегізбай ақсақалдың жер астындағы үйге кіргені жайлы баяндалады. Бір қалыптан шыққандай бөлмелерді аралап біте алмай кері қайтады. Келер жылы үш орыс келіп кіріп, екі жүздей үйге кіріп, түбіне жете алмағанын айтып шығады. Сегізбай үйдің бір есігінен екіншісіне дейін алты шақырым, екі есіктің арасы мың үй екендігін айтқан екен.

**Басқы сөзі (8-б.):** Мен 1921 жылы құдам ауырып, көңілін сұрап барып жатқан кезде Өскемен уезіне қараған Өтеміс елінен қыстың ортасында сексен бес жастағы кәрия салт атпен күндік жерден келді.

**Соңғы сөзі (13-б.):** Шұрық деген жерде екінші аузын қазған екен, совет үкіметі ар жағынан темір есік кез болыпты деп маған хат жазды.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 156

Ш. 950 (ОҒК)

Б.1;П.1; Ж.79  
29x22; 25,5x18,5

### **Жетпіс жастағы Қажымұқанның қайраты**

**Аталуы.** Жетпіс жастағы Қажымұқанның қайраты.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** 1940 жылдары Шәуілдірде Мырзахмет Сүлейменов деген жігіттің есігінің алдында жатқан он-он бес адам жабылып, қозғалта алмаған, салмағы 30-40 пұт болатын сандықтай тасты Қажымұқан 70 жасында екі қолымен көтеріп, лақтырып жібергені әңгіме болады.

**Басқы сөзі** (1-б.): Осы күнгі Шаян аудандық партия комитетінің қызметкері Мырзахмет Сүлейменов деген жігіт 1940 жылдары Шәуілдірде отырады.

**Соңғы сөзі** (1-б.): Бұл 70 жасында істеген қайраты.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ақ қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, көк сиямен жазылған.

**Қолтаңбасы.** Ә. Қоңыратбаевтікі.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1946 жыл, Шәуілдір.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Жауапты ред. Т.Әлбеков Құраст.: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы), Н.Елесбай. – Астана: Фолиант, 2013.– Б. 432.

## 157

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П.2; Ж. 39  
16,3x21; 14x19

### **Жетісудан Семейге жарысқа барған домбырашы келіншек**

**Аталуы.** Жетісудан Семейге жарысқа барған домбырашы келіншек.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** 1910 жылдары губернатор Семей халқын демалыс күні аралға жинап, Жетісудан келген домбырашы келіншікті таныстырып, күй жарысына келгенін айтады. Келіншек өзгенің тартқан үш күйін өзі қайталап, өзінің үш күйін елге қайталап тартып беруін шарт етеді. Жарысқа шыққан баяншы, гитар ойнаушы, мандалшы, балалайка, пианино, скрипка тартушылардың бәрі домбырашы келіншектен жеңілгені әңгіме болады.

**Басқы сөзі (1-б.):** 1910-жылдары губернатор Семей халқына мынадай жарлық хабарлаған.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Келіншектің екі қолында перчатка, саусағының ұшы жезден деді.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл, Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013.– Б.440.

## 158

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б. 1. П. 1; Ж. 22  
20x16.5; 17x15

## Жиендік

**Аталуы.** Жиендік.

**Тапсырушысы.** Еркін Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** С.Бекенұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Орынбордағы оқуынан ауылына оралған Мақаш көзі көруден, құлағы естуден қалған нағашысына амандаса барып, жиендік танытып, сұрақтар қояды. Алайда нағашысы Мақашты қойған сұрақтарынан танып қойғандығы баян етіледі.

**Басқы сөзі (17-б.):** Мақаш Орынборда оқып жүрген кезінде ауылына келіп, жасы тоқсаннан асқан қарт нағашысына сәлемдеспекші болып барады.

**Соңғы сөзі (18-б.):** Жиен! Ей, осы сен Мақаш емессің бе? – депті нағашысы, оның қойған сауалынан танып қойыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1123/48-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі. Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 159

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.32  
25x23; 22x16

### Жолаушы

**Аталуы.** Жолаушы.

**Жинаушысы.** Н.Төреқұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Айтушы.** Әмірен Тәңірбергенов.

**Аннотациясы:** Әңгімеде қарны ашып алыс жолдан келе жатқан жолаушы бір үйге келіп қонақ болады. Қонақ келген үйге ауыл жігіттері де жиналып келіп бірге отырады. Бауырсақты қомағайлана жеген қонақты қағытпақ болған жігіт өзі сөзден жеңіліп қалады.

**Басқы сөзі (4-б.):** Алыстан арып-ашып кезде жатқан жолаушы ауылға тап болып, шеткергі бір үйге түсіп, қонақ болыпты.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Ол кісіне қарай ғой, егер кісі кіші болса бір молаға үштен де қояды, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға терілген, түштелмеген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1964 жылы қорға тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 160

Ш. 950 (ОҒК)

Б.2; П.3;Ж.59  
29x22; 25,5x18,5

### Жуанаяқ балуан

**Аталуы.** Жуанаяқ балуан.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинап, тапсырушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгіме атақты балуан Қажымұқан-ның әкесі жайлы айтылады. Кедейшілікпен өмір сүрген

Мұнайтпас жас кезінде талай күрестерге түсіп бәйге алғаны, оның дене бітімінің өзі ерекше үлкен болғаны, тіпті қайыңнан жасалған қар күрейтін күрегінің өзін ешкім көтере алмайтындығы, орыс байының құдыққа түсіп кеткен биесін арқанмен тартып алған қара күштің иесі екенін баяндайды.

**Басқы сөзі (21-б.):**

قاجمۇقانىنڭ ايتۇنشا، مرقى – كەنەسارنىنڭ قىرىق باتىرنىڭ ەبرى بولغان

**Соңғы сөзі (24-б.):**

جىلم جىلقى دەپ وتىرۇشى ەدى ، - دەيدى قاجمۇقان

**Қолтаңбасы.** Ә.Қоңыратбаевтың қолтаңбасы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Ақауы.** Қолжазбаның көп жерлері шимайланған. Кей беттердің ақ жолдарына жөндеп жазған жазулары бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қара сиямен, араб әрпімен сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Жазылған жылы, жері.** 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы. Шәуілдір ауданында жазылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ. 950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013.– Б.432.

161

Ш.828 (ӘӨИ)

Б.3;П.2; Ж. 27  
20x16,2; 18x14,5

**Аталуы.** Жүрекпен қарау.

**Жинаушысы.** Мұқаш Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Ахмет есімді кісі балаларының қызмет бабымен елден көшіп, Жамбыл қаласына орнығып қалады. Арада жиырма жылдан соң аталас туыстарынан екі жігіт сол өңірге жолы түсіп, қартқа сәлемдесуге үйіне іздеп барады. Ахметтің бәйбішесі келген туыстарды танымаса да,, 85 жасқа келген шалы Ахмет бірден таниды. Жігіттер Ахмет атаның ұмытпағанына таңырқағанда, ол туыстарын ешқашан жүректен шығармай жүргенін айтады.

**Басқы сөзі** (139-б.): Осы Ахмет қарт балалардың қызметіне байланысты өз елінен қашық мекендеді.

**Соңғы сөзі** (141-б.): Сонда Ахаң 85 жаста екен. Келгендер оның зеректігіне, тапқырлығына таң қалды.

**Ақауы.** Қолжазбаның мәліметтер жазылған мұқабасы жыртылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 828, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 162

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 10  
20x15; 16x9

### Жүріп кетсеңіз

**Аталуы.** Жүріп кетсеңіз.

**Жинаушысы.** Д.Қайымов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бірде Құлақай деген адамды бір атым насыбайға жұмсаған бай өзі біліп темекі де ала келмегеніне кейіпті. Арада біраз өткенде сол бай қатты науқастанып қалып, Құлақайды молдаға жұмсағанда, молдамен бірге тағы екі адамды ертіп келеді. Құлақай аяқ астынан бай қайтыс болып кетсе, қабір қазушы да керек болар деген оймен екі адамды ала келгенін айтады.

**Басқы сөзі** (1-б.): Сәлмен бай Құлақайды Бекен дейтін шалдан бір атым насыбай сұрап келуге жібереді.

**Соңғы сөзі** (1-б.): «Сақтықта қорлық жоқ» деген ғой, капелімде о дүниеге жүріп кетсеңіз, қабір қазушыға қайта барып жүрмейін дедім, – депті Құлақай.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1123, 78-дәптер.

**Библиографиясы.** «Семей таңы» газеті. – (25.08.1990); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.24  
20,5x29; 15x23**Жығылған үстіне жұдырық****Аталуы.** Жығылған үстіне жұдырық.**Жинаушысы.** Белгісіз.**Аннотациясы.** Хорбателъ деген басқарған Қарағандының «Юнский» шахтасында шанашы болып істеген Жақыбай Мақашевтың әңгімесі баяндалады. Әңгімелеуші өзінің ауыр жұмысы мен Хорбател кенішінің қожайынының қатыгездігі туралы айтады.**Басқы сөзі (71-б.):** Кейін сол Хорбателъ басқарған «Юнский» шахтасында шанашы болып істедім.**Соңғы сөзі (72-б.):** Төбелес те, жанжал да жасадық...**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.**Қашан, қайда жазылған.** Екібастұздың Ақ шахтасында 1955 жылы 15 тамызда жазылып алынған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013.– Б.432.

Ш. 130 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 31  
20x28,7; 16x24**Иманғали, Дүйсе, Әжіғали****Аталуы.** Иманғали, Дүйсе, Әжіғали.**Жинаушысы.** Фарид Ғатауов – халық мұраларын жинаушы. 1908 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Тұрлығұл ауылында дүниеге келген. Орал Педагогикалық институтының биология факультетін бітірген. 1939 жылдан бастап ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, Қолжазба қорына өткізіп отырған.**Тапсырушысы.** Ә.Омаров.**Экспедициясы.** 1957 жылғы Атырау (Гурьев) экспедициясы.**Аннотациясы.** 1914 жылдары Қамыс Самарға Әжіғали Шынтайұлы правитель, көмекшісі Иманғали Меңдыханов болады. Екеуі сиыса алмайды. Ел адамдары екеуін татуластырмақ болады. Әжіғалидың үйінде қонақ болып, қайтатын кезде Дүйсеннің разы болмағанын көрген Әжіғали қалтасынан жиырма бес сом шығарып берген екен.**Басқы сөзі** (1-б.): 1914 жылдар шамасында Қамыс Самарға правитель болып бірінші округтің адайы Әжіғали Шынтайұлы келді.**Соңғы сөзі** (2-б.): Енді кебісімді салмасаңдар да, өзім киіп барам деп кеңсеге жөнеледі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкаға басылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1957 жыл. Атырау облысы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.130.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 165

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 34  
20x30; 18x28

### Иттің баласы

**Аталуы.** Иттің баласы.

**Айтушысы.** Мұхаметқали Баймұханұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әубәкір жасы ұлғайғанда мал баққан екен. Соғыс жылдары болғандықтан ол кезде жиналыс, митинг көп өтетін болса керек. Бірде ауданнан Итбалин және Күшікбаев деген өкілдер келіп, колхозшыларды жинап, митинг өткізіпті. Митингіге Әубәкір ақсақал бірінші келіпті, кешігіп келген Бәкір одан өкілдердің кім екенін сұрапты. Сонда қу тілді Әукең әдетіне басып, қыңыр жауап берген екен дейді.

**Басқы сөзі** (64-б.): Соғыс жылдары Әубәкір жасы ұлғайған соң соғысқа бармай, мал баққан.

**Соңғы сөзі** (64-б.): Әй, Бәкір-ай, мұның бірі иттің баласы, екіншісі күшіктің баласы, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** А4 форматтағы сары қағазға көк сиямен, кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтіндер Қарағанды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазылып алынған.

**Ақауы.** Қағаздары ескіріп, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 166

Ш. 935 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 30  
28x20; 24,5x17

### **Кенженің Ағыбай асына баруы**

**Аталуы.** Кенженің Ағыбай асына баруы.

**Айтушысы.** Тәттібек Омаров – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тұрғыны.

**Жазып алған.** М.Төлегенова – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті (1990 ж.).

**Тапсырушысы.** Б.Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Балқаш көлі маңында «Ағыбайдың Тасаралы» деген жерде Ағыбай батырдың асы өтеді. Бұл асқа Кенженің ағасы Ақберген шақырылып, өзі шақырылмай қалыпты. Сонда немересі Топайды ертіп, шақырылмаса да асқа келіп, бір төбенің басында отырыпты. Ағыбайдың бәйбішесі көзі шалып, Кенжені шақыртыпты. Кенже астың бәйге, балуан күрес сияқты жарыстарын басқарып, кетерінде Ағыбай батырдың әйелі «не қалайсыз?» деп сұрағанда, Ағыбай батырдың тақиясын немересі Топайға ырымдап кигізіпті.

**Басқы сөзі (38-б.):** Кенже бірде немересі Топайды ертіп, Балқаш жақта болған Ағыбайдың асына барған екен.

**Соңғы сөзі (38-б.):** Кенже Ағыбай батырдың тақиясын ырым ғып немересі Топайға берген екен.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде көк сиялы қаламмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1990 жылы, Қарағанды қаласы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген және қызғылт түсті жіппен тігілген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.935.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

167

Ш. 642 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.36  
22x30; 16,5x21

### **Керегенің басын санайық**

**Аталуы.** Керегенің басын санайық.

**Айтушысы.** Әбдікұл Тәжиев, Орымбек ертекші, Махат Ақтайлақов –Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданының тұрғындары.

**Жинаушысы.** Н.Төреқұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Н.Төреқұлов.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Мал төлдейтін мезгілдің бір күнінде Ұлы жүздегі Досан аулының Есалы деген кісісі кеш батып қалған уақытта ешкімі жоқ иен үйге кіріп, дастарқанда тұрған етті жеп алады. Аяқастынан келіп үй иесіне білдірмеу үшін жоқ жерден әңгіме шығарып,

мәселені басқа жаққа бұрып жіберіп, үй иесіне болған жағдайды білдірітпей кеткен қулығы сөз болады.

**Басқы сөзі** (3-б.): Мал төлдеп жатқан кез болса керек.

**Соңғы сөзі** (4-б.): – Әй, қатын, аса ғой етінді, – деген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1962 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы кезінде жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.642.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 168

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.12  
20x28; 17x17

### Кернейбек пен ишан

**Аталуы.** Кернейбек пен ишан.

**Айтушысы.** Илияс Әбдуов.

**Аннотациясы.** Намаз уақыты болып, жұрт жиналып жатқанда Кернейбек деген адам да жетіпті. Кедейдің үстіндегі нашар киімін көрген ишан оған намаз оқығанда өзінің шапанын кие тұр депті. Шапанды киген Кернейбек намаз оқылып болған соң, елден бұрын тысқа шығып, атына мініп алады. Сол кезде ишан шапанын іздеп, біреуді жұмсайды. Кернейбек оған «Ишекеңе айт, егер өзі ки деп бермесе, шешіп берейін. Мұсылман адам екі сөйлемейді

гой» депті. Кернейбектің сөзін естіген ишан, шапанын қайтара сұрамапты.

**Басқы сөзі** (13-б.): Ишан жұртты намазға тұрғызып жатқанда бір шетіне Кернейбек те келіп тұрады.

**Соңғы сөзі** (13-б.): Үндемендер, шапанды сол-ақ кисін, – деп аттанып кетіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қағазға көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған:** Мәтін Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 169

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.9  
20x28; 17x7

### Кернейбектің Көпбайға айтқаны

**Аталуы.** Кернейбектің Көпбайға айтқаны.

**Айтушысы.** Смағұл Тайжанұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әлтеке Әбуғали құдасының үйіне ертіп барғандағы Кернейбектің айтқан сөзі баяндалады. Әбуғали Қуандық ішіндегі Қареке руынан шыққан Қара Көпбаймен құда болады. Көпбай ауылындағы қырыққа тарта үйдің көпшілігі дәулетті болса керек. Ал Көпбайдың өзі кішкентай кісі екен. Мұны көрген Кернейбек Көпбайдың шүйкедей кісі екеніне таңданғанын жеткізіпті.

**Басқы сөзі** (13-б.): Әлтеке Әбуғали мен Қуандық ішіндегі Қареке руынан шыққан Қара Көпбай құда болады.

**Соңғы сөзі** (13-б.): Мына қордадан Көпбай шықпағанда, мен шығам ба! – деген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтін Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 170

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 34  
20x30; 18x28

### Керуеншілер

**Аталуы.** Керуеншілер.

**Айтушысы.** Мұхаметқали Баймұханұлы.

**Аннотациясы.** Алатаудан Қызыларай маңына ұн тасыған керуеншілердің сапары туралы айтылады. Бір жолы «ақ малға» барған керуеншілер олжалы қайтып келе жатып, Алатау төңірегінде түнейді. Бұл жерге үнемі керуендер тоқтайды екен. Алатау шындары жайлы сөз болғанда, сол жерде керуеншілердің бірі Қызыларай тауының биіктігін әсірелеп, өтірік айтып, жұртты сендірген екен.

**Басқы сөзі** (65-б.): Ерте уақытта Қызыларай маңында ұн тапшы болыпты.

**Соңғы сөзі** (65-б.): Сол кезде Қызыларай тауының төбесіне шықтым да, төбедегі жұлдыздарды құрықпен сермеп қалып едім, жұлдыздар жерге саудырап түсіп жатты, – деп аңқау халықты сендірген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** А4 форматтағы сары қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтіндер Қарағанды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазып алынған.

**Ақауы.** Қағаздары ескіріп, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 171

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 28  
20x17; 14,5x15

## Керіс сөз

**Аталуы.** Керіс сөз.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ұжымдастыру кезінде ауданнан келген бір уәкіл халыққа жиын ашып, соңында кім «керіс» сөзге шығады десе, мұны түсінбеген халық үндемей отырып қалады. Сонда Қара Жүсіп жаман күпісін шешіп тастап «мен шығамын» деп шыға келіп, уәкілді балағаттай бастапты. «Жанға тиіп сөйлемесе керіс бола ма» деп,

камшысын үйіріпті. Қара Жүсіптің сырын білетін төраға әрең дегенде ара түсіп қойғызған екен.

**Басқы сөзі** (19-б.): Коллективтендіру кезі.

**Соңғы сөзі** (20-б.): Оның сырын білетін төрағасы жалынып-жалбарынып әзер дегенде қойғызған екен.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне, көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 11-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті. – (22.09.1973); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

172

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.34  
28x19; 23x22

### Китекеңнің хикаялары

**Аталуы.** Китекеңнің хикаялары.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгіме Байғанин ауданының Оймауыт совхозында тұрғыны, еңбегімен еленген, құрметке бөленген Қитық ақсақал туралы айтылады. 1948 жылы Қитық ақсақал үкімет наградасына ұсынылып, сол награданы тапсыратын аудан орталығындағы үлкен жиынға шақырылыпты. Өмірі мал соңында өткен қарттың награда алуға колхоз орталығына барғандағы аңқаулығы, өз киімін танымай, жиналысқа бара алмай қалғандығы туралы сөз болады.

**Басқы сөзі** (4-б.): Байғанин ауданының Оймауыт совхозында еңбегімен еленген, құрметке бөленген Қитық байда жалшылықта жүріпті.

**Соңғы сөзі** (5-б.): Өзінің киіп келгені қайсысы, оны біле алмай (жаратылысынан ұяң, кісінің ала жібін аттап, қиянат жасап көрмеген қарт) үй иелері келгенше үйде отырып қалып, жиналысқа қатыса алмай қалыпты деп аңыз етеді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға терілген, түптелген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1978 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/4.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 173

Ш. 910/3 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.16  
29x20; 15,5x10

### **Конь пришел, балуан упал**

**Аталуы.** Конь пришел, балуан упал.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Тілеужанов.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Қазақстанның он бес не жиырма жылдығына орай той жасалып, бұрынғыдай бәйге тігілгені, сонда келмей қалған Нұрқасымның Қарабұтақ аудандық партия комитетіне Нұрқасымның телеграмма бергені туралы айтылады. Ары қарай Нұрқасымның ауылдық банктегі ақшаның бәрін жұмсап қойғанда

облыстық банк бастығының пленумда оны сынағаны жайлы және оған Нүрекеңнің берген жауабы баяндалады.

Жиырма-отызыншы жылдары жаламен көп адам сотталып, қуғындалды. Сондай кезде дымы құрыған бір адам «Айналайын үкімет, баласың-ау, кім бұрын айтса, соған нанасың-ау», – деп айтқан көрінеді.

**Басқы сөзі (74-б.):** Қазақстанның он бес не жиырма жылдығында той жасап, бұрынғыдай бәйге тіккен.

**Соңғы сөзі (74-б.):** Соған дымы құрығанда айтқаны болса керек.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жыл.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/3.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 174

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.3; П. 3; Ж. 27  
29x21; 23x16,5

### Көздің емі

**Аталуы.** Көздің емі.

**Жинаушысы.** Ғ.Себепов. Ол туралы мәлімет 139-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ертеде Қожық деген бай, талай адамға дүре соғып, қорлық көрсеткен екен. Күндердің бір күнінде осы байдың ауылына Құрыш деген қу жігіт келіп, байдың әңгімесін естиді. Ол байдың соқыр екенін біліп, бір көзін қысып, өтірік соқыр болады да, байға келіп амандасып: «сіз де, біз де соқыр екенбіз, өз көзімізді өзіміз

ашайық» деп байды бір дөңестеу жерге ертіп барады. Ол қолына бір солқылдаған шыбықты алып, арқасын жалаңаштап ұрғызса, көзі ашылатынын айтады. Бай сеніңкіремей, оның бірінші жон арқасын жалаңаштауын айтады. Құрыш қу арқасын жалаңаштап, бай бір-екі шыбық ұрғанда «көзім ашылды» деп тұра келеді. Бұған сенген бай жотасын жалаңаштап: «Көзім ашылғанша аямай ұра бер» деп жата кетеді. Құрыш қу байды әбден сабайды. Бай көзінің ашылмағанын айтқанда, елге зұлымдық көрсеткен адамның көзі ешқашан ашылмайтынын айтып, атына мініп жүріп кетеді.

**Басқы сөзі** (44-б.): Ертеде Қожық деген бай болыпты. Ол талайларға дүре соғып, қорлық көрсетіпті.

**Соңғы сөзі** (46-б.): Зұлымдық жасаған адамның көзі өмірбақи суқаранғы болып өтпек қой, – депті де атына мініп жүріп кетіпті.

**Қолтаңбасы.** Жнаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен теріліп, беттелген.

**Қашан, қайда жазылған.** Қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Қорға 1964 жылы қорға қабылданған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Папқасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 599 (ОҒК)

Б.14; П.7; Ж.28  
30x21; 26x18**Көкбай әңгімелері****Аталуы.** Көкбай әңгімелері

**Айтушысы.** Көкбай Жанатайұлы (1861–1925) – ақын, ағартушы, Абайдың шәкірті, әрі інісі. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы Шыңғыстау бөктеріндегі Тақыр ауылында дүниеге келген. Көкбай бала кезінде хат танып, үш жылдай Төлетай молдадан дәріс алған соң, Семейдегі Қамали қазірет медресесінде, уездік училищеде оқыған. Елге келген соң үнемі Абайдың жанында болады. Абайдың «Жаз», «Күлембайға» деген өлеңдері тұңғыш Көкбай қолымен 1888-89 жылдары «Дала уалаяты газетінде» жарияланған. Ол – қаржысына медресе ашып, онда сол өңірдегі қазақ ауылдарының балаларын оқытқан ұстаз.

**Аннотациясы.** Бұл туынды да Көкбайдың Абайдың жанында жүргенде естіген, көрген-білгенін баяндалады. Абай 1880-1886 жылдары аз-аздап жазған өлеңдерін «Көкбай сөзі» деп айтып жүрген. Абайдың ақындықты «табиғат сыйы, Құдай сыйы» деп білгені, ел арасында «ақынмын» деп жүрген жігіттермен кездескенде олардың шығарған өлеңдерін айтқызып, тыңдайтыны туралы да сөз болады. Көкбай 25 жыл жолдас болғанда ақынның өзі байқаған қасиеттері туралы да айтады. Абай біреу өзіне келсе, бірден шаруасын сұрайды екен, сол арада шаруасын бітіріп беріп, содан кейін өз әңгімесіне кіріседі екен. Қысты күні өзі оқыған орыс романдарын ертек секілді

айналасындағыларға әңгімелеп беретін көрінеді. Тыңдаушылардың арасында Баймағамбет бұл романдарды тез ұғып, жаттап алатын болған. Оны Абай қайталап айтқызып, қатесі болса түзетіп, кейін Баймағамбет оларды жұртқа әңгімелеп береді екен. Абайдың дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ойындарға көп көңіл бөлетіні, бір сиезде Көкбай мен Әріп деген ақын жігіттің айтысын тыңдағаны, Еуропа ғалымдарының пәлсапа кітаптарын қалай оқитыны, жұртқа өсиет-нақылын қалай жеткізетіні туралы да сөз болады.

**Басқы сөзі** (34-б.): 1880 жылдан бастап 1886 жылдарға шейін Абай әр кезде аз-аздап өлең жазып жүрді.

**Соңғы сөзі** (47-б.): Бірақ мұның бірде-бірін де Абайдың өз аузынан есіткеніміз жоқ, – дейді Көкбай.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Көкбай Жанатайұлының айтуы бойынша жазып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 1124 (ӘӨИ)

Б. 3; П. 2; Ж. 23  
17x20,5; 16x19**Көкбайдың кейпі****Аталуы.** Көкбайдың кейпі.**Айтушысы.** Ы.Нағыманов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов.**Аннотациясы.** Абай Ералы мен Көкбайға өзінің көрген-білгенін үйретіп жүру үшін қандай жиын болса да қалдырмай ертіп жүреді екен. Сондай даулы жиындардың бірінде Абай Көкбайдың жаза басқанын бетіне басып, жөнге салған екен.**Басқы сөзі (16-б.):** Абай би болып, ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымталықты ақиқаттылықпен шешіп жүрген кезі екен.**Соңғы сөзі (18-б.):** Болмасын ешқандай өкпе депті.**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме мәтіні әр бетке бір қатардан орналастырылған.**Қағазы, әріп-сиясы.** Жолды қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1124.**Библиографиясы.** «Қызыл ту газеті». – 15 қараша, 1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

Ш.828 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж. 15  
19x30; 16,5x20**Көп жасағандықтың құпия сыры****Аталуы.** Көп жасағандықтың құпия сыры.**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Өтеген атты бір қарттың қайратын қалай сақтағаны және ұзақ өмір сүрудегі құпия сыры туралы Тышқанбайұлы Тасым айтып берген екен. Тасым – естігенін ұмытпайтын, оқиғаны түсінікті тілмен, жүйелеп баяндайтын адам болса керек.

Сарарқаның сары белінде мекендеген елдердің бірінде бір адамның Мәлике атты қызы болыпты. Үлкен жиындарда ат үстінде айқасатын аударыспақ, көкпар, сайыс, қыз қуу сияқты бәсекелі ойындарда ол қыз нелер әлеуетті жігіттерге жеңдірмепті. Өз күшіне әбден сенген, жиырма үш жастағы Мәлике кімде-кім өзін ат үстінен аударып алса, ол қандай адам болса да, соған тиетінін айтып, жар салыпты. Даңқты арудан күшін асырып, оны өзіне бағындыруды, демек жар етуді көздеген қарулы жігіттер бәсекеде сәтсіздікке ұшырап, жеңіліп қала береді. Осыны естіген, тоқсан үш жастағы Өтеген қарт, небір жігіттердің бір қыздың қайратына төтеп бере алмағанына намыстанып, Мәликемен бәсекеге өзі түседі. Әп-сәтте қызды ат үстінен жұлып алып, марқа қозыдай алдына бөктеріп ала жөнеледі. Мәлике уәдесінде тұрып, өзінен жетпіс жас үлкен қартқа қосылады. Бір жылдан кейін жүкті болады. Ер бала дүниеге келеді. Осы кезде ел арасында пыш-пыштаған өсек тарайды. Бұл өсекке Мәлике

өзі тойтарыс береді. Өтекең соншалықты көп жасаса да, оның нәпсілік қуатының кемімегенін айтып, кейде ғана болмаса, түнді бос өткізбегенін, нәпсі тілегі өзінікінен де күшті екенін айтады. Содан кейін өсек тиылып, баланың Өтеген қарттың кіндігінен екеніне күмән қалмайды. Мәлике замандастарымен сырласқанда, Өтекеңмен ең алғаш кездескенде-ақ оның өзіне өмірлік серік бола алатындығына сенгендігін айтады екен. Ал Өтекең көп жасауының сырын өмірінде ішімдік ішпегенімен, шылым шекпегенімен, насыбай атпағанымен байланыстыра түсіндіреді екен. Сондай-ақ жалаңаяқ жүрмегенін, өзінің әйелінен басқа әйелге жақындаспағанын, қандай жағдай болса да ешнәрсеге ренжімегенін, әрдайым сергек болғанын айтып, ұзақ жасауға осылардың барлығының себеп болғанын айтқан екен.

**Басқы сөзі (55-б.):** Тышқанбайұлы Тасым – әңгімешіл, естігенін ұмытпайтын, әр оқиғаны жүйе-жүйесімен, түсінікті де қызықты етіп айтатын тілуар адам еді.

**Соңғы сөзі (58-б.):** Қандай жағдайда болса да ешнәрсеге ренжімедім, әрдайым көңілді, сергек болдым.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 37  
16,3x21; 14x19**Көп сақау****Аталуы.** Көп сақау.**Жинаушысы.** Ғали Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Он шақтыты түтіні бар бір ауылдың адамдары «р» әрпіне тілдері келмейтін сақау және өте күлкіші екен. Күлкілерін тоқтата алмай үй-жай, қора, шөптері де өртеніп кетіпті. Көшетін кезде күлкі басталса, ол күні көше алмай қонып қалады екен. Тіпті бір әйелдің етегі өртенгенде күйеуі күлкісін тыя алмай, әйелі көз алдында өртеніп кеткен екен.**Басқы сөзі** (61-б.): Дүниеде неше түрлі адамдар болады ғой.**Соңғы сөзі** (62-б.): Өшіріп алуға күлкіден шамасы келмей, күйеуі көрінер көзге әйелінен айрылып қалған екен.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.20  
30x20,5; 14x17**Көр де көр****Аталуы.** Көр де көр.**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Ығы-жығы базардың ортасында біреу жар салып түйесін мақтап тұрады. «Өзі нардай түйе, өзі жардай түйе», – деп сарнайды әлгі сатушы. Сатып алушының бірі ұнатады да, ақшасын төлеп, нарды жетелеп кете береді. Жолда ауылдастары оған: «Батыр-ау түйең соқыр екен»,– депті. Қараса нардың шынымен-ақ бір көзі жоқ екен. «Қап, мына сатушының мені алдағаны-ай, ә!» – деп түйе алушы ашуланып, қайта базарға келеді. «Отағасы, соқыр түйенді алдап сатқаның қалай?» – дейді түйенің иесіне. «Атай көрмеңіз»,– дейді түйе сатушы. «Мен ешқашан алдағаным жоқ. Мен сізге шаршы базардың ішінде айғайлап тұрып: «Өзін көр, көзін көр, бір көзі көр де көр»,–деп айтпадым ба. Аңқау алушы бағанағы тақпақ, ойнақы, сырлы сөздің мағынасын ұқпағанына санын бір соғып: «Бұйырғаны осы болған шығар» – деп жүріп кетіпті.**Басқы сөзі** (89-б.): Ығы-жығы базардың ортасында біреу жар салып түйесін мақтап тұрады.**Соңғы сөзі** (90-б.): «Бұйырғаны осы болған шығар» деп жүріп кетеді.**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде кара сиямен машинкаға басылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 180

Ш.142(ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.17

28,5x20,5; 25x16

### **Көрмеген көлде естілмеген қаздың дауысы бар**

**Аталуы.** Көрмеген көлде естілмеген қаздың дауысы бар.

**Жинаушысы.** Ғ.Мұқатов. Ол туралы мәлімет 145-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Ш.Дүйсекеев. Ол туралы мәлімет кездеспейді

**Аннотациясы.** Үш жыл ел аралап, саяхаттаған Қазан татарларының бірі Қазақстанға да келіпті дейді. Еліне оралған соң, жерлестеріне көрген-білгенін баяндапты. Саяхатшы татар сонда қырғыздардың (қазақтардың) бие сауатынын, қымызды қалай ашытатынын айтқан екен. Тегі қазандықтар көнекпен бие сауу, сабаға қымыз ашыту түгіл, ат пен биенің қайсысы сауын екенін де білмейтін болса керек. Саяхатшы айтқан «кереметтерге» олар да таң қалысыпты.

**Басқы сөзі** (1-б.): Ертеде Қазан татарларының біреуі дүниені саяхаттауға шығыпты-мыс.

**Соңғы сөзі** (1-б.): «Көрмеген көлде естілмеген қаздың даусы бар» деп біздің татар бабайларымыз осындайды айтқан ғой, – деп тараған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142, 8-дәптер

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 181

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 17  
20x17; 10x15,5

### Күтпеген жауап

**Аталуы.** Күтпеген жауап.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Құрымбайдың руына күйеу Нұрқабыл деген кісіні кіндігінен бала болмаған соң, қайын жұрты мүсіркеп, «Нүреке» деп әлпештейтін көрінеді. Осы сөзді арқаланған Нұрқабыл қайын жұртының еліне тие сөйлеп, шағып сөйлеп жүретін әдеті бар екен. Бірде әйелінің руынан бір кісі қайтыс болып, сонда: «Жаман емес, қайнағалар шетінен қырыла бастады ғой» деп сөйлеп қалады. Мұны естіген Құрымбай: «Бардың бары өледі, жоқтың өзі өледі» деп сөзден қайрып тастаған екен. Е, бардың бары өледі, жоқтың кімі өледі – өзі өледі, – депті.

**Басқы сөзі** (21-б.): Күйеудің қайын жұртпен ойнайтын әдеті ғой.

**Соңғы сөзі** (22-б.): Е, бардың бары өледі, жоқтың кімі өледі – өзі өледі, – депті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне, көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 25-дәптер.

**Библиографиясы.** Оңтүстік Қазақстан газеті. – 18.04.1991 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 182

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.4; П.2; Ж. 24  
20x16; 18x15

### Күш атасын танымас

**Аталуы.** Күш атасын танымас.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Әңгіме Балуан шолаққа қойылған «Өміріңізде неше рет жеңіп, неше рет сүріндіңіз?» деген сұрақтан басталады. Өзінің өмір жолындағы сәтті-сәтсіз кезеңдерін айта келе Балуан шолақ: «Өлімнен ұят күшті» дегенді осы жолы сезінген шығармын. Жазықсыз жанды жазалау менің бойыма бітпеген әдет болғандықтан,

қайырылып баруға дәтім шыдамады», – деп сөзін аяқтайды.

**Басқы сөз** (16-б.): Қашан да әңгімені түрлендіру үшін батырдан не шешеннен...

**Соңғы сөзі** (19-б.): Қайырылып баруға дәтім шыдамады» деген екен Балуан Шолақ.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы.

**Беттелуі.** Бет сандары қойылмаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 8-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 183

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.4; П.4; Ж.28  
30x21; 26x18

### Кісі-ақ еді!

**Аталуы.** Кісі-ақ еді!

**Жинаушы.** Ш.Асайынов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы:** 1920 жылдың басында Қарағанды ақ бандалардан мүлде тазарып, 1919 жылдан қыс айларында Қарағандының Бұқпа селосында тұрған қызылдардың қарулы отрядына арқа сүйеген жұмысшылар өздерінің өндірістік комитеттерін қайыра сайлай бастағаны айтылған.

1920 жылдың жазында Қарағандыға Гапеев деген инженердің қасында Мария дейтін әйелі мен үш-төрт көмекші кісілерімен келіп, оның қазақ даласында істеген қызметі, хикаялары айтылған.

**Басқы сөзі** (121-б.): 1920 жылдың басында Қарағанды ақ бандалардан мүлде тазарды.

**Соңғы сөзі** (124-б.): Кісі-ақ еді!

**Қағазы, әріп-сиясы.** А 4 форматтағы қағазға машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 9 мамыр, 1956 жылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздарының шеттері жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 184

Ш. 950 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.33  
29x22; 25,5x18,5

### Қажымұқанның балалық шағы

**Аталуы.** Қажымұқанның балалық шағы.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушы.** Ә.Қоңыратбаев.

**Аннотациясы.** Қажымұқан Ақмола облысы, Қоскопа деген жерде 1871 жылы туған. Отбасында әкесі Мұңайтпас, шешесі Айсары және Қажымұқан болған. Жоқшылықтың зардабын әбден тартқан Мұңайтпас Қорғалжың қамысының бойында, шым кепеде жалғыз үй отырған. Сол жерде балық аулап күнелткен. Әңгімеші Қажымұқанды алғаш рет 1883 жылдар шамасында он екі-он үш жасқа келе бастаған кезінде көрген. Ол кезде оның жуан, сырттанып, еңгезердей болып қалған күні екен. Қазақтың жиырмадағы жігітіндей болып көрінетін еді дейді. Жар деген байдың аулында жеті жасынан қолғанат бала боп жұмыс істейді. Бір жарым шелек суы бар самаурынды тасиды, тезек тереді, ат әкеледі, сиыр суғарады, қазанға от жағады. Байдың бәйбішесі де балаға жақсы қарап, тамағын беріп, киіндіреді. Кейін татар Қалипа деген байдың қолында жалшы болады. Екі жыл жұмыс істесе де бай Қажымұқанға жарытып киім бермейді. 1879 жылы орыс атаманы Скковский дегенге жұмысқа тұрады. Орыс балаға жер жыртқызып, арба айдатады, өгіз бақтырып, шөп тасытады, қора тазалатып, отын әкелдіреді. Он бір жасында, 1882 жылы Степан Кожылин дейтін байға тұрады. Мұнда ол үлкен адамның қызметін атқарады. Кейде арасында Қызылжар станциясына барып жүк тасиды. 17-18 жасқа келгенде екі шанамен шөп тасуға кетеді. Бір ат шанасын тарта алмайды. Атты бір ұрғанда өлтіріп алады. Атты шанадағы шөптің үстіне тастап, өзі 7 шақырым жерге шананы сүйреп апарады. 1888 жылдың қысынан Орынбор маңындағы Косолапов дейтін орыс-қазақ байына жалданып, сауда малын айдайды.

**Басқы сөзі (45-б.):**

قاجمۇقان 1871 جىلى اقمولا وبلىسى، قاراوتكەل دۆانى، قوسقوپا  
دەگەن جەردە تۇعان

**Соңғы сөзі** (46-б.): !اتاسنا مىڭ راحمات!

**Қолтаңбасы.** Ә.Қоңыратбаевтың қолтаңбасы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіпшен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Ақауы.** Қолжазбаның көп жерлері шимайланған. Кей беттердің ақ жолдарына жөндеп жазған жазулары бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қара сиямен, араб әрпімен сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Жазылған жылы, жері.** 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданында жазылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 185

Ш. 950 (ОҒК)

Б.38; П. 19; Ж.20  
29x22; 25,5x18,5

### Қажымұқанның балуандығы

**Аталуы.** Қажымұқанның балуандығы.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушы.** Ә.Қоңыратбаев.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Қажымұқанның 1888 жылы жалшылықтан құтылған соң, ел арасында қазақша

күреске түсіп, өзімен белдесетін адам табылмаған соң, Омскіге барғаны туралы айтылады. Онда Қажымұқан 4 күн қатарынан күресіп, цирктің барлық балуанын жыққан соң, Петербордағы балуандар мектебіне бармақ болып, жолға шығады. Ары қарай Қажымұқанның Петерборға бара жатқан жолда Қазан қаласына соққаны, онда сабан тойдағы күреске қатысып, барлық балуанды жыққаны, оның өнерін көріп, риза болған татар байлары балуанды бастан-аяқ киіндіріп, қонақ қылып, ерекше күткені жайлы баяндалады. Балуан Петерборда 6 ай оқиды, оған қажет қаржыны атақты татар миллионерлері төлеп тұрады. Кейін Одессадағы түрлі күрес мектебінде 3 ай оқып, еуропа, америка күрестерінің барлығын үйренеді. Келесі үш айда Тамбургке барып, қалған күрестің түрлерін меңгереді. Осы жолда татар байлары Қажымұқанға көп көмек жасайды. Қажымұқан 1890 жылы Киевте орыстың атақты балуаны Иван Поддубныймен танысады. Әңгімеде Қажымұқан мен Поддубныйдың достығы мен екеуінің Париж, Берлин т.б. қалаларға барып, әлемге әйгілі балуандармен күрескендері, қалай жеңіске жеткендері туралы әңгімеленеді.

**Басқы сөзі (48-б.):**

قاجمۇقان جالشالماقتان قۇتلىپ، وزىنشە جۇرە باستايدى

**Соңғы сөзі (88-б.):**

75 پۇتتىق جۇكتى ار قاسىنا سالعزىپ، تىك كوتەردى

**Қолтаңбасы.** Ә.Қоңыратбаевтың қолтаңбасы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Ақауы.** Қолжазбаның көп жерлері шимайланған. Кей беттердің ақ жолдарына жөндеп жазған жазулары бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қара сиямен, араб әрпімен сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Жазылған жылы, жері.** 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданында жазылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013.– Б.432.

## 186

Ш. 950 (ОҒК)

Б.3; П. 2; Ж.15  
29x22; 25,5x18,5

### **Қажымұқанның нағашысы – Лөк балуан жайлы**

**Аталуы.** Қажымұқанның нағашысы – Лөк балуан жайлы.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушы.** Ә.Қоңыратбаев.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Қажымұқанның нағашысы Лөк балуанның күші мен батырлығы туралы айтылады. Оның арбасы болмаса да, тоғайға барып, үлкен бір қарағайды жығып, бұтақтап, бір басын иыққа салып, сүйретіп келе берсе керек. Екі жүз малды айдап шыққанда, артынан қуған сексен бес адаммен жалғыз өзі айқасып, аман-есен құтылған кезі де болған екен. Сібірдің аязды қара түнінде Лөк жалғыз жортып жүретін көрінеді. Бір күні оны үлкендігі құнан өгіздей болатын 20-30 қасқыр қамап алады. Сонда Лөк қамшысымен ұрып жүріп, 7-8 қасқырды соғып алады. Қалған қасқыр батырдың түйе жүн

шекпенін шұрқ тесік қылса да, өзін ала алмайды. Осылайша рулы елді жейтін үйірлі қасқырдың Лөк балуанға шамалары жетпепті деседі.

**Басқы сөзі (28-б.):**

قاجمۇقاننىڭ ءوز ناعاشسى – قىيشاق، ونىڭ ئىشىندە بۇلتنىڭ لوك دەپتىن  
باتىردىڭ قىزى

**Соңғы сөзі (30-б.):** لوك وتىز قاسقىرعا ولجا سالىپتى

**Қолтаңбасы.** Ә.Қоңыратбаевтың қолтаңбасы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Ақауы.** Қолжазбаның көп жерлері шимайланған. Кей беттердің ақ жолдарына жөндеп жазған жазулары бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қара сиямен, араб әрпімен сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Жазылған жылы, жері.** 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданында жазылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

187

Ш. 950 (ОҒК)

Б.16; П.8; Ж.19  
29x22; 25,5x18,5

**Қажымұқанның отансүйгіштігі**

**Аталуы.** Қажымұқанның отансүйгіштігі.

**Айтушысы.** Қ.Мұнайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әуелбек Қоңыратбаев 1945 жылы Шәуілдір ауданындағы Қажымұқанның ауылына барып, әңгімелеседі, балуанның Ұлы Отан соғысы кезіндегі істері жөнінде сұрастырады. Сонда естіген әңгімесі мынау екен.

Соғыс басталып, ел басына күн туғанда Қажымұқан да қарап жатуды ар көріп, танк соғуға қажет ақша табу үшін ел аралап, өнер көрсетпек болады. Атты арбаның үстіне киізден шатыр орнатып, әйелін, бір жасар Айдарханды қасына алып, Арыс, Шаян, Сайрам, Леңгір, Шымкент, Қаратас аудандарын аралап, жұртқа ойын көрсетеді. Төсіне үш пұттық тас қойғызып, балғамен ұрғызады. Білектей темірді мойнына орап жіберіп, галстук етіп қамырдай илейді. Бақандай жуан темірлерді жуан белге салып, бүктеп-бүктеп белбеу қылып, үстінен ат арба, машина өткізеді. Қай ауылға барса да, жетідегі баладан жетпістегі кемпір-шалға дейін соңына еріп жүреді.

Ел аралап жиналған ақшаны үлкен екі қапқа салып, Шымкентке апарып, Қажымұқан батырдың атынан бір танк соғылатын болсын деп облыс басшыларына тапсырады. Сталинге Қажымұқанның атынан «Танк қорына жүз мың сом ақша жіберемін» деген телеграмма салынады. Көп ұзамай Қажымұқанға Сталиннің атынан алғыс айтқан телеграмма келеді.

**Басқы сөзі (116-б.):**

1945 جىلى مەن ەشاۋىلدىر اۋدانىندا عى قاجىمۇقانىنىڭ اۋىلىنا باردىم

**Соңғы сөзі (134-б.):**

مىندەشە، سىزدىڭكى ومىرىڭىزدىڭكى دە، ەگبەگىڭىزدىڭكى دە بوس كەتپەگەنى،  
قۇانسىڭىز، وسىعان قۇان! – دەدىم مەن

**Қағазы, әріп, сиясы.** Қара сиямен араб әрпінде сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1946 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

188

Ш. 950 (ОҒК)

Б.13; П.7; Ж.18

29x22; 25,5x18,5

### Қажымұқанның серілігі

**Аталуы.** Қажымұқанның серілігі.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Серілікпен жүрген Қажымұқан поляк қызы Надежда Николаевна Шаткова деген балуан әйелге 1907 жылы Петерборда үйленген. Кім жықса, жығылған кісі соның дініне кіреді деген шартпен Қажымұқан бұл әйелмен үш сағат күреседі. Әйел жеңіліп, қазақша киім киіп, «Фатима» деген атты алып, мұсылман дінін қабылдайды. Одан 1909 жылы Халиолла деген ұл туады. Фатима өлген соң 1920 жылы Қажымұқан Бұлтыңның қызы Ырыстыға үйленген. Бұдан үш қыз, үш ұл көрген, екі ұл бұрынырақ өліп, қалғаны Омбыда Халиолланың қолында болады. Ырысты өлген соң, 1938 жылы Қажымұқан Шәуілдір ауданы, Шілік жеріндегі інісінің

әйелі Мінәйға үйленеді, одан 1940 жылы Айдархан атты ұл туады. 1946 жылы Шаян ауданынан Айшагүл дейтін жас әйел алған. Сарыарқаға даңқы жайылған атақты әнші Майра Қажымұқанның серілік өміріне үлкен із қалдырған. Қажымұқан 1912 жылдар шамасында Керекуде Қоянды жәрмеңкесінде Майрамен кездесіп, танысады. Мұнан соң онымен он үш жыл өмір сүрген, мұны Семей, Кереку елі тегіс білген.

Жұрт Қажымұқанды «қара күш иесі» деп қана ойлаған, бірақ балуан қазақтың қара сөзіне, әзілге ұста болған. Ары қарай қолжазбада Қажымұқанның қой сойып, ауылдастарын қонаққа шақырып, егістігі мен қауындығына су бермей қойған мұрапқа қарата өлең айтқаны баяндалады. Мұнан соң, ауыл мен аудан басшылары үйіне келгенде базынасын өлеңмен жеткізгені айтылады.

**Басқы сөзі (102-б.):**

قاجمۇقان وتزدىڭ تاۋرنا كەلگەندە، بىرىدە 1907 جىلى عانا ۋىلەنگەن

**Соңғы сөзі (115-б.):**

مىناۋ، سويسىڭىز، مىنائى ساۋىپ نىشىڭىز! – دەدى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Қара сиямен араб әрпінде сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1946 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Папқасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

Ш. 950 (ОҒК)

Б.10; П.6; Ж.19  
29x22; 25,5x18,5

### Қажымұқанның тұлғасы

**Аталуы.** Қажымұқанның тұлғасы.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тұлғасы жұрттан ерекше болған Қажымұқан Қараөткелдегі Қоянды жәрмеңкесіне барғанда, оның соңынан мыңдаған адам еріп жүрген екен. 1909 жылы Омбы музейі Қажымұқанның сүйегін сатып алуға шарт жасамақшы болыпты, бірақ балуан келісім бермеген көрінеді.

Шәуілдір ауданындағы үйіне 1946 жылы Әуелбек Қоңыратбаев барып жетпіс бес жастағы Қажымұқанның дене құрылысын өлшеген: оның салмағы – 174 кило, бойы 190 см болса, мойны – 56 см, аяқкімі 54-өлшем болған екен. Тістері түскен Қажымұқан көбінде айран, қымыз ішіп, нанды айранға малшып бітеу жұтатын болған. Үлкен әйелі Мінәй бабын жасап, ет асса, әбден пісіреді екен. Батыр мал сойғанда бір кило құйрық, 4-5 кило етті жылдам жеп қойған, үлкен табақ ет 3-4 рет қол салғанда таусылып қалса керек. Жасында тамақты өте көп жеген Қажымұқан кісі үйіне барғанда тамақты сұғынып жемейді. Денесі тым ауыр Қажымұқан жаяу жүруден қалып, жай ерттеулі ат көтере алмайтын болған соң, үлкен ат жегіп, ылғи арбаға мінген. Оның етігінің қонышына он бес жасар бала еркін сыйса, шалбарының екі балағына үлкен екі сандық сыйып кеткен көрінеді.

Қажымұқан Мәшһүр Жүсіпті, Иманжүсіптің батырлығын, Балуан Шолақтың балуандығын, Майраның өнері

мен мінезін айтып отырады екен. Бір жылы Қажымұқан Омбыға бара жатып, Ақмолаға келіп түскенде, жатқан үйіне Балуан Шолақ келіп, ертеңіне ауылына шақырып, бір құлын сойып, қонақ қылған екен. Қажымұқан да Балуан Шолақты ерекше құрметтеп, қатты сыйлаған деседі.

**Басқы сөзі (92-б.):**

قاجمۇقان قايدا جۇرسە دە ونىڭ سوگننان «كورەمنز!» دەۋشلىرىدىڭ  
ءوزى ءبىر قورا جان بولادى

**Соңғы сөзі (101-б.):**

قاجمۇقان بالۋان شولاقتى اعا تۇتىپ، قاتتى سىيلاعان

**Қағазы, әріп, сиясы.** Қара сиямен араб әрпінде сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1946 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

190

Ш. 950 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж.17  
29x22; 25,5x18,5

## **Қажымұқанның Шарлақтан Омбыға баруы жайлы**

**Аталуы.** Қажымұқанның Шарлақтан Омбыға баруы жайлы.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Ә.Қоңыратбаев.

**Аннотациясы:** Ақтармен соғыс аяқталып, Қазақ өкіметі құрылғаннан кейін Қажымұқан Солтүстік Қазақстанның Шарлақ уезінде тұрған. Қыс түсіп, күнкөріс қамы тіптен қиындап кеткен соң, Қажымұқан Шарлақ қаласына көшіп келеді. Келу себебі Шарлақтан 110 шақырым жердегі Омбы қаласына бармақшы еді. Омбыға тура баруға қаражаты жетпей, Шарлақтағы азаматтардан бір жәрдем бола ма деп, үміттенген екен. Қажымұқанның бұл ойынан хабардар болған жігіттер клубта өнерін көрсетіп, ақша жинап алсын деп, онымен күресетін балуанды – ноғай жігітін зорға табады. Ойынның алғашқы бөлімінде Қажымұқан өз өнерін көрсетеді, ал күреске кезек келгенде, екі секундқа жеткізбей әлгі ноғай жігітті жерге алып ұрады. Жұрт оның өнеріне риза болады. Ойыннан түскен қаражатқа Қажымұқан бір ат сатып алып, әйелі мен бала-шағасын шанаға мінгізіп, Омбыға кетеді. Қар қалың, күн қатты суық кез екен. Елсіз жерде көп қасқыр Қажымұқанның шанасын қамап, жалғыз атын жемекші болады, сонда Қажымұқан шананың бір ағашын суырып алып, екі қасқырды соғып алыпты. Қалған қасқырлар жөнімен кеткен соң, әлгі екі қасқырды шанасына салып алып, Омбыға жеткен көрінеді.

**Басқы сөзі (85-б.):**

اقتاردىڭ اسكەرىنەن قازاقستان جەرى تازارتىلىپ، چۆاندىق سوعس  
توقتاپ، قازاقستان وكىمەتى قۇرتىلىپ، ەل سوعستان بولعان بۇلىنىشلىكتى  
چوندەۋگە كىرىسكەن جىلدارى

**Соңғы сөзі (87-б.):** مۇنى ەبىز ارتنان مستىدىك

**Қолтаңбасы.** Ә.Қоңыратбаевтың қолтаңбасы

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қара сиямен араб әрпінде сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Жазылған жылы, жері.** 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Ақауы.** Қолжазбаның көп жерлері шимайланған. Кей беттердің ақ жолдарына жөндеп жазған жазулары бар.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 191

Ш. 910/2 (ӨӨИ)

Б.1; П.1; Ж.16  
29x19; 10x15

### Қаза қалған тарауық

**Аталуы.** Қаза қалған тарауық.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қойшыбай деген адам қартайған шағында, ауыл ақсақалдары оның жасында жасаған кателіктерін бетіне басып, ұрлық қылғанын, кісі өлтіргенін айтып, ендігі жерде Құдайға құлшылық жасап, ораза ұстап, тарауыққа баруға кеңес береді. Қойшыбай тарауыққа үш-төрт рет барады да, артынан келмей кетеді. Бір күні оған кезіккен Даяр молда тарауыққа келмей жүргенінің жайын сұрағанда, Қойшыбай әзілге сүйеп, қыңырлана жауап беріпті.

**Басқы сөзі** (73-б.): Қойшыбай қартайып келгенде ауыл қарттары: – Әй, Қойшыбай, сен жасында қылмысты көп істедің, ұры болдың кісі өлтірдің.

**Соңғы сөзі** (73-б.): Енді оны ақ жуып, арулап жерлеу керек пе, қайтеміз, молдеке? – депті Қойшыбай.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына машинкада терілген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жасыл түсті қатты қағазбен тысталып, жинақ етіп құрастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/2.

**Библиографиясы.** Ұран газеті. (11.09.1992.);  
Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер /  
Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т.,  
Салтақова Ж. – Астана: Фолиант. – 2013.– Б. 440.

## 192

Ш.914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 27  
20x30; 18x21

### Қазан қайнатқан сөз

**Аталуы.** Қазан қайнатқан сөз.

**Айтушысы.** Ағдари Оразалинов – Аякөз қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт ұстаз.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Төлеу, Уәйіс, Нысанбай ақындардың сараң бір кісінің үйінде қонақ болғаны туралы айтылады. Үй иелері қонақтарды көңілсіз қарсы алып, көжемен сыйлап, өздері қызыл іңірден жатып қалады. Үш

ақын жатарда сыртқа шығып, көрші үйдің қазандығында от лаулап жанып, тоқтының жас еті пісіп жатқанын көреді. Үшеуі үйге кіріп, шамды өшірген соң, көрші үйдің қазандығындағы оттың жарығы есіктің саңылауларынан өздері жатқан үйдің ішіне түсіп тұрғанын көреді. Бұл жай үш ақынның көңілдерін алаңдатып, ойларына түрткі, шабыттарына қозғау салады. Нысанбай бастап, Уәйіс қостап, олардың сөзін Төлеу іліп әкетіп, өлеңдетіп, үй иесінің сараңдығын бетіне басады. Үй иесі мұны естіген соң, ұялып, түн ішінде қой сойып, ақындарды қонақ етіп, кешірім сұраған екен.

**Басқы сөзі** (51-б.): Бір жолы Төлеу, Уәйіс, Нысанбай ақындар сапарлас жүріп, бір үйге қонақ болады.

**Соңғы сөзі** (51-б.): Қонақтарының бірінің сөзін бірі іліп-қағып өлеңдеткеніне құлақ түріп жатқан үй иесі бұлардың бекер адамдар еместігіне көзі жетіп, жатып қалған төсегінен тұрып, үш ақыннан кешірім сұрап, түн ішінде қой сойып, қазан асқан екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Сары түсті кеңсе қағазына машинкада терілген.

**Бетгелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қашан, қайда жазылған.** Жақыпов Сайлаубек жазып тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж. 28  
20,5x30; 16x23**Қайсымыз жақсы түс көрсек, сонымыз жейік**

**Аталуы.** Қайсымыз жақсы түс көрсек, сонымыз жейік.

**Айтушысы.** Әбдікұл Тәжиев. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Тапсырушысы.** Н.Төреқұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Үш аңшы көл жағасына құс атуға шығып, қас қарайғанда әрең бір шүрегей үйректі атып алыпты. Үшеуі құсқа таласып, ақыры жақсы түс көргені жейтін болып келісіп, ұйқыға жатыпты. Таңертең аңшының үлкені түсінде хан болғанын, екіншісі қанат бітіп аспанға ұшқанын айтыпты. Сонда үшіншісі түсінде біреуінің хан, екіншісінің аспанға ұшқанын біліп, оларға кішкене құстың керегі болмас деп, өзінің жеп қойғанын айтқан екен. Осылайша екеуі құстан құр қалыпты.

**Басқы сөзі (18-б.):** Үш аңшы көл жағасынан құс атуға шығады.

**Соңғы сөзі (19-б.):** Сонда қалған екеуі кішісінің бетіне қарап, құр тамсаныпты да қалыпты.

**Экспедициясы.** 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкада басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1964 жыл. Оңтүстік Қазақстан облысы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 194

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.15  
20,5x16,5; 16,5x13,5

### Қалжыңға түсінбегенің бе?

**Аталуы.** Қалжыңға түсінбегенің бе?

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Бесекбайдың тұзақ құрып, қырғауыл аулаған кезі айтылады. Бесекбайдың қырғауыл аулайтынын естіген Әшім молда оған өтініш айтады. Екеуі қамыс аралап, тұзаққа келсе, бір қырғауылдың қоразы түскен екен. Сонда Бесекбай Әшімге мұны Құдайдың бермегенін, оны өз еңбегімен ұстағанын айтыпты. Сол кезде қырғауыл тұзақтан босап, ұшып кетіпті. Сонда Бесекбай: «Әй, Құдай-ай, сен де бала мінезді екенсің ғой, бір ауыз қалжыңымды көтере алмағаның қалай?» депті. Әшім молда Бесекбайға мұнысының күпірлік екенін айтса, ол «Сен сияқты топас молда не біледі? Құдай екеуміздің арамызда өзара қалжыңымыз бар» деп, дес бермепті. Оның бұл сөзінен шошыған Әшім молда жауап бере алмапты.

**Басқы сөзі** (22-б.): Бесекбай бір жылы тұзақ құрып, қырғауыл алумен айналысады.

**Соңғы сөзі** (23-б.): Астафиралла! Астафиралла! – деп Әшім жағасын ұстаған күйі орнына отыра қалыпты.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 10-дәптер.

**Библиографиясы.** «Еңбек туы» газеті. – (1978 ж.)  
Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /  
Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар:  
Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана:  
Фолиант, 2013. – Б.440.

## 195

Ш. 935 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.28  
28x20; 22x17

### Қапан кедейдің тапқырлығы

**Аталуы.** Қапан кедейдің тапқырлығы.

**Жазып алған.** Б.Талжанов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Б.Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Құсайын деген болыстың Қапан кедейдің үйіне келіп, сан соғып аттанғаны туралы айтылады. Қапан ұры болса керек. Құсайын оның үйіне келісімен, «Маған арам малдың етінен ауыз тигізбе» деп ескертеді. Қапан адал малдың етімен қонақ қылуға уәде етеді. Бірақ үйдегі аты мен сиырын сойайын десе, ұрлықтан

келген мал екен. Ақыры болыстың құлагерін жайратып салып, бата сұрап табақ тартады. Ертесі болысқа өзінің атын ерттеп қояды. Болыс сонда ғана Қапанның істегенін біліп, тісін қайрап кетеді.

**Басқы сөзі** (20-б.): Құсайын деген болыс ел аралап жүріп Қапан кедейдің үйіне келеді.

**Соңғы сөзі** (20-б.): «Қап, сені ме?» деп болыс тістеніп аттанады.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Көк түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Әңгіме Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазылып алынған. 1991 жыл.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба желімделіп, біріктірілмеген, тек жіппен тігілген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.935.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

196

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 16  
20x16,5; 6x15

**Қара Жүсіп**

**Аталуы.** Қара Жүсіп.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Қолжазбада бір кездері Жалдама өзенін жайлаған Арғынның қырықмылтық деген руынан шыққан Жүсіп деген кісінің «Қара Жүсіп» атануының себебі айтылады. Ол өзі кедей болса керек, тек байларға жалданып күн кешкен көрінеді. Ел оның істеген ісінен мін тапса, қазған арығын көміп, жиған шөбін шашып кетеді екен. Сол мінезіне орай оны ел «Жынды Жүсіп», «Қара Жүсіп» атап кетіпті.

**Басқы сөзі** (18-б.): Қара Жүсіп Жалдама өзенін жайлаған Арғын руының Қырықмылтық деген атасынан шыққан.

**Соңғы сөзі** (19-б.): Осы қылығына қарап, ел оны «жынды Жүсіп» десе, түріне қарап «Қара Жүсіп» деп атап кеткен көрінеді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне қара сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 11-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті. – (22.09.1973); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

197

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 6; П.3; Ж. 38  
16,3x20,5; 14,5x19

### Қара қасқа атты қыз

**Аталуы.** Қара қасқа атты қыз.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бәйге атын сұраған інісіне бермеген Мұқан деген адам одан «кубас» деген ауыр сөз естіп, назаланып, нағашысына кетпек болып жолға шығады. Екі күн, екі түн елсіз жермен келе жатып, көп бейіттің жанында күміс ер тоқымы бар қара қасқа атты көреді. Әбден шөлдеп, ашыққан атты суғарып, отқа жібереді. Бір қабірдің жанында ес-түссіз жатқан қызды көреді. Су беріп, тамақтандырып, есін жиғызады. Сөйтсе бұл ұзатылып бара жатқан қыз екен. Жолда бір топ адам шыға келгенде, оларды жау деп ойлаған күйеуі қашырып жіберген екен. Қыз неше күн аш жүріп, ауылды таба алмай, осы бейіттердің жанына келгенде құлаған екен. Мұқан қыздың түсетін ауылын іздеп табады. Қыздың атасы мен күйеуі қуанып, дүбірлетіп той жасап, Мұқанға он алты жылқы және қыздың айтуымен қара қасқа атты береді. Мұқан өзімен шаруасы теңдес бір кісінің қызын айттырып, балалы-шағалы болған екен.

**Басқы сөзі (89-б.):** Орта жаста Мұқан деген кісінің Сүтжирен деген бәйге аты болған.

**Соңғы сөзі (94-б.):** Содан Мұқан балалы-шағалы болып мұратына жетеді.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми

түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

198

Ш.1094 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.34  
21x30; 16,5x23,8

### Қарақожа балгер

**Аталуы.** Қарақожа балгер.

**Жинаушысы.** М.Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Рүстемов.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Жәнібек батырдың немересі Мүсіреп шешеннің тапқырлығы мен шешендігі туралы баяндалады. Мүсірептің тіршілігі жұпыны, өзі қарапайым болғанымен, өте тілмар адам болса керек. Көбіне ел аралап, қайда жиын-той болса, сонда жүреді екен. Дау-жанжалды жиындарда кездесетін әділетсіздіктерді көрсе, ащы тілмен түйреп кететін көрінеді. Оның сондай сөздері ел арасына тез тарап отырған. Ертеректе Қарақожа деген бақсы сырқаттанғандардың тамырын ұстап, ауру туралы алдынала естігенін айтып, ем жасаған болып, елді алдап жүретін көрінеді. Әңгімеде Мүсірептің өтірік ауырған болып, елді қан қақсатқан осы қу бақсыны үйіне алдап шақырып, сазайын бергені жайлы айтылады. Ары қарай қолжазбада Мүсірептің үйіне сопы Қожаның келгені, үй иесінің қой сойып, қонақты қалай күткені, оны сөзден қалай жеңгені туралы әңгімеленеді.

**Басқы сөзі** (48-б.): Мүсіреп шешен – Қошқарұлы Жәнібек батырдың немересі.

**Соңғы сөзі** (50-б.): Сөзден жығылыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Сары түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Ақауы.** Қағазы ескіріп, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1094.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 199

Ш.1094 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 14  
20,5x30; 16,5x15,5

### Қарақұйрықтың еті

**Аталуы.** Қарақұйрықтың еті.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** М.Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Рүстемов.

**Аннотациясы.** Қызылорда облысы Шиелі ауданына қарасты бір колхоз белсенділері малшыларды аралап жүріп, Ақболат аңшының үйіне түседі. Келген қонақтарға аңшы аса ықылас таныта қоймайды, мұны байқаған әйелі қарақұйрықтың кепкен етін асады. Тамақ желініп, қонақтар ас қайырады. Сонда үшеуі бірінің сөзін бірі іліп әкетіп, қарақұйрықтың кепкен етінің қап-қара екенін айтып, астың аса маз болмағанын өлеңмен жеткізіп, ас қайырыпты. Ақболат аңшы өз айыбын түсініп, қонақтарына арнап мал сойып, жақсылап күтіп жіберіпті.

**Басқы сөзі** (76-б.): Шиелі ауданы (Қызылорда облысы) Коммунизм колхозының активтері Нүркеев Сыздық, Шайық Ықанов, Әнуар Маманов Қаратауды жайлаған колхоз малын аралап жүріп, сол өңірді қоныстанып отырған Қоңыраттың Жәукімінен шыққан аңшы кісінің үйіне қонады.

**Соңғы сөзі** (76-б.): Ұялған Ақболат қонақтарына мал сойып, қайта сыйлапты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** А4 форматтағы қағазға машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1985 жылы Шымкент қаласында ел аузынан жазып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1094, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

200

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.4; П.3; Ж.28  
20,5X30; 17,5X26

### **Қарқара қырғыны**

**Аталуы.** Қарқара қырғыны

**Айтушысы.** А.Қойшыбекұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушы.** І.Жансүгіров. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Алдаберген Қойшыбекұлы шілденің оныншы күні Шалкөдеден келе жатып, албанның Қарқараға жиналатынын естиді. Июльдің он бірінде дүйсенбі күні, албан Қарқараға жиналып, кеңесте әскерге бала беру туралы қаулы қылғанымен, жұрт илікпейді. Қарсы шыққандарды Жаркентке абақтыға айдайды. Ел онан ары және үркіп, Құлжа ауып, қыстай Қытай жерінде жан бағып шығып, 1917 жылдың жазында қонысқа қайтады.

**Басқы сөзі** (60-б.): Men nýldiń onynshy kúni Shalkódeden kele jatyp, albannyń Qarqaraǵa jinalatynyn esittim.

**Соңғы сөзі** (63-б.): Serikbaı, Ábdihalyqtyń molasy sonda, báriniń súlegin jınap, sol jerge kóme salupty.

**Қағазы, әрпі-сиясы.** Кеңсе қағазына латын әрпімен машинкаға басылған

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ

**Папкасы.** ОҒК: Қ.1022.

**Библиографиясы.** «Қарқара айбаты» газеті. (1991); І.Жансүгіров. Көптомдық. Роман, мақалалар. – Алматы: Қазғұрт, 2005. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.5; П.3; Ж. 20  
15,2x21; 13,5x19**Қарт мұғалім Бейсенбаев Жәкіштің айтуы****Аталуы.** Қарт мұғалім Бейсенбаев Жәкіштің айтуы.**Айтушысы.** Жәкіш Бейсенбаев. Ол туралы мәлімет кездеспейді.**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Қолжазбада он тоғызыншы ғасыр мен жиырмасыншы ғасыр аралығында Жетісудағы найман-садыр, матай елін билеген атақты адамдардың бірі Тұрысбектің Атбасар жәрмеңкесіне барғаны туралы айтылады. Тұрысбек жәрмеңкеге Сарыарқамен, ондағы ел жақсыларымен танысу үшін барады. Ел оны үлкен құрметпен қарсы алады. Елдің адамдары, зиялы ақсақалдары құрметті мейманмен амандасуға кезекпен келеді. Тұрысбек барлығын сынап-мінейді. Ел адамдары оның өрескел сынына наразы болып, өзін масқаралап қуып жіберудің амалын іздестіреді. Сонда қадірлі ақсақал Шорманның баласы Беркінбай бір топ адаммен келеді де, босаға жаққа аяғын көсіліп, шынтақтап жатады. Тұрысбек сұлап жатқан көргенсіз жігіттің кім екенін сұрайды. Оның Шорман ақсақалдың ұлы екенін естігенде: «Жақсыдан жаман туады, азып туған сұмдардың бірі екен ғой» депті. Бәрі не дер екен деп Беркінбайға қарағанда, ол зілді жауап қатады. Оның жауабын естіген Тұрысбек ештеңе айта алмапты, дереу жолға шығып кетуден басқа амалы қалмапты.**Басқы сөзі (89-б.):** Он тоғызыншы ғасыр мен жиырмасыншы ғасыр аралығында Жетісудағы найман-

садыр, матай елін билеп-төстеген даңқты адамдардың бірі Тұрысбек екен.

**Соңғы сөзі** (93-б.): Тұрысбек ләм дей алмайды, дереу атын жектіріп, тайып береді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ақмола облысы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013.– Б.440.

## 202

Ш. 1125 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 24  
20x16; 19x16

## Қарымта

**Аталуы.** Қарымта.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Қажымұқанның қайындары Смайыл мен Жамалдың өздерін алдаған жезделерінен есе қайтару үшін істеген әрекеттері туралы айтылады. Смайыл мен Жамал Исабек нағашыларына

қолқа салып, ол үйінде жатқан Қажекен биесінің айдалада өлгелі жатқанын айтады. Қажекен ыстықта терлеп-тепшіп барып, биесінің аман екенін көреді. Осылайша әлгі екеуінің Исабекті пайдаланып, өзінен қарымта қайтарғанын түсінеді.

**Басқы сөз (14-б.):** Әлгі оқиғадан соң Смайыл мен Жамал Балуанның қадірлі нағашысы Исабек деген кісіге келіп жездеден қарымта қайтарып беруін өтінеді.

**Соңғы сөзі (15-б.):** Қап... Мына екеуі Исекеңді пайдаланып, бордақыға кеткен қарымтаны қайтарды-ау, – депті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне қара түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылында жазылған.

**Беттелуі.** Беттелмеген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1125, 131-дәптер.

**Библиографиясы.** «Оңтүстік Қазақстан» газеті. – 2.06.1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 203

Ш. 1125 (ӘӨИ)

Б.4; П.2; Ж. 24  
20x16,5; 19x16

### Қарымта қайырымы

**Аталуы.** Қарымта қайырымы.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Қажекеннің нағашыларын пайдаланып, өзін сан соқтырып кеткен екі қайнысынан қалай қарымта қайтарғаны туралы айтылады. Ол інісінің баласы он-он екі жастар шамасындағы Есалыға жалған хабар айтқызып, Смайыл мен Жамалға жібереді. Баланың сөзіне сеніп, жүгіріп келген екеуі осы жолы тағы алданғандарын, әзілден Қажекенді жеңе алмайтындарын түсінеді.

**Басқы сөз** (16-б.): Қажымұқан арада екі-үш ай өткізіп, Смайыл мен Жамалдың Исабекті пайдаланған қарымтасын қайтаруды ойлап, жол табады.

**Соңғы сөзі** (17-б.): Әй, балуан-ай, сені ешкім әзілден жеңе алмас, сірә, – дегенде, Қажекен кеңк-кеңк күледі.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне қара түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай аулында жазылған.

**Беттелуі.** Беттелмеген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1125, 131-дәптер.

**Библиографиясы.** «Оңтүстік Қазақстан» газеті. – 2.06.1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

204

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.5; П.3; Ж. 19  
15,5x20; 14x19

**Қасқыр мен Алшынбай**

**Аталуы.** Қасқыр мен Алшынбай.

**Айтушысы.** Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Қасқыр деген би Құнанбайға сәлем бере келеді. Құнанбай жақсы қарсы алып, түнімен әңгімелеседі. Таңертең «Осы Қасқырды Алшынбай сыртынан біледі, бірақ бірін-бірі көрген жоқ-ау, оның үстіне Алшынбай келер ме еді?» деп ойлайды. Сәске уағында жанында жас жігіт атқосшысы бар Алшынбай кіріп келеді. Ақ дастарқан жайылып, қазы-қарта, жалжаясымен ет келеді. Алшынбайдың атқосшысы ет турап отырып, дастарханға екі-үш рет май тамызып алады. Мұны Қасқырбай жақтырмайды. Оның жақтырмағаны Алшынбайға тиеді де: «Ей, Құнанбай, Құнанбай! Ауылы он болмаған, жігіті жүз болмаған, жылқысы мың болмаған, қотаны қой болмаған, көңілі жай, дастарханы май болмаған мына біреуің кім еді?» – депті. Қасқыр да, Құнанбай да еш нәрсе демейді, ас ішіп болған соң, Қасқыр қоштасып жүріп кетеді.

Екі-үш күннен кейін Алшынбай еліне келеді. Туыстары келіп сәлем бере келеді. Ол болған оқиғаны айтып, сол кісі Қасқыр деген би болу керек деп топшылайды. Жігіттеріне Қасқырды алдына әкелуді сұрайды. Қасқыр биді Алшынбайдың алдына әкелу үшін, жігіттер оның бір үйір жылқысын алып келіп Алшынбайдың қорасына қамайды. Қасқыр би жылқысын іздеп келеді. Бірақ Алшынбайдың жігіттері әдепсіздік танытады. Алшынбай оларды қамшының астына алып, Қасқырды құрметтеп күтеді. Сый-сияпат жасап шығарып салады.

**Басқы сөзі** (31-б.): Қазақтың салтында соғым етінен құдандаға, дос-жаранға арнап сыбаға сақтайды.

**Соңғы сөзі** (35-б.): Жүз адаммен күндік жерге шығарып салған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 205

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 11  
29,5x21; 8,7x16,1

### Қашаған бауырсақ

**Аталуы.** Қашаған бауырсақ.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тонтайдың үйіне күздігүні бір құрдасы келіпті. Үйдің төріне төсеніш қалындау төселгендіктен есік жағы еңістеу екен. Шай үстінде дастархандағы азғана бауырсақ домалап кете беріпті. Қонақ шал бауырсақтан алған сайын алдына таман әкеліп қойса, бауырсақ ылдифа сырғи беріпті. Өзінің бауырсаққа қайта-қайта ұмтыла бергенін ыңғайсыз көрген ол, осы

үйдің бауырсағының қуғынды көп көрген қашаған екенін, әлде өзінің қолының ебі кеткенін түсіне алмағанын айтып, сұрақ қойыпты. Сонда Тонтай «Сенің икемің кетті екен деп, бауырсаққа өре салып қоямыз ба?» – депті. Қонақ айтарға сөз таппай қалыпты.

**Басқы сөзі:** (297-б.): Күзгі уақыт екен. Тонтайдың үйіне бір замандасы келіпті.

**Соңғы сөзі:** (297-б.): Құрдасы үндей алмай қалыпты.

**Қолтаңбасы.** Қ.Саттаровтікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** А4 форматты сары кеңсе қағазына машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 206

Ш. 1094 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 19  
29,9x21; 15,5x16

### Қисық би мен Абай

**Аталуы.** Қисық би мен Абай.

**Жинаушысы.** М.Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Рүстемов.

**Аннотациясы.** Әкесі Абайды ел ішінің мәселесімен Қисық биге жібереді. Абай биге келсе, алдында жүгініске

келіп отырған екі кісі отыр екен. Қисық би әуелі талапкердің арызын тыңдап, сонан соң жауапкерге зілдене қарайды да: «Е, Боқбасарым-ай, атыңды әкең тауып қойған екен, әлі де қанша боқты басып, ізінді былғар екенсің. Қане, сөйлеші», – депті. Бидің зілді сөзінен жауапкер жасып қалады. Сонда Абай Қисыққа тура қарап: «Биеке, бүлдірген деген жемістің аты жаман болғанымен, бүлдірген түгі жоқ, дәмі тәтті, ат үстіндегі адам әдейі жерге түсіп, жата қалып теріп жейді. Алма деген жеміс бар, «алма» дегеніне қарамай, әркім-ақ соны құштарлана алып жейді. Сол сияқты әр нәрсенің адал-арамы болса керек. Егер әр іс атқа ғана тірелетін болса, осы адамдар турашылдық тілеп сіздің алдыңызға келмес те еді ғой», – депті. Би сөз таппай, үндемей қалыпты.

**Басқы сөзі (69-б.):** Құнанбай ел ішінің бір шаруасымен 18 жасар Абайды іргелес отырған сыбан руының биі Қисық деген кісіге жіберіпті.

**Соңғы сөзі (69-б.):** Сонда би үнсіз отырып қалған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1985 жыл. Қызылорда облысы.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1094, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 280-281.

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.26  
29,9x21; 19x15,5**Қиясбектің қиялы****Аталуы.** Қиясбектің қиялы.**Жинаушысы.** Н.Төреқұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.**Айтушы.** Мақат Ақтайлақов – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданының тұрғыны.**Аннотациясы.** Түркістан қаласында Маккам атты өзбек жігіті мен Қиясбек деген қазақ жігіт көрші болыпты. Екеуінің де мінезі аумалы-төкпелі екен. Маккам базарға айран апарып сатса, Қиясбек шешесі тігіп берген тақия, бөрікті саудалайды. Қиясбектің үйі сиырлы болып, ол да Маккам сияқты айран сата бастады. Бірде екі көрші айран толы құмыраларын төбелеріне қойып, базарға келе жатады. Жол-жөнекей екеуі қиялға беріліп, айрандарын төгіп алады.**Басқы сөзі** (87-б.): Түркістан шаһарында ертеде Маккам деген өзбек жігіті мен Қиясбек деген қазақ жігіт көрші тұрыпты.**Соңғы сөзі** (87-б.): ...Маккамды шап беріп қапсыра құшақтап сүйіп-сүйіп алғанда, екеуінің де төбесіндегі құмыра толы айран ақтарылып қалыпты.**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға терілген.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1964 жыл. Оңтүстік Қазақстан экспедициясы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер. Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

208

Ш.1038 (ӘӨИ)

Б.14; П.16; Ж.35  
29x19,5; 26x17

### Қобай қарттың әңгімесі

**Аталуы.** Қобай қарттың әңгімесі

**Жинаушысы.** Қ.Қарпықбаев. Ол туралы мәлімет 114-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Қобай деген қарттың басынан кешкен оқиғасы туралы айтылады. Қарттың он төрт жасында, иіс тиіп, әке-шешесі қайтыс болып, жетім қалады. Әкесі Игісін атадан жалғыз еді. Қарасатын ешкім болмағандықтан, әке-шешесін жерлегеннен соң, Рақымбай деген атақты байдың қамқорлығына өтеді.

Рақымбай бай Қобайды мал бағуға салады. Малдан шығын шыққаны үшін жетім баланы аямай ұрады. Сонда да «барар жер, басар тауы» болмағандықтан, бірнеше жыл шыдап жүруіне тура келеді. Ес жинаған соң, Ереймен жақтағы нағашыларын сұрастыра бастайды. Рақымбай жәрменкеге кеткенде, байдың баласына арнаған бәсіре атты мініп қашады. Жолда бір үйге құдайы қонақ болады. Үй иесінің бойжеткен Рыстыбике деген қызының сол түні күйеуге қашпақ ойы барын біледі. Қобай қашпақ болған қыз-жігітпен сапарлас болғысы келеді, бірақ қыз ұрлаушы жігіт қорқып қашып кетеді. Рыстыбике Қобайды келіскен адамы екен деп, мінгесіп кете береді. Жол-жөнекей жөн сұрасып, қыз Қобайға жар болуға келіседі. Екі жас Ереймендегі нағашыларын тауып, қуанышпен көріседі.

**Басқы сөзі** (2-б.): Қобай қарт өмірінің соңғы күндеріне дейін Қарағанды қаласында тұрды.

**Соңғы сөзі** (16-б.): Қазіргі кезде Рыстыбике екеуіміз мынау үш бөлмелі үйде Қыз Жібек пен Төлеген құсап бір-бірімізге күле қарап, күңкілдесіп шай ішіп, өмірімізді бірлесіп өткізіп келе жатырмыз – деді Қобай қарт әңгімесін аяқтап.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолжазба машинкаға терілген.

**Қашан, қайдан жиналған.** 1984 жыл. Жезқазған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1038.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97. Ауызекі әңгімелер. – Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 209

Ш. 142 (ӘӨИ)

Б.2; П. 2; Ж. 34  
29,9x21; 18x23,5

### Қозған қораның сөзінен

**Аталуы.** Қозған Қораның сөзінен.

**Жинаушысы.** Ш.Дүйсекеев. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Тапсырушысы.** Әңгімелерді ел аузынан жазып алып, қорға тапсырушы – Ш.Дүйсекеев.

**Аннотациясы.** Мінерге аты, ішерге асы жоқ Қора деген кісі өгізге мініп, ел аралайды екен. Өзінің арғы заты – Қозған, оның ішінде Ораз дейтін атадан екен. Бірақ Қора

кедей болса да, ел ішінде пысықша тілді, шешен, өткір адам екен дейді. Бір күні Қора өгізге мініп, кәдімгі атақты Тәнті бидің аулына келген екен. Сонда Тәнті Қорадан неге өгіз мініп жүргенін, рулы ел Қозғаннан мінер тайдың неге табылмағанын сұрайды. Сонда Қора ешкімнен қыстап ат сұрамағанын, астындағы өгізімен-ақ рулы ел Оразды бірнеше рет айналып шыққанын айтады. Рақымның ауылына барғанда иттері үзеңгіден алса да, ешкімге көз сатпағанын жеткізеді. Тәнті мұны естіген соң, Қораның қайда бара жатқанын сұрайды. Қора бір жерде екі тырнағының қалғанын, сол тырнағын іздеп бара жатқанын айтады. Қораның бұл сөзіне Тәнтінің қасында отырған кейбір адамдар түсінбей қалады. Бірақ Тәнті Қораның бұл жұмбақ сөзін бірден түсініпті. Оның мағынасы, Қораның Қаракесекке берген бір қызы болған екен. Ол қызы қайтыс болып, сол қызынан екі жиен жас бала бар екен. Соны көріп қайтуға іздеп барамын деген сөзі екен. Мұны естіген Тәнті атасы басқа жат елге бара жатыр ғой деп, Қораның өгізін алып қалып, жылқысынан бір ат алдырып, Қораға мінгізіп жіберген екен дейді.

**Басқы сөзі (6-б.):** Арғы заты, руы – Қозған, оның ішінде Ораз дейтін таптан шыққан Қора дейтін өте нашар, кедей адам болыпты.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Сонымен Қора Қаракесекке барып бағанағы тырнағым деген жиендерін көзімен көріп, амандасып қайтқан екен дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97. Ауызекі әңгімелер. – Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.12  
29,9x21; 8x9,7**Қойдың көзі****Аталуы.** Қойдың көзі.**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Үйіне қонақ түсіп, байдың үйі қой сояды. Түнде бас шала мүжіліп қалады. Ертеңіне бай ерте тұрып, малын өргізіп кетеді. Байдың әйелі жас екен. Малшымен көңілдес болады. Бай кетісімен үйге сол келеді. Сәскеде малдан бай қайтады. Әйелі малшыны жүк арасына жасырады. Қалған ет пен басты байдың алдына қояды. Бай басты мүжи бастағанда, үш-төрт жасар баласы келіп, әкесінің тізесін баса отырады. Сол арада оның көзі жүк арасында жатқан кісінің көзіне түсіп қалады да, көзін-ай, көзін-ай! – дейді бала. Шешесі сөзді дереу бастың көзіне бұрады: –Тек отыр, көзді әкеңнің өзі жесін! – дейді. Бай оған мәз болады.**Басқы сөзі** (85-б.): Байдың үйі қой сояды.**Соңғы сөзі** (85-б.): – Тек отыр, көзді әкеңнің өзі жесін! – дейді. Бай оған мәз болады.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкаға басылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Қағазы сарғайған.**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.**Папкасы.**ӘӨИ: Қ. 97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ. Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 211

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.3; П. 3; Ж. 31  
29x20; 26.5x17

### Қоныспай ақын

**Аталуы.** Қоныспай ақын.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Нәсілбеков Әкебай. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде керейден шыққан Қоныспай деген ақын жайлы таныстыра келіп, оның бір жолғы Іле өңіріне келіп, ондағы Қызай елінің жиын-тойларына қатысып, бір жолда отыз ақынды жеңгені, сонымен айтыс соңында сол елдегі Мейір, Баян деген екі ақын қыздың сұрақтарына ұтымды жауабын айтып, қарымта қайтару арқылы ғашық қызына деген сезімін білдіре кеткені айтылады.

**Басқы сөзі** (52-б.): Бабаларымыздың тарихына көз жүгіртсем, Бекназардың баласы Қойлыбайдан басқа ақындығымен аты шыққан басқа ешкім болмаған көрінеді.

**Соңғы сөзі** (54-б.): Қоныспай Токпайұлының өмір сүрген уақыты шамамен XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезі.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914, 6-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432. – 183-185 б.

## 212

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.3; П. 3; Ж. 23  
20x16,5; 18x14,5

### Қоныстың қорқынышы

**Аталуы.** Қоныстың қорқынышы.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бесекбай бастаған бір топ адам Тәшкен қаласына кіре салуға шыққанда жол тосқан қарақшылар олардың барлық көліктерін алдарына салып, қуып кетеді. Бұлар солтақ түйеге кезек мініп еліне қайтады. Жолда Қоныс деген семіз, етшең кісі түйеге мініп алып, басқаға кезек бермейді. Сонда Бесекбай елге естірте: «Жол ұзақ, басымызға қандай күн туарын білмейміз, азық таусылды, бір семіз адамның болғаны да жақсы» деп, астарлап, сөйлеген сөзін Қоныс естіп, түйеден домалай түсіп, кезегі келгенде «мініңіз» десе, мінгеннен қорқып, асуды аз ішіп, елге келгені әңгімеленеді.

**Басқы сөзі (20-б.):** Бесекбай бастаған бір топ адам Тәшкен қаласына кіре салуға шыққанда жол тосқан

қарақшылар олардың барлық көліктерін алдарына салып, қуып кетеді.

**Соңғы сөзі** (22-б.): – Оның өзі де өте қорқынышты сапар еді ғой, – депті Бесекбай оны арқасынан қағып.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Оқушы дәптеріне таза, ретті жазған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 10-дәптер.

**Библиографиясы.** «Еңбек туы» газеті. – 07.09.1978; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 213

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.13  
20x17; 10,5x14

### Қоңырау

**Аталуы.** Қоңырау.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Кеңесбай деген адам жалғыз үй отырады екен. Бір қасқыр малға шауып маза бермеген соң, ауыл жігіттерін шақырып тамақ беріп, қасқырды ұстатып, мойнына қоңырау тағып қоя беріпті, сол қасқыр ақыры аштан өліпті дейді.

**Басқы сөзі** (1-б.): Кеңесбай жаз жайлауда, қыс қыстауда жалғыз үй отырады екен.

**Соңғы сөзі** (2-б.): Ақыры әлгі қорқау аштан өледі.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті. – 22.09.1973; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

214

Ш. 1094 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 22  
20x30; 15x18

### **Қопа шешен**

**Аталуы.** Қопа шешен.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** М.Рүстемов. Ол туралы мәлімет 15-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Рүстемов.

**Аннотациясы.** Қопа шешен бір күні Семейде Алшынбай мен Құнанбайға кездесіп қалады. Ол селдір сақалды кісі екен. Алшынбай оны бір шалып қалуды ойлап: «Баянда жүн жинайтындар көп болушы еді, Көпеке, сақалыңызды сатып жібергенсіз ба?» – дейді. Ал Қопа болса: «сақалды сақтағанша, абыройды сақтау керек. Кеше Қараобаға барып, параға жеті бие әкелдің, сенің тұтамдай сақалың Құдай алдында жеті бие үшін жауап бере ала ма? – депті.

Алшынбай сөзден ұтылып, Қопаның алдына айыбы үшін жиырма бес сом тастайды. Сонда шешен: «Ат

жақсысы – боз, ер жақсысы – таз болар» деген, бұл да Алшынбайдың білгендігі, – деп жиырма бес сомды қалтасына салады.

**Басқы сөзі** (12-б.): Қопа шешен селдір сақалды кісі екен.

**Соңғы сөзі** (13-б.): Көздің соқыры кемшілік емес, көкірек соқыры жаман, деп бұл жиырма бес сомды да қағып алды.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 215

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1;П.1; Ж.14  
29,7x20,5;12,5x16,5

### Қосағұл мен шаштараз

**Аталуы.** Қосағұл мен шаштараз.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қосағұл деген кісі шаш алдырмақ болып, шаштаразға келіпті. Қосағұлмен ептеп әзілдесетін шаштараз оның шашын өтпейтін ұстарамен алыпты. Қосағұлдың жанына батса да, шыдап отыра беріпті. Шаштараз ұстарасының шашты қалай алатынын сұрағанда, Қосағұл ұйықтап кетіп, түс көргенін, түсінде

ауылдағы Есалының төбеті басын тырмалап, шашын жұлып жатқанын, содан шошып ояңғанын айтады. Шаштараз ұялғанынан ештеңе дей алмапты.

**Басқы сөзі** (94-б.): Қосағұл дейтін кісі шашын алдыруға келіпті.

**Соңғы сөзі** (94-б.): Шаштараз ұялғанынан бір қызарып, бір бозарып, үндемепті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сары кеңсе қағазына машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 216

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 26  
29x21; 23x16,5

### Қу мен аңқау

**Аталуы.** Қу мен аңқау.

**Жинаушысы.** Н.Төрқұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамда берілген.

**Айтушысы.** Орынбай Сексенов. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы.** Бір қу мал ұрлауға келіп қолға түсіп қалады. Мал иесі оның құлағынан ұстап үйге сүйрелесе, ол мұрнынан ұстап сүйрелемеуін өтініпті. Мал иесі мұның

жанды жері мұрны екен деп, мұрнынан қысып сүйрей бастағанда, қу ұры бір сілкініп қашып кетіпті.

**Басқы сөзі** (58-б.): Бір қу мал ұрлауға келіп, қолға түсіп қалады.

**Соңғы сөзі** (59-б.): Аңқаудың қолынан мұрын бұлт етіп шығып кетеді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен теріліп, беттелген.

**Қашан, қайда жазылған.** Қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Қорға 1964 жылы қабылданған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тек сырты тысталған. Алайда ішкі парақтары бос, қалпына келтірілмеген.

**Қосымша белгілері.** Жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 217

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б.8; П.8; Ж. 10  
20x15; 16x9

### **Құдай да қалжыңды түсінбейді екен-ау**

**Аталуы.** Құдай да қалжыңды түсінбейді екен-ау.

**Жинаушысы.** Д.Қайымов. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Аң аулауға жолдастарымен шыққан Құлақай деген адам сүзісіп жатқан екі арқарды көреді. Сүзісіп әбден шаршаған қос арқар бір-бірімен тіресіп тұрып қалады. Бір кезде адам сыбдырын сезіп зыта жөнелмек болған арқарлардың мүйіздері айқасып қалып, бірін-бірі сүйрей қашады да, бір шоқпар тасқа екпінімен соғылады. Сол арада біреуі омақаса құлап, мойыны астына қайырылып, жатқан орнынан тұра алмай қалады. Артынан қуып келген Құлақай: «Құдай осыны да бердім дер ме екен» деп, түрегеп тұрған арқардың жонын сипап қалғанда мүйіздері бір-бірінен ажырап кетіп, екі арқар екі жаққа зыта жөнеліпті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Жолдастарына еріп аң аулауға шыққан Құлақай бір кезеңнің астында қызыл шеке болып сүзісіп жатқан екі арқардың құлжасын көре қойып, қасындағыларға «тоқтандар» деп ым қақты.

**Соңғы сөзі (8-б.):** Түу, бұл Құдай да қалжыңды түсінбейді екен-ау! – деп мырс етіп.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қолтаңбасы.** Е.Құлпейісовтікі.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1123, 78-дәптер.

**Библиографиясы.** «Семей таңы» газеті. – 25.08.1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

218

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П. 1; Ж. 29  
20,5x16; 18x14,5

### Құдайдың көк қошқары

**Аталуы.** Құдайдың көк қошқары.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бесекбай аңшы Шу өңірінде қақпан салып, бір арлан қасқыр ұстап алады. Ойланып тұрып, кезінде есесі кеткен байдың үйіне қасқырды қапқа салып алып барады. Байға «бұл Құдайдың қойды егізден таптыратын көк қошқары» деп мақтайды. Бай бір бесті беріп, қалап алады. Бесекбай көк қошқарды түнде қорға апарып қаптың аузын ашып жіберіп, үйінен шықпай жатуын тапсырады. Бай айтқанын істейді. Бай баң атқанда қорға келсе барлық қойдың тамақталып жатқанын көріп, талып қалады.

**Басқы сөзі** (23-б.): Бесекбай Шу өңіріне қақпан салады екен.

**Соңғы сөзі** (24-б.): «Құдайдың көк қошқарының» осындай кереметін көрген бай талықсып құлап түседі.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Оқушы дәптеріне таза, ретті жазған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 10-дәптер.

**Библиографиясы.** «Еңбек туы» газеті. – 1978; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 219

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 13  
20x17; 10x14

### Құдалықта

**Аталуы.** Құдалықта.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бір құдалықта бас құданың мұртына қамыр жабысып қалыпты. Сол кезде оның жанында отырған жас келіншек: «Баққа бұлбұл қонды» деп жұмбақтатыпты. Құда мұртын сипап қамырды алып тастапты. Құда күткен үйдің иесі бір үзілісте, дәретханада тұрып, қасындағыларға өзінің де мұртына бірдеме жабысып қалса, бүйірінен түртуін айтыпты. Шайға отырғанда оның мұртына сарымай жабысып қалса керек, сонда қарсы алдында отырған баласы: «Көке, дәретханада айтқаныңыз болып тұр» деп айқай салыпты.

**Басқы сөзі** (22-б.): Келін түскен үй адамдары құдаларды күтіп жатады.

**Соңғы сөзі** (22-б.): Көке, әлгіде дәретханада ескерткеніңіз болып тұр, – депті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 25-дәптер.

**Библиографиясы.** «Оңтүстік Қазақстан» газеті. – 18.04.1991; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер. – Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 220

Ш. 1125/169 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.32  
20x18,2; 17x15

### «Құдаңыз... босана ма?»

**Аталуы.** «Құдаңыз... босана ма?»

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Жариялаушысы.** Ж.Атауов. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы.** Ертеректе Көктеубай деген ақсақал алыстағы құдасын іздеп барыпты. Құдасы қуанып, қол қусырып, тайын сойып, кішігірім той жасайды. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша құдалары сыйлап, қонақасыны мольнан асып, тайдың етін тайқазанға толтыра салады. Шаршап-шалдығып, ашығып келген Көктеубай жас жылқының етін ашкөздене жеп, сорпасын көбірек ішсе керек, асқазанына жақпай «қозғау салыпты». Жұрт ұйқыға кеткен кезде Көктеубай қарт ауырып, сыртқа шықпақ болады. Қараңғы үйдің есігін таба алмаған қу тілді қарт құдағиына арнап әзіл өлең айтады. Бір жағы әзілге, бір жағы шындыққа жанастырып айтқан әзіл өлеңді естіген

құдағи орнынан тұрып, шамын жағып, есікті ашып, құдасы сыртқа шыққан екен.

**Басқы сөзі** (4-б.): Ертеректе құда-жекжаттардың арасында өзара қарым-қатынас қарыштап тұрған кезде Көктеубай деген ақсақал артынып-тартынып, алыстағы құдасын іздеп барады.

**Соңғы сөзі** (5-б.): ... есікті ашып, құдасы сыртқа шыққан екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен оқушы дәптеріне кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1125/169.

**Библиографиясы.** «Жетісу» газеті. – 13.03.1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 221

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.2; П 2; Ж. 31  
29x20; 26.5x17

### Құлақ кескен Қожамқұл

**Аталуы.** Құлақ кескен Қожамқұл.

**Тапсырушысы.** С.Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Ы.Ермекбаев. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Албанның ішіндегі қызылбөрік елінде сараң, күйгелек, іші тар атымен мәлім болған Қожамқұл деген бай туралы айтылады. Сол байдың ерке шолжаң Масғұт деген ұлы бар екен. Сол ұлының бір

жолғы еркелігін көтере алмай, ұрмақшы болып қуалап жете алмай, әбден күйгелектенген Қожамқұл ызаланғанынан өз құлағын өзі кесіп тастайды. Бұл қылығы бүкіл ауылға тарап, масқара болады. Таралған әңгіме жұртқа тарап, оған бітеу қоя алмайды. Бір жолы үйіне қонақ болып ақын Сүйінбай келеді. Сонда байдың тезірек кетуін тілеп отырған ниетін байқап қойған Сүйінбайға ақынның қағытпа өлеңі айтылады. Өткір өлең жанын тілгілегеннен кейін бай кешірім сұрап, ат-шапан айыбын өтеген екен дейді.

**Басқы сөз** (56-б.): XIX ғасырда Ұлы жүз Албан Қызылбөрік елінде Қожамқұл атты іші тар, күйгелек, шыр мінезді сараң бай өмір сүріпті.

**Соңғы сөзі** (57-б.): Сөйтіп, дүниеқоңыз, сараң бай тура сөйлеп, тілімен орып түсетін алғыр ақыннан дауасыз жаза тартыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 222

Ш.549 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.26  
30x21; 22,5x15

### Құнанбай туралы

**Аталуы.** Құнанбай туралы.

**Айтушысы.** С.Матай. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Садық Қасиманов. Ол туралы мәлімет 10-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тобықты Доғал деген адамның жылында көп ел жиналып ас беріп, ат шаптырады. Осы бәйгеде Бәкең деген таптың бір қойшысының мініп жүрген қоңыр бестісі бірінші, ал найманның көксары аты екінші келіпті. Бас бәйге жүз тайынша, екінші бәйге елу тайынша екен. Бұған: «Атты жақын жерден айдағандықтан, біздің атымыз қолтығын жазып шаба алмай қапты» деп наразы болған наймандардың сөзін екі ауыз өлеңмен жеткізген Түбек ақыннан жеңілген Құнанбайдың елу тайыншаның үстіне және бір жақсы ат бәйге қосып, найманды разылықпен аттандырғаны айтылады.

**Басқы сөз (1-б.):**

توبىقتى دوغال دەگەن ادامنىڭ جىلدا كوپ ەل جينالىپ اس بەرىپ، ات شاپتىرپتى

**Соңғы сөз (2-б.):**

بەستىنى مەنەن ەندى جەڭگەن جەرىندە السن، – دەپ سول اتتى قۇنانباي العان مەن دەيدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба араб әрпінде қарындашпен хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1941 жылы қорға тапсырылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.629, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 599 (ОҒК)

Б. 4; П.4; Ж. 28  
16,5x30; 16x22,5**Құнанбайдың Базаралы мен Тұрлыны айдатуы**

**Аталуы.** Құнанбайдың Базаралы мен Тұрлыны айдатуы.  
**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Есентай деп көрсетілген. Өзге нақты дерек кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Бір күні Төлебайға Құнанбайдан бір шапқыншы келіп, Аягөзден екі казак-орыс әкелгенін айтып, «Төлебай мен Ибақ келсін» деген хабарын жеткізеді. Төлебай, Ибақтар да елден ерген елу кісімен Құнанбай ауылына келеді. Түнде казак-орыспен екі жүздей кісі аттанып, таң ата Базаралының ауылын қамап алады. Базаралыны бас қылып, Жігітектен он жеті кісі ұстатады. Өзгесін екі-екіден түйеге мінгестіріп, Базаралыға жеке бір түйе береді. Тұрлының екі қолын артына байлап, орысқа жетектетіп, бір орысты артына салып қояды. Тұрлы Төлебайға Құнанбайдан қорқып, «ат сауырын беруге де жарамдың ба?» деп ренжиді. Төлебай казак-орыстың бастығынан: «мынаған ат беруге болмай ма?» деп сұрағанда, ол биліктің Құнанбайда екенін айтады. Сонда Құнанбай Тұрлының мал ұрлағанын бетіне басып, оны жаяу айдағанының себебін айтады.

**Басқы сөзі** (48-б.): Құнанбай Базаралыны жеңіп, отрядпен ұстатқанда мен ішінде болдым.

**Соңғы сөзі** (51-б.): Ішікті кісін, – депті.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

224

Ш.629 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж.22  
30x21; 25,5x15

### **Құнанбайдың қажыға барғаны**

**Аталуы.** Құнанбайдың қажыға барғаны.

**Жинаушысы.** Қ.Хайроллаұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Құнанбай қажылыққа бара жатқан жолында Одессадағы милиция қызметкерлері тоқтатыпты. Күн ыстық болғандықтан, жолаушылар жалаңаяқ екен. Құнанбайдың аяғының сырты ала екен. Неге ала екенін сұрағандарға қажы өзінің қазақ екен, қазақ деген халықтың білгіштерінің аяғы ала болатынын айтып қалжыңдайды. Мұны естіген заң қызметкерлері сынау үшін өздеріне шақырып, сұрақ қоя бастайды. Құнанбайдан тапқыр жауап естіген қызметкерлер, шынымен ақылды адам екенін мойындап, Одессадан өтуге жәрдем жасайды.

**Басқы сөз (1-б.):**

قۇنانباي قاجىلىققا بارا جاتقاندا، جولدا «جان اۋرۇ شىعادى» دەپ مەلىسىيالار توقتاتىپتى

**Соңғы сөз (2-б.):**

راس، مناۋ، ءبىر نارسە بىلەدى مەكن، بىلمەگەنمەن ايتا بىلەدى مەكن، – دەپ ودەسسەن وتكىزىپ تاستاپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба араб әрпінде қарындашпен хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1947 жылы жинап, қорға тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.629/10.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 225

Ш. 599 (ОҒК)

Б.5; П. 3; Ж.27  
30x21; 26x18

### **Құсайынов Қасеннің есінде қалғандары**

**Аталуы.** Құсайынов Қасеннің есінде қалғандары.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Абай болыс болып сайланғанда әділет іздеген жұрт қуанса, ұры-қары мен зорлықты кәсіп еткендер күйінген көрінеді. Естелік әңгімеде сондай ұрының бірі Қарасақаудың мұны естіп сасқанын, бірақ елден кеткісі келмей Абайдың өзіне барайын деп шешкені, кейін оған қалай атшабар болғаны туралы айтылады. Екінші естелікте Қарасақау мен баласының Абайға сәлем бере барғаны баяндалады. Абай баланың оқып жүргенін біліп, Қарасақауға қажет құралдарын алып беруді, оқытуды тапсырыпты. Мұнан соң өзінің жанында тұрған сандықтан балаға керек қағаз бен қарындаш алып берген екен.

**Басқы сөз беті** (88-б.): 1877 жылы шамасында «Абай болыс болды» деген ұзынқұлақ хабар таралып жүрді.

**Соңғы сөз беті** (92-б.): Үстіме көйлек, ыстан киіп, қарындаш, қағазға қарық болып қуанып, ертеңінде үйге қайттым.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 226

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 27  
21x30; 16,5x23,5

### Қыдырбайдың адасуы

**Аталуы.** Қыдырбайдың адасуы.

**Тапсырушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Баяғыда Қыдырбай деген кісі өзінің ауылынан ұзаққа шықпаған екен. Бәрі барған жерлерін айтып отырғанда, Қыдырбай өзінің сонау Қызылсуға дейін барғанын айтады. Сөйтсе Қызылсу ауылдың түбіндегі өзенше екен. Бір күні ұзақ жол жүріп, ауылға қайтып келе

жатқанда адасыпты. Сонда қасындағы кісіге Қызылсуды тапса, ауылды өзі табатынын айтқан екен.

**Басқы сөзі** (83-б.): Қыдырбай деген шал өмірі ауылдан ұзап, далаға шықпаған кісі екен.

**Соңғы сөзі** (84-б.): Қызылсуды сен тапсаң, ауылды мен табайын, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 227

Ш.142 (ӘӨИ)

Б.2; П. 2; Ж. 20  
28,5x20,5; 16x9

### Қыз көретін жігітті біз көрейік

**Аталуы.** Қыз көретін жігітті біз көрейік.

**Жинаушысы.** Ғалымжан Мұқатов. Ол туралы 145-сипаттамада көрсетілді.

**Тапсырушысы.** Әңгімелерді ел аузынан жазып алып, қорға тапсырушы – Ш.Дүйсекеев.

**Аннотациясы.** Бір сері жігіт үйленуге қыз таңдап, ешкімді жақтыра қоймапты. Өзі Балқашты мекендейтін сарыүйсіндердің жігіті екен. Ақыры Қудағы қаракесек, шаншар ауылдарының біріне келеді. Мұнда бір орта шаруа адамының төрт қызы бірдей сұлу, шешен екен. Жерлес жігіттер қанша қызығып, құмартса да өнер асыра алмай, сөз айта алмай жүріпті. Үйсін жігіт қонған үйінің иесі жөн

сұрағанда: «қыз көрейік деп едік» десе керек. Шаншардың төрт сұлу қызы оны түнде естіп, таңертең «қыз көретін жігітті біз көрейік» деп, қонақтар ақ отауда отырғанда өздері кіріп келеді. Төрдегі серіні байқаса, мұрны қоңқақ, жағы сопақтау екен. Осыны байқаған төрт қыз жігіттің мұрнының қоңқақтығын әсірелеп, өлеңмен айтып қағытады. Мұны естіген сері жігіт қыз көрмек түгілі ұялғанынан сөз таба алмай, еліне қайтып кетіпті.

**Басқы сөзі** (3-б.): Балқаштағы сарыгүйсіндердің бір сері жігіті рулы елден қыз таңдап, жақтырмапты.

**Соңғы сөзі** (4-б.): Қыз таңдаған жігіт бетінен оты шығып, үндей алмай, қайтып кетіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142, 8-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 228

Ш.123 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.22  
20x17; 16x17,5

### Қызғаншақ

**Аталуы.** Қызғаншақ.

**Тапсырушысы.** Әңгімелерді ел аузынан жинап, 1955 жылы қорға тапсырған – Рахманов Кәрім. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы.** Бір жолаушы қызғаншақ бір кісінің үйіне қоныпты. Қызғаншақ жолаушыдан көзін алмай, таң атып, үйінен кеткенше аңдумен болыпты. Кетер мезгілінде жолаушы жөтеліп қалғанында, қызғаншақтың әйелі де

жөтеліп қалыпты. Одан жолаушы түшкіріп қалғанында, әйелі әдейі келіскендей түшкіріп жіберіпті. Жолаушы кеткен соң, қызғаншақ кісі әйеліне әлгі адаммен шатысының барын айтып, жоқ жерден жанжал шығарып, әйелін тастап, қаңғырып кетіпті. Сөйтіп қаңғырып жүріп, бір үйге қоныпты. Жолда тымау тиіп, қонған үйінде жөтеліп қалғанында, үй иесінің де әйелі жөтеліп жіберіпті, одан енді түшкіріп жібергенінде, әдейі аңдып отырғандай әйелі де түшкіріп қалыпты. Бұған таңданған қызғаншақ байқаса, әйел де өзі сияқты тымауратып отыр екен. Содан әйелінің сол күні тымауратқаны есіне түсіп, оны босқа қызғанғанын түсінеді. Осылайша өз қателігін түсініп, үйіне қайта оралған екен.

**Басқы сөзі** (14-б.): Неге болса да қызғаншақ бір кісінің үйіне бір жолаушы келіп қоныпты.

**Соңғы сөзі** (14-б.): Содан дереу әйелінің сол күні тымаумен ауырғаны есіне түсіп «мен әйелімді бостан бос қызғанған екенмін ғой» деген ой ақыл-есіне кіріп, әйеліне қайтып келіп, қызғаншақтығын қоюға ант берген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның қағаздары сарғайған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.123, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер. – Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

229

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.4; П.4; Ж.24  
20,5x29; 15x23

### Қысқы қызылдарда

**Аталуы.** Қысқы қызылдарда.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Жақыбай Мақашев – 1901 жылдан бастап Қазан төңкерісіне дейін Екібастұзда жұмыс істеген, сол кездегі Екібастұздың Ақ шахтасының жұмыскері, қарт кенші.

**Аннотациясы.** Төрт баланың ішіндегі үлкені Әбеу деген кісі он үш жасынан бастап Қарағанды кенінде кіре тартты. Ол кездегі осы өңірдегі халықтың кәсібі сол еді, мыс зауытына көктас тасиды.

**Басқы сөзі (65-б.):** Менің жасымды сұрасаң жетпіс сегіздемін. Көргеніміз көп болғанымен, білетініміз аз болар.

**Соңғы сөзі (68-б.):** Есепшілер мен қожайындарды үйлерінен суырып алып сабайтын кездеріміз де болатын.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1955 жыл, 15 тамыз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз бен өлең аралас, толық үш бет, келесі 4-ші бетте 3 жол мәтін орналасқан

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 230

Ш.936 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.39  
20x28; 21x17

### Қытай жігітінің сыйлығы

**Аталуы.** Қытай жігітінің сыйлығы.

**Айтушысы.** Өміртай Хасенханов – 1922 жылы туған, бұрынғы Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы, Әлихан бөлімшесінің тұрғыны.

**Жинаушысы.** Д.Мұхамеджанов, Ғ.Әбілқасов – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері (1990 жыл).

**Тапсырушысы.** Б.Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тайжан деген белгілі адам елдің бетке ұстар ақындары мен термеші жігіттерін ертіп, Атбасар жәрмеңкесіне барады. Өзі сырнаймен белбеулетіп ән салып, жиналғандардың назарына ілігеді. Осы жәрмеңкеде сырнайды құйқылжыта тартып, атын билететін қытай жігіті елге өнер көрсетіп жүреді. Тайжанды оның сырнайының жаңа әрі үнділеу екендігі қызықтырады. болады. Тайжан одан «Сенің атыңды билет алсам, не берер едің?» деп сұрайды. Жігіт атын тек өзі ғана билете алатынын айтады. Тайжан оның атын билетіп берсе, қытай жігіт сырнайын сыйға тартатын болып, екеуі бәс тігіседі. Тайжан өзінің сырнайымен небір әуенге салады. Бірақ ат билей қоймайды. Сосын, болмаған соң жігіттің сырнайын сұрап алып, нағашысы үкілі Ыбырайдың «Гәккуін» тамылжыта тартады. Сол-ақ екен, ат билей жөнеледі. Қытай жігіт егер дау туғызғысы келсе, Тайжанның алғашқы сәтте-ақ ұтылғанын әрі атты билеткен сырнай өзінікі екенін тілге тиек етер еді ғой. Бірақ ол Тайжанның асқан өнеріне риза болып, жаңа сырнайын сыйға тартады. Бұл сырнайды ақын ұзақ жылдар бойы айнымас серігі етеді.

**Басқы сөзі** (3-б.): Тайжан бірде Атбасар жәрмеңкесіне барады.

**Соңғы сөзі** (4-б.): Сыйлық сырнай ақынға көп жыл айнымас серік болып, шабытына шабыт қосқан екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтінді Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті студенттері фольклорлық практика кезінде жазып алған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 231

Ш. 520(ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.18  
25x23; 22x17

### Май сатушы саудагер

**Аталуы.** Май сатушы саудагер.

**Жинаушысы.** Н.Төрекүлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Айтушы.** Әмірен Тәңірбергенов. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы:** Бір кісі базар аралап жүріп, май сатып тұрған саудагердің: «Көріңіздер, көріңіздер, алмасаңыз да дәмін татып көріңіз» деген сөзіне екі жеңін түріп, екі асаған екен, саудагер қалған майын ала қашыпты.

**Басқы сөзі (8-б.):** Бір кісі қалаға кеп базар аралап жүрсе, бір май сатып тұрған саудагер...

**Соңғы сөзі (9-б.):** Рахмет, рахмет, енді көрмей-ақ қойыңыз, – деп саудагер қалған майы мен ыдысын ала қашыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға терілген, түптелмеген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1964 жылы қорға тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 232

Ш. 920/112 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.25

28x25; 22x16

### Майыңды мысық жеді...

**Аталуы.** Майыңды мысық жеді...

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Айтушы.** Жайбала Қоянбаева. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы:** Бұрынғы Куйбышев деген совхозда дені Сунақ деген ру тұрған екен. Бір ғасырға жуық бұрын Сунақтар сол жердегі Төрткүл деген төбенің басына ғана сыйып отыратын аз ел болған. Сері, әрі мақтаншак Қалмырза Төрткүл басындағы кісілер бір жерге жиналып әңгіме-дүкен құрған уақытта өзінің кедей, жоқ-жұқа екенін білдірмеу үшін, қатықсыз қара көжесін ішіп болып, мұртын бармақ басындай өзінің сақтап жүрген майымен майлап: «Бүгін ет өте майлы екен. Балалар бүгін қасаптан еттің ең майлы жерін алыпты», – деп бөсіп отырғанда, ең кіші ұлы жүгіріп келіп: «Ата, сенің мұртыңды майлап

жүрген майыңды ала мысық жеп кетті», – дейді. Сөйтіп, ұлы атасының өтірік мақтанғанын бір ауыз сөзбен ашып беріпті.

**Басқы сөзі** (4-б.): Қазіргі Куйбышев совхозында дені Сунақ деген ру тұрады.

**Соңғы сөзі** (5-б.): Сөйтіп, ұлы атасының өтірік мақтанғанын бір ауыз сөзбен айтып беріпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жыл.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папқасы.** ӘӨИ: Қ.920/112.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 233

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б.1; П. 1; Ж. 22  
20x16.5; 17x15

### Мақаш туралы әңгімелер

**Аталуы.** Мақаш туралы әңгімелер.

**Жинаушысы.** С.Бекенұлы. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Мезгілсіз баласынан айырылып, қабырғасы қайысып отырған Мақаш правител ешкіммен сөйлесуге зауқы болмай отырғанда от ауызды, орақ тілді Әтембек би қабырғалы сөз айтып, мұңайып жатып қалған

Мақашты орынан тұрғызып, әңгіме дүкен құрып, әзілдесіп отырады.

**Басқы сөзі** (17-б.): Ел басқарған Мақаш правительдің баласы қайтыс болып, ауыр қазаға қабырғасы қайысқан ол ешкіммен сөйлеспей...

**Соңғы сөзі** (17-б.): Әтембек бимен әңгіме дүкен құрып, көңілі көтеріліп қалыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Әр бетке жиырма екі жолдан, еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1123, 48-дәптер.

**Библиографиясы.** «Халық кеңесі» газеті. 1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

234

Ш.914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 34  
20x30; 18x28

### **Мақтаншақ бай**

**Аталуы.** Мақтаншақ бай.

**Айтушысы.** Мұхаметқали Баймұханұлы. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Бірде мақтаншақтау бір адамның үйіне жолаушы түседі. Үй иесі қонақтың көзінше балаларынан түйелерді жайғап-жайғамағандарын қайта-қайта сұрай беріпті. Мұны естіген қонақ үй иесі түйелі, бай

адам екен деп ойлайды. Сыртқа шыққанда қараса, үй иесінің жалғыз інгені ғана бар екен дейді.

**Басқы сөзі** (45-б.): Бір жолаушы келе жатып бір үйге түседі.

**Соңғы сөзі** (45-б.): Содан түзге шыққанда қанша түйелері бар екен деп қараса, үйдің жанында сетік танау жалғыз інген ғана жатыр екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Сары қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтіндер Қарағанды мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазып алынған.

**Ақауы.** Қағаздары ескіріп, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 235

Ш.123(ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.27  
20x17; 18x16

### Мақтаншак

**Аталуы.** Мақтаншак.

**Тапсырушысы.** Әңгімелерді ел аузынан жинап, 1955 жылы қорға тапсырған – Кәрім Рахманов. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Аннотациясы.** Бірде мақтаншак бір балуан өзімен күресетін адамның бар-жоғын сұрап, елге жар салыпты. Қара күшіне сенген ол балуан атаулының бәрін жығып

болғанын айтып мақтаныпты. Мақтаншақтықты жек көретін бір қарапайым арық жігіт халықты куә қылып, мақтаншақ балуанға қарсы шығыпты. Балуан тыртыйып тұрған арық жігітті менсінбей, келемеждейді. Жігіт «ұстаса кеткенде бірімізді-біріміз қысып ойбайлатайық. Кім бірінші ойбайлатса, сол жыққан болып есептелсін» деген шартын айтады. Күшіне сенген балуан келісіпті. Жиылған халық мақтаншақ балуанның жығылуын тілепті. Екі балуан ұстаса кетіпті. Шын балуан жігіттің белін үзіп жібермекші болып, сойылдай қолын айқастыра бергенде, жігіт алақанына қысқан тебенін беліне сұғып алыпты да, лақтырып жіберіпті. Балуанның жан даусы шығып, жігітті қоя беріп, ытып кетіпті. Жиылған жұрт балуанға «жығылды» десіп, арық жігітке алғыс айтысыпты. Ызаланған балуан даурығып, өзіне жігіттің үшкір нәрсені тығыш алғанын айтады. Қаны ағып тұрғанын айтып, көйлегін шешіпті. Жұрт қараса дәнеме де жоқ. Өзі де аң-таң болған балуанға жұрт оның балуандығының жақсы, мақтаншақтығының жаман екенін айтыпты. Сөйтсе, әлгі жігіт тебенді қан шығармайтын дәрімен дәрілеген екен. Осылайша айлалы жігіт мақтаншақ балуанды жөнге салған екен.

**Басқы сөзі (15-б.):** Қара күшіне масаттанған бір мақтаншақ балуан.

**Соңғы сөзі (16-б.):** Сонымен қарапайым жігіт қан шығармайтын дәрімен дәріленген тебенмен мақтаншақтың үнін ақыл-айламен өшірген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның қағаздары сарғайған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.123, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш.334 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 10  
20x15; 16,5x9**Мал тандау****Аталуы.** Мал тандау.**Жинаушысы.** Тұңғышбаев Қалжан – Қарағанды Педагогикалық университетінің доценті.**Тапсырушысы.** Қ.Тұңғышбаев.**Аннотациясы.** Ілгеріде бір аңқау соғымға жылқы алғалы базарға барады. Көп жылқының ішінен қара бие аңқауға семіз көрінеді. Сол жерде малды жете танитын айлакер досын кездестіреді. Айлакердің сөзіне сенген аңқау арық биені сатып алып сояды.**Басқы сөзі (1-б.).** Тағы бір жылы әлгі аңқау соғымға жылқы алғалы базарға барады.**Соңғы сөзі (1-б.).** Қара биені сойып қараса әрі бес айлық құлыны бар буаз, әрі лақса кәрі, өте арық болып шығады.**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1959-1960 жылдары Қарағандыда жазылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.334, 3-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 29  
27,5x20; 24,5x16,5

### Мауқай қу туралы

**Аталуы.** Мауқай қу туралы.

**Айтушысы.** Сейфолла Қатиполлаұлы – Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, Оянөлке ауылының тұрғыны.

**Тапсырушысы.** Б.Рахымов. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ел арасында Мауқай Тоғайбайұлы деген сөзге шешен адам болған екен, оны «Мауқай қу» деп атаған екен. Бұл Мауқайдың ата-тегі Келдібек бидің алты баласының бірі Асаннан тарайды. Сол Мауқай орта жасқа келіп қалған шағында бір күні Абай ауылына ат басын тірейді. Абайдың қызметшілері шығып, Мауқайды аттан түсіріп, атын байлайды. Ал Абай Мауқайдың жасының өзінен кіші екенін ескеріп, алдынан шықпай, үйде жатады. Сонда Мауқай есікте кілт тоқтап: «Сен туғанда азан шақырып қойған атың «Ибраһим» еді. Кейіннен дүниенің төрт бұрышын абайлап тұрсын деп «Абай» қойған еді. Сен Өскенбай мен Құнанбайдан аса алмай қалған екенсің» деп сөзбен түйрегені әңгіме болады.

**Басқы сөзі** (55-б.): Ел арасында Мауқай Тоғайбайұлы деген адам болған.

**Соңғы сөзі** (56-б.): «Өскенбай мен Құнанбайдан аса алмай қалған екенсің», – деп айтыпты-мыс деген әңгіме бар.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен, көк түсті қаламмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба жазылған дәптердің ернеулері мүжілген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты тысталған және сол жақ бұрышынан парақтарды қызыл сары жіппен біріктіріп тіккен.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 238

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 12  
27,5x20; 9,5x16

### Мауқайдың өсиеті

**Аталуы.** Мауқайдың өсиеті.

**Айтушысы.** Сейфолла Қатиполлаұлы – Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, Оянөлке ауылының тұрғыны.

**Жазып алушы.** Ж. Исатаев. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Тапсырушысы.** Б.Рахымов. Ол туралы мәлімет б9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Мауқай кудың өлер алдында айтқан өсиеті баяндалады. Бақиға аттанар алдында жақындарын жинап алып өзін әкесі мен шешесі жатқан зиратқа қоймай, одан алыс тұрған төбеге жеке жерлеңдер деп өсиет еткен екен. Мұның мәнісі менің «Мауқай ку» деген әйгілі атым бар, ертен көргісі

келетіндер, құран бағыштайтындар көп келер, сол құранға жақын жатқан әке-шешем ортақтасып жүрер деп түсіндіреді.

**Басқы сөзі** (58-б.): Мауқайдың дәл қай жылы қайтыс болғаны белгісіз.

**Соңғы сөзі** (58-б.): Оның сол ақырғы сөзін орындап, осыдан қырық шақырым жерде Оянқоңыр деген жер бар, сонда төбеге апарып қойған еді.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен, көк түсті қаламмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба жазылған дәптердің ернеулері мүжілген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты тысталған және сол жақ бұрышынан парақтарды қызыл сары жіппен біріктіріп тіккен.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 239

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.4; П.2; Ж.28  
20,5x29; 15x23

**Мәртебең дүниен болса асады екен...**

**Аталуы.** Мәртебең дүниен болса асады екен...

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Қазан төнкерісіне дейін көмір шахталарында 17 жасынан бастап жұмыс істеген, бұрынғы Қарағанды облысының Горбачев атындағы шахтасының Ленин ордені 67 жастағы қарт кеншісі Ыбырай Нұровтан 1936 жылы мамырда жазылып алынған.

**Аннотациясы.** 1916 жылы жаз айында «қазақтан солдат алады» деген хабар келді. Кешікпей-ақ хабар шындыққа айналды. Жастарды болыс-билер тізімдей бастады. Тізімге іліккендер жұмысты тастап, Қарағандыдан қашып кетіп жатты. Спасс заводының сыртқы жонына халық қаптап кетті. Ауыл адамдары мен жұмысшылар. Көтерілісті басқарушылардың бірі – Бекбосын Сыйқымбаевтың Бөлеген деген інісі еді.

**Басқы сөзі (13-б.):** Біздің атамыз Елкелдіге түсінде бейтаныс бір адам «өлең аласың ба, көген аласың ба» дегенде, «өлең аламын» деген екен.

**Соңғы сөзі (16-б.):** Ақыры солдатқа бармадық...

**Қағазы, әріп-сиясы.** А 4 форматтағы қағазға машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып, ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 17  
20,5x16; 7,5x14,5**Молда баққанша, өгіз бақ****Аталуы.** Молда баққанша, өгіз бақ.**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Қара Жүсіп дегеннің дәулетті, өз алдына мешіт ұстаған бір туысқаны қайтыс болып, тоғыз молданы қырқына дейін құран бағыштауға алып қалыпты. Және молдаларды күту қамы Қара Жүсіпке жүктеліпті. Бір жеті әрең шыдаған Қара Жүсіп сегізінші күні шыдамай үйден шығып кетіпті. Жолда кездескен бір кісі мұның жайын сұрағанда: «Қарны қабақтай тоғыз молда баққанша, тоқсан өгіз баққан әлде қайда артық екен» деп жүре беріпті.**Басқы сөзі** (20-б.): Қара Жүсіптің бір ауқатты, өз алдына мешіт ұстаған жақын ағайыны қайтыс болады.**Соңғы сөзі** (21-б.): Әуре боп мені іздемей-ақ қойсын, қашып барамын, – деп кете барыпты.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 11-дәптер.**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті. – 22.09.1973; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.4; П.4; Ж. 35  
20x16.5; 18,5x15**Молдабай мен Ақжігіт****Аталуы.** Молдабай мен Ақжігіт.**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков.**Аннотациясы.** Он адам нокталап алып шыққан дәуді жеңген Молдабай деген балуаннұң аты біраз жерге дейін жайылып, тарап кетеді. Сол кездерде қызай елінен Ақжігіт деген кісі Молдабаймен таныспаққа ауылына іздеп келеді. Молдабай палуанмен кездесіп, танысқан Ақжігіт Молдабайды да өз ауылына қонаққа шақырады. Сол кезде Ақжігіттің ауылында бір бай қыз ұзату тойын жасап, ат шаптырып, палуан күрестіреді. Сонда Ақжігіт пен Молдабай палуан біріне-бірі қарсы күреске шығып қалып, Ақжігіт жеңіліп, Молдабайға ренжіп қалады. Жолшыбай келе жатқан Молдабайға Мыңбай деген кісінің келіні Ақжібек деген келіншек кез болады. Келіншектің қитығына тиген Палуан ойламаған жерден сол жерде жеңіліп ұятты болып қалады. Осыдан кейін Молдабай палуан, досын жеңіп, ел алдында абыройын төккеніне және келіншектен жеңіліп ұятты болған екі ісіне өкінетінін айтып жүреді екен.**Басқы сөзі** (36-б.): Басында темір ноктасымен, шынжыр бауынан ұстаған он кісіні сүзгілеп, сүйретіп, күрес алаңына алып келген Қытайдың...**Соңғы сөзі** (39-б.): оның тақымында кеткенім өкініш те және өлім де емес пе?! – дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы, 18 мамыр.

**Беттелуі.** Әр бетке отыз жеті жолдан жазылып, еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 242

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж. 36  
20x16.5; 17,5x15

### Молдабай палуан

**Аталуы.** Молдабай палуан.

**Тапсырушысы.** Ғ. Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ғ. Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Тарбағатай жерінде, қаракерей еліне қарасты аға сұлтан Санязұлы Қамбар төре болған. Оның қолында Молдабай деген түіе палуаны болған. Шәушек қаласында үлкен мереке болып қазақ, ұйғыр, қытай, татары аралас ат шаптырып, палуандарды күрестіріп жатады.

Аттарды бәйгеге жіберген соң, ел екі жаққа жарылып, күрес алаңын ашады. Қытайлар жақтан екі жағынан бес-бес адамнан он адам нөкталап, бойы еңгезердей бір дәуді алып шығады. Сонда Қамбар төре Молдабай палуанды ортаға алып шығады. Қытайлық палуанның бойы биік болғаны мен қазақ батырының бойы аласа еді. Екі палуан біраз алысып, ақыр соңында

Молдабай палуан дәуді қылқындырып, жеңеді. Осыдан кейін Молдабайдың даңқы шарықтап, Үрімжі, Манас жақтағы қызай еліне де белгілі болады.

**Басқы сөзі** (34-б.): Тарбағатай округіне қараған қаракерей елінде аға сұлтан Саниязұлы Қамбар төре болған.

**Соңғы сөзі** (35-б.): Барлық қазақ еліне, Үрімжі, Манас жақтағы қызай еліне де аты жайылады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы, 18 мамыр.

**Беттелуі.** Әр бетке отыз жеті жолдан, еуропа цифрімен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 243

Ш.866 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.39  
20,5x16; 19,5x1,5

### Мөңкеден ақыл сұраған шаруа

**Аталуы.** Мөңкеден ақыл сұраған шаруа.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тұрмысы орташа, екі баласы бар бір кісінің жасы қырықтан асқанда әйелі қайтыс болыпты. Біраз уақыт әйел ала алмай жүреді. Қыз алып, қалыңмал беруге шамасы келмейді, жесір әйел алайын десе, қалай боларына көзі жетпейді. Осы ойлармен Мөңке биден ақыл сұрауға келеді. Мөңке аз ойланып, анадайда ойнап жүрген ақ

көйлекті баланы нұсқайды. Бидің балаға жібергені ерсі көрінсе де, амал жоқ, сегіз жасар балаға жайын айтып, ақылын тыңдайды. Бірақ ештеңе түсінбей, аң-таң күйде жолға шығады. Мөңке оны шақырып алып, баламен не сөйлескенін сұрайды. Шаруа ештеңе түсінбесе де, бала екеуінің арасындағы әңгімені тәтпіштеп жеткізеді. Би баланың дұрыс ақыл бергенін айтып, түсіндіріп береді. Шаруаға ақыл берген бала атақты Ержан би болатын.

**Басқы сөзі** (85-б.): Жасы қырықтан асқан бір кісінің әйелі қайтыс болады.

**Соңғы сөзі** (87-б.): Сондағы ақыл айтқан ақ көйлекті бала Бала би – атақты жезтаңдай ақылы асқан Ержан би еді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 244

Ш. 950 (ОҒК)

Б.5; П.2;Ж.67  
29x22; 25,5x18,5

### Мұңайтпастың шешесі Айсары туралы

**Аталуы.** Мұңайтпастың шешесі Айсары туралы.

**Айтушысы.** Қ.Мұңайтпасов. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ә.Қоңыратбаев. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

**Тапсырушы.** Ә.Қоңыратбаев.

**Аннотациясы.** Қажымұқанның айтуынша, әжесі Айсары араб батыры Ғалимен күресетін Дариға қыздай даңқты әйел болған. Өзі аса ірі, балуан, батыр қыз болыпты. Айсары жылқыда жүрген асау айғырларға шауып бара жатып құрық салып, тоқтатып қала береді екен. Бір жолы бір атан түйе құдыққа құлап, ауылдың 20-30 адамы түйені құдықтан шығара алмапты. Сонда келін боп түскен Айсары басындағы сәукелесін жерге қоя салып, атан түйені бір өзі сүйреп шығарады. Өзбекстаннан келген Қара балуанды ешкім жеңе алмағанда осы Айсары ерегісіп шығып, Қара балуанды жеңіп шығады.

**Басқы сөзі (24-б.):**

مۇڭايتپاستاڭ ناعاشسى اتاقتى بايسامۇ دەگەن باتىر مەكەن

**Соңғы сөзі (27-б.):**

سەل بوينداغى سارىتەرەك بولسىندا ولگەن

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Жеке парақтар өзара жіппен біріктіріліп, тігілген. Сырты сарғыш ақ қағазбен тысталған.

**Ақауы.** Қолжазбаның көп жерлері шимайланған. Кей беттердің ақ жолдарына жөндеп жазған жазулары бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қара сиямен араб әрпінде сарғыш-қоңыр қағазға жазылған.

**Жазылған жылы, жері.** 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданында жазылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.950, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

245

Ш.828 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.17  
20x16,5; 15x14

**Мұсылмандығың құтты болсын!**

**Аталуы.** Мұсылмандығың құтты болсын!

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Құлыбекұлы Ахметтің қарт анасы Ұлдаш қайтыс болғанда көршілес елдегі қадірлес замандасы Бекмырзаұлы Мұхамбетрахым оған көңіл айтқалы келеді. Ахмет өзі қажы әрі діннен сауаты бар адам еді. Құран оқығаннан кейін Мұхамбетрахым Ахметке «Мұсылмандығың құтты болсын!» дейді. Бұл сөзді қажы кек тұтпайды. Отырған адамдар бұған таң қалысады. Осыған сәйкес Сыр елінде мынадай дәстүр бар екен: біреудің қарт атасы, иә анасы қайтыс болса, соны ренжітпей жөнелтсе, мұсылмандығыңды сақтап қалдың, құтты болсын дейді екен. Қажының бұл айтқандары жиналғандардың көңілінен шығыпты.

**Басқы сөзі (37-б.):** Құлыбекұлы Ахмет – қажы әрі дін тұрғысынан сауатты адам.

**Соңғы сөзі (39-б.):** Ахаңның бұл сөзіне отырғандар ризалық білдірді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

246

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.7  
30x20,5; 16x2

**Мықтап ұстасайық**

**Аталуы.** Мықтап ұстасайық.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Екі алаңғасар бір-біріне жақындап келіп, жағаласа кетеді. Сөйтсе, екеуі шөгіп жатқан асау түйенің екі жағынан келіп ұстаса кетеді екен. Асау түйе атып тұрып, тайрандай жөнеледі. Жағадан ұстасқан екеуі де түйенің үстінен алысып кете барады. Сонда бірі екіншісіне: –Ақыры жағадан ұстастық, енді мықтап ұстасайық. Әйтпесе құлап, екеуміз де өлеміз, – депті.

**Басқы сөзі** (87-б.): Екі алаңғасар алыста тұрып ерегесіп, керісе-керісе бір-біріне жақындап келіп, жағаласа кетеді.

**Соңғы сөзі** (88-б.): – Әйтпесе құлап, екеуміз де өлеміз! – депті.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде қара сиямен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 1038 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 30  
30x19.5; 25x15,5**Нағашымның әңгімесінен****Аталуы.** Нағашымның әңгімесінен.**Жинаушысы.** Қ.Қарпықбаев. Ол туралы мәлімет 114-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Айтушы нағашысының Шаншар елінің аулында түстенген кездегі бір әңгімесін баяндайды. Әңгімеде үш салтты адам қыс кезінде Ақайдың Қасенінің аулынан қайтып келе жатып, төрт үйден ғана тұратын Шаншардың аз ғана аулына кез болып, жылынып, дәм татып аттанбақшы болып түсе қалады. Сонда сол үйдің жас қызы мен жеңгесінің қонақтарды киген киміне, іс-әрекетіне қарап сөзбен қағытып, ұялтқандары сөз болады.**Басқы сөзі (17-б.):** Менің нағашыларым Шаншар елінің әдет-ғұрпын еске алып, мынадай бір әңгіме айтты.**Соңғы сөзі (18-б.):** Берген шайларын қысыла-қысыла ішіп, асығыс аттандық әлгі үйден.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына машинкамен теріліп, беттелген.**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жылы қорға тапсырған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған. Парақтарын біріктіріп тіккен.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1038.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.1; П. 1; Ж. 24  
29x20.5; 18x16,2**Не деген күш десейші!****Аталуы.** Не деген күш десейші!**Жинаушы.** Әбеу Жаманкөзов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Аннотациясы.** 1917 жылдың март айы екен. Ол кезде қожайындар жер үстіне шығарылған көмірден жұмысшылардың көмір алып жағуына рұқсат етпейтін болса керек. Әркім көмірді өзі шахта ішінен арқалап алып шығарады. Сондықтан шахта астында жұмыс істемейтін жұмысшылар қырдағы көмірден ұрлап жағады.

Көктайша ма не Күлдібай деген ұста үйінде жағайын десе отыны болмай, шахта басына барады да, көмірдің бір үлкен кесегін иығына қондырып алып келе жатады. Алдынан қожайынның итаршыларының біреуі шыға келеді де, оны көріп қалады. Байқаусыз өтіп бара жатқан кісінің тізесінен әлгі сұм таяқпен беріп жібереді. Өзінің арқалап әкеле жатқан көмірі аяғына түсіп, содан әлгі жігіт ақсақ болды. Жерге түскен көмірі екі жарылып түскен екен. Ертеңінде әлеуетті жігіттер әлгі көмірдің сынығының өзін орнынан қозғалта алмады. Жұрттың айтуына қарағанда, әлгі көмірдің ауырлығы 9 пұттай еді дейді. Не деген күш десейші! Бір жарым центнерді арқалап жүрген. Сол жылы Қарағандыда жұмысшылар советі құрылып, бастығы Никитин деген орыс болады. Никитин бастық болғаннан кейін бастығы Күлдібайды аяғынан ұрып құлатып жүрген Қара Иван дейтін орыстан есесін әперген екен.

**Басқы сөзі** (118-б.): 1917 жылдың ұмытпасам, март айы.

**Соңғы сөзі** (118-б.): Никитин бастық болғаннан кейін бастығы Күлдібайды аяғынан ұрып құлатып жүрген Қара Иван дейтін орыстан құнын әперді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1956 жылы, 16 мамыр.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары (құраст.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева). – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 249

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.28  
29x20,5; 21,5x16

### Немковтың жауыздығы

**Аталуы.** Немковтың жауыздығы.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Николай Немков деген бақылаушы болды. Оның қолында үнемі қорғасыннан өзек салып, өгіздің жонтерісінен өргізген білеуіт қамшысы жүреді екен. Забойға түсті-ақ сол «құралын» қолданады. Барлық жұмысшылардың соңынан үздіксіз бақылау жүргізіледі. Бас есепші Запевал деген есепшілікпен қоса тыңшылық жұмысты да жүргізеді. Ол кімнің не істеп жатқанын бақылап, не айтып жатқанын тыңдап тыным таппай

жүгіретін де жүретін, егерде біреу-міреудің бастықтарға қарсы ұнамсыз сөздер айтып жатқаны құлағына шалынса-ақ қожайындарға жеткізеді... Ол адамға жазалаушы күттірмей-ақ жетіп келетін.

**Басқы сөзі** (94-б.): Забой іші тұнып тұрған қою шаң болатын.

**Соңғы сөзі** (95-б.): Немков өңеші жыртылғанша қарқылдап күліп, әлгі «игілік көрсетіп, жақсылық жасаған» адамын қамшының астына алады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** А 4 форматтағы қағазға машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды, Екібастұз шахталарында 1936 жылы мамырда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін қарасөзбен жазылған.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары (құрастыр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева). – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 250

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж. 20  
20x17; 17,5x14

### Нүрпейіс қайтыс болыпты

**Аталуы.** Нүрпейіс қайтыс болыпты.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ертеректе өзі дәулетті Нұрпейіс деген қарт болыпты. Балаларына: «Мен қайтыс болғанда алты болыс елді шақырындар» деп өсиет еткен. Бұл хабар көрші ауылдарға жайылса керек. Бір қу жігіт бір күні бір шалға «Нұрпейіс қайтыс болыпты» деп айтып, жүріп кетеді. Әлгі шал тездетіп ауылына барып, бір-екі көршісіне хабарлап, түнделетіп Нұрпейістің үйіне қарай аттаныпты. Жолда Нұрпейістің ішігін, мәсісін т.б. киімдерін меншіктеп бөліске салыпты. Бұлар күн шыға Нұрпейістің үйіне жақындағанда бір атты жігітке жолығып, мән-жайды айтқанда, ол Нұрпейістің жаңа ғана базарға аттанып кеткенін айтады. Бұлар төбелерінен тас түскендей болып, құлақтарын үсітіп, өз ауылдарына әрең жетіпті дейді.

**Басқы сөзі** (21-б.): Ертеректе Нұрпейіс деген қарт болыпты. Өзі ауқатты тұрыпты.

**Соңғы сөзі** (23-б.): Ақыры қол-аяқ, құлақтарын үсітіп, араға бір қонып, олар үйлеріне зорға жетіпті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің сырты тысталмаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті. – 22.09.1973; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 251

Ш.432 (ӘӨИ)

Б. 2; Ж.27  
29x20,5; 20x16

**Ол кезде**

**Аталуы.** Ол кезде.

**Тапсырушысы.** Дәкен Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Айтушы 1907 жылы ауылдан қазақ кедейлерімен бірге Қарағандыға, ағылшынның «Қарауыз» деген шахтасына жұмысқа келгенінен бастап, көзбен көргенін, тартқан ауыр қызметтік азабын қысқаша баяндайды. 30-40 жұмысшы ұзынан-ұзақ жерден қазылып салынған қараңғы, лас, ылғалды жер баракта тұрып, жер қойнауында 14-15 сағат тынымсыз еңбек етудің нағыз ауырпалығын айтады. Күн сайын 14-15 сағат жұмыс істеп, жан түршігерлік бейнетпен тапқан 20-30 тиын күндік жалақыларының өзі тамаққа да жетпейтінін, жетпейтіні былай тұрсын, көбінесе капиталистерге борышты болып қалатындарын айтады. Өйткені азық-түлікті ағылшын дүкенінен алып, онын ақшасын жалақыдан ұстатып отырады екен. Шахта иесі, ағылшын Джим Герберттің мейлінше жексұрын, қатал адам болғандығын ашып жеткізеді.

**Басқы сөзі (92-б.):** Мен 1907 жылғы ауылдан бірсыпыра қазақ кедейлерімен бірге Қарағандыға келіп, ағылшынның «Қарауыз» делінетін шахтасына жұмысқа түстім.

**Соңғы сөзі (93-б.):** Осындай қысымға төзе алмаған Дүйсен ақыры денсаулығын жойып, жұмыстан шығып кетті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1936 жыл, Қарағанды қаласы.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін қарасөз түрінде орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ. 432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

252

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.5; П.3; Ж. 9  
20.5x17; 16x15

### Олжалы сапар

**Аталуы.** Олжалы сапар.

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Күсеп деген қудың бірде өгізіне мініп, олжа таппақшы боп жолға шығып, аңқау жұртты алдаған оқиғалары айтылады. Жолшыбай ертеректе өлген малдың қураған сүйегін тауып алып, қу жауырынды асқан қулықпен піскен етке айырбастап, ертеңінде бір қотан қойға кездесіп, қойшы баланы алдап, піскен етке бір тоқтыны айырбастап алуы айтылады. Сосын байдың рұқсатымен тоқтысын қорадағы қойларға қосып, бір тоқтыны тоғыз қойға айналдырады. Тоғыз қойды тоғыз жігітке беріп, өлген қыз алады. Өлген қызды тірі қызға айырбастап, одан ұрпақ көргені, осының бәрін асқан айлакерлікпен атқарғаны баяндалады.

**Басқы сөзі** (33-б.): Күсеп қу бірде өзінің бағын сынау реті келсе олжа табу үшін өгізіне мініп, жолға шығады.

**Соңғы сөзі (37-б.):** Өлген қызым – сары қыз, Сары қыздан туған дәрі қыз!

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер. – Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 253

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б. 6; П.3; Ж. 4  
20,5x16,5; 15,5x3

### Оңай олжа

**Аталуы.** Оңай олжа.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Көрші жатқан қырғыздардың жылқыларын бірнеше мәрте айдап кеткен Көшекей, Жолдыбек, Күнаман деген үш ұры болыпты. Бұлардың арасында Көшекей сөзге шешен, тапқыр екен. Ұрлаған малдарын түрлі әдіс-амалға салып жүріп өздеріне алып қалады екен. Осы әңгімеде сол тапқыр Көшекейдің оңай

олжаға батып, жолдастарымен ауылына оралғаны сөз болады.

**Басқы сөз** (17-б): Көшекей, Жолдыбек, Күнаман деген үш ұры көршілес жатқан қырғыз елінен бірнеше жылқы айдап келіп жүріпті.

**Соңғы сөзі** (22-б): Көшекей жолдастарымен оңай олжа тауып ауылдарына оралған екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 8-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 254

Ш. 920/108 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.23

20x12,3; 13,5x10

### Оңдыбай, Құлтас әңгімесі

**Аталуы.** Оңдыбай, Құлтас әңгімесі.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Экспедициясы.** 1996 жылғы фольклор экспедициясы.

**Аннотациясы.** Елін жақсы басқарған Құлтас деген болыс елуден асқанда жақыны Оңдыбай деген бала болыстыққа таласыпты. Ел қариялары сол елдің қарт сыншысына баланың бетін қайтаруды тапсырады.

Оңдыбайдың қайтпайтынын сезген сыншы құлтасқа болыстығының жартысын бөліп беруін айтып сәлем жолдайды. Оңдыбайдың бірбеткейлігін жуып-шаюға оның әкесі Құлтасқа ат мінгізіп, шешесі жанат ішік жабады. Ақыры Оңдыбай Құлтасты үзеңгіге у жағып өлтірген екен.

**Басқы сөзі** (142-б.): Тама руынан шығып, елін жақсы басқарған Құлтас деген болыс.

**Соңғы сөзі** (144-б.): Ақыры Оңдыбай бақталастықпен Құлтасты үзеңгіге у жағып өлтіріп жібереді екен.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың блокнотқа қара қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1996 жыл, Түркістан.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.920/108 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

## 255

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.23  
20x16,5; 19x15

### **Өзінен зор шығып отыз тісін алдырған алып**

**Аталуы.** Өзінен зор шығып отыз тісін алдырған алып.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Айтушы әңгімесінде өткен өмірінің бір күнінде көрген оқиғасын баяндайды. Бір топ адам боп жолаушылап келе жатып, түнде жолшыбай бір бекет үйге келіп түсіп, жүк тиеген шаналарын жайғастырып қойып, арқа-жарқа әңгімеге кірісіп отырады. Арасындағы біреуінің аузында бірде-бір тісі жоқ екен. Қалғандары ол кісіден тісінің жағдайын сұрағанда, болған жайтты егжей-тегжей баяндап берсе керек. Кезінде қарақшы болған адам екен, кісі өлтіріп, керуен тонап жүргенінде бір күні жолда біреуді көріп, соны тонауға бел байлаған ол отыз тісінен қалай айрылғанын баяндайды. Әңгіме сол оқиғаны естіген кісінің тарапынан айтылады.

**Басқы сөз** (93-б.): Мың сегіз жүз тоқсан бесінші жылдардың мөлшері.

**Соңғы сөзі** (95-б.): Сол жігіт кім болды екен?

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 18 мамыр, 1977 жыл. Семей қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

256

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.12  
30x20,5; 16,5x4

**Өкініш**

**Аталуы.** Өкініш.

**Тапсырушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бір көзі соқыр баланы басқа балалар «соқыр, соқыр» деп келемеждейді екен. Бала шешесіне келіп көзінің қалай соқыр болғанын сұрағанында, кішкентай күнінде «пышақ бер» деп жылап қоймаған соң, қолыңа пышақты беріп, сонымен ойнап жүріп көзіне кіргізіп алғанын айтыпты. Сонда бала шешесіне пышақ бергеніне налып, ол кезде жыласа бір күн жылап қоятынын, енді өмір бойы жылап өтетінін айтып өкініпті.

**Басқы сөзі** (82-б.): Ерте кезде бір көзі соқыр баланы басқа балалар керісіп қалғанда «соқыр, соқыр» деп келемеждейді екен.

**Соңғы сөзі** (83-б.): Енді, міне, өмір бойы жылатып қойдыңыз-ау! – деп өкініпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

257

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.26  
29x20,5;19,5x15,5

**Өлім үстінде**

**Аталуы.** Өлім үстінде  
**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Д.Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Айтушы Қарағанды шахталарында забойшылардың ауыр азаппен көрген күндерінің бірінде болған оқиғаны баян етеді. Өндірген таскөмірді ағаш шанаға тиеп алып, жер бауырлай тарта отырып, штрикке жеткізетін шанашы әр күн сайын 14-15 сағат бойына осы азаппен жаншылып жұмыс істейті екен. Солармен бірге жер астында шанамен көмір тартып жұмыс істейтін Әбіл дейтін кісі бір күні қатты ауырып, жұмысқа шыға алмай қалады. Ашуланған шахта қожайыны, оған көмек көрсету орнына, «тіпті мүрдем кетсең де көмірді дереу жеткіз шахта ішіне!» деген бұйрық береді. Қатты ауырып есінен тануға айналған адамды күшпен жер астына әкеліп, шанаға теліп, көмір тасытқанын көрген әрбір жұмысшылардың көзіне жас алғандарын айтады. Түні бойы жер астында тынысы тарылып, ауырып азап көрген Әбілді таңертен зорға алып шыққанда, көп кешікпей қадірлі жолдастарының қайтыс болғанын еске алады. Әңгіме осы оқиғаға куә болған шахтаның аузымен айтылады.

**Басқы сөзі (87-б.):** 1913 жылдан 1916 жылға дейін Қарағандыны ағылшын капиталистері пайдаланып тұрған кезде жер астында шанашы болып істедім.

**Соңғы сөзі (89-б.):** Жұмысшылар одақтасып кеткенде қожайындарды бұқтырып-ақ тастайтын.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1936 жылы Қарағандыда жазылған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін қарасөз түрінде жазылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның бірінші беті астыңғы жағынан қағазы жыртылған, сарғайып ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуді қажет етеді.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары /Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы,1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96. Ауызекі әңгімелер. – Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

258

1124 (ӘӨИ)

Б.4; П.2; Ж.12  
20,5x17; 15,5x9

### Өмірбай ақын

**Аталуы.** Өмірбай ақын.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Өмірбай ақын бұрыннан Абайдың атын естіп жүреді екен. Бір күні алдына барып сәлемдесіп қайтудың сәті түсіп, ақынның домбырасын алып, іркілместен өлеңдете кеткеніне Абай қатты риза болып, Ақылбайдың қайнысының тойына шақырады. Сол Ақылбайдың тойында бәйгеден озып келген бурыл атты астына мінгізіп, үстіне шапан жауып, он саулық қосып беріп еліне ризашылықпен шығарып салады.

**Басқы сөз (5-б.):** Өмірбай Тілеуліұлы бұрынғы Семей уезі, Бұғылы болысы, Өтей ауылында туған.

**Соңғы сөзі (8-б.):** Ал аузынан өлең төккен Өмірбай ақын 1930 жылы дүние салады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1124, 102-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 259

Ш.1025 (ӘӨИ)

Б.6; П.6; Ж.25  
30x21; 20,5x15

### Өмірде ұмытылмайтын күндер

**Аталуы.** Өмірде ұмытылмайтын күндер.

**Айтушысы.** Нұрман Қалиұлы Селтекейтегі. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Әбу Айзахметов – бұрынғы Ерейментау қаласының тұрғыны, СССР Журналистер одағының мүшесі.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Селтекейтегі Нұрман Қалиұлының 14 жасынан байдың жалшысы болып жүріп, бастан өткергені айтылады. Колчаг бандылары мен большевиктердің арасындағы қақтығыстар, байлардың қысым көруі, кәмпескеге ұшырауы секілді тарихи оқиғалар баяндалады. Нұрман Олжабай, Барлыбай деген байлардың отын жағып, қойын бағады. Қойға қасқыр тиіп, ақысына тиетін қойдан да айырылады. Байдың немесе ағасы Байұзақ Нұрманды ұры деп жала жабады. Кейіннен 1918 жылдары кулактарға жалданып, тас қопаруды кәсіп етеді. Еңбегінің арқасында ауылдық кеңес төрағасына

сайланады. Әңгімеде сонымен қатар байларды кәмпескеге ұшрауы туралы айтылады.

**Басқы сөз** (13-б.): – Мен не көрмедім, – деп бастайды сөзін Нұрман қарт, – Селтекей балалары өмір бойы Нұралы тұқымында құлдықта шіріді».

**Соңғы сөз** (18-б.): Сөйтіп, бұл байлар конфискеленіп, мал-мүліктері жалшыларға, кедейлерге бөлініп берілді де, өздері жер аударылды...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ерейментау қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажет емес.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1025, 3- дәптер.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 260

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.6; П.6; Ж. 37  
20,х16,5; 18х15

### Өміріне шарт қойған инженер

**Аталуы.** Өміріне шарт қойған инженер.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде ленинградтық, ұлты орыс инженер жігіт туралы баяндалады. Инженер жігіт оқу бітірген соң өміріне шарт қойыпты. Шарт бойынша бір жерде, бір елде бір жылдан артық жұмыс істемейді екен. Осы шарт бойынша Кеңес одағының көп жерлерінде жұмыс істепті. Оның ішінде Қазақстанда, Семей облысында қызмет атқарған. 1930 жылдары Семей облысында инженер болған ол бір жылдан соң Башқұртстанға атбасын бұрған. Одан кейін Англияда бір жыл тұрып, қызметте болған. Америкада үш жыл тұрыпты. Америка өмір сүруге қолайлы деп тапқанымен, бірақ серт берген соң елге қайтып оралған. Еш жерде тұрақтамай, кейін көргендерін кітап қылып жазуды да ойлайды екен. Айтушы әңгімені сол инженермен бірге қызметтес болған, өз баласы, инженер Қабыш Дәуменовтен естіген.

**Басқы сөзі (72-б.):** Ұлты орыс ленинградтық бір жігіт инженерлік оқуын бітірген соң өз өміріне шарт қойған.

**Соңғы сөзі (77-б.):** Инженерлігімен қосып, жазушылығы да бар екен, өмірімде көрген білгенімді кітап қылып жазамын депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз қалың дәптерге көк қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жылы Павлодар қаласында жазған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.10  
29,7x20,5; 16,5x5,2**Өсе келе өзгерген****Аталуы.** Өсе келе өзгерген.**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Әңгімеде бір үйде бір топ адам әлденеге таласып, дауласып отырғанда килігіп сөйлеген баланың тапқыр жауабы айтылады. Дауласып отырғандардың сөзіне араласып, қарияларды жаңылдыра берген балаға үлкендердің бірі адам жасында ақылды болса, өсе келе ақымақ болады дегендей ақыл қылады. Сонда бала: «Өзіңіз жас кезіңізде ақылды болып, өсе келе өзгерген тәріздісіз», – деп ұтқыр жауап бергендігі әңгімеленеді.**Басқы сөзі:** (34-б.): Бір күні үйде көп адамдар отыр еді.**Соңғы сөзі:** (35-б.): Қариялар айтқандай, менің саған берер ақылым: сен жасыңда ақылды болам деп, өсе келе ақымақ болып кетпе, – дейді.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сары кеңсе қағазына машинкамен жазылған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1-бума.**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

262

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 9  
10x17; 6x14

**Өсиет**

**Аталуы.** Өсиет.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Кеңесбай деген адамның ертеректе дүниеден өткен бірі би, бірі қажы екі туысы болғандығы, ажал келсе өзін сол Сыйқұл мен Жұмабайдың араларына жерлеулерін өсиет еткендігі, бірі – би, бірі – қажы туыстарының о дүниеде арашашы болар деп ниет қылғаны айтылады.

**Басқы сөзі** (2-б.): Кеңесбайдың бірі би, бірі қажы аталас екі туысы болыпты.

**Соңғы сөзі** (3-б.): О дүниеде дозақ отынан арашалап қалар.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 4-дәптер.

**Библиографиясы.** «Торғай таңы» газеті. – 22.09.1973; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

### Өткен жұт – қоян қысы хақында қысқаша тарту әңгіме

**Аталуы.** Өткен жұт – қоян қысы хақында қысқаша тарту әңгіме.

**Айтушысы.** Сәлімгерей. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Мұрат Құсниев – жыршы, халық ауыз әдебиетін жинаушы. Бұрынғы Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданында дүниеге келген. Қазақтың ірі эпикалық жырларды жатқа айтушы. 1954 жылы «Ер Тарғын» жырының (қолжазба) бір нұсқасын М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорына тапсырған. Ол 1950-56 жылдары жинап тапсырған материалдар ӘӨИ-ның 364-365-бумаларында сақтаулы.

**Аннотациясы.** 1878-ші барыс жылынан бастап, қыста қар, жазда жауын-шашын аз түскен соң, жер көктемей елге келген жұт, мал мен жан басының қырылуы, бұл табиғи апаттың 1880 жылдың жазына дейін жалғасқаны баяндалады. Ел мал басын аман сақтап қалу үшін жер ауып, малын айдап күнелткені, кейбірі үйінің шатырына салған сабанға дейін малға азық қып тартқаны баяндалады. Халық аштықтан бірлі-жарым болып қырыла бастаған соң, 1879 жылы Ресейден Нестрдің (басқарушы ұйымның өкілі) жіберілгені, 1880 жылдың жазында өзен тасып, жауын көп түсіп, ел жұттан біржолата айыққаны туралы айтылады.

**Басқы сөзі** (25-б.): Барыстың қысы өткен соң, қоянға қарағанда жазда, яғни 1878-жылғы жазда жауын болмай, қыста қар болмай, оңды жер көктемеді.

**Соңғы сөз** (28-б.): Ұмтылмас үшін әм жастарға  
ғибрат үшін жаздым.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкада  
жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1995 жылы қорға  
тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан  
орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.365.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының  
әңгіме-жырлары. / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. –  
Алматы,1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі  
әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:  
Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай  
Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

## 264

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 18  
20,2x16,5; 14,5x15,5

### Періштелеріме айтайын

**Аталуы.** Періштелеріме айтайын.

**Жинаушысы.** Д.Қайымов.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет  
54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Құлақай о дүниеге аттанар шағында  
бәйбішесі Дәріжан оны қимай жылайды. Сонда Құлақай  
періштелеріне айтатынын, егер екі ат әкелсе, тастамай ала  
кететінін, бір ат әкелсе мінгесіп жүре алмайтынын айтып

қулана сөйлепті. Өлім аузында жатса да әзілін тастамаған Құлақайдың бұл сөзіне бәйбішесі күліп жібереді.

**Басқы сөзі** (24-б.): Құлақай сексен бір жасқа келіп, о дүниеге аттанар шағында ...

**Соңғы сөзі** (24-б.): Сол сәт ағыл-тегіл жылап отырған бәйбішесі мырс етіп күліп жібереді.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1123, 78-дәптер.

**Библиографиясы.** «Семей таңы» газеті. – 25.08.1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 265

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; 1 Ж.3  
0,5x17; 14x2,5

### Саққұлақ қонақ

**Аталуы.** Саққұлақ қонақ.

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Күсеп қудың ел аралап жүріп бір үйге келіп түсіп, қонағасы жеп болған соң,

төрлетіп демалып жатқан кезіндегі оқиғасы баяндалады. Үйде бір жастау әйел бар екен, сол күні күйеуі жоқта ашынасымен жатқанын Күсеп қу сөздерінен аңғарып қалады. Жігіттің келіншекке: «Сенің үстіңе шыққанда биік белге шыққандай боламын» – деген сөзін естіген Күсеп одан әрі төзіп жата алмай: «Белге шығып жатсаң ар жағында менің атыма да көзіңді салшы» – деп ұят шақыра сөйлегені әңгімеленеді.

**Басқы сөзі (37-б.):** Ел аралап жүріп Күсеп қу бір үйге келіп қонады.

**Соңғы сөзі (38-б.):** – Ай, биік белге шыққан жігіт, ар жағында менің атыма да көзіңді салшы! – деп қалады.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 266

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.18

20,5x17; 13,5x15,5

### Сәлем алмағанның сазасы

**Аталуы.** Сәлем алмағанның сазасы.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Өткен заманда өзінен басқаны менсінбейтін Тоқсаба деген тәкаппар бай адам болыпты. Бір күні салт атпен жолаушылап келе жатып, ауылдың іргесінде қозы бағып жүрген 8-9 жасар балаға жолығыпты. Бала иіліп сәлем берсе, сәлемін алмай өте беріп, қайтадан баладан жөн сұрайды. Бала үлкен кісінің сәлемді дұрыс алмағанына көңіліне алып, сұрағына теріс жауап беріп, сөзден ұстатпайды. Тоқсаба қалтасынан мүйізді шақшасын алып шығып, насыбай атқанда, бала шақшаның неден жасалғанын сұрайды. Сонда Тоқсаба қоянның мүйізінен жасалғанын айтып, баланы жеңбекші болады. Бала тұрып, өз елінің қоянның мүйізінен шаңырақ оятынын, ал, жолаушы елінің оны тек шақшаға пайдаланатынын айтып, теріс жауапқа теріс жауап беріп, сөзден мұқатады. Тоқсаба кішкене баладан жеңілген соң, ол ауылға тоқтай алмай ары асып кетіпті дейді.

**Басқы сөзі** (13-б.): Ертеде өзінен басқаны менсінбейтін, тәкаппарлығымен дүйім елге аты шыққан Тоқсаба деген бір бай адам болыпты.

**Соңғы сөзі** (15-б.): Тоқсаба алдындағы елге тоқтамастан әрі асып жүріп кетіпті.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне, көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 8-дәптер.

**Библиографиясы.** «Көкшетау правдасы» газеті. – 09.12.1978; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.29  
27,5x20; 22,5x18**Сараң бай әңгімесі****Аталуы.** Сараң бай әңгімесі.**Жинаушысы.** Ғ.Әбілқасов, Мұхамедханов.**Айтушы.** Зейнолла Сәрсенбеков. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Аннотациясы.** Шаншар елінде бір сараң бай болыпты. Байдың сараңдығы соншалық, үйіне барған адамды жақтырмай, тамақ беруге жоқ екен. Сол елдің үш жігіті «Осы сараңға барып, қайтсек те тамақ ішеміз» деп бәстесіп, сараңның үйіне келеді. Үй иесі шал мен кемпір келген қонақтарды жақтырмайы. Қонақтардан тез құтылу үшін шай әкеледі. Бір тәрелкеге бір қасық сары май, бір уыс бидай салып дастарқанға қояды. Құйған шайы да сұрықсыз екен. Содан үш жігіт былай сынайды. Бірінші жігіт:– «Қаймақ құйған қарлығаш шайдан менің жүрегім үркіп тұр»,–деп құйған кесесін әйелге ысырады. Екінші жігіт: – «Тәрелкедегі толтырып салған сары майдан менің жүрегім кілкіп тұр», – деп шай құйған кесесін кемпірге ысырады. Үшінші жігіт: – «Ат дорбасы толы болмаған соң бытыраған бидайды шашып, менің атым ат дорбасын сілкіп тұр», – деп бидайды ысырып кемпірдің алдына қояды. Содан үшеуі жата кетеді. Үй иесі амалсыздан тамақ асып, оларды күтеді.

**Басқы сөзі (8-б.):** Шаншар елінде бір сараң бай болыпты.

**Соңғы сөзі (9-б.):** Үй иесі еріксіз тамақ асып, оларды аттандырады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990-1991 жылдары жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.936.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 268

Ш. 910/2 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.36  
29x21; 23x16

### Сараңды соққан қу

**Аталуы.** Сараңды соққан қу.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қалақай мен Артықбай есімді кісі замандас болыпты. Артықбай үйінен «шық бермес Шығайбай», келген кісіге ас бермей, түрлі сылтаумен шығарып салады екен. Кетерінде «Сыбағаңызды жеп кетпедіңіз бе? қазан көтерер едік» деп өтірік жігі-жапар болады екен. Осыны білген Қалақай бір күні пар ат жегіп, суыт жүріп Артықбайдың үйінің тұсынан өтіп бара жатып, жүгіріп үйге кіріп өзінің асығыс алыс сапар кетіп бара жатқанын айтады. Артықбай асығыс екенін біліп өтірік «Сыбағаңды жеп кетпедің бе, келесі келгенше бітіп қалса, өкпелеме?» деп жармасады. Қалақай болса: «Досымның сөзін жерге тастағаным дұрыс болмас, ал, сал сыбағаңды»

деп төрге отырып алады. Сонда Артықбай алданғанын біліпті.

**Басқы сөзі** (70-б.): Абыз-көшек Қалақай деген Артықбаймен жүзі таныс, замандас кісі болса керек.

**Соңғы сөзі** (71-б.): Артекең: Қап! Ұрдың-ау, алаяқ! – депті.

**Қолтаңбасы.** Кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына машинкамен теріліп, беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған. Ретті, таза сақталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 269

Ш. 1216 (ӘӨИ)

Б.4; П.3; Ж.23  
20,5x16,7; 18,5x16

### Саяқбай әңгімесі

**Аталуы.** Саяқбай әңгімесі

**Жинаушысы.** Боранқұл Әбенев. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Тапсырушысы.** Едіге Тұрсынов (1942-2016) – фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы. Ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі бағыты – қазақ фольклорының көне дәуірдегі типтері, ақын-жыраулық дәстүр мен айтыс жанрының қалыптасуы, фольклор

таратушылардың (ақын, сал, сері, жырау, сыншы т.б.) пайда болу тарихи мәселелері.

**Аннотациясы.** Саяқбай деген адам 10 жыл бірге оқыған қызды түсінде көреді. Бір күні тоқпан базарға барып, сарт көпес пен кездеседі. Жанында бір-екі адам бар екен. Олар мен бірге бір үйге барып қонды. Сол үйде бір адам ауырып жатыр екен. Қыз тағы түсіне кіріп, сол сорлыны қамшы мен неге тартпадың деді. Үйдегі адамдардан ұялып, қамшымен сабамайды. Сарт көпеске жалданып, қойын бақты. Ауылға келеді. Саяқбай екі жыл сал болып жатқан жігітке келсе, сарнап жатыр екен. Ақырып қамшымен бір ұрып: «Кет, бәлекет, кет!» деп айғайлайды. Екі күнде емдеп жазады. Шақыртумен тағы бір қарияның үйіне барып, ауырып жатқан әйелді емдепті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Мен бір күні Тоқпақ базарына бардым.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Қайтуды 2-3 күн жол жүріп келдім.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Жұқа жол дәптерге көк қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1216, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 270

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж. 6  
20x17; 18x14

### Сәрсенбек байды шошыту

**Аталуы.** Сәрсенбек байды шошыту.

**Тапсырушы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қылышбай ақын жолаушылап кетсе екі-үш айдай жоғалып кетеді екен. Сондай бір сапардан келіп отырғанда, әңгіме арасында әйелі малшылары қойдың арық екенін, Сәрсенбек байдың құдықты иеленіп алып, бұларға су мен мал оттайтын жерді қызғанып, жайылымның тарылғанын қайғырып айтады. Сонда Қылышбай ертемен бір жігітін құдықтың ішіне түсіріп, қойын суғаруға келген байды қорқытады. Бай қорқып, Қылышбайға келіп жағдайды айтады. Қылышбай ол жерде жын-пері иеленген жер деп онан ары қорқытады. Кейін Сәрсенбек байдың үйіне түнде бес-алты жігіт жіберіп, үйін теріс айналдырып қойып, қойын үркітеді. Ояна сап есікке жүгірген бай басын керегеге ұрып, есіктің теріс қарап қалғанын көріп қатты қорқып қалды. Бұл жерден қатты үрейленген бай басқа жаққа қоныс аударыпты дейді.

**Басқы сөзі** (19-б.): Қылышбай ақын әдетте бір шықса, екі-үш ай жолаушылап бір-ақ қайтады екен.

**Соңғы сөзі** (23-б.): Сөйтіп, жөнсіз баса-көктеген байды жанынан шошытып, қайтып бұл араға жоламайтын еткен екен.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жол дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** «Еңбек туы» газеті. – 27.06.1975; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.9  
20,5x17; 7x15**Сенің нең кетті****Аталуы.** Сенің нең кетті.**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Божбан руынан бір кісі қайтыс болып, алыстағы туыс-туғандары келіп жатқанда, бұл үйге етжақын емес күйеу болып келетін марқұммен жақын араласқан бір кісі есіктен ентелей кіріп: «Көкешім-ай» деп зар еңірепті. Молда сабырға шақырып, Құран оқыпты. Құран оқылып біткенде тағы да жылапты. Осылай үшінші рет Құран оқылып, ел тарқағалы жатқанда тағы да жылап қоя беріпті. Сонда Құрымбай: «Өлсе он мың Божбанның біреуі өлді де, сенің оған нең кетті?» деп сөзден түйіп тастапты.**Басқы сөзі** (21-б.): Бір кісі қайтыс болып, алыстағы ағайын, жекжаттары үздік-создық келіп жатса керек.**Соңғы сөзі** (22-б.): Е, он мың Божбаннан біреуі өлсе, өліпті де. Сенің нең кетті, – депті.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Оқушы дәптеріне, көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 25-дәптер.**Библиографиясы.** «Оңтүстік Қазақстан» газеті. – 18.04.1991; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш.1038 (ӘӨИ)

Б.6; П.6; Ж.31  
36x21; 26x15,5**Сері Бәймен****Аталуы.** Сері Бәймен.**Жинаушысы.** Қ.Қарпықбаев. Ол туралы мәлімет 114-сипаттамада берілген.**Тапсырушысы.** Қ.Қарпықбаев.

**Аннотациясы.** Әңгімеде бұрынырақта өмір сүрген Сәлмен деген байдың Бәймен деген жалғыз ұлы туралы айтылады. Бәймен әкесіне біткен өлшеусіз көп дәулеттің арқасында ойына келгенін істеп, шолжаңдап өседі. Мақтаған сайын дарақылана түсетін мінезін түсінген Шардың жастары онын қасына құмырсқаша үймелейді. Еркелеумен өскен баланың еш нәрсеге икемсіз, қабілетсіз болып өскенін әкесі мен шешесі кеш түсініп, өкінеді. Сейтен қартайып, оның үстіне науқастанып, төсек тартып жатып дүние салады. Бірақ өлерінің алдында бүгін бар өмірдің ертең болмай қалуы мүмкін екенін, сондай бір күн туса шатырдың есігіне бір сымды байлап қойдым, өлімге бекінген кезінде сол сымға барып мойныңды іліп, көзіңді жұмып төмен қарай құла, сөйтіп қиналмай өл деп ақыл айта кетеді. Айтқанындай шаруаға икемсіз ұл әке мен шешенің өлімінен көп ұзамай қайыршыға айналады. Сөйтіп, әкесі дайындаған сымға барып асылғанда, сымның бір ұшынан түйе мойын алтын мен хат түседі. Хатта әкесі ақырғы рет Омбыға барып оқы, адам бол деп өсиет қылған екен. Бәймен маңдайға тиген санасыздығын жеңіп, Омбыға оқуға жүріп кетеді.

**Басқы сөзі** (36-б.): Сәлмен деген байдың Бәймен деген жалғыз ұлы болады.

**Соңғы сөзі** (41-б.): Мырзалар қонаққа келгенде көктөбет ит оларға аларып бір қарады да асықпай аяқтағы тамағын ішуге кірісті.

**Қашан, қайда жазылған.** 1984 жылы Бұрынғы Жезқазған облысы Никольский қаласында жазылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен жазылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның жазуы өше бастаған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1038.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

273

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.26  
20x16,5; 15,5x12,5

### Серіктің анты

**Аталуы.** Серіктің анты.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Әңгімеде бұрынғы Семей облысының Қанба деген жерінде өмір сүрген Серік атты қу, ұры кісінің қулығы мен тапқырлығы, ұрлығының артын оңай жуыпшаюдың асқан жолын ойлап табатындығы туралы айтылады. Серік елдің малын ұрлап алып, іздеп келген адамға түрлі айласымен өтірік ант беріп, өзінің алмағанына сендіріп шығарып салатындығы сөз болады. Сөз ойнатып, құбылдып, айлалы іс қылып, жоғын жоқтап келген кісінің бетін қалай қайыратыны, сенім ұялатып, қайтып келместей етіп жіберетіндігі баяндалады.

**Басқы сөзі** (10-б.): Семей облысы, Қанба деген жерде он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде...

**Соңғы сөзі** (10-б.): Мал иесі «Ант ішті, алмаған екен» деп кете береді екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді дәптерге көк сиямен кирил әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл, 18 мамыр.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866/2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

274

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.14

29,5x21,5; 17,5x8,5

### **Соқыр, таз, жалақ**

**Аталуы.** Соқыр, таз, жалақ.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Туындыда жат елге жолаушылап келе жатқан бірі – соқыр, бірі – таз, бірі – жалақ үш достың әңгімесі сөз болады. Олар бөтен елде бұл құпияларынан жұртқа сыр алдырмауға келіседі. Бір үйде қонақ болып отырғанда таздың басы қатты қышып, шыдатпапты. Шыдай алмаған соң, әңгіме бастап, әкесінің асқан батыр болғанын, ат үстінде қайың сойылды қарына іліп алатынын айтып, бөркін екі шекесіне қырындата ауыстырып киетінін көрсетіп, басын қасып алған екен. Мұнан соң соқыр да өз әкесінің құралайды көзге атқан

мерген екенін айтып, көзін уқалап алыпты. Тыңдап отырған жалақ мұның бәрінің өтірік екенін айтып, ернін жалап-жалап алыпты дейді.

**Басқы сөзі:** (97-б.): Бір соқыр, бір таз, бір жалақ үшеуі жолдас болыпты.

**Соңғы сөзі:** (97-б.): – Сырларыңды білдім-білдім, әлду-бәлду бәрі өтірік, япырай, япырай, – деп ернін жалап-жалап алыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 275

Ш. 1236 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 11

30x20,7,5; 8,5x16

### Сонда болдым неменесі?

**Аталуы.** Сонда болдым неменесі?

**Айтушысы.** Айнықша Ережекқызы – бұрынғы Шымкент облысы, Сайрам ауданының тұрғыны.

**Жинаушысы.** Исабаева – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті (1995 ж.)

**Аннотациясы.** Жаз күндерінің бірінде бір топ жігіттер ауыл қасындағы жол өтетін төбеде тоғыз құмалақ ойнап отырады. Алыстан бір жігіт пен үкілеп тақия киген

қыз көрінеді. Бәрі бұлардың әдемі киінісіне, тұр-сипатына қарап тұрады. Қасынан өте бергенде, біреуі тұрып, жігіттің атының жорғасын, жолдасының әдемілігін айтады. Сонда қыз тұрып: «Бұл жігіттің шешесі, менің шешемнің қайын енесі, мен бұл жігіттің жан денесі, сонда болдым неменесі?» деп жұмбақтатып өте шығады. Жігіттер ойланып қалады, сонда бір ақсақал ол жігіттің қыздың әкесі екенін айтады.

**Басқы сөзі (6-б.):** Мамыр айының мамыражай күнінің бірі болса керек.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Жігіттің жан денесі – қызы болды емес пе? – деген екен.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1995 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған студенттердің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбаның сырты ақ түсті қатты қағазбен тысталып, парақтары түптелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1236, 6-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 276

Ш.142 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 17  
28,5x20,7; 14x16

**Сөз тапқанға қолқа жоқ**

**Аталуы.** Сөз тапқанға қолқа жоқ.

**Жинаушысы.** Ғалымжан Мұқатов. Ол туралы 145-сипаттамада мәлімет берілген.

**Тапсырушысы.** Ш.Дүйсекеев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Ақмола қаласының маңайын мекендеген керей руларының бір аулында қайтыс болған кемпірді жерлеу кезінде болған оқиға туралы баяндалады. Жұрт қабір қазып жатқанда төскейден үш жолаушы бұрылып келіп: «Уа, көмер көбейсін!» – деседі. Керей жігіттері бұл сөзге қаты намыстанып, үш жолаушыны бас салып сабайды. Үш жолаушының біреуі таяқ жеп жатып та, жігіттердің намысына тиетін сөз айтуын қоймапты. Сонда елдің ақыл-есті бір қариясы ара түсіп, бұлардың Шаншар қулары екенін айтыпты. Оларды сөзбен ұта алмағаннан кейін, қамшы сілтеудің ұят іс екенін айтып, үшеуін босатып, ауыл жігіттерін тыйыпты.

**Басқы сөзі (3-б.):** Ақмола қаласының төңірегіндегі керей руларының бір аулында ауқатты біреудің кемпірі кенет қайтыс болады.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Олар әдейі бөгеу үшін айтты ғой, тимендер, – деп босаттырып жіберіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қорға 1958 жылы тапсырған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142, 8-дәптер

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 599 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж. 29  
19x30; 16,5x20**Стамбектің айтуынша****Аталуы.** Стамбектің айтуынша.**Айтушысы.** Стамбек Қыяқбаев – бұрынғы Семей облысы, Абай ауданының тұрғыны. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.**Жинаушысы.** Белгісіз.**Тапсырушысы.** Белгісіз.**Аннотациясы.** Стамбектің айтуынша, 1901 жылы Мырза Байбосын Меккеге бармақ болып, соның жайын Абайға айтып ақылдаспақ болады. Сонда Абай: «Әй, Байбосын, сен қажыға қандай мақсатпен барасың? Бірінші, сен «қажымын» деп біреудің төріне шығып отырғың келеді. Екіншіден, кінәдан құтылғың келеді. Олай болса, сенің туысқандарың – Мырзаның бәрі ұрлық қылады. Өзің ойлашы, ұрлық пен қажылық бір жерге сия ма? Інің Малбосын ұрлықпен мал көбейтсе, сен онымен қажыға барасың, олай болмайды. Менің тілімді алсаң, үйіңе барып, бір бие мен он шақты қой сойып, барлық мырза баласын жинап ал да, ұрлықтарын қоюын сұра, кедейлерге сауын мен көлік бер. Қызметке жарайтындарына Мұқыр өзенінен арық қаздырып, егін салдыр, қаракетке баулы. Сонда төрге отырасың, кінәдан да пәк боласың! Сол істеген ісіңнің сауабы қажыға он рет барғаннан артық болады» деген екен. Байбосын үндемей отырып қалып, кедейліктен қалай құтылуға болатынын сұрайды. Сонда Абай кедейліктен құтылудың жолын айтып береді.**Басқы сөзі** (41-б.): 1898 жылдың жазы.**Соңғы сөзі** (43-б.): Уақ өзінің таныдым дегенінің қате екендігін мойнына алып, қош айтысып, аттанып кетті.

**Мәтіннің орналасуы.** Әңгіме жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

278

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П,1; Ж.14  
20,5x16,5; 14x7

### **Суға сағымы түскен алтын ер**

**Аталуы.** Суға сағымы түскен алтын ер.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Жетісудың бір жеріндегі биік жартаст түбіндегі суға тусетін сағым сәуле, бейне туралы айтылады. Әңгімені айтушы Алматыда ҚазПИ-де оқитын Қасым деген жігіттен естігендігін, ол өз көзімен көріп баян қылғандығын айтады. Судың бетіне түскен көріністе жартаста есік, есікте құлып, ал маңдайында алтын ер тұрады екен. Сырттан қарағанда жартаста мұның бірі де жоқ деп айтылады.

**Басқы сөзі (9-б.):** Жетісуда екі жағы биік жартаст түбінде жылжып аққан терең суы бар.

**Соңғы сөзі (9-б.):** Су өте терең, жартаст биік еді деді студент Қасым деген жігіт.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1977 жылы Павлодар қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 279

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.37

20x16,5; 18x15

### Сұғанақ көк

**Аталуы.** Сұғанақ көк.

**Айтушысы.** Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Ғ.Дүйсеков.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Құнанбайдың алпыс жас шамасы кезіндегі кедей құрдасымен болған арадағы бір оқиға баяндалады. Наурыз-сәуір айының шамасында кедей құрдасы ет жегісі келіп, құрдасы Қүнекеңе: «Сәлем беріп, сыбағамды жеп қайтайын», – деп үйіне келеді. Құнанбай қонаққа кеткен екен, соның артынан барады. Үйге кірсе, үйме табақ етті алдарына енді ғана әкелген екен. «Қолыңызды жуып, жоғары шығып табаққа келіңіз», – деп Құнанбай оң жағынан орын береді. Шал байғұс қара кесек етке тісі өтпей, қазының, жамбастың майын басқалардың

алдынан, Құнанбайдың алдынан алып жеп, сүйреңдей берген екен. Сонда сөзге шешен Құнанбай мен сондағы қонақтардың ұйқас сөз айтып, әлгі шалды ұятты қылғандары баяндалады.

**Басқы сөзі** (41-б.): Қазақтың салтында соғым сойылады.

**Соңғы сөзі** (42-б.): Шал орнынан тұрып, қолын жумастан аттанып жүре беріпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 280

Ш. 142 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.26  
29,5x21; 24x18

### Сүйіндік Жақан қудың қулығы

**Аталуы.** Сүйіндік Жақан қудың қулығы.

**Жинаушысы.** Ш.Дүйсекеев.

**Тапсырушысы.** Ш.Дүйсекеев.

**Аннотациясы.** Әңгімеде он тоғызыншы ғасырдың соңғы жартысында қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында өмір сүрген сүйіндіктен шыққан Жақан атты қудың тапқырлығы мен айлакерлігінің бір мысалы сөз болады. Жақан Омбы қаласына жиналысқа қатынасқан адамдарға атқосшы болып барғанда, базардан бір қалайы ожау сатып алады. Қалайы ожаудың халыққа тарамаған

кезі екен, күздігүні Жақан Қаржас Үкібайдың үйіне қонып отырып Омбыдан ақ күміс ожауды әдейі тартуға әкелгенін айтып, оның мақтауын жеткізеді, ешкімге көрсетпей, бәйбішесіне тықтырып қоюға кеңес береді. Үкібай Жақанға астындағы атын беріп жібереді. Келесі жылы жазғытұрым ел аралаған бақалшылар Жақан алып келген ожауды 5 тиынға, болмаса бір уыс қойдың жүніне сатып жүргенін Үкібай көріп, Жақан қудың қулығын асырып, алданып қалғандығы туралы бір оқиға әңгімеленеді.

**Басқы сөзі** (11-б.): Жақан қу елден шыққан кедей болады.

**Соңғы сөзі** (12-б.): Сөйтіп, Жақан қу Үкібайды қулығын асырып алдаған екен.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1952 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

281

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.3; П. 3; Ж.26  
28,5x20,5; 19,7x15

**Сын түзелмей, мін түзелмейді**

**Аталуы.** Сын түзелмей, мін түзелмейді.

**Айтушысы.** Қапаш Алтынбаев. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Жинаушысы.** Дәкен Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** 1933 жылдың желтоқсанынан бастап Қарағандының Киров атындағы үшінші шахтасына забойщик болып жұмысқа түскен Қапаш Алтынбаевтың қасына серік етіп берілген Жолдыбай атты жігіт туралы сөз етіледі. Ол кезде №3-26 шахта деп аталатын шахтаға Донбасстан забойщиктікті үйреніп келгендер оларға тәжірибемен бөліссін, бірлесе жұмыс атқарсын деп ауылдан келген бір-бір жасты қосып береді. Міне, осындай жастардың бірі Қапашқа қосып берген Жолдыбай атты жігіттің жалқаулығының арқасында «Бүйен» аталуы туралы, кейін елдің мазақ сөз-өлеңдерінің арқасында «Бүйен» деп аталған әлгі Жолдыбай таңдаулы жұмыскерлердің бірі болып, түзеліп шыққанын баяндайды.

**Басқы сөзі** (34-б.): 1933 жылдың декабрінен бастап Қарағандының осы Киров атындағы үшінші шахтасына забойщик болып жұмысқа түстім.

**Соңғы сөз** (36-б.): Әнеки, «сын түзелмей мін түзелмейді» деген сол екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1956 жыл, 10 мамыр.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

282

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П. 1; Ж.30  
28,5x20; 23x18

### Сыңар етік

**Аталуы.** Сыңар етік.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Қ.Саттаров.

**Аннотациясы.** Әңгімеде бір сараң бай алыс жердегі базарға бір топ қойын сатуға алып келгенімен, малына базардағы жоқ нарықты сұрап, ешкім ала алмай, жай-жайына тарап кетеді. Кешкісін базарда бір өзі ғана қалған кезде, қаланың бір қу кедей жігіті келіп, малын алмақшы болса, оны қуып жібереді. Бай амалсыз қойын айдап аулына тартады. Бір дөңнен асқанда бір сыңар етік тауып алып, екінші пары болмаған соң қымай лақтырып жібереді. Қойын айдап екінші белден асқанда, әлгі етіктің тағы бір сыңарын тауып алып, қойын сонда иіре салып, қалған бірінші парын алып келмекші болып, қайта жүгіреді. Мұны әдейі істеп жүрген әлгі қаланың қу жігіті бай кеткенде қойын айдап кетеді. Осылайша сараң байды малсыз қалдырады.

**Басқы сөзі (78-б.):** Бір сараң бай айтшылық жердегі базарға бір топ қойын сатуға айдап келіпті.

**Соңғы сөзі (78-б.):** ....қолындағы сыңар етікке қарап, жан-жағына бір қарап тұрып қалады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1994 жылы дайындалған кітаптың қолжазба нұсқасы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Машинкаға басылған жазулары өшіңкі, парақтары бос.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 283

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.59  
20,7x17; 16,5 x 15

### Тақсыр, екіншілей қасыма келмеші

**Аталуы.** Тақсыр, екіншілей қасыма келмеші.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Тапсырушы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Әулиеата қаласында ілгеріректе өмір сүрген, бір-бірімен байлық, дәулет жарыстырған Сейдуалы төре мен Мырзахмет деген саудагердің бақталасы, оған Қылышбайдың жасаған қолғабысы айтылады. Олар қаланың базарына ие болуға таласатын көрінеді. Дегенмен Мырзахметтің киім киісі, ат мінісі жағынан Сейдуалыдан асыңқырап кететін жерлері көп екен. Әулиеатаға бір кездері Қылышбай бара қалғанда, Сейдуалы Қылышбайға жата-жармасып, Мырзахметты базарда елдің алдында бір масқаралап беруін, не тілесе

соны беретінін айтады. Қылышбай келісіп, тура Мырзахметтікіндей киім мен ат тапқызып мінеді де, базар күні Мырзахметтің қасына тура сондай сәулетпен Қылышбай келіп тұра қалады. Ел қыран күлкі болады. Мырзахмет артына қарай қалса, аумаған өзін көреді де, қатты сасып, базардан шыға қашады. Қылышбай артынан қуып, елден ұзаған соң кездесіп, Мырзахмет жалынып, екінші бұлай істемеуін өтінеді. Қылышбай ол үшін бір жылдық шығынын өтетеді, сөйтіп, оның екі байды қатар алдаған тапқырлығы әңгімеленеді.

**Басқы сөзі** (17-б.): Кезінде Әулиета қаласында Сейдуалы төре және Мырзахмет деген ірі саудегер тұрыпты.

**Соңғы сөзі** (19-б.): Сөйтіп Әулиеата қаласында аңдысқан екі байды осылайша теспей сорыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1122, 7-дәптер.

**Библиографиясы.** «Еңбек туы» газеті – 27.06.1975; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

284

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.8  
30x20,7; 6,2x16,5

**Танымал Нүке**

**Аталуы.** Танымал Нүке.

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Қ.Саттаров.

**Аннотациясы.** Ертеде Нүке деген кісі ауылға келе жатып, жер жыртып жүрген орыс мұжықтарының жанынан өтеді. Өгіздерін айдаған мұжықтар: «А, ну-ка! А, ну-ка!» деп жатса керек. Сонда Нүке ауылына мәз болып келіп, өзін орыс мұжықтарының бәрі білетінін, «Нүке», «Нүке» деп айғайлағанын айтып шад-шадыман болады.

**Басқы сөзі** (83-б.): Ертеде Нүке деген кісі ауылға келе жатып, соқамен жер жыртып жатқан орыс мұжықтарының тұсынан өте беріпті.

**Соңғы сөзі** (83-б.): Бәрі де «Нүке», «Нүке» деп айқайлап амандасып жатты, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1994 жылы дайындалған кітаптың қолжазба нұсқасы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тігу, беттеу.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 9  
29,7x21; 7x17

## «Танысаң адайыңмын...»

**Аталуы.** «Танысаң адайыңмын...»**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Әңгімеде бір жігіттің ауыл шетіндегі бір қараша үйге ат басын тіреп, үй иесінің жөн сұрауына шіреніп жауап қатам деп оңбай таяқ жегені әңгімеленеді. Өзі сом денелі, астында жарау бестісі бар әлгі жігіт келгенде үй иесі сыртқа шығып, жігіттен қай туған екенін сұрайды. Жігіт: «Танысаң – Адаймын, танымасаң – Құдаймын», – деп шіренеді. Сонда шал: «Руымды Керей қылатындай, өзімді кедей қылатындай ненді алып ем», – деп тұра ұмтылғаны айтылады.**Басқы сөзі (97-б.):** Жарау бестіге мінген сом денелі, адуын жігіт ауылдың шетіндегі бір қараша үйге атының басын тіреп...**Соңғы сөзі (97-б.):** – Руымды керей қылатын, өзімді кедей қылатын сенің ненді алып ем, бәлем, қолыма түстің бе? – деп тұра ұмтылыпты.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.**Қашан, қайда жазылған.** 1994 жылы дайындалған кітаптың қолжазба нұсқасы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Парақтары бос.**Қалпына келтірілуі.** Тігу, беттеу.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы,1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97. Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

286

Ш.365 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.25  
29,9x21,1; 22x16

### Тарихи уақиға

**Аталуы.** Тарихи уақиға.

**Жинаушысы.** Мұрат Құсниев. Ол туралы мәлімет 263-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** 1921-1922 жылдары Сақыралықтағы Орта жүз қазағының қоңырат, арғын елдерінде болған жалпақ аштықтың тигізген зардабы қатты болып, Сағынбай есімді азамат Жаңыл деген келіншегі мен екі жасар баласын алып, үш-төрт күншілік жердегі аштыққа әлі іліне қоймаған Ұлы жүздің ішіне қарай жол тартады. Азықтары жоқ бірнеше күн жүргеннен соң шаршап, көздері қараяды. Сағынбай жүре алмай құлайды. Содан соң ойланып, әйеліне балаларын азық етіп жеп, елге аман жетуден басқа жол қалмағанын айтады. Әйелі жылап, қарсы болғанмен көндігеді. Сөйтіп баланың даусын естімейін деп, далаға безіп, алыстағы бір дөңге шықса, қарауытып бірдеңе жатыр екен. Жақын келіп қараса киікті бүріп жатқан бүркіт екен. Бүркіт ұша жөнеледі, мойнын үзілгенәлгі киік қала береді. Әйел қатты қуанып, күйеуі мен мен баласына жүгіреді. Үшеуі сол киікті азық етіп, аман-есен елге жетеді.

**Басқы сөзі** (29-б.): Өткен 1921-22 жылдардағы Сақыралықтағы Орта жүз қазағының қоңырат, арғын елдерінде жалбақ аштық болып, өлгендер көп болыпты, ел табаны көтеріліп, шұбырып қуғындыққа ұшырапты...

**Соңғы сөзі** (30-б.): Сол елдегі Әлі деген қарттың сөзі.

**Қағазы, әріп-сиясы:** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға терілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1995 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен машинкамен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.365.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

287

Ш. 411 (ӘӨИ)

Б. 2; П.2; Ж.21  
20,5x16.5; 12,3x15

### **Тауық шақыра жүремін**

**Аталуы.** Тауық шақыра жүремін.

**Жинаушысы.** Сейдеш Төлепов. Ол туралы мәлімет 108-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Сейдеш Төлепов.

**Аннотациясы.** Алыс сапарға шыққан Болат деген адам жолда шаршап-шалдыққан соң, бір ауылға түсіп, бір түнеп алуға рұқсат сұрайды. Жатарда үй иесінен «тауық

шақырғанда тұрамын» деп ескертеді. Салқында жолға шыққысы келген қонақ түн ортасында тұрып, әтештің шақыруын ары күтіп, бері күтіп, таң атпаған соң ағашта қонақтап отырған әтешті сөмкесіне салып, әйтеуір бір шақырар деп жолға шығып кеткен екен.

**Басқы сөзі** (7-б.): Болат бір жылы алысқа жолаушылап бара жатып, бір ауылға келіп лұқсат сұрап қонған екен.

**Соңғы сөзі** (8-б.): Үй иесі ертеңгісін біліпті әтешті алып кеткенін.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көзді оқушы дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1952 жылы. .

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.411, 9-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

288

Ш. 1123 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.53

20,3x16,8; 10,5x16

### Тәбәрігім тарғыл өгіз

**Аталуы.** Тәбәрігім тарғыл өгіз.

**Жинаушысы.** Д.Қайымов.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Құлақай деген кісінің асқан айлакерлігі айтылады. Әкесі Қарабатыр дүние салған соң шешесі Құлақайға елді алдағанын қойып, Боқбасар бидің ақылын алуға үгіттейді. Оның батасын алу үшін бір мал табу керек болады деген Құлақай анасын ертіп, бидің аулына келе жатса, жол жиегінде бір табын сиыр жусап жатады. Қасына еріп жүрген інісі Бәйдекке Боқбасардың тарғыл өгізін ұстатып алады. Анасының қарсылығына байлар өз малын өзі танымайды деп сендіреді. Бұлар кеш бата тарғыл өгізді жетектеп, бидің үйіне келеді. Би Құлақайды қой сойып, қонақ қылады. Сөйтіп Құлақай қу тәбәрікке бидің өз малын өзіне беріп, бата алып қайтқаны баяндалады.

**Басқы сөзі (20-б.):** Әкесі Қарабатыр дүние салған соң шешесі Құлақайға...

**Соңғы сөзі (22-б.):** Әумин, игілікке ұстасын, – деп Боқбасар би сақалын сипапты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде қолмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1123, 78-дәптер.

**Библиографиясы.** «Семей таңы» газеті. – 25.08.1990; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

Ш. 629 (ОҒК)

Б.1; П.1; Ж.24  
20,5x16; 9,5x15**Тезекбайға****Аталуы.** Тезекбайға.**Айтушысы.** Оразғали Мұхаметжанов.**Тапсырушысы.** Садық Қасиманов. Ол туралы мәлімет 10-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Матай руынан шыққан Тезекбай деген кісі өлең шығаратын, шешен, тура сөзді адам екен. Сиез болар алдында Тезекбай ел аралап жүріп, Жөкең деген елдің «Абайды күшпен жұмсатамыз» деп сөз байласып жатқанын естіпті. Соны айтпаққа келгенде, есік алдында тұрған оны Абай оны бір ауыз өлең айтып қарсы алады. Тезекбай да көрген-білгенін өлеңмен әдемі қиыстырып жеткізіпті. Абай бұл сөзді ұнатса керек.**Басқы сөзі** (18-б.): Mataı rúynan Kójekbaı degen Abaımen joldastasyp júrgen bir baıshykesh adamy bolǵan.**Соңғы сөзі** (18-б.): Abaı Tezekbaıdyń bul sózin unatupty.**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне латын әрпінде көк сиямен жазылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.**Папкасы.** ОҒК: Қ.629, 4-дәптер.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.29  
28,8x20,5; 22x14,5**Текекөзді тепкілеу****Аталуы.** Текекөзді тепкілеу.**Жинаушысы.** Дәкен Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Әңгімеде Хорбетель дейтін шахтаның сараң қожайыны, ағылшын байы Текекөз бен бірқатар қазақ жігіттері туралы айтылады. Жергілікті жұмысшылар Текекөз деп ат қойып атайтын әлгі бай жауыз кісі болады. Ақшаны кем есептейді. Бірде айдың аяғында ақша алуға барған жұмысшыларға Текекөз ақшаның орнына ақ талон беріпті. Және ақшаның өзін кем есептеген. Ақшаны кем алғандықтарына ызалы болған Егізгілдин Әбірейім, Ермағамбетов Ысқақ, Орынбаев Байтыкен, Калинин атындағы шахтада істейтін Қойтасбаев Адайқайыр және Мустафа дейтін жұмысшылар Текекөз байды ұрып-соғады. Бұларды сол сәтке тап болған Шернияз деген бай ажыратып алады. Текекөз бен Шернияз, Мұстафа мен Адамқайырдың соңынан қалмайды. Осылай егесіп жүргенде 1916 жылғы июнь жарлығы шығып, солдатқа алынатынын білген Адамқайыр бір түнде Екібастұзға кетіп қалады.**Басқы сөзі** (85-б.): Қожайын Хорбетельдің оң көзі Текекөз деген ағылшын байы болды.**Соңғы сөзі** (86-б.): Ақырында, 1916 жылғы июнь жарлығы шыққан соң солдатқа алынатынын білген Адамқайыр бір түнде Екібастұзға кетіп қалды.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен басылған

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 291

Ш. 910/2 (ӘӨИ)

Б.2; П. 2; Ж. 29  
28,8x19; 9x15,5

### Темір сандық

**Аталуы.** Темір сандық.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қыпшақ тайпасының Көлденең руынан тарған Жармағамбет қажының баласы Сахи да әкесінің жолын қуып, Түркістанға барып қайтуды әдет қылған екен. Бір күні Түркістаннан келе жатса, алдынан Қойшыбай кездесіп, сәлем берсе қолын бермейді. Қойшыбайдың мас екенін айтып, өлгенде жылан шағатынын айтады. Қойшыбай Мәсәлім молдаға барып, Сахидың айтқан сөзін жеткізеді. Мәсәлім: «Құдайға құлшылық жасап, мешітке барсаң, Құдай күнәнді кешірер»,– дейді. Бір күні қарттар жиналып отырғанда Қойшыбай жыланнан аман қалудың әдісін тапқанын,

өлгенде өзін темір сандыққа салып, аузын мықтап құлыптап көмулерін өтініп, Сахиды мазақ етіпті.

**Басқы сөзі (73-б.):** Қыпшақтың Көлденең ұлынан тараған Қарақыз руы Жармағанбет қажының Сақи деген баласы Қойшыбаймен құрдас болса керек.

**Соңғы сөзі (74-б.):** Сонда жылан мені шаға алмайды, – дейді Қойшыбай.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға терілген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/2.

**Библиографиясы.** «Ұран» газеті. – 11.09.1992; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 292

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.3; П 3; Ж. 28  
28,8x19; 23x16,5

### Торғай уезінде 1916 жыл оқиғасы

**Аталуы.** Торғай уезінде 1916 жыл оқиғасы.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Жинаушысы.** Мырзажанов. Ол туралы мәлімет кездеспеді. Мәтін соңында «Торғайлық» деген жанама ат қана жазылған.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Торғай уезі басшысының орынбасары болған Ткаченко атты адамның Торғайдағы болыстарды аралап, әр болыстан 50-60 адамнан ұстатып, айдатып қазақ даласында көп зәбір көрсеткендігі, әскердің азығына деп елдің малын тартып алғандығы айтылады. «Июнь жарлығы» естіліп, қазақтың есі кетіп, көрінген орысты жау көрген уақытта Ткаченконың зорлық-зомбылығы, елдің одан әбден ығыр болғандығы баяндалады.

**Басқы сөзі** (54-б.): Sentiabr juldyzynuń ony kezinde Torǵaıdan 80 shamaly atty qazaq Qostanaıǵa qaıtty.

**Соңғы сөзі** (56-б.): Qanyn ishine tartyp, birneshe kún elden adam qatynastyrmady, osynuń artynan bir aıdan soń Torǵaı qalasy shabyldy.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Латын әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.1022.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

293

Ш. 1022 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж. 29

28,8x19; 23x16,5

**Торғай уезіндегі дүрбелең**

**Аталуы.** Торғай уезіндегі дүрбелең.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Әңгімеде 1916 жылы 25 июньде «19 бен 31 арасындағы қазақтың жастары қара жұмысқа алынады» дегенді естіген соң-ақ, Торғай уезіне қараған арғын, қыпшақ он бір болыс ел дүрбелеңге кіріп дүрлігіп, орыс патшасының қол астынан көшуге, не қарсы тұрып соғыс ашуға ұйғарысып жатқан кездегі жағдай айтылады. Амангелді деген мергенді басшы қылып, жүз алпыс сарбаз қарсы шығарады. Күйік қобасында екі әскер кездесіп, бір күн соғыс болып, бірсыпыра орыс әскерін өлтіреді. Оларды кейін қашырып, жіберілген сарбаздар түгелімен аман келген қуанышты күн баяндалады. 16 мартта патша құлап, халық кеңшілік алды деген хабар келіп, Торғай қазақтарының етек-жеңі кеңі бастайды.

**Басқы сөзі** (43-б.): 1916 july 25 pýnde, «19 ben 31 arasyndaǵy qazaqtyń jastary qara jumysqa alynady» degendi estigen soń-aq, Torǵai ýezine qaraǵan arǵyn, qypshaq on bir bolys el dúrbeleńge kirip dúrlige bastady.

**Соңғы сөзі** (45-б.): «16 martta patshanyń qulap, halyq keńshiligin aldy» degendi estigen soń Torǵai qazaqtarynyń etek-jeńi keńidi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Латын әрпінде көк сиямен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.1022.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.1;П.1; Ж.13  
28,6x19,8; 8,5x16**Төлебай мен қажы****Аталуы.** Төлебай мен қажы.**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Төлебай деген адам аңға шығып, бір түлкіні індетіп, алғалы жатса, Ералы атты қажы «байлансын» деп іннің аузына отырып алыпты. Төлебай түлкіні ұстап, құлағы мен құйрығын кесіп қоя беріпті. Бұл ісіне Ералы таң қалып, ашуланып кетіп қалыпты. Ал Төлебай сал, түлкінің ізімен келіп, қансырап өлген жерінен тауып алып, қанжығасына байлап қайтыпты.**Басқы сөзі** (13-б.): Төлебай аңға шығыпты. Түс ауа бере бір түлкіні індетіпті.**Соңғы сөзі** (13-б.): Түлкіні байлап қайтыпты.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба беттері тігіліп, беттелген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1126, 207-дәптер.**Библиографиясы.** «Ұран» газеті. – 11.09.1992; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т.,

Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

295

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.29  
28,6x19,8; 8x16

### **Төлебай мен шаншарлар**

**Аталуы.** Төлебай мен шаншарлар.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Төлебаймен қаракесек пен шаншарлардың арасындағы сөз қағысулары айтылады. Төлебай шаншарларды аралап келе жатып, бір үйге қонақ болады. Сонда Шаншарлардың бір жігіті шай үстінде Төлебайды қағытам деп, өзі оңбай сөзден буылады. Шаншарлардың сөзден жеңіліп қалғаны туралы хабар Алшынбайға жетіп, Төлебайды жазаламақшы болып, кісі аттандырады. Мұны білген Төлебай жағы да қамданып, бұл жолы да Алшынбай мен шаншарлардың алдын орап кеткендіктері, келген жігіттердің бәрін ұстап, ат-тонын сыпырып алып, жаяу қайтарғандары сөз болады.

**Басқы сөзі** (13-б.): Төлебайдың қасында бірнеше жолдастары бар қаракесек шаншарларын аралап

**Соңғы сөзі** (14-б.): ... ат-тондарын сыпырып алып, жаяу еліне қайтарыпты.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Қалпына келтіруді қажет етеді.

**Папқасы.** ӘӨИ: Қ.1126, 207-дәптер.

**Библиографиясы.** «Ұран» газеті. – 11.09.1992;  
Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер  
/Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т.,  
Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант,  
2013. – Б. 440.

## 296

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 28  
28,8x19,8; 17,5x16,5

### Төлебай сал туралы әңгімелер

**Аталуы.** Төлебай сал туралы әңгімелер.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Төлебай сал өзінің зорлықшыл әкім ағайындарының қысымына шыдай алмай, Тоқа Шоңның қасына көшіп барыпты. Өзі бұқарашыл, өнерді бағалай білетін Шоң оған жақсы қоныс жер беріп, дос-жар болып кеткен екен. Шоң Бекен деген кісінің қызын айттырып қайту үшін, Төлебай сал мен Бек шешенді әйелі Айымкүлге басшы етіп жібереді. Бекеннің қомсынып сөйлеген сөзіне Бек шешен мен Төлебай орынды жауап беріп, аузын аштырмаған екен.

**Басқы сөзі** (12-б.): Төлебай сал әкім ағайындарының зорлық-зомбылығына шыдамай Ақмола уезіне қарасты Тоқа Шоңның қасына аз ғана ауылмен көшіп келеді.

**Соңғы сөзі** (12-б.): Жоқты дәметкеніңіз тәкаппарлық қой, – деп құданың аузына құм құйыпты.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде қолмен жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуді қажет етеді.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1126, 207-дәптер.

**Библиографиясы.** «Ұран» газеті. – 11.09.1992; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

297

Ш. 910/3 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.44  
29,4x19; 24,1x14

### **Төрөбай бейітіне байланысты әңгімелер**

**Аталуы.** Төрөбай бейітіне байланысты әңгімелер.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Есеналы деген байдың баласы Төрөбай жайлы әңгіменің екі нұсқасы берілген. Екі нұсқаның да мазмұны бірдей. Тек біріншісінде қысқаша жазылған. Есеналы байдың баласы Төрөбай орысша оқыған, патша үкіметінің оң қолы болған екен. Төрөбай орыс әскері үшін үйір-үйір жылқы жіберіп отырыпты. Қиын кезде еш ойланбастан патша үкіметіне 300 арғымақты айдағып жібергені үшін әкесі баласының үстінен мың жылқы айдағып өлтіреді. Сол кезде патшаның адамдары Төрөбайға шен беруге келген екен. Сүйегін жинап, мола орнатуға көмек береді.

**Басқы сөзі** (33-б.): Ертеде біздің өңірімізді билеген Есеналы деген бай болыпты.

**Соңғы сөзі** (35-б.): Есеналы баласына белгіні осылай тұрғызған дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1954-1984 жылдары Орал қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/3.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Т.Әлбеков, Ж.Салтақова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б.440.

298

Ш. 920/126 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.40  
20x29; 14x24

### **Төремұрат Аяпұлының әңгімесі**

**Аталуы.** Төремұрат Аяпұлының әңгімесі.

**Тапсырушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Төремұрат есімді кісі Талдытруба деген жерге барып, бір үйге түссе, бір топ ауыл ақсақалдары мен жігіттері сөз жарыстырып отырыпты. Төремұратты ешқайсысы елемепті. Сол үйде Алаша Найман руынан бір ақсақал әңгіме айтып отыр екен. Әңгімесінде Сыр бойының жігіттері ірі болатындығы, алты жастағы атанға мінгенде аяқтары жерге салбырап жүретіндігі жайлы баяндайды. Барлығы қайран қалып, тыңдайды. Сонда Төремұрат өзінің әңгімесін айтыпты. Сыр бойына көкпар тартуға барғанда жаңбыр жауып, бір

апанға кіріп ұйықтағанын, сөйтсе ол апан дегені етік болып шыққанын айтқанда, әлгі ақсақал осындай ірі адамның етіктің қонышына симайтынын айтып сенбепті. Сонда «Төремұрат қанша ірі болсам да алты жасар атаннан аяғым жерге тимейді» деп әлгі кісіні сөзден тоқтатыпты.

**Басқы сөзі (34-б.):** Бірде бұл кісі Талдытруба деген жерге жолаушы болып барып, бір үйге түсе қалса, сол үйде бір топ ауыл ақсақалдары мен жігіттері сөз жарыстырып отыр екен.

**Соңғы сөзі (35-б.):** Үй ішіндегілер енді барып, бұл кісіге сый-құрмет көрсетіп, өздері ұялыс тауыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Өзбекстан, Бұхара облысы, Тамды ауданы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.920/126.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 299

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 30  
28,9x20,7; 21,2x15,5

### Тұрысбек келгенде

**Аталуы.** Тұрысбек келгенде.

**Жинаушы.** Әбеу Жаманкөзев. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Аннотациясы.** 1918 жылы ақпан айында «Ақмола уезінде кедейлер өкіметі құрылды» деген хабар шығып, Қарағандының қарапайым жұмысшыларының арасында

қызу әңгімелер өрбігені қысқаша баяндалады. Жаңа құрылған үкімет уәкілдері Қарағандыға 1918 жылдың сәуір айында Тұрысбек Мыңбаев бастап келеді. Айтушы Тұрысбек келген жиында Ілияс ақынның өлеңдете кіріп, амандасқан сәтін жатқа баяндайды.

**Басқы сөзі** (120-б.): 1918 жылы февраль айында «Ақмола уезінде кедейлер өкіметі құрылды» деген хабар келді.

**Соңғы сөзі** (120-б.): Содан күні бүгінге дейін колхозшымын.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазға машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1956 жылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары /Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

## 300

Ш. 142 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.27  
28,6x21,3; 24x17

### Тұяқ туралы әңгіме

**Аталуы.** Тұяқ туралы әңгіме.

**Жинаушы.** Ш.Дүйсекеев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Ш.Дүйсекеев.

**Аннотациясы.** Ертеректе Атығай-Қарауылда бір үлкен той болып, ат шаптырып, палуан күрестіреді. Екі елдің барлық жұрты жиналып, мен деген балуандары күреске түсіп, жүйрік аттары жарысқа қосылып, үлкен той болады. Осы жиналысқа келген Тұяқ дейтін адам өте балуан екен, Атығайдың атақты бас балуанын жығып кетеді. Тойда түйе бастатқан бас бәйгені Тұяқ алғанымен, арты үлкен таласқа ұласып, аяғы ұрыс-жанжалға айналып, бірнеше адамдар жараланады. Осыдан кейін екі елдің талас мәселесі дұрыс шешілмей, екі жақтың жиналған адамдары тарап кетіседі. Бұл дау-жанжалдан басы бәлеге қалған соң елден безіп, бас сауғалап, қайда барарын білмей аңтарған Тұяққа ауыл ақсақалдары «Баянауылдағы Шоңға бар, Орта жүздің әділеттісі сол» деп ақыл-кеңестерін айтады. Сонымен Тұяқ Шоңға барып, соған бала болып, елге сіңіп кетеді. Тұяқтан Қарашолақ деген бала туады. Қарашолақтан Дүйсенбай деген ұл болады. Дүйсенбайдан Оспан, Ахметжан деген балалар өрбиді.

**Басқы сөз (16-б.):** Бұрынғы өткен кезде Атығай-Қарауылда бір үлкен той, ат шабыс, күрес болып, осы екі елдің барлық адам қарасы жиылып...

**Соңғы сөзі (18-б.):** Осы жоғарыда айтылған Оспан және Ахметжанның балалары осы күні Павлодар облысында, Баян ауданында, Екібас заводында тұрады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.142-бума, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 7  
29,7x20,6; 5,5x16,5**Түйе құдыққа құлаған күн****Аталуы.** Түйе құдыққа құлаған күн.**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.**Тапсырушысы.** Қ.Саттаров.**Аннотациясы.** Бір әйел кеңпейіл, меймандос екен. Үйінен қайын-қайнағалары шықпайды екен. Бір күні сол әйелдің түйесі құдыққа құлағанда, түйені шығарысатын бір адам таппапты. Сонда әйел әшейінде үйінен шықпайтын қайын-қайнағаларының осындайда табылмағанына ренжіпті.**Басқы сөзі** (83-б.): Бір әйел кеңпейіл, меймандос екен.**Соңғы сөзі** (83-б.): Әшейінде үйден шықпайтын қайын-қайнағалар түйе құдыққа құлаған күні қайда кеткен? – деп ренжіпті.**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.28  
29x21; 23x16,5**Түйебай****Аталуы.** Түйебай.**Айтушысы.** Орынбай Сексенов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.**Жинаушысы.** Н.Төрекұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.**Экспедициясы.** Оңтүстік Қазақстан экспедициясы, 1964 жыл.**Тапсырушысы.** Н.Төрекұлов.**Аннотациясы.** Ауылдың жұмыстан қолы босаған қылжақбас, қу жігіттері Түйебай деген кісіні тамаққа шақырып, ол келгенше басты мүжіп, қу басты алдына қойып: «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты деген, кінә өзіңізден, кешігіп келген» деп әр саққа жүгіртіпті. Сонда Түйебай құрдастарын шақырып, бір мал сойып, өзінің атын өзгертіп берулерін өтініпті. Тамағын жеген қулар Түйебайға: «Енді сіздің атыңыз «Ботабай» болсын» депті. Бұған Түйебай қатты риза болып, үйіне келіп әйеліне айтса, әйелі: «Ашықауыз аңқау, биыл Бота болсаң, келесі жылы тайлақ, онан соң қайтып түйе боларыңды білмедің бе?», – деп сөгіпті. Мұны естіген Түйебай: «Енді мені бұрыннан бетер әжуалап, күлетін болды ғой», – деп, сол ауылдан көшуге бекінгені туралы әңгіме болады.**Басқы сөзі** (61-б.): Жұмыстан қолы бос, еріккен қалжыңбас жігіттер бірде Түйебайдың ауылына көршілес бір үйге жиналып...**Соңғы сөзі** (62-б.): Басқа жаққа көшіп кетпесем болмас, – деп Түйебай сонда санын бір соғыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1964 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба түптелмеген, парақтары бос.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

### 303

Ш. 1236 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.31  
30x20,6; 21x15

### Түсінбесең – сен де сәби

**Аталуы.** Түсінбесең – сен де сәби.

**Айтушысы.** Айнықша Ережепқызы – Шымкент қаласы, Сайрам ауданының тұрғыны. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** Исабаева – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті (1995 ж.).

**Аннотациясы.** Жаз күндерінің бірінде Сыр бойынан қырдағы елге жолаушылап келе жатқан Алтын Сейітжан ақын, сусындау үшін бір ауылға бұрылса, өзінің қайын жұртының рулас елі екен. Аялдаған үйінде Тұрмағамбет ақын отырса керек және екі ақын бұрыннан таныс болса керек. Тұрмағамбет Алтыннан: «Жер деген не, көк деген не?» деп төтесінен сауал тастайды. Сонда Алтын кідірместен: «Жер деген – сахи, көк деген – сари,

түсінбесең сенде – сәби», – деп, сусын ішіп аттанып кетеді. Балдыздары Түрекеңнен сөздің мәнісін сұрағанда «жердей жомарт, аспандай мөлдір бол» деп айтты деп ұғындырыпты.

**Басқы сөзі (7-б.):** Жаздың ыстық бір күнінде Сыр бойынан қырдағы елге жолаушылап келе жатқан Алтын Сейітжан ақын бір ауылға сусын ішуге бұрылады.

**Соңғы сөзі (8-б.):** Сари – парсыша мөлдір, таза деген сөз екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк түсті қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1995 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған студенттердің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папқасы.** ӘӨИ: Қ.1236, 6-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 304

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.26  
21,1x15,3; 23,5x12,5

### Тышқанбайұлы Тасым қарттың айтуы

**Аталуы.** Тышқанбайұлы Тасым қарттың айтуы.

**Айтушысы.** Тасым Тышқанбайұлы. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Жинаушысы.** М.Мәжікеев. Ол туралы мәлімет 49-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Мәжікеев.

**Аннотациясы.** Шананбайұлы Рахмет деген атақты ұры Есіл бойындағы Тоқтауыл елінің бір үйір жылқысын айдап кетіп, қылмысын мойындамай, жалтарғысы келеді. Орақ Бәсеңнің баласы Маты жоқшылар жағында тұрып, Шананбайұлы Рахметті сөзден жеңіп, жоғалған жылқыларды қайтарып бергені айтылады.

**Басқы сөз** (4-б.): Есіл бойындағы Тоқтауыл елінен бір үйір жылқы жоғалады.

**Соңғы сөзі** (6-б.): Матыны риза ғып қайтарады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде қолмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.828, 3-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 305

Ш. 866 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.36

20,2x16,5; 17,6x15

### Тінейдің сары құсы

**Аталуы.** Тінейдің сары құсы.

**Жинаушысы.** Ғ.Дүйсеков. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тіней құсбегінің қыран сары бүркіті болған екен. Бірақ көрінген адамға бағынбайды екен. Егер қағушы көп болып, түлкілі жер болса күніне 40-50 түлкі алады екен. Осы даңқын естіп құсты сұрағандар көп болыпты. Бірақ Тіней ешкімге де бермейді. Бір күні сол елдің аға сұлтаны құсты тартып әкетіпті. Құсбегі қатты налып, бірнеше күн тұрмай жатып қалады. Бірнеше күн өткен соң аға сұлтан Тінейді шақыртады. Босағада мұңайып отырған Сарықұс Тінейдің даусын естіп елеңдеп, қанатын қағып сілкініп, қуанғанын білдіреді. Сәлем беріп кірген Тіней төрге барып отырғанда бүркіт иесіне ұшып келіп, білегіне отыра қалады. Сонда аға сұлтан «Әр нәрсе иесімен екен-ау» деп көзіне жас алады. Аға сұлтан Сарықұсты аңға салса түспей қойыпты. Аға сұлтан Тінейге отыз түлкі алдырып берсе, құсын өзіне қайтаратынын айтады. Келесі күні сексен түлкі алған Сарықұсын алып Тіней еліне қайтады. Күндердің күнінде Сарықұс айдаһар алады. Бұл дақырт елге жайылып, қалмақ ханы құсты қолына түсірмек болып келеді де, Тінейді өлтіріп кетеді. Сарықұс өліп жатқан Тінейдің жүрегін жеп кетіпті. Содан елге «Тінейдің сарықұсы өзін алыпты» деген дақырт жайылып кетеді.

**Басқы сөзі** (2-б.): Тіней деген кісінің асқан қыран сары бүркіті болған екен, көрінгенді құтқармайтын болса керек.

**Соңғы сөзі** (4-б.): Ол бекер, анығы қалмақ ханы өлтірген.

**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көзді оқушы дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1977 жыл. Павлодар қаласы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.866, 2-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

306

Ш. 599 (ОҒК)

Б.10; П 5; Ж.27

30x21; 26x18

### **Уасила Абайқызының есте қалғандары**

**Аталуы.** Уасила Абайқызының есте қалғандары.

**Айтушысы.** Уасила Абайқызы (1890-1954) – Абайдың қолында өскен, бауырына салған немере қызы. Абай өлеңдерін, ол туралы естеліктерді жеткізуші, Абай мұрасының қамқоршысы. Уәсила көп жылдар бойы Алматыдағы опера және балет театрында тігінші ретінде қызмет атқарып, Абай қойылымдарының киім үлгілерін дайындаған.

**Жинаушы.** І. Матақов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Шығармада Абайдың Мағауия деген ұлынан туып, бірақ өз бауырына салып, «әкесі» атанған Абай туралы Уасиланың естелік әңгімесі жазылған. Абайдың жаздыгүні қандай киім киетіні, қыста қандай киім киетіні айтылады. Уәсила Абайқызы әкесінің балаларды жеті-сегіз жасында оқуға беретінін, олардың қалай оқып жатқанын бақылап жүретінін, бала тәрбиесіне қалай қарағанын еске түсіреді. Балалардың оқып, білім алуына ерекше көңіл бөлген Абайдың жарқын бейнесі суреттеледі. Әкесінің балаларға кішіпейіл болғаны, балалардың сұрағына қолма-қол жауап беретіні, кей нәрсені талдап, түсіндіретіні де сөз болады. Абайдың

қайтыс болған кезі мен одан кейінгі өлікті жөнелтудегі жоралғылардың қалай атқарылғаны туралы да есте қалғандары қызықты баяндалады.

**Басқы сөзі** (48-б.): Мен Абайдың Мағауия деген ұлынан тудым.

**Соңғы сөзі** (57-б.): Арманда болып зарлаған...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтінді Уасила Абайқызының аузынан естіп, жазып алған – І. Матақов.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ОҒК: Қ.599, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.432.

307

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.33

29,7x20,5; 26x17

### Уәйіс ақын мен Серікбай қажы

**Аталуы.** Уәйіс ақын мен Серікбай қажы.

**Айтушысы.** Әкебай Нәсілбеков – Мыңбұлақ совхозының тұрғыны, әңгімешіл ақсақал. Сол кезде 81 жаста болған (27.11. 1983).

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** С.Жақыпов.

**Аннотациясы.** Алпысты алқымдаған атақты Серікбай қажыны үйлі-баранды болған, жиырма бестердегі жалынды Уәйіс ақын іздеп барып, сәлемдесіп қайту ойымен Құрайлының Аякөзге құяр сағасындағы тоғайлы, паналы, шүйгін күзектегі там үйінде отырған Серікбай қажының ауылына іздеп барады. Аман-сәлемнен кейін Уәйісті таныған Серікбай қажы сөзбен сынайды. Сол кезде Уәйістің суырып-салма алғырлығына тәнті болған екен. Сөйтіп, өлең сөздің киесі жеңген, тамаша кездесу болады.

**Басқы сөзі** (47-б.): XIX ғасырдың аяқ шені. Уәйістің үйлі-баранды болған, жиырма бестердегі жалынды шағы екен де...

**Соңғы сөзі** (49-б.): Сөйтіп, өлең сөз бен дүние, байлықтың иелері таразыға түсіп, өлең сөздің киесі жеңіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мыңбұлақ совхозы, 27 қараша 1983 жыл.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 308

Ш. 910/3 (ӘӨИ)

Б. 2; П. 2; Ж. 19  
29,3x19; 15x15

### Ұрылардың тапқырлығы

**Аталуы.** Ұрылардың тапқырлығы.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** М.Тілеужанов.

**Аннотациясы.** Адайда атақты Тәш деген ұры болады. Ол жақын жатқан ауылдарды емес, алыс ауылдарға қол салады екен. Бірде үзеңгілес үш-төрт жігітпен Жайық бойына мал ұрлауға барып, үйір жылқыны алдына салып айдап келе жатады. 2-3 күннен кейін арттарынан қуғыншылар да жетіп қалады. Сол сәтте Тәш өзінің асқан тапқырлығымен шешек жұқтырған аурудың кейпіне түсіп, қуғыншыларды шошытып, елге олжалы оралады.

**Басқы сөз** (71-б.): Ертеректе адайда Тәш деген атақты ұры болыпты.

**Соңғы сөзі** (72-б.): Ал ұрылар мол олжамен еліне келіпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Түптелген кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1954-1984 жылдары Орал қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/3-бума.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

**309**

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.17  
30x21,3; 16,1x16,5

### **Ұсақ бауырсақ**

**Аталуы.** Ұсақ бауырсақ.

**Айтушысы.** Тәжиев Әбдікүл – ертекші, Оңт. Қазақстан, Шаян ауданының тумасы. Ол туралы өзге мәлімет кездеспейді.

**Жинаушысы.** Н.Төрекұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Н.Төрекұлов.

**Аннотациясы.** Қаратау елінде Есалы деген кісі балашағамен де, келін-кепшінмен де қалжыңдаса беретін ақкөңіл, аңқау кісі болыпты. Сол Есалы жазда Түркістандағы бір құрдасының үйіне қонақ болады. Досы келген соң үй иесі мал сояды. Көп кешікпей дастархан жайылып, шай келеді. Жол жүріп, еш жерге түстенбеген Есалы алдындағы ұсақ бауырсақты үштен-төрттен жей бастайды. Қонақтың бұл қылығына үйдің бойжеткен қызы күліп: «Сіздің елде қойды қораға қамарда нешеуден айдайды?» – деп кекетіп сұрайды. Қыздың қалжыңын түсінген Есалы дереу: «Қой тоқ болса біртіндеп айдайды, аш болса топтап айдайды» – деген екен.

**Басқы сөзі (20-б.):** Қаратау елінің Досай ауылында Есалы деген болыпты.

**Соңғы сөзі (21-б.):** Шай құйып отырған қыз бетін басып, күлген бойы үйден тұра жөнеліпті.

**Экспедициясы.** Оңтүстік Қазақстан экспедициясы, 1964 жыл.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1964 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Түптелмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Түптеу, беттеу керек.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 440 бет.

Ш. 411 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.37  
20,5x16.5; 18 x14.5**Үйдің ауасы****Аталуы.** Үйдің ауасы.**Жинаушысы.** Сейдеш Төлепов. Ол туралы мәлімет 108-сипаттамада берілген.**Тапсырушысы.** 1952 жылы қорға тапсырған Сейдеш Төлепов. Ол туралы мәлімет кездеспейді.**Аннотациясы.** Болат дегеннің үйіне бірнеше салт аттылар келіп тоқтайды. Арасындағы біреуі Болатты менсінбеген сыңай танытып, мұқатпақ болады. Алайда сөз тапқыш Болат еш қымсынбастан қарымта жауап қайтарып, төре сымақты жерге қаратады. Сөзден жеңілген жолаушы айтарға сөз таба алмай, өз жөніне кете береді.**Басқы сөзі (8-б.):** Шілде айларының шыжыған ыстық бір күнінде иттер шабаланып қоя береді.**Соңғы сөзі (9-б.):** Бейтаныс әкім төре руынан, управитель екен.**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді оқушы дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 01.07.1951 жылы жазылған. 1952 жылы қорға тапсырылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.**Папқасы.** ӘӨИ: Қ.411/9.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 311

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.1; П.42; Ж.34  
20x30; 18x28

### Үркер көтерілгенде

**Аталуы.** Үркер көтерілгенде.

**Айтушысы.** Мұхаметқали Баймұханұлы. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов.

**Аннотациясы.** Бір жолаушы келе жатып, жолдағы үйге түссе, қонағасы беріп жатыр екен. Ас артынан кейін үй иесі «үркер көтеріліп қалыпты» деп, қонаққа сорпаны көп ішкізіпті. Үй иесі ел аузындағы «үркер көтерілгенде, сорпа ас болады» деген сөзді меңзесе керек. Ертеңінде кешегі артықтау ішкен сорпа жолға шыққан қонақтың ішін ауыртады. Соған өзі қатты ыза болыпты. Кешкісін тағы бір үйге түскенде, ол үйдің иесі де ет желінген соң, сорпа іш деп қыстапты. Кешегі іші ауырғаны есіне түскен жолаушы ішпей кетіпті.

**Басқы сөзі** (61-б.): Ел аузында «үркер көтерілгенде сорпа ас болады» деген сөз бар екен.

**Соңғы сөзі** (61-б.): Ей, ақсақал, сол сорпаны мен ішпейін, сол аспандағы алты итіңе берші, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтін Қарағанды мемлекеттік университеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазылып алынған.

**Ақауы.** Қағаздары ескірген.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 312

Ш. 520 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 27  
30x21,3; 22,5x16

### «Үркіп кетемін»

**Аталуы.** Үркіп келемін.

**Айтушысы.** Орынбек Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, Алғабас совхозының тұрғыны, ертекті. Ол туралы мәлімет кездеспейді.

**Жинаушысы.** Н.Төрекұлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Нысанбек Төрекұлов.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Қаратау жеріндегі Доспай болыстың Шаян деген жылқышысы туралы айтылады. Ол байдың көп жылқысын бір өзі бағады екен. Күні бойы жылқы бағып, атсоқты болып келгеніне қарамастан байдың әйелдері оны су әкелуге, отын теруге жұмсай беретін болыпты. Мұнан мезі болған Шаян отынға барса, жыланнан, суға барса бақадан үркетінін айтып сылтауратып бармауға амалдапты. Бір күні бай әйелдері Шаяның үріккеннін көрмекші болып, суға жұмсап, өздері артынан еріп жүріпті. Шаян алдын-ала дайындап қойған қамшының

өрімін лайға шаншып кетеді. Әйелдерден бұрын барып, қамшыны лайға батырып, шелегіне іліп алып, ойбай салып алдарынан шығады. Мұны көрген әйелдер жаулықтары жалбырап, шулап қаша жөнеледі. Сөйтіп, Шаянды жөнсіз жұмысқа жұмсамайтын болған екен.

**Басқы сөзі (94-б.):** Ертеде Қаратау елінде Доспай болыстың Шаян деген жылқышысы болады.

**Соңғы сөзі (95-б.):** Сол, сол екен, содан былай қарай Шаянды оны-мұныға жұмсамайтын болыпты.

**Экспедициясы.** Оңтүстік Қазақстан экспедициясы, 1964 жыл.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1964 жыл, Оңтүстік Қазақстан облысы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба түптелмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Түптеу, беттеу керек.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.520.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

### 313

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 25  
20x30; 17x29

#### **Халық ақыны Болман Қожабаевтың айтқан әңгімесінен**

**Аталуы.** Халық ақыны Болман Қожабаевтың айтқан әңгімесінен.

**Айтушысы.** Ырыздықбай Тілеуберлин. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Жинаушысы.** С.Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов.

**Аннотациясы.** 1944 жылы қыркүйек айында Болман ескілікті жақсы білетін замандастарының арасында отырып бір әңгімесінде мынаны айтады: «Әкем Қожабай Тоқсанбайдың баласы Абайдың замандасы екен. Өте пысық, қажырлы адам болатын. 1873 жылы Омбыда айтыс болыпты. Бұған атақты отыз ақын атсалысыпты. Солардың ішінде жас Абай да болады. Ақындар әзілмен бір-бірімен ашусыз айқасып отырса да, Абайға батып ешқайсысы сөз қата алмайды екен. Ол кезде Абайдың шешен, сөзге шеберлігі жағынан Ұлы жүз бен Орта жүзге атағы әйгілі еді. Жасы кіші болса да Абай Қожабайға біраз ақыл айтыпты. Ол ақылын өлең түрінде айтқан екен. Қожабай басқа өзіндей ақындарға жол бермей жүрсе де, Абайға кенеттен қайырып ештеңе айта алмапты. Абайдың сөзі Қожабайды біраз ойға қалдырады. Ол мәдениеттен кенже қалғанына біраз налып, Абайға өлеңмен сәлем хат жазып жібереді».

**Басқы сөзі (39-б.):** Халық ақыны Болман Қожабаев осы күнгі Қарсақпай қаласында тұрады.

**Соңғы сөзі (39-б.):** Қожабай ақынның Абайға айтқан өлеңі, – деп халық ақыны Болман сөзін бітіреді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына жасыл сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға

дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

314

Ш. 910/2 (ӘӨИ)

Б.2; П. 2; Ж.36  
29x19; 23x16,5

### Халық аузынан

**Аталуы.** Халық аузынан.

**Тапсырушы.** Әңгімені бұрынғы Орал пединституты, Тіл-әдебиет факультетінің сол кездегі сырттай бөлімінің студенті С.Нұрмағамбетов жазып алған.

**Жинаушысы.** М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 71-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Ақтөбе облысының Шалқар ауданын мекендеген, XIX ғасырдың аяқ шенінде өмір сүрген, Тілеу руынан шыққан қу, сөзшең Мұса туралы айтылады. Мұсаның сараң байдың үйінің қалай тамағын ішкенін, төркіндеген қыз болып, мешіт молдасы Бахраддин деген кісіні масқара еткен әңгімелері сөз болады.

**Басқы сөзі** (64-б.): Ақтөбе облысының Шалқар ауданында, қазіргі Шалқар совхозының жерін мекендеген Тілеу руында Мұса деген адам болған.

**Соңғы сөзі** (65-б.): Оны Шалқар ауданының көп жері әңгіме, мысал, мақал ретінде пайдаланады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Әңгіме Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазылып алынған (1991 жыл).

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.910/2.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

### 315

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 26  
28,8x20,5; 20,6x15

#### **Хорбательдің күресінге тасталуы**

**Аталуы.** Хорбательдің күресінге тасталуы.

**Жинаушы.** Шәйт Асайынов. Ол туралы мәлімет табылмады.

**Аннотациясы.** 1916 жылдың жазында «Июнь жарлығы» шыққаннан кейін көп ұзамай шілде айында кен басшысы Хорбатель нарядқа келіп, оны Александр Горбатов, Нұрмағамбетов Ысқақ, Алтайбаев Хұсайын деген жұмысшылар, кен таситын арбаға итеріп құлатып, топырақ төгетін күресінге апарып тастағаны, ағылшын пайдакүнемдеріне өздерінің кекті ашуларын осылай білдіргендері туралы айтылады.

**Басқы сөзі** (17-б.): 1916 жылдың жазы, июнь жарлығы шығыпты...

**Соңғы сөзі** (17-б.): Біздің шахтерлер ағылшын пайдакүнемдеріне өзінің кекті ашуын осылай білдіріп еді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1952 жылы «Советтік Қарағанды» газетінің 31 тамыздағы санында жарияланған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Бетке бір жолдан орналасқан

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

### 316

Ш. 1038 (ӘӨИ)

Б.8; П.8; Ж.29  
29,9x20,8; 24,5x15

### Шаншардың қулары

**Аталуы.** Шаншардың қулары.

**Жинаушысы.** Қ.Қарпықбаев. Ол туралы мәлімет 114-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Қ.Қарпықбаев.

**Аннотациясы.** Шаншар абыз Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданының төңірегінде өз заманында бір тайпа елді аузына қаратқан би болыпты. Бір жорықта батырлар қалмақ ханының Әйбике, Нұрбике, Қызданбике атанған үш сұлуын қолға түсіріп әкеледі. Абыз үш қыздың тілегін сұрайды. Олар кімге берсе де, үшеуін бір-ақ адамға беруін өтініпті.

Абыз үш қызды бір адамға беруге шешім айта алмай, келісіп біреуі алсын деп батырларға рұқсат береді. Үш сұлу қызды батырлар бір-біріне қимай, араларына іріткі түсе бастайды. Ауыл ақсақалдарының ақылымен бүкіл ел болып ұйғарым жасаған соң, Шаншар абыз үш қызға үйленуге келісім беріпті. Үш қыздан тараған Шаншар тұқымы, «Шаншардың қулары» аталған ұрпақ үш ауыл

болып өсіп, қазіргі уақытта «Егіндібұлақ» ауданының негізін қалаған болса керек. Әңгімеде осы «Шаншар куларының» шебер қалжыңдары, шешен тілдері мен өткір ойлары баяндалады.

**Басқы сөзі** (90-б.): «Шаншардың кулары» деген атау сөз қазақ еліне ертеден мәлім.

**Соңғы сөзі** (97-б.): Қалай жағып қарасаң, олай жағып қара, екеу-ақпыз, – депті екіншісі ыза болып, аспанға алара қарап, екі саусағын шошайтып.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1984 жылы Жезқазған облысы, Никольский қаласы, Мичурин көшесінде (142/3 пәтер) Қ.Қарпықбаевтың қолымен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1038.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 317

Ш. 432(ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10

28,8x20,5;7,5x14,5

### Шернияздың зорлығы

**Аталуы.** Шернияздың зорлығы.

**Жинаушысы.** Д.Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әңгімеде Қарағанды облысындағы ағылшын капиталистерінің қолшоқпары, подрядщик Шернияз деген байдың бір ауру бұзауының Ахмет деген жұмысшының үйінің алдына келіп өліп қалғаны сөз болады. Байдың соны Ахмет өлтірді деп арыз беріп, ертеңінде жарлы Ахметтің бұзаулы сиырын тартқызып алғаны туралы көзбен көрген адам тарапынан баяндалады. Шахта иесі ағылшын байы жаңағы Ахмет деген жұмысшының бұзаулы сиырын Шерниязға қолма-қол тартатып әпергендігін көзбен көргенін айтады. Ал Ахмет болысқа, приставка арыз бергенде, оны құлағына да қыстырмайды.

**Басқы сөзі (90-б.):** 1914 жыл еді.

**Соңғы сөзі (90-б.):** Ахметтің бала-шағасын шулатын тартып алған сиырды сол Шернияз сол қалпында пайдаланып кетті...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды, Екібастұз шахталарында 1936 жылы мамырда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр жолға бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.23  
28,8x20,5; 21,2x16**Шомановқа сөз бергенде****Аталуы.** Шомановқа сөз бергенде.**Жазып алған.** Қ.Мұқышев. Ол туралы мәлімет табылмады.**Аннотациясы.** 1948 жылы май айының аяқ кезінде Қарағанды қаласында Киров және Сталин атындағы көмір трестерінің таңдаулы кеншілерінің мәслихаты туралы айтылады. Сол мәслихатта Қайып ақын мен Ілиястың ақынның құрметті шахтер, Социалистік Еңбек Ері №18 «Бис» шахтасының атақты навалоотбойщикі Сәкен Шомановқа арнаған жарасымды мақтау өлеңдері айтылады. Шомановтың шахтада 20 жылдан астам қызмет еткені, табысты еңбегі сөз болады.**Басқы сөзі** (37-б.): 1948 жылы май айының аяқ кезінде Қарағанды қаласында Киров және Сталин атындағы көмір трестерінің таңдаулы кеншілерінің мәслихаты өтті.**Соңғы сөзі** (38-б.): Шығамын шырқап алға бәйге бермей! – деп өлеңдетіп қоя берді.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көкөзек колхозында жазылып алынған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары /Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

319

Ш. 1124 (ӘӨИ)

Б.4; П.3; Ж.63  
20,5x16,8;18,5x15,5

### Шоңның сәлемдемесі

**Аталуы.** Шоңның сәлемдемесі.

**Тапсырушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов.

**Аннотациясы.** Шоң мен Шорман араларында түйе де, бие де жүретін тату достар болған екен. Бірде Шорманның орнына баласы Мұстафаны болыстыққа қоймақшы болып, ақыл-насихатын тыңдап қайтсын деп Шоңның ауылына екі-үш жігітімен қосып жібереді. Шоң Мұстафаны ыстық ықыласымен қарсы алып, төрт күн қонақ қылып, бір інген жетелетіп, қолына хат бергізіп жібереді. Хатты ашып оқыған Шорман баласының әлі де болса шала екенін біліп налыған екен.

**Басқы сөзі (18-б.):** Шоң мен Шорман төс қағысып дос болыпты деседі.

**Соңғы сөзі (21-б.):** ...Әпербақандығынды әйгілеп келген екенсің ғой, – деп өкініш айтыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1124, 102-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 320

Ш. 1126 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.16  
28,7x19,8; 8x16,3

### Шоңның үйінде

**Аталуы.** Шоңның үйінде.

**Жинаушысы.** Е.Құлпейісов. Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Төлебай сал халық арасында белгілі сөз тапқыш, шешен адам болған көрінеді. Бір жылы ағайындарына көшем деп, өзі үйренген жерін қимай көшпей қалыпты. Бірде Шоңның үйіне барса, оның қасында отырған билер мұны мысқылдап, неге көшпегенін сұрайды. Сонда Төлебай «Басшысы жаман ел бүлінеді, ұлығынан әділдік тайса, елі иттей ұлып, күшіктей үретінін» айтып, сөз түйінін билерге тіреген екен.

**Басқы сөзі** (12-б.): Төлебай халық арасында белгілі, қадірлі, қапелімде сөз тапқыш, тілді адам болған.

**Соңғы сөзі** (13-б.): Отырған билер үндемей қалыпты.

**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба желімделіп, тігілмеген, парақтары бос.

**Қалпына келтірілуі.** Тігу, беттеу керек.

**Қосымша белгілері.** Жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.1126, 207-дәптер.

**Библиографиясы.** «Ұран» газеті. – 11.09.1992; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

## 321

Ш. 97/1 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 9  
29,7x21; 7x17

### «Шіңи-шіңи» дегенің...

**Аталуы.** «Шіңи-шіңи» дегенің...

**Жинаушысы.** Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 46-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бір байдың тоқалы сақау әрі аңқау, бәйбішесі қатал, қу болған көрінеді. Бәйбіше тоқалды тамақтан қағып, күн көрсетпейді екен. Мұны білетін бай тоқалын аяп, бір күні ет турап отырып, оған сіңір деп еттің майлы жерінен кесіп береді. Етті турап бола бергенде, тағы да тоқалына сіңір деп май беріпті. Аңқау тоқалы «шіңи-шіңи дегенің шика-шиқа май ғой» деп, байдың қулығын ашып қойыпты.

**Басқы сөзі** (96-б.): Ертеде бір байдың екі әйелі бар екен.

**Соңғы сөзі** (96-б.): – Шіңи-шіңи дегенің шика-шиқа май ғой! – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкада терілген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.97/1.

**Библиографиясы.** Күлдіргі әңгімелер. (Ел аузынан) / Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

322

Ш. 914 (ӘӨИ)

Б.3; П.3; Ж.19

29,6x20,5; 14x18,5

### **Ырзакең ( Ырыздықбай Тілеуберлин) ақсақалдың әңгімесі**

**Аталуы.** Ырзакең ( Ырыздықбай Тілеуберлин) ақсақалдың әңгімесі.

**Айтушысы.** Ырыздықбай Тілеуберлин.

**Жинаушысы.** Сайлаубек Жақыпов. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** Сайлаубек Жақыпов.

**Аннотациясы.** Мәтін үш әңгімеден тұрады. Бірінші әңгімеде әрі би, әрі батыр, әрі емші Тышқанбай туралы әңгіме болады. Тышқанбай Абайдан бір мүшелдей үлкен және оның төріне шықса, оң тізесінен орын алып, Абаймен қатар отырып, тең сөйлесетін сыйлас қадірлі адамы екен.

Екінші әңгімеде Тышқанбайдың 59 жасында қайтыс болғаны айтылады. Оған Абайдың себепті жағдаймен бара алмағаны, Абайдың бірде жолы түсіп келгенде көңіл айқаны әңгіме болады.

Үшінші әңгімеде Тышқанбай батырдың көзі тірісінде батылы жетіп, тісі батпайтын ұрылар Тілеуберлінің апайы Шоланның айғырын алып кеткені, Тілеуберлі қасына жолсерікке ауылдастарын алып жоқ іздеуге сөз болады. Жоқшылар Құйылыста тұрған айғырды танып, Биліктің Тәкежанда болып, Тәкежан ол билік айтпақ түгілі олардың сәлемін де алмағаны баяндалып, одан күдерін үзген Тілеуберлілер Абайға жүгінбек болғаны әңгіме болады.

**Басқы сөзі** (43-б.): Әкем Тілеуберлінің әкесі Тышқанбай әрі би, әрі батыр, әрі емші, киелі кісі болыпты.

**Соңғы сөзі** (45-б.): Тілеуберлі 1951 жылы жетпіс үш жаста қайтыс болды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуді қажет етеді.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.914, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

### 323

Ш. 642 (ӘӨИ)

Б.1; П.1: Ж.12  
28,2x20,3; 9,6x15,5

**Ысқыру үшін тіс керек**

**Аталуы.** Ысқыру үшін тіс керек.

**Айтушысы.** Орынбек – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, Қызылжар елді-мекенінің тұрғыны, ертекші.

**Жинаушысы.** Н.Төркүлов. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада берілген.

**Тапсырушысы.** 1966 жылы қорға тапсырған Н.Төркүлов.

**Аннотациясы.** Қолжазбада Қақы қарияның бала күнінде тілазар, тентек болғаны туралы айтылады. Жұмсаған адамға ол әйтеуір бір жауап тауып айтады екен. Бір күні әкесі Қақыны ат суғарып келуге жұмсайды. Баласы ат суғара алмайтынын айтады. Неге екенін сұраған әкесіне «күрек тісім түсіп қалған» деп жауап береді. Әкесі ат суғаруға тістің не керегі бар екенін айтып, ұрсады. Сонда Қақы бұл сөзге де жауап тауып кеткен екен.

**Басқы сөзі (2-б.):** Қаратау елінің Қақы деген қариясы жас кезінде тіл алмайтын ерке болыпты.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Е, ат су ішкенде, мен ысқырып тұруым керек емес пе? – депті.

**Экспедициясы.** Оңтүстік Қазақстан экспедициясы. 1962 жыл.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1962 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы кезінде Шаян ауданында жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қажеті жоқ.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.642, 1-дәптер.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.97: Ауызекі әңгімелер / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 440.

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.4; П.4; Ж.29  
28,8x20,5; 22x15**Ілияс айтқан екі өлең****Аталуы.** Ілияс айтқан екі өлең.**Жинаушысы.** Д.Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** 1912 жылдары мыс қорытатын заводта засипчик болып істеген баяндаушының көргендері айтылады. Лапылдап жанып жатқан оттың қасында жүріп еңбек атқарған жігіттердің жалақысы төленбей, ақылары желініп жүргенде Түсіпбек дейтін ағайдың замандасы Ілиястың жігіттің бір күні осы жағдайға байланысты жеркепеді әңгіме-дүкен құрып отырған жігіттерге айтқан өлеңі келтіріледі.**Басқы сөзі** (99-б.): Шырағым, мен 1882 жылы Қарағанды болысы Спасскіде тудым.**Соңғы сөзі** (102-б.): Шіркін, Ілияс, жігіт-ақ еді-ау!**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен терілген.**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды, Екібастұз шахталарында 1936 жылы мамырда жазылып алынған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Ақауы.** Қағазы сарғайған.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар:

Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

325

Ш. 432 (ӘӨИ)

Б.5; П.5; Ж.24  
28,8x20,5; 22x15

### Ілиястың простопқа айтқаны

**Аталуы.** Ілиястың простопқа айтқаны.

**Жинаушысы.** Д.Шалабеков. Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** 1916 жылдың күзінде Спасс зауытының атақты саудагер байы Сейіткамалұлы Әбубәкірдің үйінде болған үлкен бас қосуда Соколов деген приставқа Ілияс есімді ақын жігіттің айтқан ысқақ өлеңі баяндалады. Ол жиында Спассстың болысы – Тәтидің Оспаны, елдің қасқа мен жайсаңдары жиналған. Қазақша судай білетін Соколовты Ілияс өлеңмен қағытып, шындығын бетіне басады.

**Басқы сөзі** (103-б.): Ұмытпасам, 1916 жылдың күзі ғой деймін. Спасс зауытының атақты саудагер байы Сейіткамалдың Әбубәкірінің үйінде бас қосқан үлкен бір жиын болды.

**Соңғы сөзі** (107-б.): Егер де он алтыншы жылдың дүрбелеңі болмаса, Соколовтың Ілиясты бір тықырға тақауы да мүмкін еді...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды, Екібастұз шахталарында 1936 жылы мамырда жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.432.

**Библиографиясы.** Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары / Құр.: Д.Шалабеков, З.Жантекеева. – Алматы,1961; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.96: Ауызекі әңгімелер /Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 432.

# **ҚОЛЖАЗБА ҮЛГІЛЕРІ**







Сағаттар алып, — Адам 4 ганаат ийе  
 бау суаман кийе даианда депти. <sup>6</sup>  
 \* Сүйтпн 030 солб и заттан  
 1 ат пен 4 ганаат ағ ии алып қайтп.  
 Сол шидиң ийиңиң бидиң бала  
 Керимирде - Кердик деп амалдағб  
 Кемпер - Салдар Залай айтқанан  
 \* бйлермиң. деиди <sup>47 - 4</sup>  
 Синаға. Қасиманов

/Бағабай Қасимановтың айтқ боисса./  
 III Абай адамның шешені.  
 Абайдың алағаеғе атқа түнпн, ел соғме 1444ж  
 Сурған керінде Насман елинде 7 болс  
 келдиң бағ қосқан бйз иле дүйбиз Синалса  
 \* боларте. Сол Синалсаға тобығтадан бала  
 би Абай келпди. Биле отырдан иге болан  
 берипо ийиңо кәсе, бүрннан отырдан онсаң  
 семје, Қиуи қазан, егде биле, Абайды  
 бйле туре Сондеп орбан бермепди.  
 тез. Бұл кезде биле Абайды өрсеа

**Абай адамның шешені.**  
 Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен  
 қолжазбалар қоры  
 (629-бума, 4-дәптер).

Өскө эмес, Аманат бектин менен энди  
Сенген беринде алсан — деп атта асатар  
Белдеуне байлар алып. Сономон сол  
ат Аманат бай кеткен. 444 8

Сигитек Аогамган <sup>V</sup>деген кыскасынын  
Абай әділетті еді.

Абайдын Бараралемин үстөсүп Сурган  
Кердеринин бары уагеттаранда мен бери  
Абайдын газанда ато болуп сурди. Содан  
бирер сол откунор, Барарале маюфан кий  
Талапта: «Менин Сурганда газаттар, туура  
де гортар Абайдын газамын белдеу ато  
масын. Көчкө келин. Эгер Гаумен бирер  
Гаумен, десе откунор. онда бир болан  
деп ойланын — депди. Өскө газарда алыман  
Бараралдан газыгатыннан бир кун  
тынды Абай. Эйде согта Көчкө газар кеткун  
сол Абайдын газанда Сурганымде  
Агарди деген ~~матте~~ бир Абайдын бай

### Абай әділетті еді.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен  
колжазбалар қоры  
(629-бума, 4-дәптер).

21  
 1  
 ابای سنی اکل جانقا بجز سولکوه لکنه لکنه بلکنه  
 قمر عیب و کتایم ادری ایه لکه کوشلنقلی لکنه لکنه  
 ایقانده ایشلنقل اییتی **باشما نیش**  
 قاسندا بزرگالینقا قاممقلی نیشنه بزار استانه کتایم  
 جاتسپه قانقلی ادا من جاپ مالیه جاپ مادا من ایچی  
 الا بر اییتی سول نیشما نیش با نیشا سنی اریستان  
 ادری بلدی کتایم سوز بارسپه ایستانقا قوی ده بایستمن  
 ده بایستمن قانقلی جیست بولما کان سو ق با نیشا سنی کتایم  
 بجز سو ق بییه ایضا بایستی بولسپه بجز جاسپنی  
 بجز کتایم بجز بییه اک بیا لاپ کتایم سول بییه بی و بی  
 کتایم ده بیه اریستان جی ییتی ده نامی اریستان و لیکه لیکه  
 ده بایستمن عیب با نیشا سنی جی ییتی با نیشا سنی اواندا  
 اریستان اییتی بول کتایم کتایم کتایم کتایم کتایم  
 با نیشا ادا منقلی سار قتی جی کتایم ده ییتی با نیشا  
 جوتی ده ییتی و لای بولسا مده نه لکنه اریستان سنی  
 انا بییه لکنه و کتایم قانقلی قانقلی ده ییتی با نیشا قانقلی  
 بجز سانی و بییه قانقلی جی ییتی قانقلی جی ییتی  
 ده بایستمن قانقلی با نیشا بییه بایستی ده ییتی  
 کتایم ابای قولی لکنه لکنه جی ییتی

1024

**Абай мен келіншек.**

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен  
 қолжазбалар қоры  
 (631-бума, 4-дәптер).

1914. Zaccita! Pastana! Qasqofmar 45  
 degin birgalkiridin aitus boiman, ol boymiz  
 Qanqosa degin qat aqsimin unadai q  
 msime estyo usinde sagtaofan.

Abaidin ekersi: I

Big Kymj Baimaofambet—

— Abai arfa, Sje maofan Arap, Pass, oras,  
 Tyjik xalagatadannz talai ertex/ertexin aityp  
 berjjo maofan Qattatannz. Endi anog  
 Qaraq xalqannz ortiqmussenan alyp, qana  
 Bijnjje Qannzordan Ciofadyp biz qaqso  
 ertek aityp berjnsje q— dep qalmyr to.

Sonda Abai:

— Eendee konydap otur, edumje aqaldasyp  
 ataryp biz ertek Ciofadyq. Sonnan sen  
 maofan aityp ekersin alyp de mma  
 biz ertexij qanonan Ciofadyp aityp to:  
 Ertede qaraq elijniz kopyqlygi kedei bolyp to.  
 Ter-qama ata dsulet, abroi ataq aqasonda  
 ne Saudamen, ne elqumen, bolmasa  
 qobon satyp qalaymal alumen baibofan  
 barlar byren baran ofama eren. Kediler  
 jese tamayqa, jese kymje qalmyr to. Sonda  
 biz naear adam kedelikten bler talai usin  
 son basqa isterlyk kopyp taba almai, qolona  
 asa taihy istayp bolona aqyuday terjyn kopyp

### Абайдың ертегісі.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен  
 қолжазбалар қоры  
 (629-бума, 4-дәптер).



182 - ✕ 128

~~БАЙДӘУЛЕТ БОЛЫСЫНДАҒЫ~~  
БАЙДӘУЛЕТ БОЛЫСЫНДАҒЫ  
КӨТЕРІЛІС

Кі қайда. Мал - қандар ең нәрседен қазарсыз қатқан ке  
xi. <sup>312</sup> Күні қазнаға ат алмады деген қатар естildi. Уманай қалаға  
қаған елдерден ат аланып қатқаны билindi.

Есақалатқар тұрған кезде, қаладан 2 орсы болсаға ат қажна  
деп буғраған әкелди. Олар болстаға орсы тилуғаға қазна алып қара  
мен буғраған болса, асылмағларға қоса қуысар, мағларға, мағраған,  
қарымағ, қалқымағ қажнағ бастады.

Айнала мағлаға Байдәулеттен 200 саяға ат қажнағ алды.  
Аттарды арамаға саламағ деп, қалаға қырежин деп қатқанда 3 киши кел-  
ди. Қазнаған қара қуысаға киши алмады деген, болсаға әкелген патча-  
нағ, қарлаға бар. Сол яеин тилиа алмағдар деп 2 қағаннан патчанағ, қар-  
лаға қаттаран ел иеинә үпиттеп қатар. Кі иеи үв - оуғ, аман-қазан,  
кыз болғанда қылинен ағралған қуғ ақатқар, тysi қоғ боғ бала, қажта  
қара қатқан қандағ тиксектелip қалаған қыз, келінек, қалқымағ қар-  
дан уета-мағ деп, қазнаған күмip - сал. Іжеси бети мен кеткен мал,  
олардан қазнағандағ мағрамағ - мағиесип қатар.

Сондағ қазарсыз қажна мен қатқанда Қажатқар Мұрлан әр  
болсаға киши қисерипти. „Қажалма қажнағыз, бизди салдатқа алды, мағна  
қажалған атты бермеғ қалағыз“ деп бизге де бир киши келди. Болса ақ-  
сақалдарымағ қырып кетти. Кі қигиттери қажнамағыз, көтерилис қажна-  
ғыз деп тарнамағтағ тисинен, асал темирден мағна, қылыс, қанқар  
секилди, табылған мағлағ, алтатар секилди қуралдаран қажнағ, азық -  
тылик дағарлап, аттаран қараттап, әйтевир, ома келгенде дағарламағ  
қатқан тыри бар.

Қажалма қажнағыз. Мұрлан үстінде үлкен сиез болды. Бирев ақ  
ананы, бирев мағнағ ағтап алты ағыз қазнағтағ балағ сорге патуға  
қыла алмағ қатасты. Бірақ, <sup>Болсағ қажнағ, 27 қажнағ қажнағ</sup> қажалған аттарды ұрғалмағыз болды. Мағна  
келip, қажнағ қажнағыз аттарды ағтағандағ талап мағна әкеттик. Әз қажна  
мен ези болса қажнағ қажнағ қажнағ кетти. Болсағ патчанағ қарлаған

**Байдәулет болысындағы көтеріліс.**

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен  
қолжазбалар қоры  
(1022-бума).

1916-жылы қазақ көтеріс-  
сінің XX- жылдығына.

146- 142  
ЕРЕЙМЕНОВ (9.)

ЕРЕЙМЕН КӨТЕРІЛІСІ

Қырттан сань айрылғандан көсеиді. Әлдеуін қақыда  
Саққұлақ аулы,оның қадандасы, қан сыерлері қана болмаса  
тыгел келіп топқа қосылды.Дел осы кезде қолдың сань бір  
неше мың болды. Қанмолда батыр мен Бала-сыздық салуан қол  
бастады,Молдақан мен Қанаидарлар мөргендер тобысылып қырт-  
тан алдына тұсты. Бірден кейін бір аз уақыт өтті.Ол қарсаңда  
салдат келмеді.

Өктемс ісінде Тайсай поселкесінен 20-30 кек арналы  
салдат сықар/оның ісінде Олқабай болыста бар/Кенасу деген  
жерде соқыс болды. Қазақтар орыстан айрыл тудың басына  
сықар алған. Бірден,соқыс кермеген, вintovka, пулемот дау-  
сын естімеген қалқ алқасқы алдыта қаймықсада, бол йирене  
келе орнынан қозқалмай қарсы тұрды. Ол арада 1-2 адамға  
ақ оқ тийп өлді.

Тудың етек қақында орыстарды қамар аламыз деп,арт  
қақынан орап қан-қақынан өрт салды.Өрт ақасқа тийп,қан қақ-  
ты тіман басқан кезде салдатар келген қақына қарай бет  
қойып қайтуға айналы.Дауылдақан қырт салдатардың оқы  
таусылды,сонан соң қайтып баранды. Біларды йістар алуымыз  
керек\* деіті бір қыдыруы кес болған- соң қайтқань сықар,  
тоқтылық деген бетуеқа келісті.

Қайткен бөнде салдатар,ақас кызетсіс/іесник/Ерма-  
қан деген сйгітті өрт сөндіруге келе қатқан қерінен йі-  
тар алып кетті. Сол күні бір сыпара адам салдатардың со-  
нынан бақылап отырып, поселкеге енгізіп қайты.

**Ереймен көтерілісі.**

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен  
колжазбалар қоры  
(1022-бума).



- 50 -

1874 жылғы ақпалы айының 16-сүні  
 Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 1. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 2. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 3. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 4. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 5. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 6. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 7. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 8. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 9. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.  
 10. Қазымұқанға берілген кітаптар мен  
 қолжазбалар қорының тізімі.

**Қажымұқанның балалық шағы.**

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (950-бума, 2-дәптер).

# **КӨРСЕТКИШТЕР**

## Араб әрпінде

- 1 1916 жыл Қиғасы (Тор ғай ۋەзіндегі Котеріліс)  
8 1925-1940 жылдар дағы Қажмұқан  
19 абаи мен Келіншек  
27 абаи мен Мұса Мерза  
31 абаидың «аилден Токтадим» деғені  
36 абаидың Қамқорлігі جایندا  
38 абаидың Қонақ Күткені  
43 абаимен Көздөскөндөрі جوننده هسته قالعاندار ینان  
61 التی جاسار ایدارحان  
160 جۋانایاق بالۋان  
184 قاجمۇقانننڭ بالالیق شاعی  
185 قاجمۇقانننڭ بالۋاندىغی  
186 قاجمۇقانننڭ ناعاشسى – لوك بالۋان جایلی  
187 قاجمۇقانننڭ وتانسۇیگىشتىنگى  
188 قاجمۇقانننڭ سەرلىنگى  
189 قاجمۇقانننڭ تۇلغاسی  
190 قاجمۇقانننڭ شار لاقتان ومبعا بارۋى جایلی  
222 قۇنانباي تۇرالی  
224 قۇنانبايدىڭ قاجمعا بارغانى  
244 مۇگایتپاستننڭ شەشەسى ایسارى تۇرالی

## Латын әрпінде

- 1916 жылғы «Iıyn jarlygynda» 2  
1916 жылғы Aqmola ýezi Saryarqa  
bolysyndağy kóterilis 3  
1916 жылғы Qaraqoyun elindegi kóterilis.  
Atbasar ýezi 4  
1916 жылғы oqıgada meniń kórgenim 5  
1916 jyly Kókshetaý bolysynyń kóterilisi 6  
Abaı adamnyń shesheni 10  
Abaı ádilette edi 13

Абай кедерлерге қамқоршы еді	14
Абайдың ертегісі	34
Алла кім?	60
Байдаулет болысындағы көтеріліс	83
Байлардан көрген қорлық (1915-16-шы жылдардағы оқиға)	85
Еремінен көтерілісі	135
Қарқара қырғыны	200
Тежекбайға	289
Торғай үезінде 1916 жыл оқиғасы	292
Торғай үезіндегі дүрбелең	293

### **Кирилл әрпінде**

1916 жылы Торғай бойында болған көтеріліс туралы	7
Абай адамның асылы емес пе	9
Абай айтқан бір билік	11
Абай Әбдірахман туралы	12
Абай мен Алшынбай	15
Абай мен Архирей	16
Абай мен Бәкеннің кездесуі	17
Абай мен Бегеш	18
Абай мен Қайранбай	20
Абай мен Қиясбай (бірінші әңгіме)	21
Абай мен Қиясбай (екінші әңгіме)	22
Абай мен Қиясбай (үшінші әңгіме)	23
Абай мен Қиясбай (төртінші әңгіме)	24
Абай мен Құнанбай туралы (бірінші әңгіме)	25
Абай мен Құнанбай	26
Абай мен Мырзахан	28
Абай мен Сейітқан	29
Абай сөзінен	30
Абайдың Бәкен үйінде болғаны	32

Абайдың даналық сезімі	33
Абайдың Жылтыр ақынға сыны	35
Абайдың қойшы Көкшемен әңгімесі	37
Абайдың мақамдары	39
Абайдың Мырзақанға айтқаны	40
Абайдың немере туысы	
Ахат Құдайбердиевтің әңгімесі	41
Абайдың үш сезімді қатар қабылдауы	42
Ағамел – ақылды ақсақал	44
Ағылшын капиталисттерінің айуандығы	45
Айдаш ұрының бастан кешкендері	46
Ақ талон	47
Ақ тоқым, қос таңбалы	48
Ақан Иманбек қарттың әңгімесі	49
Ақан сері жайында	50
Ақан сері туралы	51
Ақанның ат баптауы	52
Ақбөкеннің қашуы	53
Ақметханның айтқандары	54
Ақыл жастан	55
Ақылым көп, ақшам жоқ	56
Ақын Әубәкірдің әйелі Камшаттың (Камалияның) естіп білгені	57
Ақын қыз бен арсыз шал	58
Алданған молдалар	59
Алтын көрсе...	62
Алтын көрсе...	63
Анасы несі, мынасы несі?	64
Аңқау мен қулықшы	65
Аңқауды алдаған айлакер	66
Аңқаулар мен қулар	67
Аңламас құсбегі	68
Аңшы Жақсыбаев Бөстекбай туралы	69
Аңшы шал	70

Арақты бітіру үшін іштім	71
Арбабайдың аңқаулығы	72
Атын атап алды	73
Аузың төмен қалды	74
Әкесі мен қызы	75
Әңгіме	76
Әп-әдемі келіншек	77
Әрине, әрине	78
Әріптің Абайға жауабы	79
Әубәкір	80
Әубәкірді мен көрдім	81
Бай болып көргенім жоқ	82
Байқұда палуан	84
Баймұрат қарттың әңгімелері	86
Бақаның сәуегейлігі	87
«Бактыбаланың зары» деген өлең қалай туды?	88
Бала әкеден кем туа ма?	89
Бала кімге тартады?	90
Балапанды Барқын таз	91
Балгер тәуіп	92
Балгермен бәтуа	93
Балғабаев Кәжен қарттың айтуы	94
Балуан Шолақ туралы екі әңгіме	95
Бармақтай май	96
Бата	97
Баянша атаның сөзінен	98
Бәкеннің әкесі Мырзатайды сөзден тоқтатып болыс болуы	99
Бәкеннің бірінші қадамы	100
Бәкеннің шабарманы	101
Байсейітов Сейітқазының әңгімесі	102
Бекбау – Дана	103
Бектұрсын ақсақал	104
Би сарқытын маған берді	105

Бибайшаны тартып алды...	106
Боқаш қу әңгімесі	107
Болаттың әңгімелері	108
Боранбай қайтыс болғанда айтқаны	109
Бұлғақ тентек атанған себебі	110
Бұлғақ тентек пен Қамбар төре	111
Бұлғақ тентектің өкініші	112
Бұлғақтың тапқырлығы	113
Білмеймін	114
Бір айып	115
«Бір ауыз сөзім бір жылдық азық болды» деген сөзі осы еді	116
Бір шақша насыбаймен байыған кедей Қазыбай	117
Біреу әкенді сұраса, берер ме едің?	118
Бір уыс тұз	119
Герберттің қанды шеңгелі	120
Дарынды сынықшы	121
Дәл өлшеу	122
Дәулетиярдың естегі сөзі	123
Донбаста	124
Дөртуыл Омар деген	125
Дуанбасыны сөйлетпеген кедей	126
Дуанбасының батырдан қорқуы	127
Дүйсенбі туралы	128
Екі салдың бәсекесі	129
Екібастұзда	130
Екінің бірі	131
Ел аузынан	132
Елқонды сөзі	133
Ердің сыры	134
Есбалақтың есерсоғы	136
Есенаман	137
Есенбай ақын мен Ақан сері	138

Есмағамбет пен Аппаз	139
Есмағамбет пен Борначев	140
Есмағамбет пен Дербісәлі	141
Есмағамбет пен Отарбай	142
Естай	143
Есте қалған екі оқиға	144
Етекбай мен Шорманның Мұсасының сөзі	145
Жалау жанында айтылған ән	146
Жалқау	147
Жаманқара күйші	148
Жанақтың шұбары	149
Жанатын тас	150
Жангөбек Омар ақын	151
Жауыр мен Тайлақ	152
Жаяу Сары	153
Жегіштікпен болыс болған Байеке	154
Жер астындағы мырамыр тастан салынған мың үй	155
Жетпіс жастағы Қажымұқанның қайраты	156
Жетісудан Семейге жарысқа барған домбырашы келіншек	157
Жиендік	158
Жолаушы	159
Жүрекпен қарау	161
Жүріп кетсеңі	162
Жығылған үстіне жұдырық	163
Иманғали, Дүйсе, Әжіғали	164
Иттің баласы	165
Кенженің Ағыбай асына баруы	166
Керегенің басын санайық	167
Кернейбек пен ишан	168
Кернейбектің Көпбайға айтқаны	169
Керуеншілер	170
Керіс сөз	171

Китекеңнің хикаялары	172
Конь пришел, балуан упал	173
Көздің емі	174
Көкбай әңгімелері	175
Көкпайдың кейпі	176
Көп жасағандықтың құпия сыры	177
Көп сақау	178
Көр де көр	179
Көрмеген көлде естілмеген қаздың дауысы бар	180
Күтпеген жауап	181
Күш атасын танымас	182
Кісі-ақ еді!	183
Қаза қалған тарауық	191
Қазан қайнатқан сөз	192
Қайсымыз жақсы түс көрсек, сонымыз жейік	193
Қалжыңға түсінбегенің бе	194
Қапан кедейдің тапқырлығы	195
Қара Жүсіп	196
Қара қасқа атты қыз	197
Қарақожа балгер	198
Қарақұйрықтың еті	199
Қарт мұғалім Бейсенбаев Жәкіштің айтуы	201
Қарымта	202
Қарымта қайырымы	203
Қасқыр мен Алшынбай	204
Қашаған бауырсақ	205
Қисық би мен Абай	206
Қиясбектің қиялы	207
Қобай қарттың әңгімесі	208
Қозған Қораның сөзінен	209
Қойдың көзі	210
Қоныспай ақын	211
Қоныстың қорқынышы	212

Қоңырау	213
Қопа шешен	214
Қосағұл мен шаштараз	215
Қу мен аңқау	216
Құдай да қалжынды түсінбейді екен-ау	217
Құдайдың көк қошқары	218
Құдалықта	219
«Құдаңыз... босана ма?»	220
Құлақ кескен Қожамқұл	221
Құнанбайдың Базаралы	
мен Тұрлыны айдатуы	223
Құсайынов Қасеннің есінде қалғандары	225
Қыдырбайдың адасуы	226
Қыз көретін жігітті біз көрейік	227
Қызғаншақ	228
Қысқы қызылдарда	229
Қытай жігітінің сыйлығы	230
Май сатушы саудагер	231
Майыңды мысық жеді	232
Мақаш туралы әңгімелер	233
Мақтаншақ бай	234
Мақтаншақ	235
Мал таңдау	236
Мауқай қу туралы	237
Мауқайдың өсиеті	238
Мәртебең дүниең болса асады екен	239
Молда баққанша, өгіз бақ	240
Молдабай мен Ақжігіт	241
Молдабай палуан	242
Мөңкеден ақыл сұраған шаруа	243
Мұсылмандығың құтты болсын	245
Мықтап ұстасайық	246
Нағашымның әңгімесінен	247

Не деген күш десейші	248
Немковтың жауыздығы	249
Нұрпейіс қайтыс болыпты	250
Ол кезде	251
Олжалы сапар	252
Оңай олжа	253
Оңдыбай, Құлтас әңгімесі	254
Өзінен зор шығып отыз тісін алдырған алып	255
Өкініш	256
Өлім үстінде	257
Өмірбай ақын	258
Өмірде ұмытылмайтын күндер	259
Өміріне шарт қойған инженер	260
Өсе келе өзгерген	261
Өсиет	262
Өткен жұт – қоян қысы хақында	
қысқаша тарту әңгіме	263
Періштелеріме айтайын	264
Саққұлақ қонақ	265
Сәлем алмағанның сазасы	266
Сараң бай әңгімесі	267
Сараңды соққан қу	268
Саяқбай әңгімесі	269
Сәрсенбек байды шошыту	270
Сенің нең кетті	271
Сері Бәймен	272
Серіктің анты	273
Соқыр, таз, жалақ	274
Сонда болдым неменесі	275
Сөз тапқанға қолқа жоқ	276

Стамбектің айтуынша	277
Суға сағымы түскен алтын ер	278
Сұғанақ көк	279
Сүйіндік Жақан кудың қулығы	280
Сын түзелмей, мін түзелмейді	281
Сыңар етік	282
Тақсыр, екіншілей қасыма келмеші	283
Танымал Нүке	284
«Танысаң адайыңмын	285
Тарихи уақиға	286
Тауық шақыра жүремін	287
Тәбәрігім тарғыл өгіз	288
Текекөзді тепкілеу	290
Темір сандық	291
Төлебай мен қажы	294
Төлебай мен шаншарлар	295
Төлебай сал туралы әңгімелер	296
Төребай бейігіне байланысты әңгімелер	297
Төремұрат Аяпұлының әңгімесі	298
Тұрысбек келгенде	299
Тұяқ туралы әңгіме	300
Түйе құдыққа құлаған күн	301
Түйебай	302
Түсінбесең – сен де сәби	303
Тышқанбайұлы Тасым қарттың айтуы	304
Тінейдің сары құсы	305
Уасила Абайқызының есте қалғандары	306
Уәйіс ақын мен Серікбай қажы	307
Ұрылардың тапқырлығы	308
Ұсақ бауырсақ	309

Үйдің ауасы	310
Үркер көтерілгенде	311
Үркіп келемін	312
Халық ақыны Болман Қожабаевтың айтқан әңгімесінен	313
Халық аузынан	314
Хорбателдің күресінге тасталуы	315
Шаншардың қулары	316
Шернияздың зорлығы	317
Шомановқа сөз бергенде	318
Шоңның сәлемдемесі	319
Шоңның үйінде	320
«Шіңи-шіңи» дегенің	321
Ырзакең ( Ырыздықбай Тілеуберлин)	
ақсақалдың әңгімесі	322
Ысқыру үшін тіс керек	323
Ілияс айтқан екі өлең	324
Ілиястың простопқа айтқаны	325

## **КІСІ АТТАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ**

### **1) Айтушылар көрсеткіші**

Айнықша Е.	275
Ақтайлақов М.	207, 105, 167
Алтынбаев Қ.	124, 281
Амалдықұлы Ж.	52,138
Аңдағұлов К.	69
Асайынов Ш.	88
Әбдуов І.	168

Құрманғалыұлы Ә.	9, 64, 279,
Әбдірахманов С.	85
Баспақов Б.	7
Бейсенбаев Ж.	50, 201
Бітімбаев Д.	37
Дастанов Қ.	14
Дүйсенбеков Қ.	122
Ендіғұлов М.	76
Ережепқызы А.	303
Ермекбаев Ы.	55, 221
Жағыпар қарт	103
Жанатайұлы К.	175
Жексенбаева Т.	75
Зауырбекова С.	96
Иманбек А.	49
Камалия	57
Күзембаев Т.	120
Қожабаев Б.	11
Қойтасбаев А.	130
Қойшыбекұлы А.	200
Қорамжан Ж.	13
Қоянбаева Ж.	232
Құдайбердиев А.	41
Құсайынов Б.	10
Майлықожаев Қ.	68
Матай С.	222
Мусин Ш.	51
Мұңайтпасов Қ.	8,61,156,160, 184,185,186, 187,188,189, 190,244,
Мұхаметжанов О.	60, 289
Мұхаметқали Б.	80,165,170, 234,254,311

Мырзахан Н.	5
Нағыманов Ы.	176
Нәсілбеков Ә.	102,125,143, 151,211,307
Қалиұлы Н.	259
Омаров Т.	115,166
Оразалинов А.	192
Ордабаев М.	43,116
Орымбек ертекті	105,167,312, 323
Рақышев М.	134
Сатыбалдиев Ж.	129
Сәлімгерей	263
Сәрсенбеков З.	267
Қатиполлаұлы С.	237, 238
Сексенов О.	59, 67, 74, 216, 309
Тайжанұлы С.	169
Қыяқбаев С.	277
Сыздықов Ж.	6
Тышқанбайұлы Т.	304
Тәжиев Ә.	105,167,193, 309
Тәңірбергенов Ә.	159,231
Төлегенова Ұ.	70
Төлепов С.	108
Тынышбайұлы Ж.	46,78
Тілеуберлин Ы.	18,313,322
Уасила А.	306
Хасенханов Ә.	230

## **2) Жинаушылар көрсеткіші**

Айзахметов Ә.	259
---------------	-----

Асайынов Ш.	183, 315
Атауов Ж.	62
Атауов Ж.	220
Ахметов М.	31
Әбенев Б.	269
Әбілқасов Ғ.	149, 230,267
Әділханова	122
Бекенұлы С.	158
Бекенұлы С.	233
Бисенғалиқызы А.	21, 22, 23
Бітімбаев Д.	37
Ғатауов Ф.	164
Досымов Х.	7
Дүйсебаева Б.	69,76
Дүйсекеев Ш.	30,209,280, 300
Дүйсеков Ғ.	9,20,32,33, 35,53,42,44, 64,79,81,87, 99,101,110, 111,116,129, 153,154,155, 157,17,178, 137,196,204, 255,260,273, 278,279,152, 241,242,305, 2
Еркесарин М.	2
Есентай	223
Жақанова А.	68
Жақыпов С.	11,41, 18, 55,103,192, 307,311,313, 322

Жаманкөзев Ә.	248, 299
Жансүгіров І.	5,200
Жексенбаева Т.	75
Жүнісов Б.	107
Исабаева	275, 303
Исатаев Ж.	238
Көбдіков Т.	12
Қайымов Д.	162,217,264, 288
Қарпықбаев Қ.	114,136,208, 247,272,316
Қасиманов С.	10,14,34, 222
Қасымұлы А.	1
Қоңыратбаев Ә.	160,184,185, 186,187,188, 189,190,244
Құлпейісов Е.	54,72,82, 93,97,112, 113,131,132, 171,181,182, 176,194,196, 202,203,212, 213,218,219, 220,240,250, 253,258,262, 266,271,283, 294,295,296, 319,320
Құрбаналиева Г.	70
Құсниев М.	286
Қожахметов Қ.	63
Мақашев Ж.	229
Малғабұлова С.	69,76

Матақов І.	306
Мәдиев Ж.	51,145
Мәжікеев М.	50,52,90, 92,94,121, 138,161,201, 245,252,265, 304
Мұқанова Р.	69,76,127, 180,227,276
Мұқышев Қ.	318
Мұхамеджанов Д.	230
Мұхамедханов	267
Мырзажанов	292
Нәдіров Ғ.	134
Нұрмағамбетов С.	314
Нұров Ы.	239
Рахимов Б.	128,195
Рахманов К.	65
Рүстемов М.	15,24,118, 148,198,199, 206,214,
Рымханова	122
Саттаров Қ.	46,48,58, 73,77,78, 91,120,104, 147,119,179, 205,210,215, 232,246,254, 261,274,282, 284,285,301, 321
Себепов Ғ.	83,139,140, 141,142,174
Себепов Ғ.	139,140,141,142

Себепов Ғ.	140,141,142
Шамұлы С.	83
Қатиполлаұлы С.	109
Сүлейменов Қ.	135
Талжанов Б.	195
Төлегенова М.	115,166
Төлепов С.	287,310
Төрөқұлов Н.	59,67,74, 105,106,159, 167,207,216, 231,302,309, 312,323,

Тұңғышбаев Қ.	66, 236
Тілеужанов М.	71,86,268, 133,172,173, 191,291,297, 308,314

Хайроллаұлы Қ.	36,38,43, 224
----------------	---------------

Ыбырайұлы Ә.	19
Шалабеков Д.	88,290,257, 281,317,324, 325

### **3) Тапсырушылар көрсеткіші**

Әлбеков Т.	63
Дүйсекеев Ш.	98,180,209, 227,276,280, 300

Дүйсеков Ғ.	9,20,32,
-------------	----------

	33,35,42, 56,64,79, 81,100,111, 117,137,204, 241,242,243, 255,273,279
Жақыпов С.	18,41,84, 102,125,143, 151,192,211, 221,307,311, 313,322
Көбдіков Т.	12,39
Қарпықбаев Қ.	114,136,272, 316
Қасиманов С.	13,60,289
Қоңыратбаев Ә.	8,61,156, 184,185,186, 190,244
Құлпейісов Е.	62,89,93, 112,113,159, 162,176,182, 196,202,203, 217,233,253, 258,264,270, 283,288,319
Құсниев М.	263
Мәдиев Ж.	51

Мәжікеев М.	49,50,52, 90,92,121, 138,177,245, 252,265,304
Мұқатов Ғ.	126
Омаров Ә.	164
Рахымов Берік	69,75,76, 96,115,166, 230,237,238
Рахманов К.	65,95,228, 235
Рүстемов М.	198,199,206, 214,218
Сағымбаев Т.	34
Саттаров Қ.	70,78,91, 107,226,256, 282,284,298, 301
Төлепов С.	108,287,310
Төреқұлов Н.	167,193,302, 309,312,323
Тұңғышбаев Қ.	66,236
Тұрсынов Е.	269
Тілеужанов М.	71,133,173, 308
Шалабеков Д.	251

## ЭКСПЕДИЦИЯЛАР КӨРСЕТКІШІ

1957 жылғы Атырау (Гурьев) экспедициясы	164
1962 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы	323
1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы	59,74,193, 302,309,312
1996 жылғы фольклор экспедициясы	254

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан .....	5
Негізгі бөлім .....	12-410
Қолжазба үлгілері .....	411
Көрсеткіштер .....	424
Кісі аттарының көрсеткіші.....	435
1) Айтушылар көрсеткіші .....	435
2) Жинаушылар көрсеткіші.....	437
3) Тапсырушылар көрсеткіші .....	441
Экспедициялар көрсеткіші.....	444

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ МЕН РМК  
«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ  
ҚОЛЖАЗБАЛАР

12-ТОМ

ОН ЕКІНШІ КІТАП

АУЫЗЕКІ ӘҢГІМЕЛЕР

اۋىزەكى اڭگىمەلەر

Баспаға жіберілді 18.11.2020 ж.  
Қағаз офсетті 80 гр.  
Формат 60x84  $\frac{1}{16}$ . Шартғы б.б. 28.  
Тиражы 100 дана.

**PRINT**  
ИЗДАТЕЛЬСТВО  
И ПОЛИГРАФИЯ **EXPRESS**

Алматы қаласы  
А.Байтұрсынов көшесі 85,  
Жамбыл көшесінен жоғары  
тел.: 292-10-95, 292-14-28  
e-mail: print\_express@bk.ru